

Т.Ә. ТӨЛЕБАЕВ, Л.Б. МОМЫНТАЕВА, Л.А. ТӨЛБАЕВА

ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ

Жалпы білім беретін мектептің
5-сыныбына арналған оқулық

5

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының сарапшыларымен келісілді



Алматы «Атамұра» 2017

ӨЖ 94(100)
КБЖ 63.3(0)
Т 65

Оқулық Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен негізгі орта білім беру деңгейінің 5–9-сыныптарына арналған «Дүниежүзі тарихы» пәнінің жаңартылған мазмұндағы Типтік оқу бағдарламасына сәйкес дайындалды.

*Редакциясын басқарған ҚР ҰҒА-ның академигі,
тарих ғылымдарының докторы,
профессор К. М. Байпақов*

*Пікір жазған тарих ғылымдарының докторы,
профессор С. Ж. Жолдасбаев*

Төлебаев Т. Ө., т.б.

Т 65 Дүниежүзі тарихы: Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық / Т.Ө. Төлебаев, Л.Б. Момынтаева, Л.А. Төлбаева. – Алматы: Атамұра, 2017. – 176 бет.

ISBN 978-601-306-717-9

«Дүниежүзі тарихы» – жаңа бағдарлама негізінде жазылған оқулық. Онда алғашқы қоғам мен ежелгі өркениеттердің қалыптасып, даму заңдылықтары туралы баяндалған.

ӨЖ 94(100)
КБЖ 63.3(0)

ISBN 978-601-306-717-9

© Төлебаев Т.Ө., Момынтаева Л.Б.,
Төлбаева Л.А., 2017
© «Атамұра», 2017

КІРІСПЕ

Қымбатты оқушылар! Тарихтан білім беруде «Дүниежүзі тарихы» пәнінің атқаратын рөлі мен маңызы зор. Бұл пәннің тәрбиелік мәні де үлкен.

Ежелгі дүниенің алғашқы кезеңі адамзат дамуының ең қызық әрі күрделі сатысы деп есептелінеді. Бүгінгі таңдағы көптеген дүниелер сол кезеңде пайда болды. Мәселен, музыкалық аспаптар мен жазу таңбалары, еңбек құралдары, баспаналар және т.б.

Осы кезеңнің соңына қарай адамзат дамуы белгілі бір жүйеге бейімделді. Сөйтіп, өзінің алғашқы қауымдық қоғамнан алған мұрасын ары қарай дамытты.

Ежелгі дүниеде маңызды оқиғалар мен құбылыстар өте көп болды. Бұл оқулық адамзат қоғамының дамуына өшпес із қалдырған көне өркениет ошақтарымен, мемлекеттермен таныстырады. Ірі тұлғалардың тарихтағы рөлін ашады. Елеулі тарихи оқиғалар мен құбылыстарды баяндайды. Мәдениеттің дамуы т.б. туралы маңызды мағлұмат береді.

5-сыныптың «Дүниежүзі тарихы» оқулығында оқушылардың өздігінен оқуына лайықталған материалдар берілген. Біраз жаңа терминдер мен ұғымдар енгізілді. Оларды оқу тарихи жағдайлар мен оқиғаларды терең түсінуге көмектеседі. Оқулыққа қосымша ретінде әдістемелік құрал әзірленді. Ол осы оқулықтың білімдік мазмұнын тереңдете түседі және оқыту әдістемесі бойынша көп көмек береді.

Сонымен, 5-сыныпқа арналған «Дүниежүзі тарихы» оқулығында адамзат дамуының өркениетке жету жолдары, олардың ортақ заңдылықтары мен ерекшеліктері тарих ғылымындағы соңғы жетістіктер негізінде жүйелі өңгімеленеді.



Бірінші бөлім
АЛҒАШҚЫ ҚОҒАМ ТАРИХЫ

I ТАРАУ

ТЕРІМШІЛЕР – АҢШЫЛАРДАН БАСТАП
ЕГІНШІЛЕР МЕН МАЛ ӨСІРУШІЛЕРГЕ ДЕЙІН

§1.

АДАМДАРДЫҢ АЛҒАШҚЫ
ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІ

Адамның пайда болуы туралы теориялар. Діни түсініктер. Сонау бағзы замандардан бері адамзаттың пайда болуы туралы пікірлер айтылып келеді.

Ерте кезеңдегі адамдар белгілі бір жануарды өздерінің ата-тегі деп есептеді. Яғни біз солардан жаратылғанбыз деп ойлады. Ондай жануарларды өлтірмеді, құрметпен қарады. Мәселен, ежелгі мысырлықтар арыстанға, қойға, тіпті қолтырауынға да табынған. Ал американдық үндістер өздерінің рулары мен тайпаларын Аю, Бұғы, Бүркіт деп атаған.

Ең кең таралған пікірдің бірі – адамды Құдай жаратты дейтін көзқарас. Ол бойынша адамды топырақтан жаратып, оған тіршіліктің демін жібереді. Сөйтіп, Адам тірі жан болып шыға келеді. Ол – *Адам ата* еді. Бұдан кейін: «Адамның жалғыз болғаны жақсы болмас, оған өзі сияқты біреуді жасап берейін», – дейді. Адам терең ұйқыда жатқан кезде бір қабырғасын алады. Сонан соң ол қабырғадан әйелді жасайды. Бұл *Хауа ана* болатын. Адам ата мен Хауа анадан жер бетіндегі барлық адамдар таралады-мыс.

Ғылыми көзқарастар. Дегенмен адамдардың барлығы бірдей діни көзқарастарға сене бермеді. Сонау ежелгі замандарда-ақ білімді жандар адамның маймылға ұқсас екендігін байқаған. Мысалы, ұлы ойшыл *Аристотель* маймылдардың адамға ұқсас екенін айтты. *Чарльз Дарвин* маймылдардың ең жетілген, дамыған түрі бірте-бірте адамға айналды деген тұжырым жасаған. Осылайша, адамдардың дене бітімін басқа жан-жануарлармен салыстыра зерттеу басталды.

Ең алғашқы адамдардың сүйектерін археологтер *Азия* мен



Бұл
маңызды!

Тірек сөздер:


- ❖ *Адам Ата*
- ❖ *Хауа Ана*
- ❖ *Аристотель*
- ❖ *Чарльз Дарвин*
- ❖ *Саналы адам*
- ❖ *Тобыр*
- ❖ *Ру*
- ❖ *Тайпа*

Африкадан тапты. Соның нәтижесінде адамдардың қалыптасуы төмендегіше сипатталды.

Адам бас сүйектерінің дамуы




Австралопитек адамы Епті адам Неандерталь адамы Қазіргі адам



Австралопитек Питекантроп Синантроп Неандерталь Кроманьон


Ең алғашқы адамдар маймылдар сияқты болғанымен, олардан ерекше еді. Маймылдар төрізді үсті-басын жүн басқан, тобыр-тобыр болып тіршілік етті. Бірақ маймылдар сияқты ағаштарды емес, негізінен, жерді мекендеді. Тік жүре алатынды. Ұзақ уақыт өткеннен кейін дамудың екінші сатысындағы адамдардың миы толығырақ түсті. Еңбек пен ойдың нәтижесінде маңдайы үлкейіп, кеңі бастаған. Сөйтіп, тік маңдайлы, бас сүйегі түзу, иегі шығыңқы адамдар қалыптаса берді. Олар ақыл-ойы мен дене құрылысы бойынша алғашқы адамдарға қарағанда әлдеқайда жетіле түсті.




Адамның қалыптасу кезеңдері



Мына бас сүйектерден қандай айырмашылықтарды байқап тұрсың? Олардың бейнесі туралы не дейсің?



Адамның қалыптасуын дәлелдейтін деректер: бас сүйек қаңқасындағы өзгерістер және еңбек құралдарының дамуы



Чарльз Дарвин
(1809–1882 жж.)

Ұлыбритания ғалымы.
Алғашқылардың бірі
болып адамдардың даму
эволюциясын ұсынған.



**Ізденіп
көрейік!**


Достым, адамның
пайда болуына бай-
ланысты бұл теория-
лардан басқа қандай
көзқарастар болуы
мүмкін?

Еңбек құралдарын жасау арқасында ойлау қабілеті артты. Сондықтан оларды ғалымдар «саналы адам» деп атады. «Саналы адамның» түр-тұлғасы, іс-әрекеті мен ойлау дәрежесі бүгінгі адамдармен теңдес болды. Ғалымдар «саналы адамның» пайда болуымен адамның қалыптасу барысы аяқталды деп есептейді.

Бүгінгі адамдардың қалыптасуы өте ұзақ уақытқа созылған. Со-
дан бері де адамзат қоғамы даму үстінде. Оның даму барысын біз
тарих пәні бойынша оқып-үйренетін боламыз.

Адамдар тобыры. Алғашқы адамдар қорқынышты жануар-
лар мен ірі жыртқыш аңдардың арасында өмір кешті. Олардың
арасында жалғыз-жарым жүріп өмір сүру мүмкін емес еді.
Тіпті өз тобынан кешіккен немесе адасып кеткен адамдарды
жыртқыштар жеп қоятын. Ондай жыртқыштардан қорғану
үшін адамдар топ-топ болып жүрді. Бұл олардың аң аула-
уына да қолайлы болды. Әрбір топ 20–30 адамнан құралды.
Одан көп болса тамақ тауып жеу, көшіп-қону қиындай
түсетін.

Алғашқы адамдардың мұндай топтары тамақ табу үшін
бірлескен *тобырға* ұқсайтын. Ғалымдар адамдардың бұл то-
бын *тобырлық қауым* деп атайды. Бұл адамзат қоғамының ең
алғашқы ұйымдық түрі еді.



Ежелгі адамдар

Рудың пайда болуы. Адамдардың бірлесіп еңбек ету қажеттігі жер бетіне суық түскен кезде, тіпті күшейді. Бір үңгірді мекендеген адамдар қатал табиғатқа қарсы бірлесіп күресті. Бірлесіп аң аулады. Өйткені бизон, мамонт сияқты ірі аңдарды жалғыз жүріп аулау мүмкін емес еді. Барлық адам, кәрі-жас демей, бизон, мамонттарды жардан құлатты. Ол үшін жан-жағынан айқайлап, таспен, гарпунмен ұрып, үркітті. Қолдарына от алып жүріп қуалады. Кейде өздері арнайы қазып, бетін ағаш, шөпшен жапқан орға құлатты. Барлығы бірге жүріп аулағандықтан, етті бірлесіп пайдаланды.

Бұлардың барлығы бұрынғы тез ыдырап, қайта көбейіп отыратын тобырды біріктіре түсті. Олардың топтық ынтымағын күшейтті. Бірлесе жүріп өмір сүрудің тиімділігін сезінді.

Сонымен, баспанасы ортақ, бірлесіп еңбек ететін, азық-түліктерін ортақтасып пайдаланатын *адамдар ұжымы* қалыптасты. Ендігі жерде олардың арасындағы қарым-қатынастарға да өзгерістер ене бастады.

Адамдар тобырымен салыстырғанда берік, тұрақты ұжым қалыптасты. Ол ұжым *ру* деп аталады.

Ру дегеніміз – еңбек құралдары ортақ, белгілі бір аумақта бірлесіп еңбек ететін туыстардың ұжымы.

Рулық бірлестік және тайпа. Уақыт өткен сайын адам саны көбейіп, рудан ру бөлініп жатты. Осылайша, туыстас үш-төрт рудан *рулық бірлестік* пайда болды. Өрбір рудағыдай, *ру бірлестіктерінің* де аттары болды. Осындай туыстас бірнеше ру бірлестіктерінен *тайпа* келіп шықты.



Мамонт аулау

Сенің пікірің қажет!



«Адамды адам еткен еңбек», яғни бүгінгі адамға айналуымыз еңбектің нәтижесі деген тұжырыммен келісесің бе?

Қызық екен...

Қарт кісі жастарға қандай кеңес айтып жатыр? Суретке қарап мәтін құрап көрші.



Үңгірдегі тіршілік: жастарға ақыл-кеңес айту

Ойыңды жинақтап көр!

Сонымен, ежелгі адамдардың тобыр болып өмір сүруіне әсер еткен факторларды атайықшы.

Әрбір тайпаның мекен ететін өз аумағы болды. Оған қоныстары, егістіктері, жайылымдары кірді. Әдет-ғұрыптары мен мейрамдары да ортақ еді. Барлығына қатысты мәселелерді талқылау үшін *тайпа кеңесі* өткізілді. Оған барлық ру көсемдері шақырылды.

Ғасырлар өткен сайын рулар мен тайпалардың саны көбей берді. Шыққан тегі бір, бірнеше тайпа *тайпа одағына* бірікті.

Осындай тайпа одақтарының дамуы барысында кейін ұлттар мен халықтар пайда болады. Тайпа одақтарының адамзат қоғамы дамуындағы орны да осымен айқындалады.

Алғашқы бірлестік формаларының ұқсастықтары мен айырмашылықтары

Ұқсастықтары: осыларға тағы не қосасың?

Адамдар тобыры	Ру	Тайпа
Топ болып жүру, жыртқыштардан қорғану, тамақ тауып жеу.	Ұжым болып топтасу, суықтан, аңдардан қорғану үшін үңгірді мекендеу, бірлесіп еңбек ету.	Бірнеше рудың бірлесуі. Табиғат қиыншылықтарынан қорғануға қолайлы мекен ететін аумағы болған ру бірлестіктерінің бірлесе тіршілік етуі.

Айырмашылықтары: бұған не қосуға болады?

Адамдар тобыры	Ру	Тайпа
Көшіп жүрді.	Үңгірді мекендеді.	Тұрақты қонысы болды.
Жауарлық мінез-құлықтан толық арылмады.	Туыстық сезім болды.	Ортақ әдет-ғұрыптар мен мейрамдар болды.
Топ мүшелері тұрақты болмады.	Ру туыстастардың тұрақты тобын құрды.	Тайпа туыстас рулардан құралды.

Жаңа тайпалар, жаңа рулар сияқты табиғи өсу жолымен қалыптасты. Алғаш өмір сүруге қажетті дүниелердің мол қоры бар географиялық ортаға (адамдар қоныстанып, өмір сүрген аймаққа) адамдар көбірек келетін. Бұл жыл сайын қайталанып отырды. Сөйтіп, жаңа жердегі адамдардың саны көбейе түсті. Уақыт өткен сайын бұл келушілер ерекшелене бастады. Олардың тілінде де өзгешелік байқалды. Жерлері шектесіп жатқанмен, бөліну мен тәуелсіз күн кешу одан әрі жалғасты. Осылайша, жаңа тайпа құрылды. Бұл – америкалық бұратаналар (үндістер) тайпасының қалыптасу үрдісінің қысқаша сипаттамасы. Ол сонымен қатар жалпыға ортақ үрдіс болып та есептелді. Ол жаңа жерлерде де, сондай-ақ ескі жерлерде де ғасырдан ғасырға созылып, қайталанып отырды. Сондықтан рулық ұйымның сөзсіз нәтижесі сияқты соншалықты табиғи дүние деп есептелуі қажет. Адам саны көбейіп, олардың бір бөлігі жаңа жерге кетті. Ол жерде олар әрбір рудың жетілген басқару жүйесінің арқасында оңай орнықты...

Морган Л. Г. *Ежелгі қоғам. Л., 1934, 61–62-б. (орыс тілінде).*

§2.

ЕЖЕЛГІ АДАМДАРДЫҢ ӨМІР САЛТЫ

Ең алғашқы еңбек құралдары. Адамдардың ең алғашқы тас құралдары *шапқылар* деп аталады. Мұндай тас *шапқылар* кесу, қыру, кейде тесу құралы ретінде пайдаланылды. Бір сөзбен айтқанда, әртүрлі әрекеттер жасауға арналған еді. *Үшкір таяқша, сүңгі, гарпун, ине* мен *біз* жасалды. Кейінірек сүңгілердің басына өткір ұшты тастарды байлап, бекітсе тиімдірек болатынын білді. Бұдан *найза* келіп шықты. Мұндай құралдар *құрастырмалы қарулар* деп аталды.




Бұл маңызды!

Тірек сөздер:

- ❖ Шапқы
- ❖ Гарпун
- ❖ Құрастырмалы қарулар
- ❖ Терімшілік
- ❖ Аң аулау
- ❖ Балық шаруашылығы
- ❖ Мүз басу
- ❖ От жағу
- ❖ Үңгір



Еңбек құралдарын пайдалану: қырғышпен таяқты ұштау; кескішпен аң етін боршалату



Ежелгі адамдар тіршілігі

Байқап отырғанымыздай, бұл дәуірдегі қарулар мен еңбек құралдары тастан жасалған екен. Сол тастармен сүйектерді, ағаштарды өңдеп, әртүрлі құралдар жасаған. Археологтер сондықтан да бұл кезеңді *таc дәуірі* деп атайды.

Иемденуші шаруашылық. Ең алғашқы адамдар әлі де болса жануарлардан ерекшелене қойған жоқ. Сондықтан олардың өмір тіршілігі сол жануарларға ұқсас болды. Алғашқы адамдар еш нәрсе өндірмеді. Табиғаттың дайын өнімдерін тұтынды. Бұл *иемденуші шаруашылық* деп аталды. **Терімшілік.** Олар әртүрлі жемістер мен шөптерді, жұмыртқаларды теріп жеп жүріп күнелтті. Тастармен, үшкір таяқшалармен өсімдіктердің тамырын қазып алды.

Алғашқы адамдардың әрқайсысы өзі тойғанынша теріп жеп қана қойған жоқ, олар жеміс-жидектерді, өсімдік тамырын және т.б. бір жерге жинады. Содан барлығы ортақтаса отырып, жиналған тағамды бөлісіп жеді. Бұл адамдардың



Ежелгі адамдардың алғашқы кәсіптері:
тас шапқымен өсімдік тамырын қазу; тас кескішпен аң сою

Тұжырым жасайық!



Ежелгі адамдардың бірігіп терімшілікпен айналысуының тиімділігі неде деп ойлайсыңдар?

Қызықты дерек!

Аргентинаның ұлттық паркіндегі Перито-Морено мұздығы. Оның жасы 30 м.ж. құрайды, ал биіктігі 50 м., ұзындығы 4 км-ге жуық. Мұздық XIX ғ. зерттеген ғалым Франциско Мореноның есімімен аталған.



Мұндай мұздықтар ерісе, салдары қандай болуы мүмкін?




Гарпунмен балық аулау

Ең алғашқы өмір сүру тәсілі, әрі кәсібі болды. Мұндай кәсіп *терімшілік* деп аталады.

Аңшылық пен балық аулау. Ең алғашқы адамдар өмірінде және олардың одан әрі дамуында аң аулаудың орны ерекше. Адамдар алғашында ұсақ жәндіктерді жейтін. Бірте-бірте тағамға әсіресе етке сұраныс арта түсті.

Ірі аңды тас, таяқ, сойылмен ұрып, айқайлап-шулап, үркітіп жардан құлатты. Бірлесіп жүріп аулағандықтан, енді бұрынғыдай емес, етті де бірлесіп, ортақтаса отырып жейтін болды. Аң аулаудың бұл тәсілі, тәртібі алғашқы адамдардың біріге түсуіне әсер етті. Ал балықты таяздау өзендерден шанышқымен, гарпунмен аулады.

Ауа райындағы өзгерістер. Адамдар жануарлар дүниесінен ерекшелене түскен кезде жер бетінің ауа райында өзгерістер басталды. Күн қатты суытып, Жер шарының солтүстік бөлігін мұз басты. Бұл *мұз басу* бірнеше рет қайталанып, ұзаққа созылды. Сондықтан да жылы табиғатқа үйренген жануарлардың көпшілігі қырылып қалды. Тірі қалғандары оңтүстікке, жылы аймақтарға ауды. Мұздықтарға жақын аймақтарды суыққа



Шақпақтасты бір-біріне шағу арқылы от тұтату



Мұздану дәуіріндегі жануарлар

төзімді жануарлар мекендеді. Олар аю, мамонт, бұғы сияқты ірі жануарлар еді.

Жер бетінің тез суытуы адамдарға көптеген қиындықтар әкелді. Қар мен мұз басқан жерде тамақ табудың өзі қиын болды. Жүйрік аңдарды аулау оңай емес еді. Аман қалып, тіршілік ету үшін қатал табиғаттың қиындықтарына қарсы күресуге тура келді. Осы күрестің барысында адамдар қырылып та жатты.

Аман қалғандары жаңа жағдайға бейімделіп көндікті.



Ағашты ағашқа үйкеу арқылы от тұтату


Осы бейімделуде әсіресе отты пайдаланудың орны ерекше болды.

От жағуды үйрену және оның маңызы.

Ол кезде адамдар отты өздері тұтандырып, жағуды білмейтін. Өрттен қалған шоқты қоныстарына алып келді. Өздері жаға білмегендіктен, отты сөндірмеуге тырысты. Ол үшін күні-түні кезектесіп, үстіне ағаш тастап отырды. Археологтер тапқан жүздеген жылдар бойы отты сөндірмей жаққан қоныстар – оның дәлелі. Дегенмен қоныс аударғанда өздерімен бірге отты алып жүру мүмкін емес еді.

Адамдар тасты тасқа ұрғанда ұшқын шығатынын көрді. Сол ұшқынмен құрғақ шөптерді тұтандыруды үйренді. Осылайша, *от жаға* бастады.

Отты жағу тамақтың түрін көбейтіп, сапасын арттыруға жол ашты. Ал бұл адам миының, дене құрылысының дамуына тиімді ықпал етті. От жыртқыштардан қорғану құралы болды. Еңбек құралдары мен қаруларды жетілдіруге көмектесті.



Жануарлар сүйегі мен терісінен жасалған баспана



Петралон үңгіріндегі ежелгі адамдар

Қызық дерек!



Отты жағып, оны сақтауды үйренгенге дейін алғашқы адамдар етті шикідей жеген.

Бірге
анықтайық!



Қазақстанда ежелгі адамдар өмір сүрген қандай үңгірлер бар?



Үңгірдегі өмір

Отты пайдаланған адамдар жануарлар дүниесінен мүлде ерекшелене түсті. Өйткені ешбір жануар отты жаға да, пайдалана да білмеді. Адамдар енді кез келген жерді мекендеуге бейімделе бастады. Оның үстіне жердегі ауа райында үлкен өзгерістер басталған еді.

Алғашқы баспаналар. Жер беті суыған кезде адамдар үңгірлерді мекендеді. *Адамдардың алғашқы баспанасы – үңгірлер болды.* Үңгірдің кіреберісіне от жағып, оның ішін жылытты. Сол отқа аңдардың етін пісіріп жеді. Оттың қасында отырып, тастан, сүйектен қарулар мен еңбек құралдарын жасады. От жағатын жерден әріректе тегістеу еденге аң терілері төселді. Бұл адамдардың демалатын, ұйықтайтын жері еді.

Ал үңгір жоқ жазық жерлердегі адамдар ірі аңдардың терілері мен сүйектерін, ағаштарды пайдаланып *күрке, лашық* жасап алды.

Айқындап бер!



Ежелгі адамдарды жануарлар дүниесінен ерекшелейтін факторлар қандай?



1. Ежелгі адамдар қандай кәсіп түрлерімен айналысты және олардың адамның жалпы дамуына тигізген әсері туралы не айтасындар?
2. Тақырыпта берілген алғашқы 3 суретке қарап, ортақ белгілері мен айырмашылықтарын анықтандар.
3. Мұз басу дәуірінің әсерінен болған тіршіліктегі өзгерістерді айқындаңдар.
4. Сендердің пікірлеріңше, мұз басу дәуірінде адамдар қалай аман қалды?

Аң аулаудың көне тәсілі

Мен орманнан шыға бере жүз адымдай жерде от белдеуін көрдім. Ол шөптің өртенген қара іздері және күл үйіндісімен алыста қалды.

Біз от белдеуіне он адымдай жерге келдік. Әрқайсысымыз жалынның қозғалысына қарай отырып, өрт белдеуін шеңберлей аңды тарпа бас салуға даяр тұрған аңшылар тізбегін құрдық. Бұратаналар садақ пен жебелерін сол қолына, ал найзасының ұшын алдыға қаратып, иығынан асыра оң қолына ұстап, әрқайсысы аңды бірінші болып табуға тырысып, жалынның қозғалысын мұқият бақылап тұрды. Он, он бір жастағы бірнеше бала кішкене садақтары мен жебелерін дайындап, дәл солайша әкелерінен қашықтау орналасты. Бұл папуастық (папуастар – Жаңа Гвинея тұрғындары) өмір ғылымының ұрпақтан ұрпаққа қалай берілетінінің тірі мысалы іспетті еді...

Шаршатқан екі сағаттан кейін біз қарама-қарсы жаққа жеттік. Біздің белдеу қарсы топтың белдеуіне кездесті. Бұратаналардың қарайған жазықты мұқият зерттеген көздері ештеңені таппады. Соңғы бұталар жанып, күлдері майда жаңбырдай жан-жаққа шашыраған кезде мен жақынырақ тұрған аңшының «буль арен» (шошқа жоқ) деген екіншіті үнін естідім. Гумбудың (папуастар ауылының аты) қарама-қарсы белдеу құрған бірнеше тұрғындары да ештеңе көрмегенін айтты... Кенет, шеткерірек кеткен бұратаналардың «Буль, буль!» (шошқа) деген айқайы жалт қарауға мәжбүр етті. Жүз қадамдай жерде жан-жағынан жерге қадалып жатқан, көптеген найзалардың арасынан өтіп, қашып бара жатқан үлкен шошқаны көрдім. Оның соңынан жүгірген бұратаналар менің оқ атуыма мүмкіндік бермеді. Біреуі оның бүйіріне найза қадады, екінші найза тимей кетті. Ал үш жебенің біреуі «палам» (сабы жалпақ, үлкен өтіп бамбуктен жасалған жебе) шошқаның желкесіне қадалды...

Миклухо-Маклай Н. Н. Маклай жағалауында. М., 1961, 185–187-б.
(орыс тілінде).

§3.

ӨНДІРУШІ ШАРУАШЫЛЫҚ ТҮРЛЕРІ

Еңбек құралдарын жетілдіру. Уақыт өте келе солтүстіктегі қалың мұз біртіндеп ери бастады. Жер беті біртіндеп қазіргідей түрге түсті. Жануарлар мен өсімдіктер дүниесі де өзгерді.



Садақ пен жебе

Ал ауа райы жылынған кезде ірі жануарлардың біразы жойылды. Қалған жануарлардың көпшілігі ұсақтау, әрі жүйрік болды. Енді адамдар аң аулаудың жаңа тәсілдерін ойлай бастады. Осының барысында *садақ* пен *жебе* ойлап табылды.



Бұл маңызды!

Тірек сөздер:

- ❖ Садақ пен жебе
- ❖ Мыс, қола
- ❖ Қолөнер
- ❖ Меншік түрлері
- ❖ Егіншілік
- ❖ Баспана

Шеберлік таңыт!

Садақты өз қолыңмен жасап көр.



Еңбек құралдары мен қаруларды қоладан құйып жасау: қалып, балта және жебелер

Садақ пен жебені ойлап табу адам баласының қолы жеткен зор табысы еді. Атылған жебенің екпіні найзаға қарағанда әлдеқайда күшті болды. Әрі дәл тиді, тез және алысқа атылды. Садақ пен жебе сол замандардан бері ұзақ уақыт адамдардың сенімді қаруы болып келді.

Ойланайық!



Садақ пен жебенің ойлап табылуы неліктен маңызды болды екен?

«Неолиттік төңкеріс» ұғымы. Археологтер адамдардың алғашқы еңбек құралдарының тастан жасалғанын айқындады. Олардың даму дәрежесіне қарай алғашқы қоғам тарихын кезеңдерге бөлді. Ең алғашқы кезеңі *палеолит* деп аталды. Ол грекше палаойс – *ежелгі*, литос – *тас* деген сөздерден құралған. *Палеолит* – ежелгі тас ғасыры. Бұл кезеңге тән тас құралдар Жер шарының көптеген аймақтарынан табылды. Оны Қазақстан тарихы бойынша да білесіңдер.

Орта тас ғасыры *мезолит* деп аталады. Мезос – *орта*, литос – *тас* деген сөздерден құралған. Бұл кездегі ірі жаңалық садақ пен жебенің жасалуы.

Тас дәуірінің соңғы сатысы – *неолит*. Грекше нео – *жаңа*, литос – *тас* ұғымдарын білдіреді. Міне, осы неолит кезеңінде тас өңдеу тәсілдері жетіледі. Тасты кесу, тесу, тегістеу арқылы еңбек құралдары жасалды. Шаруашылықтың жаңа түрлері – егіншілік пен мал бағу шықты. Бұлар *өндіруші шаруашылықтар* деп аталады. Шаруашылықтың бұл түрлері адамзат дамуында түбірлі өзгерісті бастап берді. Бұған дейін адамдар табиғаттағы бар дүниелерді иемденіп келген еді. Өсімдіктерді, аңдар мен балықтарды тағам ретінде пайдаланды. Ал енді азық-түлік үшін егін егіп, мал бақты. Өздеріне керектіні өздері өсіріп, өндіре бастады. Бұл адамзаттың өмір тіршілігін жаңа арнаға бұрды. Сондықтан дәл осы жағдай ғылымда «неолиттік төңкеріс» деп аталады.

ҚЫЗЫҚТЫ АРХЕОЛОГИЯ



Бұрынғы сүйегінен жасалған гарпун Англияның Стар-Карр жерінен табылған. Үшкір ұшы ілмекке байланып, балық аулау үшін пайдаланылған.



Егіншілер құралы: түрен, түреннің тісі, соқа

Мыс пен қоланы пайдалану. Мыс – адамдар құрал-саймандар жасаған алғашқы металл болды. Мысты соғу, құю тәсілдері арқылы өңдеді. Күрек, кетпен, балта, пышақ, ине, түйреуіш, қармақ және т.б. жасалды. Мысты пайдалану адамдар тұрмысына үлкен өзгерістер енгізе бастады. Еңбек құралдарының түрін көбейтіп, оларды жасаудың жаңа тәсілдерін өмірге әкелді.



Адамдар мысты отта балқыта жүріп, оған ұқсас, бірақ қаттылау әрі ауырырақ металды байқады. Бұл мысты балқыту кезінде оған қалайының қосыла балқыған қоспасы болатын. Мыс пен қалайының бұл қосындысы кейін *қола* деп аталды.

Алғашқы егіншілер өмірі. Терімшілікпен айналыса жүріп, әйелдер өсімдіктердің қалай өсетінін байқады. Көбірек өнім алу үшін дәндерін жерді үшкір таяқтармен қазып отырғызды. Міне, осылайша, дәнді себу арқылы көбірек өнім алу ісі басталды. Бұл – қарапайым егіншілік еді. Жұмсақтау жерлерді басы имек ағаштармен қопсытудың да тиімді екенін көрді. Бұл *тесе* еді. Кейіннен *тесенің* имек басына мүйіз, үшкір сүйек немесе тас орната бастады. Бұл жер қазу ісін жеңілдетті.

Металл пайдалану басталған кезде *тесенің* имек басына мыс, қола орнатты. Осылайша, *кетпен* дүниеге келді. Соның арқасында кең көлемде егін егу басталды. Егіншіліктің бұл кездегі түрі *кетпенді егіншілік* деп аталды. Егін піскен кезде өнімін орып, жинады.

Мыстан, қоладан жасалған орақтар егін ору ісін жетілдіруге мүмкіндік берді. Ол кездегі Жер шарының әр түркіріндегі адамдар арпа, бидай, күріш, бұршақ егіп, өсіруді білді.



Диқаншылық: тұқым себу және егін ору

2-2475



Сүйек қалдықтары мен бұғының сүйегінен жасалған түйреуіш инелер. Орней аралдарынан табылған бұл сүйек бұйымдарға шамамен 5000 жыл. Қолданбас бұрын таспен егейтін болған.

Тұжырым жасайық!



Ежелгі адамдардың кәсібі туралы әңгіме құрастырайықшы. Әйел және ер адамның еңбектеріне назар аудар!



Кетпенді егіншілік

17



Қызық сұрақ!

Сен осындай
үйлерде тұра
аласың ба?



Керек дерек!

Ірі қара мал ең
алғашқы рет Сахара
мен Таяу Шығыста
қолға үйретілген
деген тұжырым бар.
Оған тасқа қашалған
суреттер дәлел.

Кейінірек соқа пайда болды. Сөйтіп, егіншіліктің жаңа түрі – *жыртпалы егіншілік* басталды.

Мал шаруашылығының қалыптасуы. Адамдардың алғаш қолға үйреткен хайуаны ит болды. Бұдан соң қой, ешкі сияқты ұсақ жануарларды қолға үйретті. Кейіннен сиырдың бұзауларын қолға үйретті. Олардың көбірек ет пен сүт беретінін көрді. Сондықтан оларды да өсіріп, баға бастады.

Малды қолға үйреудің ежелгі адамдар өмірінде орасан зор маңызы болды. Олар тағамның түрлерін көбейтуге мүмкіндік берді. Мұнымен бірге қойдың жүнінен, ешкінің түбітінен жіп иіріп, киім тоқыды. Терілерін де киім мен төсеніштер үшін пайдаланды. Кейінірек жүннен киіз, текемет басу және кілем тоқу пайда болды.

Малшылар қажет заттарын малға айырбастап алды. Сондықтан тек мал бағумен ғана айналысты. Тәжірибелі малшылардың малы көбейді. Енді ауыл маңы оларға тарлық етті. Мал бағуға қолайлы, кеңірек жайылым қажет еді. Сол себепті малы көптер ауылдан бөлініп шықты. Олар малын жая жүріп бақты. Отбасы, үй-жайы бірге көшіп жүрді. Сөйтіп, шаруашылықтың жаңа түрі пайда болды. Ол *көшпелі мал шаруашылығы* деп аталады.



1. Садақ пен жебенің ойлап табылуы неліктен адам баласының қолы жеткен зор табысы ретінде бағаланады?
2. «Неолиттік төңкеріс» ұғымын қалай түсіндіңдер?
3. Әлеуметтік жіктеліс деген не және ол неге байланысты болды?
4. Алғашқы егіншілердің ауыл ретінде қоныстану үрдісін түсіндіріп беріңдер.

Чукчалардағы айырбас

Мерекенің екінші күні көптеген ауылдарда тауар айырбастау дәстүрі өтеді. Өртүрлі ауылдарда ол өртүрлі жағдайда жүргізіледі. Барынша кең таралғаны төмендегідей тәсіл: қонаққа келген әйелдер ішке, кіреберіске жиналады. Олар өздерімен бірге үй тұрмысы заттарын ала келеді. Әкелген затын жерге қойып, ішке қарай ысырып кіргізеді де, орнына бір зат беруін айқайлап сұрайды. Үйдегі әйел, қонақ әйел әкелген затты тез алып, орнына ол сұраған затты қоюы керек. Кейде бұл екі заттың да ешбір маңызы, құны болмауы мүмкін. Мысалы, кемпір ескі терінің пұшағын әкеліп, орнына шамның астына төсейтін кішкентай төсенішті сыйлауын өтінеді. Бұл сыйлық алмасу мерекелік дәстүрдің бір салты болып есептелетіндіктен және өзара достық қарым-қатынастың белгісі болғандықтан жасалады. Екінші жағынан, егер қонақ кез келген құнды затты сұраса, ол оған бірден, ешбір ойланбастан берілуі керек. Егер үй иесінде сұраған зат болмаса, онда ол ондай затты көршілерінен алуы, қайткенде де қонақтың өтінішін қанағаттандыруы қажет.

Кейбір өңірлерде сыйлық алу үшін ересек адамдардың орнына жас ба-

лаларды жібереді. Олар шатырға кіріп: «Жоқ деменіз. Мынандай, мынандай адамдар мұндай, мұндай заттарды сұрайды» деп айқайлайды. Үйдегі әйел «Та-ха! Та-ха!» дей отырып сұраған заттарын береді. Бұдан соң оның жауап сыйлықты алу үшін өз баласын жіберуге құқығы болады. Бірақ көбінесе олар басқа үйдегі мереке болатын күнді күтеді. Кезегі келгенде өзі берген затындай сыйлық ала алады...

Богораз-Тан В. Г. Чукчалар. 2-т. Л., 1939, 94–95-б. (орыс тілінде).

Көсемдерді сайлау

Америкалық үндіс тайпаларының барлығында дерлік көсемнің екі түрі болды. Дәлірек айтқанда: сахемдер және қарапайым көсемдер. Оларды әрбір ру өз мүшелерінің арасынан сайлайтын. Сахемнің қызметі ру ішінде мұра болып қала берді. Орны босаған кезде бірден оның орнына мұрагер отырды. Ал көсемнің қызметі мұралық деп есептелген жоқ. Өйткені ол қызмет оған ерекше қызмет, қажырлы еңбегі үшін берілетін еді. Көсем өлсе, ол қызмет те жойылды. Сахемнің міндеттері бейбіт істермен шектелетін. Сахем соғыс ісіне қатыспады. Екінші жағынан, өзінің ерлігі, даналығы мен кеңестегі шешендігі үшін көтерілетін көсемдер, руда ерекше билігі болмаса да, жағдайы бойынша жоғары топқа жатты. Сахем өзі шартты түрде бастығы болып отырған румын жұмыс істеді. Ал көсем сахем екеуі кеңес мүшесі болып есептелетін тайпаның мәселелерімен көбірек айналысты. Ру ішінде мұралық болып саналатын сахем, рудың ер мүшелерінің арасынан сайланатын еді.

Мысалы, сенека-ирокездерде (үндіс тайпалары) сахем қайтыс болса, оның ізбасарын тағайындау үшін руластар кеңесі шақырылды. Тәртіп бойынша рудың екі мүшесі дауысқа түсуі қажет.

Әрбір ересектеу адамның ол екеуі туралы пікір айтуына мүмкіндік берілді. Екеуінің қайсысы көп дауыс алса, сол сайланатын. Ол үшін тайпадағы қалған жеті рудың келісімі қажет болды. Егер осы мақсат үшін жиналған рулар бекітуден бас тартса, онда сайлау қайта өткізілді. Егер сайланған адамды басқа рулар да қолдаса, онда ол қызметке бекітілді деп есептелді. Бастамасын рулық ұйымнан алатын демократиялық принцип мынадан байқалады. Ол – руластарының сахемі мен көсемін сайлау құқығының сақталуы, ол қызметтерді тартып алудан қорғайтын шаралары, ақыр соңында, басқа рулардың сайлауға қарсы шыға алу құқығы еді.

Морган Л. Г. Ежелгі қоғам. Л., 1934, 61–62-б. (орыс тілінде).



Бұл маңызды!

Тірек сөздер:

- ❖ Тотемизм
- ❖ Фетишизм
- ❖ Магия
- ❖ Анимизм
- ❖ Жұмақ
- ❖ Тозақ
- ❖ Емшілік

§4.

АЛҒАШҚЫ ҚОҒАМ МӘДЕНИЕТІ

Ежелгі діни наным-сенімдер. Алғашқы адамдар өмірі табиғат жағдайына тәуелді болды. Кенеттен түскен суық, су тасқындары, өрт алғашқы адамдар үшін үлкен қатер төндіріп отырды. Олар жануарлар мен өсімдіктер әлемін жақсы білді. Бірақ табиғаттағы күрт өзгерістердің себептерін жете түсіне алған жоқ. Жердегі барлық дүние: жануарлар, өсімдіктер, адамдар, таулар мен



Анықта!

Бүгінде осындай сенімдер бар ма?



Күн бейнесі берленген жалбарыну тасы



Тастан жасалған қошқар бейнелі табыну мүсіні

өзен-көлдер бір-бірімен байланысты деп ойлады. Оларды қадірлеу, бүлдірмей сақтаудың өздері үшін қажет екенін түсінді. Өртүрлі наным-сенімдердің пайда болуы да осы түсініктерге байланысты туды.

Сондай көне діни түсініктің бірі – *тотемизм* деп аталады. Ежелгі адамдардың кейбір тобы өздерінің арғы тегін жануарлармен байланысты деп ойлады. Сондықтан руларын, рулық топтарын сондай жануардың атымен атады. Бізге аңның, құстың, балықтың атымен аталған рулар мен рулық қауымдар белгілі. Ондай жануарларды өлтірмеді, құрмет тұтты. Тіпті оған сиынды. Міне, осындай жануарларға сыйыну – *тотемизм* делінеді.

Кейбір ежелгі адамдар жансыз заттарға да табынды. Тасқа, ағашқа, отқа және тағы басқаларға сиынды. Оларды қасиетті деп санады. Бұлардан кейіннен пұтқа табыну, балбал тастар жасау пайда болса керек. Бұл діни түсінік – *фетишизм* деп аталады.

Адамдар сиыну мен дуалау арқылы айналаға әсер етуге болады деп ойлады. Сөйтіп, сиқырлы күшпен өздеріне қажетті жағдай жасай аламыз деп түсінді. Мәселен, аңға шығар алдында, жерге аңның бейнесін салды. Оны дөңгелене тұра билей жүріп найзамен түйреді. Бұл аң аулау кезінде жолымыз болсын дегенді білдіретін. Міне, содан бері дуалау, оқыту деген түсініктер өмір сүреді. Мұндай діни ұғым – *магия* деп есептеледі.

Ежелгі адамдар рух пен жан туралы түсініктер қалыптастырды. Рух пен жан адам өлгеннен кейін де өмір сүре береді деп ойлады. Мұндай діни ұғым – *анимизм* делінеді.

Анимизмнің кең таралған түрінің бірі – аруаққа табыну.

О дүние туралы ұғымның қалыптасуы.

Ежелгі адамдардың дүниетанымы бойынша бүкіл әлем үш бөліктен құралады. Олар: бірінші – ең құдіретті *Аспан әлемі*; екінші – *Жер-Су*, яғни жер беті – ортанғы әлем; үшінші – *Жерасты* дүниесі.

Кейінірек, адамдар санасында өлгеннен кейінгі өмір туралы түсініктер қалыптасты. Жер астында екі түрлі өмір болады. Біріншісінде – барлық қажетті нәрсе жеткілікті. Неше



Ласко үңгіріндегі сурет

түрлі жемістер өседі. Неше түрлі құстар сайраған тамаша бақтағы өмір. Бұл тамаша өмір сүретін жер – *жұмақ* деп аталды. Екіншісі – өмір сүруге ауыр да қиын жер – *тозақ*. Жерленген адамдар жер астындағы мәңгілік өмірге өтер кезінде үлкен сот болады. Сол сот кімді жұмаққа, кімді тозаққа жіберу керек екенін шешеді.

Сөйтіп, адамдардың тірі, жер бетіндегі өмірі *бұл дүние* (пәни) деп аталды. Ал өлгеннен кейінгі, жер астындағы өмірі *о дүние* (бақи) делінді. Пәни дүние – жалған, арманыңа жеткізбейтін опасыз. Бақи дүние мәңгілік деп білді. Осылайша, адам өмірін екі дүниеге бөлді.

Бейнелеу өнері негіздері. Сонау ерте замандардан бізге жеткен суреттердің көбі *жартастарға* салынған екен. Алғаш жартасқа салған суреттер үлкен болды. Көбінесе жануарларды тік тұрған бейнесінде салды. Бірте-бірте қимыл, әрекет үстіндегі жануарлардың бейнесін салуды үйренді. Оның айқын мысалы Франциядағы Ласко үңгіріндегі сурет. Ол сурет б.з.б. 18 мың жылдыққа тән деп есептелінеді. Бұл үңгірдің ішіне мраморлы тас қабаттарынан су өте алмаған. Құрғақ болғандықтан суреттер де көп бұзылмай бізге дейін келіп жеткен. Оның үстіне үңгірде сурет салуға қолайлы жартастар болған. Ежелгі суретшілер үңгірдің осы ерекшеліктерін ескерсе керек. Мұнан адаммен қатар, бизон, бұқа, мүйізтұмсық, жылқының суреттерін де көруге болады.

Қызық дерек!



Солтүстік Америка осы іспетті алғашқы қауымдық өнер туындылары өлі күнге дейін табылмаған жалғыз континент екен.

Тұжырым жасайық!



Ежелгі адамдардың діни сенімдерінің қалыптасуы мен өнер туындыларының пайда болуына не әсер етті деп ойлайсыңдар?

Біліп жүр!



Бұл үзгірді 1940 жылы 12 қыркүйекте өзің сияқты жеткіншек тапқан. Қалай тапқанын өзің анықтағаның жөн.



Ежелгі адамдардың дүниетанымы.
Таңбалыдағы сурет

Кейіннен көргендерін ғана емес, қиялдарындағы бейнелерді де суреттей бастады. Оларды біз қазақтың Ұлы Даласынан да кездестіреміз. Мәселен, Таңбалыдағы суретте қатарласа тұрған он екі адам бейнеленген. Олардан жоғарырақ, алып денелі адамға ұқсатып, екі сурет салыныпты. Денесі адамға ұқсас, екі аяғы, екі қолы бар. Бірақ бастары Күн төрізді дөңгелек. Күн төрізді болғанмен де бір-бірінен бөлектеу. Біреуінің басы екі дөңгелекпен сызылған. Оның айналасы кішкене дөңгелекшелермен тағы да екі қатар етіп қоршалған. Екіншісінің басы да дөңгелектеу, бірақ дөңгелекшелермен қоршалмаған. Нұр таралып тұрғандай етіп, шашақталған сызықтар жүргізілген. Бұл сол алғашқы адамдар қалдырған бейнелеу өнері ескерткіштері еді.

Өн мен жырдың қалыптасуы. Біздер кейде өзіміздің істеген ісімізге көңіліміз толып, риза боламыз. Ондайда дауысымыз жарқын шығады, көңілді жүреміз. Тіпті дауыс ырғағының өзгеріп кеткенін де аңғармай қаламыз.

Осындай кездерінде әуен ырғағы пайда болды. Олар ырғақты сөздерді құрастыра отырып, өн айта бастады. Өнді әсем дауысты адамдар айтқан кезде көңілге жақсы сезім ұялатып, шаршағанын ұмыттырып та жіберді. Кейде, тіпті елігіп, жанындағылар бірге қосылып айтып та кететін. Алғашқы адамдарда теледидар, радио, ұнтаспа, ғаламтор болған жоқ. Бірақ олардың еске сақтау қабілеті өте жақсы болды. Айтылған әндерді дәл сол күйінде жаттап алатын.

Әндер ғана емес, ұзақ дастандар мен жырларды да жаттап алды. Ерекше бір нақышпен жырлады. Оның бүгінгі таңдағы айқын мысалы қырғыздың «Манас» жыры. Оны дауыс ырғағын, қимыл-өрекетін келтіре отырып айтушылар әлі де бар. Бұл сонау алғашқы қауым адамдарынан қалған қасиетті дәстүр.

Алғашқы музыкалық аспаптар. Ежелгі адамдар өн мен жыр айтып қана қоймаған. Олар бүгінгі біз білетін аспаптар-

дың алғашқы түрлерін де ойлап тапқан. Музыкалық аспаптар, негізінен, үш түрге бөлінеді. Олар *ішекті, соқпалы* және *үрлемелі*. Олардың шығуы өмір тіршілігіне, тұрмыстық жағдайларға тікелей байланысты болды. Мысалы, садақ пен жебенің ойлап табылуы *ішекті аспаптардың* – домбыраның, қобыздың дүниеге келуін тездетті. Қамыстарды үрлесе,



Ең алғашқы болып аспаптың қай түрі пайда болды екек?



Сыбызғы мен арфа

өртүрлі дыбыс шығатынын байқады. Бұдан сырнай, сыбызғы сияқты *үрлемелі музыкалық аспаптар* дүниеге келді. Ал көшпелі малшылар теріден мес, торсық жасады. Олардың бос тұрған кезде таяқ тисе, дүңгірлеп кететінін байқады. Оларды алғаш дабыл қағып, жаудың келе жатқанын білдіру үшін пайдаланды. Ол *дауыпаз* деп аталды.

Кейбір адамдар қызықты әңгімелерді қозғалыстарымен келтіріп, суреттеп айтады. Осындай әрекеттерден *би* мен *билеу* келіп туды. Осылайша, музыка мен музыкалық аспаптар, *би* мен *билеу* дүниеге келді. Олар адамдардың өмірінде өзіндік орын алды.

Тәжірибе және білім негіздері. Тәжірибе жинақтау барысында адам еңбек құралдарын жетілдірді. Олар қарапайым тас шапқыдан бастап садақ пен жебе, соқа жасауға дейінгі ұзақ та күрделі жолдан өтті. Жинақталған тәжірибе кейінгі ұрпаққа қалдырылды. Балалар да көп нәрсені үлкендермен бірге жүріп көрді, үйренді. Соның нәтижесінде нақты білім жинақталып, дами берді.

Алғашқы аңшылар өздері мекендейтін жердің аңдары мен жануарларын жақсы білді. Тіпті кейбіреулерінің қасиетін, басқалардан ерекшелігін анықтай алды. Ал терімшілер болса өртүрлі өсімдіктердің зиянды немесе пайдалы жақтарын ажыратты. Оларды қай кезде және қалай – шикі күйінде немесе пісіріп жеу керек екенін сезді.

Өсімдіктердің *емдік* қасиеті бар екенін де алғаш байқаған терімшілер. Емдік қасиеті бар өсімдіктерден дәрі-дәрмек жасау басталды. Соғыс кезінде жараланған жауынгерлерді емдеу дәрігерлікті дамыта түсті. Дәрігерлерде адамның дене мүшелері, олардың қызметі туралы нақты түсінік қалыптасып, емдеу жолдарын меңгерді.



Иднофон аспабы

Ең алғашқы музыкалық аспап. Адамдар сөйлеп үйрене бастаған кезде пайда болған. Бір соққанда қайталанатын дыбыс ырғағы жүрек қағысының ырғағымен теңестірілген екен.

Қызық сұрақ!



Сен қандай аспапта ойнай аласың?
Өнеріңді көрсет.

Ежелгі адамдар *санау* мен *есептеудің* қарапайым тәсілдерін білді. Көбінесе бірден онға дейін санай алды. Одан асып кетсе, көп, өте көп деп ойлады. Кейіннен сандарды қосу, алу, бөлу мен көбейту амалдарын ойлап тапты. Сандардың да қатары көбейді.

Алғашқы адамдар өздері мекендеген жерді жақсы білді. Өзен-көліне, тау-тасына, сай-саласына өздерінше ат қойды. Кейбіреулер, тіпті жер бедерін айнытпай бейнелей алды. Құм бетіне орманы мен өзенін, тауы мен ойпатын сызды. Сөйтіп, тайпаластарына жол көрсететін.

Жазудың пайда болуы. Жазудың ең алғашқы түрі, суреттер арқылы бейнелеу. Мысалы, ежелгі адамдар өз көргендерін ойында сақтады. Оларды сурет арқылы бейнелеуге болатынын байқады. Сөйтіп, *сурет арқылы жазу пайда* болды.

Дегенмен сурет арқылы жазу өте күрделі болды. Өйткені кез келген адам сурет сала бермейтін еді. Оның үстіне, сурет арқылы жазу көп уақытты алды. Сондықтан енді әрбір нәрсенің ерекше белгілері арқылы жаза бастады. Бұл сурет арқылы жазудан мүлде басқаша еді. Ол сызықтардан құралған *шартты белгілер арқылы жазу*. Сурет арқылы жазумен салыстырғанда жазудың жаңа, жетілдірілген түрі. Бірақ бұл да шеберлікті, уақытты қажет етеді.

Адамдар тезірек және жеңілдеу жазу жолдарын ойластырды. Соның барысында, негізгі ерекше белгілері арқылы жазуды ойлап тапты. Ол бойынша суды ирек (~~~) сызықтармен, жұлдызды жұлдызша (*) белгісімен, тауды сүйір бұрыштармен (^^) т.б. белгілеп жаза бастады. Осылайша, *таңбалар пайда* болды. *Таңбалар арқылы жазуға көшу* әріптер мен алфавиттің пайда болуына ықпал етті.

Таңбалармен жаза жүріп, кейбір адамдар ол таңбалардың дыбыстық мәні бар екенін білді. Мысалы, қазақша айтқанда су таңбасы енді С әрпіне айналды. Ал тау




Балшық тақтайшадағы ежелгі жазу

Қорытындылайық!



Алғашқы қауымдық өнердің болғандығын растайтын қандай дәлелдер келтіре аласың?



Эскимостардың аң аулауы туралы жазу



Ежелгі жазулардың ішінен ең тиімдісі қайсысы деп ойлайсың?



Ежелгі таңбалар мен әріптер

таңбасы Т әрпін білдірді. Осылайша, *әріптер* пайда бола бастады. Бұл бірден бола қойған жоқ. Адамдардың ұзақ уақыт бойы жинақтаған тәжірибесінің негізінде дүниеге келді. Әріптер жазуды жеңілдетті. Әрі тезірек жазуға мүмкіндік берді. Енді оларды жүйеге келтіріп, дыбыстық ерекшеліктеріне қарай реттеді. Сөйтіп, әріптердің *алфавиттік* жүйесі – *әліпби* пайда болды.



1. Ежелгі діни наным-сенімдердің қандай түрі болды және бүгінде ондай сенімдер бар ма?
2. Алғашқы қауымдық өнер дегенді қалай түсінесіңдер? Оның болғандығын растайтын қандай дәлелдер келтіре аласыңдар?
3. Эскимостардың аң аулауы туралы жазу бойынша өңгіме құрастырыңдар.
4. Бірнеше ежелгі жазудың ішінен ең тиімдісі қайсысы деп ойлайсыңдар? Себебін түсіндіріңдер.

Сахараға сән берген суреттер

1956 жылы ақпанда экспедиция Тассилидің (Сахарадағы тау тізбегінің аты) етегіндегі шағын оазиске келді.

Зерттеушілер Тин-Бенджедж жазығынан жүздеген әртүрлі стильдегі, әртүрлі дәуірге тән бейнелерді тапты. Кейбір адамдардың денесі ұзын, кейбірі – дөңгелек басты, кейбірінде бас орнында таяқша тұр.

Зерттеушілер керік (жираф) пен бұқалардың көптеген бейнесін кездестірді. Әскери арбаларға жегілген немесе қарулы адамдар мінген аттар да бар. Муфлондарды – қазіргі қойлардың үлкен де, жабайы арғы тегін аулау сахнасы да болды.

Ал міне, басқа жазық. Басқа суреттер. Аң аулау сахнасы, мал бағушылар өмірінің сахнасы: садақпен қаруланған аңшылар ақбөкен үйірін қуалап келеді, малшылар бұқалардың үлкен тобырын айдап барады. Тағы да муфлондар. Оларды дөңгелек басты адамдар аулап жүр. Бірақ мұнда, Тамритте адамдардың бейнесі Тин-Бенджедждегіден әлдеқайда ірі (Тин-Бенджедж, Тамрит – Сахарадағы жазықтардың аттары).

Тамритте экспедицияның жолы болды. Суреттер барлық жерден кездесті. Негізгі түс – қызыл қоңыр. Жануарлармен бірге адамдардың да көптеген суреті бейнеленген. «Біз оларды, – деп жазды Лот (француз оқымыстысы, Сахараны зерттеуші), – қозғалыс кезінде, садақ тартып тұрған, мал үйірін қайыру үстінде, билеу үшін топтасып, жиналып жатқан бейнеде көрдік. Көптеген сурет сол замандардағы адамдардың тұрмысы туралы білуге көмектеседі».

Бүкіл Сахараны мекендеген малшы халықтар, шамасы, Шығыстан келсе керек. Ал олар өздерінің орасан зор табындарымен қайда кетті? Олардың ұрпағы қазір қайда өмір сүреді?

Ежелгі дүние тарихы бойынша оқу кітабы. Оқушыларға арналған құрал. А. И. Немировскийдің редакциялық басшылығымен шыққан. М., 1981, 17–20-б. (орыс тілінде).

Бірінші бөлімді қайталау үшін берілетін сұрақтар мен тапсырмалар

1. Адамның пайда болуы туралы қандай пікірлер бар? Адамның шығуы туралы ғалымдар не дейді?
2. От жағу қалай пайда болды? Оның маңызы туралы не айтасыңдар?
3. Ру деген не? Ол қалай қалыптасты?
4. Алғашқы адамдар қайтіп өмір сүрді? Аң аулау мен терімшілік туралы не білесіңдер?
5. Алғашқы еңбек құралдарын атаңдар. Олар неден және қалай жасалды?
6. Егіншілік пен мал бағу қалай пайда болды?
7. Кетпенді егіншілік, жыртпалы егіншілік дегенді қалай түсінесіңдер? Олардың айырмашылығы неде?
8. Баспана жасаудың дамуы туралы не айтасыңдар? Отырықшылар өмірі туралы әңгімелеп бере аласыңдар ма?
9. Көшпелі мал шаруашылығы деген не? Оның тиімділігі мен қиындықтары неде?
10. Тайпа және тайпа одақтары қалай құрылды? Олардың адамзат қоғамы дамуындағы маңызы қандай?
11. Мыс пен қоладан қандай еңбек құралдары жасалды? Олардың еңбекті дамытудағы рөлі қандай?

Алғашқы қоғам тарихын оқып-үйрену – халықтар мен мемлекеттер тарихын білудің алғышарты.

12. Темірден еңбек құралдарын жасаудың маңызы неде?
13. Жекеменшік қалай пайда болды? Мүліктік және әлеуметтік жіктеліс дегендерді қалай түсінесіңдер?
14. Көсемдер мен ақсүйектер билігі қалай орнады? Мемлекеттің пайда болуы туралы не айтасыңдар?
15. Бейнелеу өнерінің алғашқы туындылары қалай пайда болды? Жартастағы суреттер мен алғашқы мүсіндерді еске түсіріңдер.
16. Алғашқы адамдар дүниенің жаратылуын қалай түсіндірген?
17. Музыка мен би қалай қалыптасты? Музыкалық аспаптардың пайда болуы туралы не білесіңдер?
18. Жазу қалай пайда болды? Сурет арқылы жазу деген не еді? Өріптер дүниеге қалай келді?
19. Діни түсініктер қалай қалыптасты? Табиғат күштеріне сиыну деген не еді?
20. Алғашқы қоғам тарихын оқып-үйренудің маңызы неде деп ойлайсыңдар?

Бірінші бөлім бойынша қорытынды

Алғашқы қауымдық қоғамды адамзат дамуының ең қызық та күрделі кезеңі. Бүгінгі таңдағы адамдар өміріндегі көптеген дүниелер алғашқы қауымдық қоғамда негізделді, пайда болды. Сондықтан оларды дұрыс түсіну үшін алғашқы қауымдық қоғамға жүгінуіміз қажет. Мысалы, мәдениеттің негізі, музыкалық аспаптар, еңбек құралдары, баспаналар және т.б. ең әуелі сонау алғашқы қауымда пайда болған еді.

Алғашқы қауымдық қоғамдағы қатынастарды Жер шарындағы барлық халық басынан өткізді. Адамдар алғаш тобырлық қауым жағдайында өмір кешті. Жануарлар әлемінен әлі толық бөліне қоймағанымен, тобырлық қауым адамзат қоғамы ұйымдасуының алғашқы түрі болып табылады. Бұл әлі де болса өте берік емес, табиғат қаталдықтарына қарсы күрес барысында біріккен адамдар ұжымы еді. Адамдар табиғаттағы бар дүниені ғана пайдаланды. Терімшілікпен, аң аулаумен айналысып, тамағын тапты. Тастан, сүйектен, ағаштан қарапайым еңбек құралдарын жасады.

Ұзақ уақытта жиналған тәжірибенің негізінде еңбек құралдарын жетілдіре отырып, ақырындап даму жолын басынан өткерді. Адамдардың дене бітімінде, ақыл-ойында үлкен өзгерістер болды. Адамның қазіргі түрі бұдан 40 мың жылдай уақыт бұрын қалыптасты. Адамзат тарихында маңызды сапалық өзгерістер жүзеге асты. Адамның жануарлар дүниесінен бөліну үрдісі аяқталды. Негізгі

үш нәсіл қалыптасты. Өнер мен діни және дүниетанымдық көзқарастар пайда болды. Адамдар Жер шарының көптеген аймағын игере бастады. Тобырлық қауымның орнын рулық қауым басты.

Шаруашылықтың бұрынғыдан да тиімді түрлері – егіншілік пен бақташылық шықты. Шаруашылықтың бұл түрлері адамзат дамуына үлкен бетбұрысты бастап берді. Бұл «неолиттік төңкеріс» деп аталды. Рулық құрылыс дамып, рулық бірлестіктер, тайпалар мен тайпа одақтары қалыптасты. Шаруашылықтың жаңа түрлері еңбек құралдарының жетіле түсуін қажет етті. Мыс пен қоладан жасалған еңбек құралдары шаруашылықтың әсіресе егіншіліктің дамуына ықпалын тигізді. Жыртпалы егіншілік қалыптасып, отырықшылық тұрмысқа көшу басталды. Ал мал шаруашылығы кең көлемдегі көшпелілік сипатын сақтап қалған болатын.

Темірді пайдалану, одан еңбек құрал-жабдықтары мен қарулар жасаудың басталуы еңбек өнімділігін арттырғаны сөзсіз. Жекеменшік пайда болды. Рулар мен тайпаларды басқару жүйесіне өзгерістер ене бастады. Көсемдер мен жауынгерлердің беделі өсе түсті. Тонаушылық соғыстар жиіледі. Мүліктік және әлеуметтік жіктелу басталды. Көсемдер мен ақсүйектер билігі орнады. Көршілік қауымдар пайда болды. Олар қандас туыстастық негізде емес, аумақтық негізде біріккен еді. Белгілі бір аймақтарда мемлекеттердің қалыптасуы рулық құрылыстың ыдырауымен тікелей байланысты. Осылайша, адамзат адамның қалыптасуынан басталып мемлекеттердің пайда болуына дейінгі тарихын бастан өткізді. Бұл адамзат тарихының ең ұзақ әрі қызықты да күрделі кезеңі еді. Осы кезеңнің соңына қарай адамзат дамуы белгілі бір жүйеге бейімделді. Өзінің алғашқы қауымдық қоғамнан алған мұрасын ары қарай дамытты.

Екінші бөлім
ЕЖЕЛГІ ӨРКЕНИЕТТЕР

II ТАРАУ
ҚОСӨЗЕН ӨРКЕНИЕТТЕРІ

§5.

МЕСОПОТАМИЯ ТАРИХЫНЫҢ
ЕЖЕЛГІ КЕЗЕҢІ

Ежелгі өркениеттер туралы. Ежелгі замандарда шаруашылығы, құрылысы мен мәдениеті жағынан ерекшеленген бірнеше аймақ болды. Оларды өркениет ошақтары деп атайды. Мұндай өркениет ошақтары ірі өзен алқаптарында қалыптасты. Өйткені ірі өзендер алқабы тіршілікке қолайлы болды. Ірі өзендердің бойында өсімдіктер мен жануарлар көп кездесті. Ол жерлер адамдар өміріне қажетті нәрселерді табуына да ыңғайлы еді. Бұл – Евфрат пен Тигр, Ніл, Үнді және Ганг, Янцзы мен Хуанхе өзендері алқаптары. Олар егін шаруашылығына тиімді болатын. Онда сонау ерте замандардақ адамдар мекен етті. Отырықшы өмір кешіп, елді мекендер мен қалалар салды. Міне, сол қалалар олардың біршама жетілген, дамыған жағдайын көрсетеді. Ал қалалар – өркениетті дамудың маңызды белгісі. Байқап отырғанымыздай, алғашқы өркениеттер ірі өзен бойларында пайда болған екен. Олар кейде сол аймақтағы өзендер атымен де аталады. Мысалы, Қосөзен өркениеті, Үнді өркениеті және т.б.

Қосөзеннің табиғат жағдайлары. Азияның оңтүстік-батысында қатарласа ағатын *Евфрат* пен *Тигр* өзендері. Олар Кавказ тауларының оңтүстік сілемдерінен басталып, Парсы шығанағына құйылды. Бұл екі өзенді көбінесе *Қосөзен* деп атайды. Оның орта және төменгі ағысы бойының ауа райы қолайлы еді. Өсімдіктер мен жануарлар мол болды. Сондықтан мұнда адамдар өте ерте кездерден-ақ өмір сүріп, тіршілік етті. Қосөзеннің оңтүстігінің ежелгі тұрғындары аңшылық пен балық аулау арқылы өмір сүрді. Батпақты да жұмсақ, әрі құнарлы топырақты жерлерді біртіндеп игере бастады.



Бұл
маңызды!

Тірек сөздер:

- ❖ Өркениет
- ❖ Қосөзен
- ❖ Шумер
- ❖ Аккад

Қызық сұрақ!



«Месопотамия» сөзінің мағынасы қандай және ол қалайша өркениет ошағына айналды?

Қызық сұрақ!



«Қазақстанның Қосөзені» деп қандай өзендерді айтар едің?



Дәлелдер келтіріңдер!

Қосөзенде құрылыс ісінің дамығандығын неден байқауға болады?



Ежелгі Қосөзен

Ауа райы үй жануарларын өсіруге қолайлы болды. Шөпгесін өсімдіктер жеткілікті еді. Бұлар жалпы мал шаруашылығының ерте дамуына мүмкіндік берді. Қой, ешкі, шошқа, сиыр сияқты жануарлар өсірілді. Қамыс отын үшін де пайдаланылды. Сазбалшық бұл аумақтағы халықтар өмірінде ерекше орын алды. Кейінірек балшықтан кірпіш жасауды үйренді. Бұл құрылыс ісінің дамуына ықпал етті.

Қосөзеннің солтүстігінде құнарлы жазықтар өте аз болды. Онда әртүрлі ағаштар мен өсімдіктер өсіп, көптеген аңдар өріп жүрді. Бұл жерлерден адамдар өте ерте кезден-ақ құрылыс пен қолөнерге қажетті тастар мен металдарды тауып, пайдаланған.

Қосөзеннің оңтүстігімен салыстырғанда мұнда қыс суық, қар қалың жауды. Көктем мен күз жаңбырлы, ал жаз айлары кейде, тіпті ыстық болатыны соншалық, шөптер құрап кетіп отырды.

Шумер мемлекеті. Б.з.б. IV мыңжылдықта Қосөзенде қалалар пайда болды. Олар шағын мемлекеттердің орталығына айналды. Бұл шумерлік *Ур*, *Урук*, *Лагаш* және *Hinnur* қалалары еді. Солардың негізінде қала-мемлекеттер қалыптасты. Шумерлік қала-мемлекеттердің ішінде алғаш ерекшеленгендерінің бірі – Лагаш. Ол б.з.б. III мыңжылдықтың ортасында бірнеше көрші

қаланы өзіне бағындырды. Урнанше атты билеуші тұсында Лагаш күшейе түсті. Құрылыс жұмыстары кең түрде жүргізілді.

Энату патша кезінде Лагаш қуатты мемлекетке айналды. Ол Қосөзеннің оңтүстік бөлігін толық бағындырды. Ур, Урук қалаларын өзіне қосты. Тегеурінді қарсылық көрсеткен Умма қаласын талқандады.

Өзінің бұл жеңісін арнайы тас бағанға қашап салдырды. Онда жаулары жайрап жатқан ұрыс даласы. Айнала ұшып жүрген құзғындар, өлгендерді жерлеу, тұтқындарды құрбандыққа шалу. Ауыр қаруланған шумерлік жауынгерлер. Оларды дөңгелекті арбамен бастап бара жатқан жеңімпаз патша.

Умманың тұрғындары Лагашпен соғыспауға, оған алым-салық төлеп отыруға ант берді.

Келесі бір жазбаларда Энатудың Киш қаласының және Эламның билеушілерін жеңгендігі баяндалған. Шумер мемлекетінің күдіретті патшаларының бірі *Лугал-заггиси* болды. Ол шумерлердің діни орталығы Ниппурды бағындырды. Өзін Урук пен Урдың патшасы деп атады. Сөйтіп, біріккен Шумер мемлекетінің астаналары ретінде осы екі қаланы жариялады. Шумерлік қалалардың гүлдене түсуіне мүмкіндіктер жасады. Бірақ осы кезде Шумердің солтүстігінде ірі Аккад мемлекеті пайда болды. Сөйтіп, екі ірі мемлекеттің арасында күрес басталды.

Аккад мемлекеті. Б.з.б. XXIV ғасырда Қосөзенде ірі мемлекет құрылды. Оның орталығы Аккад қаласы болды. Шаруккин (Саргон) есімді патшасы Шумер жерін қосты. *Шумер* –



Урдан табылған қобдишада бейнеленген жауынгерлер мен қала тұрғындары

Шікірің қажет!



Лугал-заггисидің Шумер мемлекетінің тағдырына тигізген әсерін қалай бағалайсың?



Қызықты дерек!

Нарамсин патшаның ескерткіші



Б.з.б. XXIII ғ. жататын бұл ескерткіш Париждегі Лувр мұражайында сақталған. Қандай ерекшелік байқап тұрсың?

Аккад патшалығын құрды. Қосөзен жері енді өзара қырқысу соғыстарын тоқтатты. Бейбіт өмір сүруге мүмкіндік алды. Бұрын шағын мемлекеттердің әрқайсысы қажетті каналдарды өздері қазатын. Енді әрі үлкен, әрі ұзын каналдар жасалды. Бұл егін шаруашылығын кеңейтіп, одан көп өнім алуға көмектесті.

Адамдардың көпшілігі егіншілікпен айналысты. Қала-мемлекеттер кезінде саудагерлердің бір қаладан екінші қалаға баруы қиын болды. Ал енді олар бүкіл елді еркін аралай алды. Сөйтіп, сауда дамыды.

Шаруккин біріккен Қосөзен халықтарынан қуатты әскери күш жасақтады. «Күміс таулар» деп аталған Сирия жерлеріндегі тауларға дейін жорық жасады. Ол мықты патшалық билік орнатты. Оны «әлемнің төрт құбыласының билеушісі» деп те атады.

Аккад мемлекетінің гүлденуі *Нарамсин* атты билеушінің тұсында болды. Оның билігінің алғашқы жылында бірнеше қала-мемлекеттер көтеріліске шықты. Ол көтерілістерді басқан соң *Нарамсин* жаңа жерлерді жаулап алуға кірісті. Батыстағы Сирия жерін басып алып, Жерорта теңізіне дейін жетті. Солтүстікте *Урарту* жеріне дейін Тигрдың бойын тұтастай бағындырды. Оңтүстікке де жорықтар жасап, алыстағы *Мысырға* жол ашты. Ол жақтан алтын алдырып тұрды. Шығысындағы *Элам* билеушісімен келісімшарт жасады.

Осылайша, елдің төрт құбыласындағы елдерді өзіне бағынышты етті. Оның бұл әрекеті беделін арттырды.

Сыртқы елдермен сауда байланыстары күшейе түсті.



Нарамсин сарайы (жаңғыртпа)



Ур қаласындағы Ай құдайының храмы

Урдың III әулетінің билігі. Б.з.б. 2200 жылдар шамасында *Аккадқа* шығыстан тау халықтары шабуыл жасайды. Бұл гутейліктер еді. Оларды шумерліктер «*тау аждаһалары*» деп атаған екен. Гутейліктер *Аккад* мемлекетін басып алды. Бірақ гутейліктердің өктемдігіне қарсы күрес тоқтамады. Ақыры б.з.б. 2109 жылы елде *Урдың* үшінші әулеті билік ете бастады. Олар бүкіл Қосөзенді қайта біріктірді. *Урдың III* әулеті тұсында патшалық билік күшейе түсті. Патшаларды құдайға теңеді.

Бұрынғы қала-мемлекеттің билеушілері – патесилер енді патшаның аймақтық әкімдеріне айналды. Бұл жағдай патша билігін нығайта түсті. Сондықтан *Урдың III* әулетінің өкілдері *Қосөзеннің* Батысы мен Шығысына жорықтар жасады. Сөйтіп, Қосөзенде мықты мемлекет құрды.

Шумер жерінде әлемдегі алғашқы жазулардың бірі пайда болды. О. Сүлейменов шумер жазуын түркі тілдерімен салыстырды. Өзара ұқсас сөздердің бар екенін анықтады. Мәселен, ада – ата, од – от, уш – үш т.б.

Шаруашылығының дамуы барысында күшейген *Урдың III* әулетінің билеушілері батыл басқыншылық саясатын жүргізуге көшті. Бұл саясат өзінің жоғары шыңына *Шульги* атты патшаның тұсында көтерілді. Ол шығыстағы таулы өлкенің тайпаларына қарсы 9 рет жорық жасады. Элам жерінің бір бөлігін өзіне бағындырды. Бұдан соң солтүстікке аттанып, Тигр өзенінің жоғарғы ағысы бойын жаулап алды. Батыстағы Сирияны бағындырып, Кіші Азияның шығыс бөлігіне енеді.

Ойтолғау!



«Тау аждаһаларына» айналған гутейліктер өздерінің түпкі мақсатына жетті ме?

Біліп жүр!



О. Сүлейменовтің «Аз и Я» еңбегінде «Шумернама» бөлімі бар.



Олжас Сүлейменов

Бұрынғы Аккадтың қуатын қайта тірілген ірі мемлекет құрады. Шулғы өзіне құдай тәрізді табынуды талап етеді. Оның құрметіне храмдар салынып, мүсіндік ескерткішіне құрбандық шалынады.

Мемлекет бір ғасырдан астам уақыт өмір сүрді. Б.з.б. XXI ғ. аяғында Қосөзенге батыстан көшпелі тайпалар басып кірді. Шығыстан эламдықтар шабуыл жасады. *Урдың* III әулеті тақтан түсті. Ел тағы да ұсақ мемлекеттерге ыдырап кетті.



1. Шумерлік қалалардың өрлеуіне не әсер етті?
2. Қосөзеннің оңтүстік және солтүстік бөліктерін салыстырмалы түрде талдаңдар.
3. Жеке-дара мемлекеттер болған Шумер-Аккад патшалығының құрылуы қалай жүзеге асты?

Шумернама

Шумер. Театр дүрбісін көмескілендіріп, бұлдыратып, сағымдатып, көк сағым шомылып көлбеңдейді. Шумер. Мешеулік түнегіндегі ғарыш сәулесіндей, соның өзінде жақын, жамбасына мұралық таңба басылған жапан даладағы кедір-бұдыр қойтастардай жақын Шумер...

Шумер үшін сені бүйіріңнен тепсе, сен оны отаныңдай қорғайсың.
Отан үшін жауап беретіндей боласың.

	Шумер сөздері	Түркі сөздері
1.	Ада – әке	Ата (ада) әке (жалпы түркі)
2.	Ама – шеше	Ама (ава, апа, ана) шеше (жалпы түркі)
3.	Ту – туу	Туу (тугу, туву, туру) жалпы түркі Ту (туг, тув, тур) ту, туу
41.	Еден – дала	Еден – киіз үйдің едені (қаза)
49.	Уш – үш	Уш (уч) – үш (жалпы түркі)
50.	Ун – он	Ун (он) – он (жалпы түркі)



Шумер және түркі сөздерінде ұқсастықтардың кездесуі неліктен деп ойлайсың?

Сүлейменов О. АЗ и Я. – А., 1992. 190, 223, 229-б.

§6.

ЕЖЕЛГІ ӨРКЕНИЕТТЕРДІҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮЙЕСІ МЕН ӨНЕРІ

Оңтүстік Қосөзеннің шаруашылығы. Қосөзендегі алғашқы өркениеттің негізін салған шумерліктер болды. Шумерлерде егістік, жер жыртушы, бағбан атаулары болды. Бұл шумерлер де егіншілік, бау-бақша дамығанын көрсетеді. Шумерлерде қол-өнер де жақсы дамыған. Өсіресе алтыннан жасалған заттар ерекше көзге түседі. Қосөзеннің оңтүстік аймағында Вавилон қаласының билеушісі *Хаммурапи* біріктірген ірі мемлекет қалыптасты.

Хаммурапи билік еткен б.з.б. 1792–1750 жылдары бұл аймақта егістік гүлдене түсті. Сондықтан каналдар мен су бөгеттерін мықты етіп қазды. Оларды жыл сайын жөндеп отырды. Хаммурапи патшаның заңдарында бұл туралы былай делінді: *«Егер адам бөгетті бекітуге құйтсыз болып, көршілерінің егістігін су басып қалса, онда бөгетінде кемшілік болған адам өзі құртқан астықты төлеуі тиіс»*. Бұдан біз нені байқаймыз? Ең алдымен, бөгет жасау ісінің жауапкершілікті, еңбекті талап ететінін көреміз. Екіншіден, заң жүзінде әркім өз жеріндегі бөгет үшін жауап береді. Егер бөгетті дұрыс күтіп ұстамаса жауапқа тартылады.

Келесі бір заң бойынша: *«Егер адам жерді игеру үшін жалға алып, онда егін өсірмесе, ол егістіктегі қажетті жұмыстарды істемегенін мойындап, жердің иесіне өзінің көршілері өнімінің көлеміндей астық беруі қажет»*. Бұдан егіншілікке де жауапкершілікпен қарағандықтарын байқаймыз. Егістік жерлері игерусіз қалмауы керек екен. Егер кімде-кім егістікті дұрыс өңдемесе, ол бәрібір жер иесіне төлем төлеуге тиісті болған.



Хаммурапи

Хаммурапи мемлекеттің бірлігі мен тұтастығы үшін, ондағы тыныштық үшін көп еңбек етті. Сондықтан да ол билік еткен жылдары Вавилон мықты да бай мемлекетке айналды.



Бұл маңызды!

Тірек сөздер:

- ❖ Вавилон
- ❖ Хаммурапи
- ❖ Заңдар жинағы
- ❖ Сына жазуы
- ❖ Аспалы бақ

Біліп жүр!



Қазіргі Ирак жеріндегі Өл-Хилла қаласының солтүстігінде орналасқан. Вавилон «Құдайға апарар қақпа» деген мағынаны білдіреді.



Вавилон қаласының қазіргі көрінісі

Қызық сұрақ!



Хаммурапи қанша жыл өмір сүрді және оның дүниеден өткеніне неше жыл болды?

Шірің қажет!



Егіншілік жұмысына қатысты Вавилон заңдарын біздің қоғамымызда пайдалануға қалай қарайсың?

Ассирияның шаруашылығы мен қоғамдық құрылысы. Ассириялықтардың шаруашылығында мал бағудың маңызы зор болды. Негізінен қой мен ешкі өсірілді. Жылқы көбінесе әскери іс үшін пайдаланылды. Кейінірек бір өркешті түйелер бағылды. Ассириялықтар түйелерді соғыс кезінде, сауда керуендерінде жүк тасу үшін пайдаланды.

Егін шаруашылығының ішінде бау-бақша кең таралды. Тау аңғарлары мен беткейлерде әртүрлі жеміс ағаштары өсірілді. Ассириялықтар тасты құрылыс үшін кең қолданған. Металл кендері жеткілікті болды. Мыс пен темірден әртүрлі еңбек құралдары мен қарулар жасады. Ассирия маңызды сауда жолдары өтетін аймақ еді. Ашшурға Вавилоннан, Эламнан сауда керуендері келіп жатты. Олар Кіші Азияға, Жерорта теңізіне қарай бет алатын.

Ассирияда рулық құрылыс белгілері ұзақ сақталды. Мүліктік жіктелістің тереңдеуі несие беру арқылы қанауды күшейтті. Қарызын төлей алмағандар кепілдікке балаларын берді. Олар қарыз берушінің үйінде жұмыс істеді. Соғыс кезінде қолға түскендер құлға айналдырылды. Бай құлиеленушілердің малы мен жері, құлдары көп болды.

Соғыстар жиі болып отырғандықтан жауынгерлердің рөлі өсті. Мәселен, патша *Ашшурназирпал* оларға жаңа аймақтардан жер бөліктерін берді. Жауынгерлер көбінесе шегаралық аудандарға қоныстандырылды. Олардың жерін шенеуніктердің тартып алуына жол берілмеді. Жауынгерлерге мұндай артықшылықтар жаулаушылық кезінде беріліп отырды. Өйткені олар соғыстағы негізгі күш еді.



Вавилон қаласы

Қосөзен өркениеттерінің өнері.

Қосөзенде археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде сурет, сәулет, мүсін өнерінің көптеген ескерткіші табылды. Олар сонау ерте дәуірлерде-ақ адамдардың тамаша мәдени жетістіктерге қол жеткізгенін көрсетеді.

Мына суретке қараңдаршы. Шумерлік жауынгерлер шеруі келеді. Оң қолына ұзын найза, сол қолына қалқан ұстаған. Мүсіндер де өзінің терең мазмұны мен тылсым бейнесі арқылы көз тартады.



Шумер жауынгерлері. Лагаш патшасы Эанатудың жеңісі бейнеленген ескерткіш

Екі қолын бірдей кеудесіне қойған адамдар мүсіні көптеп кездеседі. Бұлайша бейнелеу тек бағыныштылық пен табынушылықты ғана білдіріп қоймаса керек. Мән бере көңіл аудар. Сонау ықылым заманның жұмбақ сырларын білетін осы көздер. Олар саған әрі мазақтай, әрі мән беріп қарап қалғандай. Қарсы алдыңда тас мүсін емес, бейне бір тірі адам тұрғандай. Тасқа жан біткендей сезіледі...

Ал ассириялықтар мәдениеті жауынгерлік рухты көз алдымызға келтіреді. Олар – қос дөңгелекті арбада садақ тартып келе жатқан жауынгерлердің суреттері. Қанатты алып бұқаның салтанатты мүсіні. Ассириялықтардың *құрылыс өнері* жетістіктерін патша сарайларынан байқаймыз. Вавилондықтар сияқты олар да биік тұғырға сарайлар тұрғызды. Олар – көптеген сәнді бөлмелерге бөлінді. Сыртқы қабырғалары әртүрлі тастармен безендірілді. Әртүрлі *суреттер* – сарай өмірі, соғыс, аң аулау сәттері бейнеленген бедерлер салынды. Сарайдың кіреберісінде алып мүсіндер тұрды. Олар басы адам бейнесіндей қанатты арыстандар мен бұқалар. Мүсіндерді сарайдың, бүкіл мемлекеттің қорғаушылары деп есептеді. Бай да салтанатты сарайлар патшаны дәріптеу үшін салынды. Ассириялықтардың әскери күшін көрсетті.


Сына жазу. Қосөзен өркениетінің басты белгісінің бірі жазу болды. Оны дүниеге келтіргендер Қосөзенге шығыстан келген *шумерліктер* еді. Онда заттың немесе жануардың ерекшелігін көрсететін белгілері таңба ретінде салынды. Мыса-



Шумер тұрғынының мүсіні



Ежелгі шумер сына жазуы бар тақтайша. Сына жазу тәсілі



Суреттің сына жазу таңбаларына айналуы

лы, бұқа деп жазу былай болып шықты (⇓). Бұл бұқаның басы еді. Осылайша, ежелгі шумер әріптері қалыптасты. *Шумерлік жазу жүйесі* пайда болды. Әріптер балшыққа батыра отырып, сызу арқылы жазылған. Ол әріптер балшық кепкен соң сынаның орнындай болып қалатын. Сондықтан бұл жазу жүйесін *сына жазу* деп атайды.

Урарту, Сирия, Финикия елдері шумерліктер жазуын пайдаланады. Кейінірек олардан гректер де үйренді. Өздерің жазып жүрген кириллица әрпі грек жазуынан пайда болды.

Қарап отырсаңдар, сонау б.з.б. IV мыңжылдықта негізделген шумер жазуы әртүрлі өзгерістерге түсе отырып, бүгінге дейін жеткен екен. Бұл оның зор тарихи маңызының күәсі.

Аспалы бақ. Ежелгі дүниедегі әлемнің жеті кереметінің бірі – *Аспалы бақ*. Вавилонның қуатты билеушілерінің бірі Навуходоносор болды. Ол солтүстіктегі таулы өлкеде туып-өскен қызға үйленеді. Той бітеді, біраз уақыт өтеді. Ханша өзі туып-өскен жерін сағына бастайды. Оның есіне таудың салқын самалы, баурайында өскен шырша мен қарағай, қайың мен тал, тастан тасқа секірген таутекелер, осқырына ойнап жүрген еліктер, сыңғырлап аққан бұлақтар, сайраған бұлбұлдар мен құстар түсе берді. Оны бірте-бірте көңілсіздік басты. Ханшаның солғын жүзін, жабырқау көңілін байқаған патша себебін сұрады. Сонда ханша туған жерін сағынып жүргенін айтты.

Дәулетіне сәулеті сай мемлекеттің құдіретті билеушісі былай деп бұйырды: «Мен өзімді солтүстіктегі тауда жүргендей сезінуім керек. Соның амалын табыңдар!» Уәзірлері ойлана келе сәулетшілерді шақырды. Мән-жайды түсінген олар жасанды зәулім бақты тұрғызды. Бірнеше қабаттан тұратын керемет осылайша дүниеге келді. Аспалы бақ жер мен көктің арасындағы ілініп қалғандай болып көрінетін. Бағаналарға тұрғызылған әрбір қабатта әртүрлі гүлдер өсірілді, ағаштар отырғызылды. Тіпті жануарлар да жүрді. Олар құлдар айналдырып тұратын алып шығырлар арқылы суарылды.

Гүлдер мен өсімдіктерге толы бақ аспанмен таласқандай, адамдарды қызықтыра таңдандыратын. Атағы өлемге жайыл-



Қызықты дерек!



Аспалы бақ

Әлемнің жеті кереметінің бірі. «Семирамида бағы» деп те атайды. Бақ туралы ең алғашқы мәлімет Геродоттың «Тарих» атты жазбасында келтірілген. Ескендір Зұлқарнайын осы жерде соңғы күндерін өткізген екен.

ған бұл керемет *Аспалы бақ* деп аталып кетті. Ол вавилондықтар ақыл-ойының тамаша жетістігі еді. Бұл бақ қаланың сәулеті мен даңқын асқақтата түсті.



1. Хаммурапи қанша жыл билік етті және оның заңдары мемлекеттің күш-қуатының артуына қаншалықты әсер етті?
2. Екіншілік жұмысына қатысты Вавилон заңдарын біздің қоғамымызда пайдалануға қалай қарайсыңдар?
3. Ассирия жауынгерлеріне біршама артықшылықтар берген кім және ол қандай артықшылықтар еді?
4. Шумерлік жазу жүйесінің «сына жазуы» деп аталу себебі неде?
5. Вавилон сәулетшілері Новуходносордың тілегін қаншалықты орындады және ол неліктен Аспалы бақ деп аталды?

Хаммурапи заңдары жинағынан:

195. Егер ұлы әкесін ұрса, оның қолын кесу керек.

196. Егер адам басқа адамның баласының көзін шығарса, онда оның көзін шығару керек.

218. Егер емші қола пышақпен адамға қиын ота жасаса және ол адамды өлтірсе немесе қола пышақпен шелін сылып отырып, көзін шығарып алса, онда оның қолын білезігінен шауып тастау керек.

257. Егер адам диқан жалдап алса, ол оған бір жылға 8 гур астық төлеуі керек.

258. Егер адам өгіз айдаушы жалдап алса, ол оған бір жылға 6 гур астық төлеуі керек.

261. Егер адам ірі немесе ұсақ малды бағу үшін малшы жалдап алса, оған жылына 8 гур астық төлеуі керек.

275. Егер адам желкенді кеме жалдаса, жалдау ақысы бір күнге – 3 шеум күміс.

Ежелгі Шығыс тарихы бойынша хрестоматия. I бөлім. М. А. Коростовцев т.б. редакциясымен. М., 1980. 168–169, 172–173-б. (орыс тілінде).

Ойлапайық!



Аспалы бақ Новуходносордың көңілінен шықты ма екен? Сенің мекеніңде ерекше бақ бар ма?

Дәлелдер келтір!



Хаммурапи заңдары оның мемлекетінің күш-қуатының артуына қаншалықты әсер етті?



Бұл маңызды!

Тірек сөздер:

- ❖ «Қара жер»
- ❖ Ніл өзені
- ❖ Перғауын
- ❖ «Ақ дуал»
- ❖ Абыздар
- ❖ Номдар
- ❖ Номархтар

Картамен жұмыс!



Картаға қарап, Мысырдың географиялық орналасуы жөнінде не айтасың?

40

ІІІ ТАРАУ ЕЖЕЛГІ МЫСЫР (ЕГИПЕТ)

§7. МЫСЫРДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ ПАЙДА БОЛУЫ

Табиғат жағдайлары. Мысыр Африканың солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Осы жерді әлемдегі ең үлкен әрі ұзын Ніл өзені басып өтеді. Ніл өзені таудан басталып, оңтүстіктен солтүстікке қарай ағады. Сол өзеннің ағысына қарай Мысыр екіге бөлінеді: *Жоғарғы Мысыр* (оңтүстік) және *Төменгі Мысыр* (солтүстік) деп аталады. Вавилонмен салыстырғанда Мысырдың шөлді, шөлейтті аймақтары көп еді. Егістікке қолайлы алқаптар негізінен Төменгі Мысыр аумағында орналасқан.

Ежелгі заманда бұл аймақта өсімдіктер көбірек болған. Өсіресе құрма ағашы, папирус жақсы өскен.



Ежелгі Мысыр

Ніл аңғарында малахит, гранит сияқты қымбат тастар болды. Олар құрылыс материалдары ретінде пайдаланылды. Өртүрлі әшекей бұйымдар жасалды.


Ежелгі Мысырда жануарлардың түрі көп еді. Пілдер, керіктер, мүйізтұмсықтар, қабандар, бөкендер, арыстандар жүретін. Ніл дариясында қолтырауындар, мүйізтұмсықтар, неше түрлі балықтар болды. Қолға үйретілген жануарлардың ішінде түйенің орны ерекше еді. Ол әсіресе күш-көлік ретінде үлкен рөл атқарды.

Маусым айында Орталық Африка тауларындағы қар еріді, нөсер жаңбыр көбейді. Ніл тасып, өзен аңғарын түгел дерлік су басады. Су тартылғанда қара балшықты тұнба жабады. Сол себепті ежелде Мысырды «Қара жер» деп те атаған. Мысыр жерінің топырағы су тартылған соң жұмсақ та ылғалды болды. Сондықтан оны ағаш тесемен де, соқамен де өңдей беретін. Міне, осылайша, Ніл өзені ежелгі мысырлықтар өмірінде маңызды рөл атқарды.

Мысыр адам түруга жарамсыз аймақтан б.з.б. IV мыңжылдықта халық тығыз қоныстанған елге айналды. Сондықтан да мысырлықтар Нілді мадақтап жырға қосқан.

Мысырда мемлекеттің қалыптасуы. Өте ерте замандарда Мысыр халқы шағын қауым болып өмір сүрді. Оларды қауымдық кеңес пен ақсақалдар басқарды. Нілдің құнарлы аңғары егіншілікті ертерек қалыптастырды. Нілдің жыл сайын тасып отыруы құрғату және суландыру жұмыстарын талап етті.

Жер өңдеу үшін кетпен, қарапайым соқа пайдаланылды. Соқа егіншіліктің кеңейе, жетіле түсуін тездетті.



Ніл аңғары

Дәлелдер келтірі!



Мысырлықтардың қосаендік халықтармен ұқсастықтары бар ма?

Ойтолғау!



Біздің еліміздің өзен-көлдерін ұлықтап жазылған қандай шығармаларды білесің? Сен де Ніл өзеніне арнап синквейн жазсаң қайтеді?

Мысырда өте ертеректе тастан еңбек құралдары мен қару-жарақтар жасалған. Тас өңдеу ертеден-ақ дамыған қолөнер саласы болды. Қорғасын, мыс, кейінірек темір пайдаланылды. Ауыл шаруашылығы мен қолөнердің дамуы өнімді көбейтті. Азық-түліктің мол қоры жиналды. Артық өнімнің пайда болуы тайпа көсемдерін байыта түсті. Енді тайпа көсемдері халықтан алған байлықты пайдаланды. Бақылаушылар, сақшылар және жауынгерлер ұстады. Сақшылар мен жауынгерлердің саны артты. Көсемдердің билігі де күшейе түсті. Көсемдер бірте-бірте өз тайпаларының әміршісіне айналды. Барлық мәселені өзі шеше бастады. Соның барысында б.з.б. IV мыңжылдықта Мысырда шағын мемлекеттер пайда болды. Оларды патша басқарды. Көне мысырлық жазбаларда әртүрлі атақ дәрежелер, лауазымдар жазылған. Олар: сарай бастығы, мөр сақтаушы және т.б.



Шеберлігіңді көрсет.

Перғауын
тәждерін
жасап көр.

Кім алғыр?



Бір орталыққа
барынған Мысыр
мемлекеті қанша
мың жыл бұрын
құрылыпты?

Жоғары басшылық тобына дінбасылар – *абыздар* да енді. Мемлекет жеке-жеке аймақтарға – *номдарға* бөлінді. Олардың басшылары *номархтар* деп аталады. Патша жергілікті жерлерді осы номархтар арқылы бақылап, басқарды.

Бірақ мұндай мемлекеттер бір-бірімен жиі соғысып тұрды. Ақырында Ніл аңғарында екі ірі мемлекет пайда болды. Біреуі Төменгі (солтүстік) Мысыр. Ал екіншісі Жоғарғы (оңтүстік) Мысыр. Оңтүстік Мысырдың патшасы басына биік ақ тәж (хеджет) киді. Ал солтүстіктің патшасы қызыл (дешрет) түсті тәж киді. Оңтүстік патшалығының астанасы – *Небут* қаласы болды. Ал солтүстік патшалықтың астанасы – *Бехдет* қаласы еді.

Бір орталыққа біріккен мемлекеттің құрылуы. Екі патша да бүкіл Мысыр жерін дара билеуге ұмтылды. Өзара бәсекелескен екі мемлекеттің арасында күрес басталды, ол ұзаққа созылды. Б.з.б. 3000 жылдары оңтүстік патшасы солтүстік патшалығын жеңді.



Хеджет



Дешрет



Пшент

Перғауын төждері. Ақ түсті төж Жоғарғы Мысыр, ал қызыл түсті төж Төменгі Мысыр перғауындарына тән болған. Мысыр бір орталыққа бағынғаннан кейін ақ-қызыл аралас түсті төжге көшкен.

Ніл шоңғалдарынан Жерорта теңізіне дейінгі жер біріктірілді. Мысырда ірі, қуатты мемлекет құрылды. Енді патша қосарлы ақ және қызыл түсті төж (пшент) киді.

Біртұтас Мысырдың патшалары – перғауындар (фараондар) деп аталды. Мысырлықтарша «перо» (үлкен үй) патша сарайы деген мағына береді.

Мысырды ең алғаш біріктіруші патша Менес (Мина) перғауын делінеді. Атырау мен аңғардың түйіскен жеріне үлкен бекініс салынды. Ол бекіністі «Ақ дуал» деп атаған. Кейін сол бекіністе Мысыр мемлекетінің алғашқы астанасы салынды. Ол – Мемфис қаласы еді. Сөйтіп, күшті әскері бар, бір орталыққа бағынған мемлекет қалыптасты.



Қызықты дерек!



Менес табытханасынан. Тутмос IV перғауынның билік еткен кезеңі. Бұл қасиетті гүл негізінен Жоғарғы Мысырдың бейнесі саналған.



1. Ежелгі Мысырдың «Қара жер» аталуының себебі неде?
2. Ніл өзенінің мысырлықтар өміріндегі маңызын сипаттаңдар және Қосөзендік халықтар өмірімен салыстырыңдар.
3. Мысырда әлеуметтік жіктелістің күшеюіне не әсер етті?
4. Бір орталыққа біріккен Мысыр мемлекеті қалай құрылды?
5. Терминологиялық сөздік жасаңдар.

Мысырлықтардың Нілді мадақтауы

Мысырға жан берген Нілдің даңқы арта берсін! Ол – судан алыс жатқан шөл даланы суарушы, балықтар мен құстардың өміршісі, астық өсіруші, мал үшін азық дайындаушы, нан, тағам әкелуші құдірет.

Су келгенде жердің беті жадырап, тірі жан атаулы шаттыққа кенеледі.

Жаса Нілім, көңілдерді тасытқан,
Мысырды тірілтуге асыққан.
Сен көрінсең шаттанады Жер-ана,
Қуанады бар тіршілік, кең дала.
Қарсы аламыз сені бейне патшадай.

Авдиев В. И. Ертедегі Шығыс тарихы. А., 1953, 149-б. (орыс тілінде).

Балалар, қалай ойлайсыңдар, ежелгі мысырлықтар Ніл өзенін неліктен мадақтаған?



Бұл маңызды!

Тірек сөздер:

- ❖ Перғауын
- ❖ Жосер
- ❖ III Тутмос
- ❖ Пирамида
- ❖ Тутанхамон
- ❖ Сфинкс
- ❖ Храм

Қызық дерек!



Мысырда жалпы 4 әйел перғауын болған. Ерекшелігі – Хатшепсут өз бейнелерінде ер адам іспетті безендірілген, жасанды сақалы да болған.

§8.

ПИРАМИДАЛАР ҚҰРЫЛЫСЫНЫҢ ДӘУІРІ

Перғауындар билігінің күшеюі. Ежелгі Мысырдағы ауылдар ерлер өктемдік еткен отбасылардан құралды. Олар шаруашылықтың әртүрлі саласымен айналысты. Мемлекетке алым-салық төлеп тұрды.

Салықшылар адамдардың, жердің, малдың, алтынның есебін алып отырды. Олар алым-салық мөлшерін белгіледі. Оны төлей алмағандарды ауыр жазалады. Жергілікті жерлердегі қауымдық сотты қазылар атқарды. Оларды перғауын белгіледі. Жоғары сот деген де болды. Оның төрағасы перғауынның бірінші жәрдемшісі деп есептелінді. Сот бойынша қылмыскерге таяқпен дүре соғылды.

Салық жинаушылар, сарай қызметкерлері, қазылар, аймақ билеушілері, әскербасылары перғауынға тікелей бағынды. Өйткені оларды тағайындайтын да, орнынан алатын да перғауын еді. Перғауындар кейбір өзіне адал қызмет еткендерді көтермеледі. Оларға жер иеліктерін, асыл тастар мен жорықтан түскен олжадан үлестіріп отырды. Бұл оның билігін күшейте түсті.

Салтанатты қабылдаулар кезінде перғауын тақта отырды. Оның қолына асатаяқ пен қамшы ұстады. Бұл бүкіл қол астындағыларға билік жүргізуге, жазалауға болады деген ұғымды білдіретін еді. Перғауын өлгеннен кейін оның патшалық тағына ұлы немесе басқа жақын туысы отырды.

Мысыр біртұтас мемлекетке біріккеннен кейін сауданың өркендеуіне жол ашылды. Бір жүйеге келтірілген суландыру құрылыстары салынды. Перғауындар көрші аймақтарды басып алуды көздеді.



Тақта отырған перғауын мүсіні



Хатшепсут патшайымның саркофағындағы сурет



Мысыр жауынгерлері

Басқыншылық жорықтар. Бір орталыққа бағынған мемлекеттің шаруашылығы дамыды. Халқының саны арта түсті. Енді Ніл аңғары мен атырауындағы жерлер тарлық ете бастады. Шикізатқа, азық-түлікке, басқа да заттарға сұраныс көбейді. Бұл мәселелерді шешу үшін перғауындар әскери жорықтар ұйымдастырды. Өз билігін жорықтармен өткізген перғауындардың бірі *Жосер* болды. Ол Синай түбегіне жорықтарды бастады. Мұндағы бай мыс

кендерін басып алуға ұмтылды. *Жосер* тіпті оңтүстіктегі Нубия жерлеріне де жорықтар жасады.

Мысырдың оңтүстіктегі Нубиямен, Пунт елімен сауда байланыстары күшейе түсті. Бізге кейбір суреттер мен жазулар белгілі. Олар оңтүстікке әскери-сауда жорықтар туралы баяндайды. Б.з.б. XVI ғасырда Мысырда әйел перғауын *Хатшепсут* билік еткен. Ол Пунт еліне үлкен жорық ұйымдастырған. Ол елдің байлығын алып келу үшін үлкен теңіз флотын аттандырған. Бұл флот желкенді әрі ескекті кемелерден жасақталған. Олар әртүрлі ағаштар, піл сүйектерін, алтын мен күміс, бағалы терілер, тіпті балаларға дейін тиіп алып келген.

Әсіресе III Тутмос перғауын кезінде басқыншылық жорықтар кең көлемде жүргізілді. Ол Сирияға 17 рет жорық жасаған екен. Вавилон, Ассирия және Хетт патшалары Мысырға алым төлеп отырды.



Ат-арбалы Мысыр жауынгері

Қызық дерек!



Хатшепсут ханшайымның құрметіне салынған храм. Дейл-әл-Бахри жоталарының етегінде орналасқан. Патшайым өзін жерлеуге арнайы салдырған көрінеді.

Ойтолғау!



Нубиялықтар IV Тутмос перғауынға не сый әкеле жатыр?

Ойтолғау!



Алып құрылыстардың биіктігіне қара. Салыстыр.



1. Нельсон бағанасы
2. Сидней опера театры
3. Азаттық мүсіні
4. Бәйтерек
5. Ұлы пирамида

Сенің ойыңша!



Пирамида салушы құлдардың еңбегін қалай бағалайсың?



Мысыр пирамидалары. Ніл бойында аспанмен тілдескен пирамидалар тұр. Олар «Әлемнің жеті кереметінің» бірі. Мысырдың елтаңбасы сияқты. Каир қаласының маңындағы Гизада бірнешеуі тұр. Онда Хуфу, Хефрен сияқты перғауындардың пирамидалары бой түзеген.

Пирамиданы айналып шығу үшін бір шақырымға жуық жол жүру керек. Мысырдың барлық жерінен шаруалар, қолөнершілер мен тас қалаушылар және құлдар айдап әкелінді. Оларды пирамида құрылысына салды. Онда 100 мың адам еңбек еткен. Құрылысқа 2 млн 300 мың тас жұмсалды. Оның ең кішісінің салмағы 2,5 тонна болған. Пирамида салуға 20 жыл уақыт кеткен.



Мысыр жауынгерінің қару-жарағы

Мысырдағы ең бірінші пирамида Жосер перғауынға арнап салынған екен. Ал ең биік пирамида б.з.б. 2600-жылдардың шамасында Хуфу перғауынға арнап салынды. Оның биіктігі – 146 метр. Яғни 50 қабатты үйдің биіктігіндей.

Тоналмаған табытхананың бізге белгілісі жас перғауын Тутанхамонға тән. Ол тоғыз жасынан бастап он жылдай билік еткен. Тутанхамонның табыты алтынмен апталған. Алтын мен асыл тастардан жасалған заттар көп. Мұның бәрі ол кездердегі Мысыр билеушілерінің байлығын паш етеді.

Сфинкс. Пирамидаларға таяу жерде басы адам, ал тұлғасы арыстан бейнесіндегі алып мүсін – *Үлкен сфинкс* тұр.



Мысыр пирамидалары



Тутанхамон табыты

қолөнерші, тас қалаушы, шаруа және құлдар жинады. Храмдар қаладағы ең үлкен және әсем құрылыс болып есептелінген.

Фивы қаласындағы храмның даңқы зор болды. Храмды әлемнің ең таңдаулы шеберлері салған. Ол көптеген бөлмелер мен залдардан тұрды. Кіреберісінде перғауындар мен сфинкстердің мүсіндері қойылған. Қақпаның екі жағында өрнекті биік екі мұнара тұрғызылған.

Фивы храмы. Храм ішінде 200-ден астам мүсін бар. Залдардың қабырғалары мен төбелері алтын жалатылған тақтайшалармен қапталған. Храмның түкпіріндегі құпия бөлмеде құдайдың мүсіні тұр. Бұл бөлмеге перғауындар мен абыздар ғана кіруге құқылы болған.

Храмның төңірегінде суқоймалары жасалды. Оларды айналдыра ағаш отырғызылған. Храмдарда абыздар қызмет етті. Бұл жерде әртүрлі діни мерекелер өткізілген. Мереке күндері храмдарға халық өте көп жиналатын.

Б.з.б. II мыңжылдықта Мысыр жер бетіндегі ең бай, әрі қуатты елге айналды.



1. «Перғауын» ұғымын түсіндіріңдер. Олардың шексіз билігінің дәлелі ретінде нені айта аласыңдар?
2. Мысырда шонжарлар тобына кімдер жатты? Олардың қызметіне сипаттама беріңдер.
3. Пирамиданы неліктен әлемнің жеті кереметінің бірі санайды?
4. Тутанхамонның табытханасы туралы әңгіме құрастырыңдар.
5. Сфинкс неге «үрей атасы» аталды?

Тастан жасалған алыпқа қараған адамның зәресі ұшатын. Жұрт оны «үрей атасы» деп атады. Сфинкс жартастағы үлкен тастан қашалып кескінделген. Биіктігі – 20 метр, ал ұзындығы – 52 метр. Пирамидалар мен сфинкс перғауындардың құдіретті екенін көрсету үшін жасалған.

Храмдар. Фивы, Гелиополь және Мемфис қалаларында ірі храмдар салынған. Олар мыңдаған жылдар бойы өз қалпын сақтап келді. Перғауындар храмдарды салдырту үшін мыңдаған



Қызықты дерек!

1922 ж. Луксор маңында орналасқан патшалар жазығындағы Тутанхамон табытханасын ашқан ағыл-Говард Картер шын архео. (1874–1939 жж.) логі, мысыр-танушы.



Тутанхамон табытханасынан қандай қызықты олжалар табылды екен? Картотекасын жасап көр.



Ойтолғау!

Мына сфинкс қаншалықты сенің үрейңді тудырды? Көз алдыңа елестетші... Сен Сфинкстің алдында тұрсың...



Ежелгі Мысыр шонжарларының тұрмыс-тіршілігі

Ежелгі Мысыр шонжарлары үлкен де өсем, жарық және биік үйлерде тұрған.

Олардың үйі көп бөлмелі болды. Бөлмелердің қабырғаларын әртүрлі тастармен бедерлеген. Сондықтан да бөлмелер ішінің түстері бір-біріне ұқсамайтын еді.

Үйдің айналасы бау-бақша, гүлдер мен жеміс ағаштарына толы. Серуендеуге арналған саялы бақтар да бар.

Бақтың ортасында бұрқақ (фонтан) мен хауыз (бассейн) орналасқан. Шонжарлар күн ыстық кездері саялы бақ пен судың жағасына келіп демалатын.

Үйдің бөлмелері әртүрлі жиһазға толы. Онда өте бағалы ағаштан жасалған жиһаздар, әдемі қобдилар және гүл салатын әртүрлі пішіндегі құмыралар орналасқан.

Асүй бөлмесінің ортасында дастарқан жаюлы, онда неше түрлі тағам: нан, тоқаш, күлше, құс еті, мал еті, әртүрлі жеміс, тәтті тағамдар мен ірімшіктің бірнеше түрлері қойылған.

Шонжар қонаққа барғанда, қонақ қабылдағанда өте әдемі киім киіп, мойнына әшекейлі алқа, білегіне алтын білезік, саусағына асыл тасты сақина салып шығатын болған.

Дүниежүзі суретті тарихы. М., 1995, 54–55-б. (орыс тілінде).

§9.**ЕЖЕЛГІ МЫСЫРДЫҢ ЭКОНОМИКАСЫ
МЕН ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРЫЛЫМЫ**

Мал шаруашылығы. Мысыр аумағында ежелгі заманда жануарлар көп болды. Мысырлықтар аң және балық аулау тәсілдерін ертеден-ақ меңгерді. Олардың өмірінде қаз бен үйрек өсіру де өзіндік маңызға ие болды. Бұлардың етін ғана емес жұмыртқаларын да азық-түлік ретінде пайдаланған. Бізге жеткен деректерде үлкен құс фермасы туралы да жазылған. Онда қаз-үйреппен бірге, аққу мен көгершіндерді де өсірген. Сонымен қатар ара өсіріп, оның балын алу тәсілдері бейнеленген суреттер де қалдырған.

Мысырда ірі қара мен ұсақ малдар өсірілді. Ніл атырауындағы жазықтықтарда мүйізді ірі қара, қой-ешкі жайылып жүретін. Жылқы мен есек күш-көлік ретінде бағылды. Қора-қора мал байлықтың негізгі түрлерінің бірі деп есептелді. Дегенмен өзен аңғарында жайылым аз еді. Бұл малды шектеп ұстауға, негізінен қолда бағуға әсер етті. Сондықтан көрші елдермен соғыс барысында олжа ретінде малдарды да айдап келу кең таралды.



Бұл
маңызды!

Тірек сөздер:

- ❖ Мал шаруашылығы
- ❖ Егін шаруашылығы
- ❖ Қолөнер
- ❖ Перғауындар
- ❖ Үстем тап өкілдері
- ❖ Шадуф



Ніл жағасындағы диқаншылық

Егін шаруашылығы. Елдің шаруашылық өмірінде егіншіліктің маңызы өте үлкен болды. Бір суретте перғауын бірінші болып жер жыртуға дайындалып тұр. Оның алдында төмен қарай еңкейген кішірек адам тұқым себуге даярлануда. Бұл суреттен, біріншіден, егіншілікке үлкен мән берілетінін көреміз. Екіншіден, егіншілер еңбегінің қадірлі болғандығын байқаймыз.

Мысырлықтар жерді суғару және балшықты жерді құрғату жұмыстарын жиі жүргізіп отырды. Сондықтан арықтар, каналдар қазды. Өсіресе суғару жүйесін жасауға көп күш жұмсады.

Ірі суландыру жүйесі Фаюм оазисінде жүргізілді. Мұнда арнайы канал қазылды. Нілмен қосылатын үлкен суқоймасы жасалды. Соның нәтижесінде Фаюм оазисінде құнарлы егіншілік алқабы пайда болды. Шаруалар арпа, бидай сияқты дәнді дақылдар септі. Оларды күтіп-баптап өсірді. Егін піскен кезде орып, қырманға жинады.

Егіншілікпен қатар бау-бақша ісі де дамыды. Онда әртүрлі жеміс-жидектер өсірілді. Өсіресе жүзім мен зығыр өсіру кеңірек қолға алынды. Зәйтүн ағашын өсірді. Оның жемісінен май алу кәсібі кең таралды.

Қолөнері. Ежелгі Мысырда тастан жасалған үйлер біздің заманымызға дейін жетті. Пирамидалар өте шеберлікпен жасалған. Адамзатты мыңдаған жылдар бойы таңдандырып келеді. Пирамидалар тас өңдеу техникасының жақсы дамығанын дәлелдеп тұр. Ал сол тастарды өңдеу үшін көптеген құрал-саймандар жасалды. Олар: ағаш тоқпақ, шапқы, қайла, бұрғы, балға, ара т.б. Бұларды жасағандар,

Мысырлықтарда шаруашылықтың қай түріне басымдық берілді?





Мысыр тоқымашылары

Кесте не дейді?

Ежелгі Мысыр қолөнерінің дамуы



Жаңа сөздер:

- ❖ Малахит
- ❖ Лазурит
- ❖ Яшма
- ❖ Пунт елі
- ❖ Ладан
- ❖ Павиан
- ❖ Пантера
- ❖ Мирра

өріне, қолөнершілер еді. Қолөнердің анағұрлым жақсы дамыған түрі – *металл өңдеу* болды. Мыстан, темірден еңбек құралдар, қару-жарақтар жасалды.

Сазбалшық пен папирустан ыдыс-аяқтар және басқа да қажетті дүниелер жасап алды. Мал терілерін өңдеп, киім тікті. Аяқкиімдер жасады. Зығырдан тоқылған киімдер де болды.

Көркем қолөнер әсіресе зергерлік жоғары дәрежеге жетті. Алтыннан, күмістен және басқа да асыл тастардан сәнді бұйымдар мен әшекейлер жасалды. Бір патшайымның зиратынан табылған күміс білезіктер соның дәлелі. Ол білезіктерге малахит, лазурит және яшма сияқты асыл тастар қондырылған. Бұл өте нәзік түрде сәнделген тамаша білезіктер еді.

Саудасы. Ауыл шаруашылығы мен қолөнердің дамуы барысында артық өнім пайда болды. Енді оны базарға сату үшін шығара бастады. Бұл жалпы сауданың дамуына ықпал етті. Оның үстіне Мысырда құрылысқа қажетті ағаштар аз өсетін. Дамып келе жатқан қолөнер үшін металдар, асыл тастар қажет еді. Мұның барлығы оларға сұранысты арттырды. Енді ондай қажетті заттарды шетелдерден өкелу керек болды. Тастағы жылнамада қымбат бағалы ағаштар үшін шетелдерге ірі сауда керуендері жіберілгені жазылған. Мысырлықтар Қосөзеннің солтүстік-шығысынан қола, лазурит, мата, киім, май, қос дөңгелекті арба, жылқы алдырып тұрған. Ал өздері Азия елдеріне піл сүйектерін, алтын мен күмістен жасалған заттар жіберген.

Мысырдағы бір храмда оңтүстіктегі Пунт еліне барып келген сауда кемесі бейнеленген. Онда: «Пунт елінің әртүрлі кереметтері: хош иісті ағаштар, мирра ағашынан жасалған қара май, піл сүйектері, алтын мен күміс, ладан, көз сүрмесі, павиандар, иттер, оңтүстік пантера терілері, жергілікті жабайы халықтар мен олардың балалары кемелерге лық тиеліп келді», – деп жазылған. Мұның өзі Мысыр билеушілерінің оңтүстіктегі елдермен де сауда қатынастарын дамытып отырғанын көрсетеді.

Әлеуметтік құрылымы. Шаруашылық, қолөнер, сауда дамыды. Басқыншылық соғыстар жиіледі. Соғыс жорықтары мен сауда кездерінде әртүрлі байлықтар қолға түсті. Малдар, құлдар, әшекей бұйымдар, жер және басқа да олжалар

тең бөлінбеді. Оның басым көпшілігі перғауынның, ақсүйектердің қолдарына жиналды. Шонжарлар патша сыйлықтарының арқасында байи түсті. Перғауындарға жақын өкімдер құнарлы ірі қоныстарға ие болды. Қарапайым халықтың жағдайы күннен-күнге төмендей бастаған. Көпшілігі соғыс жорықтарынан мүгедек болып оралды. Олар еңбекке жарамсыз болды. Кедейшілік пен қайыршылық жағдайда өмір сүрді. Осылайша, елде мүліктік және әлеуметтік жіктелу тереңдеді. Мысырда *билеушілер, бай және кедей адамдар* топтары ерекшеленді.

Перғауындар. Ежелгі Мысырдың билеушілері перғауын (фараон) деп аталған. Перғауындардың билігінде шек болмады. Олар бүкіл Мысыр халқы мен табиғат байлығына иелік етіп, билеп-төстеген.


Ежелгі Мысырда Тутмос, Аменхотеп және Рамзес есімді әйгілі перғауындар билік етті. Кейде перғауынның әйелдері де ел билеу ісіне ықпал етіп отырған. Мәселен, II Тутмос перғауынның әйелі Хатшепсут патшайым елде храмдар салғызып, Африканың шығысына жаулаушылық жорықтар ұйымдастырған.

Үстем тап өкілдері. Ежелгі Мысырда үстем тап өкілдеріне *сарай қызметкерлері, қазылар, аймақ билеушілері, әкімдер* жатты.

Шонжарлар тобы патшаның туыстарынан құралды. Перғауын әртүрлі сый-сияпаттар жасап отырды. Шонжарлар үлкен де әсем сарайларда тұрды. Музыканттар мен сұлу мүсінді бишілер олар үшін би билеп, ән салатын.

Құлдар шонжарларды арнаулы зембилдерге салып, көтеріп жүретін. Шонжарларға көзі тірісінде-ақ тастан мазар тұрғызылған.

Қазылар үстем тап өкілдерінің өмірі мен дүние-мүлкіне қастандық жасағандарды аяусыз жазалап отырды.



Қауырсын қалам мен қорабы

Жазғыштар перғауын мен ірі шонжарларға өте қажет болды. Олар перғауынның бұйрығын жазды. Қазынада қанша астық барын, егіншілер өңдеген егістік көлемін жазды. Шаруалардың әрқайсысы жыл сайын қанша салық беруі керек екенін есептеді.

Салық жинаушылар жазғыштар мен бірнеше күзетшілерді ертіп, шаруалардың қоныстарына келетін. Егіншілер салықты төлей алмаса, дүре соғып, жазалады.

Сақшылар мен *шабармандар* шонжарлардың малдарын, егінін және үйлерін күзететін. Олардың бұйрықтарын іске асырып отыратын.



Мысыр жазғышы. Қолында папирусы мен жазу құралдары. Олар – үкімет адамы

Сенің ойың!



Жазғыштар егістік көлемін не үшін есептеп отыр екен?



Сенің ойыңша...



Біздің қоғамымызда «құл» деген түсінік бар ма?



Шонжарлардың мекенжайы

Құлдардың жағдайы. Мысырлықтар тұтқындарды «тірі өліктер» деп атап, оларды құлға айналдырды.

Құлдар ең ауыр жұмыстарды атқарды. Олар егіс даласында, құрылыста, шеберханаларда еңбек етті. Үлкен храмдар мен перғауындардың зиратын салды. Таңның атысынан күннің батысына дейін жұмыс істеді. Құлдарға тек жұмыс күші ретінде қарайтын.

Шаруалардың жағдайы. Ежелгі Мысыр шаруалары егіншілікпен айналысты. Шаруаның азырақ жері, малы және жеміс ағаштары болды. Егіншілік кәсібі қыруар еңбекті керек етті.

Шаруалар егін салу үшін жерді құмнан, батпақ пен бұталардан тазартты. Егістіктерді, бау-бақшаларды *шадуфтардың* көмегімен суарған.

Жерді тесемен, соқамен жырты. Арпа, бидай еккен. Жиналған астықты бастыру үшін үстінен мал айдаған. Тазартылған дөңді арнаулы қамбаларға төгіп алатын.

Бірақ алынған өнімнің көп бөлігін салық жинаушыларға берді. Шаруалар үшін ең ауыр міндеткерліктің бірі әскерде қызмет ету болған. Өйткені олар соғыста жүргенде жерлері өңделмей, қараусыз қалатын.



Шадуф көмегімен бау-бақша суару

Қолөнершілер. Ежелгі Мысырдың суреттерінен қолөнердің барлық түрінің дамығанын көреміз. Олар өзінің қолынан жасап шығарған затына қарай бөлінген. Мысалы: мыс қорытушылар, тоқымашылар, балташылар, тері илеушілер, кеме жасаушылар, құмырашылар және зергерлер.

Олардың көпшілігі перғауындар мен бекзадалардың шеберханаларында жұмыс жасаған. Көбінесе әскерге қажетті қару-жарақтар әзірлеген. Қолөнершілер күндіз де, түнде де жұмыс істеді. Олардың жұмысын бақылаушылар үнемі қадағалап отырған.

Ежелгі Мысыр тұрғындарының бірі қолөнершілерді былайша сипаттаған: «Тоқымашы күні бойы өрмек басында бойын жазбай, зығырдың шаңына тұншығып отырады. Ол таза ауаға, жарыққа шығу үшін бақылаушыға өзі жейтін нанын беруге мәжбүр болады. Егер тапсырманы уақтылы орындай алмаса, бақылаушы оны аяусыз ұрып-соғады.

Қолөнершілердің киімі шоқпыт-шоқпыт болды. Өзінің де, балаларының да арқасынан дүре кетпеген. Әсіресе ағаш ұстасының жағдайы өте ауыр болған. Өйткені оларды қолынан келмейтін заттарды да жасауға мәжбүр еткен. Ағаш ұсталары сарай құрылыстарын салуға да қатынасып отырған. Олар өте ауыр жағдайда еңбек етіп, кей кезде бір жапырақ нанға да зар болған».

Ежелгі Мысырда әсіресе тас құрылысы кең өріс алды. Оған дәлел пирамидалар, храмдар мен сфинкстер.

Шадуф!



Анықта!

Қазіргі заманда суландырудың қандай жүйесі қолданылады?



1. Ішкі және сыртқы сауданың дамуына әсер еткен жағдайларды талдаңдар.
2. Құлдардың «тірі өліктер» аталуына сендердің көзқарастарың қандай?
3. Оқулықтағы егіншілердің суреттеріне қарап, қалай еңбек еткендерін сипаттаңдар.
4. Мысыр қоғамында мүліктік және әлеуметтік жіктелістің тереңдей түсуіне қандай жағдайлар әсер етті?
5. Төмендегі кестені оқулық мәтінін және суреттерін пайдалана отырып толтырыңдар. Кестені толтыра отырып, еңбекшілердің жағдайларындағы ұқсастық пен айырмашылықты табыңдар.



Қызықты дерек!



Алтын жалатылған бұл аяқкиім Шешонка мазарынан табылған



Сәттілік білезігі



Мына білезікке уджат көзі неліктен бейнеленген екен? Көзмоншақпен қандай да бір байланысы бар деп ойлауыңыз ба?

№		Құл	Шаруа	Қолокерші	Тау-кен жұмысшылары
1.	Нені иемденді?				
2.	Қандай жұмыстар атқарды?				
3.	Қандай құқықтары болды?				

Ежелгі Мысырдағы қарапайым отбасының тұрмыс жағдайы

Ежелгі Мысырдағы еңбекшілер қарапайым тұрған. Олардың үйі балшықтан соғылған. Алдымен балшықты илеп, кірпіш құйып, оны қалап, түзу шығуына ерекше мән берген. Үйдің төбесі пальма жапырақтарымен жабылды. Еденінде қамыстан тоқылған төсеніштер төселді. Олардың ыдыс-аяқтары қыштан жасалды. Үйдің ортасында дастарқан жаюлы тұр. Оның үстінде күлше нан. Ал мереке күндері ғана дастарқанға ет, шарап және құрма, жүзім сияқты тәтті жемістерді қояды.

Дүниежүзінің суретті тарихы. М., 1995, 54–55-б. (орыс тілінде).

§10.

МЫСЫРДАҒЫ ДІНИ НАНЫМ-СЕНІМДЕР МЕН ҒЫЛЫМИ БІЛІМДЕР


Діни наным-сенімдер. Ежелгі Мысырда табиғат пен адам өмірін құдайлар басқарады деген түсінік болды.

Мысырлықтар құдайларды жануар басты адам бейнесінде елестеткен. Олар құдайларға сый-сияпат жасады. Көңілдерін аулауға жалбарынды. Құдайларға арнап храмдар тұрғызған. Тастан құдайлардың мүсіндерін жасады. Сөйтіп, олардан жақсылық күтті.

Олар көптеген құдайларға табынды. Әсіресе Жер мен Күнге табыну ерекше болды. Күнді ең басты, ең құдіретті, көркем құдайымыз деп есептеді. Оны *Амон-Ра* деп атады. Амон-Ра күн сайын таңертең шығыстан көрініп, адамдарға сәулесі мен жылылығын береді. Ол көрінгеннен кейін-ақ өсімдік атаулы жанданады. Адамдар мен жануарлар шаттыққа бөленеді деп есептеген. Сондықтан Амон-Радың даңқын жоғары көтерген.

Егіншілер Ніл өзенін бейнелейтін *Хану* құдайына табынды. Бұны аса құрметті іс деп санады. Ақылдың құдайы *Тот*. Ол адамдарға оқуды, жазуды үйреткен деп құрметтеді.

Мысырлықтар Күн құдайы – құдайлар патшасы. Ал оның ұлы перғауын – адамдардың патшасы деп түсінді. Олардың ұғымында Күнсіз жер бетінде тіршілік болмайды. Перғауынсыз да өмір сүру мүмкін емес. Ніл өзені перғауынның өмірімен тасиды. Ол қажет етпесе тасымас еді. Тек адамдар ғана емес, табиғат та перғауынға бағынады деп ойлады.



Бұл маңызды!

Тірек сөздер:

- ❖ Мысыр құдайлары
- ❖ Иероглиф
- ❖ Папирус
- ❖ Математика
- ❖ Геометрия
- ❖ Астрономия
- ❖ Күнтіабе



Күн құдайы – Ра



Қайта тірілген Осирис





Қызықты дерек!

1822 ж. Розетта тасына қашалып жазылған ежелгі иероглифтердің құпиясын ашқан француз ғалымы



Жан Франсуа Шампольон



Бұл ескерткіш деректің қай түріне жатады?

Жазба ескерткішті 1799 ж.

Мысырдың ескі Рашид (Розетта) ауылынан француз әскері кездейсоқ тауып алған. Тасқа Мысырдағы грек билеушісі V Птоломей тұсында, нақтырақ, б.з.б. 196 жылы жарық көрген патша жарлығы жазылған.

Мысыр жазуының шығуы мен дамуы.

Б.з.б. IV мыңжылдықтың өзінде-ақ мысырлықтарда білімнің әртүрлі салалары болған. Осыған байланысты жазудың қажеттігі туған. Алғашқыда мысырлықтар айтайын деген ойын суреттер арқылы білдірген. Бұл суреттерді Мысыр храмдары мен мазарларының қабырғаларынан көреміз. Табыттардан, ыдыстардың сынықтарынан кездестіреміз. Бұл суреттер *таңба суреттер* немесе *иероглифтер* деп аталады. Олардың саны 750-дей болған. Бұл иероглифтерді тасқа да, ағашқа да ойып салған. Әрбір сөз бір сурет таңбасымен бейнеленген.


Дегенмен таңба-суреттер арқылы көптеген сөздердің дәл мәнін беру мүмкін болмады. Адамдардың, жердің аттарын суретпен таңбалау мүмкін емес еді. Бірте-бірте күрделі сөздерді белгілейтін дыбысты таңбалар пайда болған. Осы дыбысты таңбалар әліпбилік (алфавиттік) таңбаларға айналған. Ерте патшалық заманында-ақ 24 дыбысты таңбалайтын алфавиттік жүйе қалыптасты. Мысалы: «нан» иероглифі «т» деп дыбысталды. Өйткені Мысырда нан «тә» деп аталды.

Ежелгі Мысырда жазу материалы ретінде папирус пайдаланылған. Папирус – қияқ тұқымдас көпжылдық өсімдік. Ол үш қырлы, жуан, түп жағы қабыршақ жапырақты болып келеді. Олардың сабақтарын жұқалап тіліп, бір-біріне жабыстырып, қағаз сияқты парақтар дайындаған. Папирусқа бір жағы ұшталған қамыспен жазған. Егер жазу параққа сыймай жатса, оның төменгі шетіне және бір парақты желімдеген. Сөйтіп, ұзын лента пайда болған. Ал ленталардың кейбіреуінің ұзындығы 45 метрге дейін жеткен. Папирустарды шиыршықтап, орап сақтаған. Мысырда ежелгі кітаптар осылай жасалған. Олар кітапты қатты құрметтеген.

Математикалық білімдер. Ежелгі Мысырда математикалық білім дамыған. Оны

	Күн
	Құдық
	Ұру
	Жауынгер
	Жылау
	Жүру

Мысыр иероглифтері



Папирус парағы

	1
	10
	100
	1000
	10000
	100000

Сандық таңбалары

«Математикалық папирустар» дәлелдейді. Демек, олар сандарды да папирусқа жазған. Ондағы математиканың ірі табыстарының бірі – ондықтар бойынша санаған. Олар сол кезде-ақ 1, 10, 100, 1000, 10000 сандарын таңбалай білген.

Мысырда математиканың шығуына күнделікті тұрмыстағы тіршіліктер әсер еткен. Мысалы, егінші жинаған астығының қаншасын тұқымға қалдырып, қаншасын күнделікті тамаққа пайдалану керек екенін есептеген. Қолөнерші қоланы құйғанда мыс пен қалайының қанша бөлігін жұмсау керек екенін дәл өлшеді. Құрылыстар, бөгеттер үшін қанша құрылыс материалдары қажет екенін есептеді. Еңбек үрдісінің барысындағы есептеулері нәтижесінде арифметика пайда болған.

Мысырда ең жоғары дәрежеде дамыған математика ғылымдарының бір саласы – геометрия болды. Өйткені оны құрылыс салғанда, жерді өлшегенде пайдаланған екен. Олар тік төртбұрыштың, үшбұрыштың, трапецияның және шеңбердің де көлемін есептей білген.

Аспан әлемі. Ежелгі мысырлықтардың аспан әлемі жөнінде де ғылыми білімдері болды. Нілдің таситын мерзімін, ауа райындағы өзгерістерді болжады. Бұл егіншілікпен айналысатын мысырлықтар үшін аса маңызды еді. Сондықтан олар аспандағы жұлдыздардың, ай мен күннің қозғалыстарын бақылап отырды. Соның барысында ғаламшарлар (планеталар) мен жұлдыздарды бір-бірінен ажыратып тани-білді. Табиғатта болып тұратын құбылыстарды аспандағы жұлдыздарға қарап анықтай алды. Мысалы: абыздар аспанды бақылап, нақты күнтізбе жасады. Ніл өзенінің қай күні таситынын алдын ала айтып отырды. Осыған орай, егіншілер Ніл өзені тасырдың алдында арықтар мен бөгеттер дайындаған. Олар жұлдыздарға қарап түнгі уақыттың мезгілін де анықтай білген.

Мысырлықтар аспан әлемі жөніндегі білімдері негізінде *күнтізбе* жасаған. Олар Нілдің бірінші тасуы мен екінші рет тасыған уақытының арасын бір жыл деп есептеді. Оны 12 айға бөлген. Олардың есебі бойынша бір жылдың ішінде 365 күн болды. Күн және су сағаттарын да ойлап тапқан.

Мысырдағы медицина. Ежелгі Мысырда өте кең тараған ғылыми білімдердің бірі медицина болды. Мысыр дәрігерлері аурудың жеке түрлеріне маманданды. Олар асқазан, тыныс жолдары, көз, тері т.б. мамандары болып бөлінді. Кейбір медициналық жазбаларда аурулардың емдеу жолдары дәл



Нилометр деп аталатын тепкішектер



Топтық жұмыс!

Бұл не үшін қажет деп ойлайсың?



Салыстыр!

Біз пайдаланып жүрген күнтізбеден не айырмашылығы бар?



Математикалық ғылымдардың дамуына қандай жағдайлардың әсері болды?

Сенің білегің қанша сантиметр?



Қызық дерек!

Өлшеуіш құралы. Ол 52 см-ді құрайтын патшалық білек өлшем бірлігінен тұрады. Ең қысқасы – 45 см.

көрсетілген. Дәрігерлер көптеген өсімдіктердің емдік қасиетін білген. Сондықтан да әртүрлі шөптер мен өсімдіктерді жиі пайдаланып отырған. Дәрігерлер хирургия тәсілін пайдалана отырып та емдеген. Олар отаға әртүрлі қоладан жасалған медициналық құралдарды пайдаланды. Қазіргі Мысыр мұражайларында осындай медициналық құралдар сақталған.

Ежелгі Мысырдағы мектеп. Мысыр балалары білімді мектептен алған. Мектептер сарайлар мен храмдардың қасында болды. Онда абыздар мұғалімдік қызмет атқарған.

Мектеп негізінен балалардың сауатын ашты және хатшылар мен абыздар даярлады. Мұнда тек ер балалар ғана оқитын. Соның ішінде ауқатты адамдар балаларының оқуға мүмкіндігі жоғары болды. Кедейлер мен шаруалардың балаларын оқытуға мүмкіндігі бола бермеді. Олар әкелерінің кәсібін жалғастырды. Дән себуді, мал бағуды, мата тоқуды және тас қашауды үйренді. Мектепте жазуға жаттығып, есептер шығаруға үйренетін. Оқушылар жазуды папирус парақтарына жазды.



Мысыр дәрігерлерінің медициналық аспаптары

Мектептерде қатаң тәртіп болды. Оны бұзғандарды тәртіпке келтіру жазалары қолданылып отырған. Сондай-ақ оқушыларға арналған ереже болған. Ережеде мынадай сөздер бар: «Өз қолыңмен жазып, өз аузыңмен оқы. Өзіңнен артық білетіндермен ақылдас». Жалқау және тәртіпсіз оқушыларды дүре соғып, жазалап отырған.

Әдебиеті. Ежелгі Мысырда көптеген әдеби шығармалар болған. Бұл шығармалар Мысыр халқының көркем әдеби байлығын көрсетеді. Әсіресе халық ауыз әдебиеті ерекше дамыған. Шығармаларда халықтың өмірі баяндалды. Кәсібі мен тұрмысы және батырлардың ерлігі сипатталған. Сонымен бірге құдайлар туралы аңыз-әңгімелер мен мифтер де көп болған. Соның бірі – «Осирис пен Исида туралы миф». Онда Осирис пен Исиданың халыққа жасаған қайырымдылығы мен қамқорлығы суреттелген.

Мысыр әдебиетінде саяхатты сапарлар да баяндалған. Олар әртүрлі шытырман оқиғаларға толы. Сондай шығармалардың бірі «Синухеттің әңгімесі» деп аталады. Синухеттің алыс сапардағы көрген қиындығы мен ерлік істері тартымды баяндалады.

Мысыр шығармаларында гимндер мен өлеңдер де болған. Оларда Ніл өзенін, құдайлар мен перғауындарды мадақтайтын. Мысыр кедейлері ауыр тұрмысы мен ащы зар-мұңын білдіретін өндер айтқан. Соның бірі «Астық тасушының әні» деп аталады. Алайда олардың шығармаларының көбі сақталмаған. Тек қана ұрпақтан ұрпаққа ауызша беріліп отырған.



Қызық дерек!

Мектеп тапсырмалары көбіне тас немесе қыш ыдыстардың сынған бөліктеріне жазылған. Қателері түзетілген осындай үлгілердің біразы Мысырдан табылған.



Салыстырып көр!

Ежелгі Мысыр мектебі мен өзіңнің мектебіңді салыстырышы.



Арфада ойнап отырған музыкант



1. Мысырда қандай құдайлар бар делінді? Мысырдағы дини түсініктердің ерекшелігі қандай?
2. Мысырда жазудың қалай пайда болып, дамығанын сипаттап беріңдер.
3. Ежелгі Мысырдағы жазудың қазіргі жазудан қандай ерекшелігі бар?
4. Оқулықта берілген сурет таңбаларды дәптерлеріңе түсіріңдер. Иероглиф деген не?
5. Мысырда ғылыми білімдердің қандай түрлері дамыған?
6. Мысыр мектептерінде шәкірттер өз ықыластарымен оқыды ма? Мектептерде қандай тәртіп орнатты? Ол туралы не айтасыңдар?
7. Қандай әдеби шығармалар болды? Оларда не туралы айтылды?

Ежелгі Мысыр хикаясы

Синухеттің басынан кешкендері

Синухет Мысыр шонжарының баласы – бекзада болатын. Әскери жорық кездерінде перғауынның ұлының қасында жүрген. Ол Мысыр перғауынының қайтыс болғаны жайында естиді. Осы кезде перғауынның ұлы бауырларымның бірі таққа отырып қоя ма деп қауіптеніп, Фивы қаласына аттанады. Синухет осы кезде перғауын тағына мұрагер балаларының арасында соғыс шығып, босқа жазым болармын деп Мысыр жерінен кетіп қалады. Ол Азия жеріне қашып келеді. Синухет Азия шөлін кезіп, сандалып ұзақ жүреді. Күлазыған шөл далада шөлден өліп қала жаздайды. Сонда ол «Тамағым кеуіп, тұншығып барамын. Ажал дәмі осы болар» деп ойлаған екен.

Оны шөл далада мал айдап бара жатқан көшпелілер құтқарып қалады.

Азия жеріне келген соң, Синухет тайпа көсемінің қол астына қызметке кіріп, әскербасы болады. Ол көптеген әскери жорықтарға қатысып, өзін жеңімпаз ретінде танытады. Синухет байлық пен құрметке бөленеді.

Көп жылдар өтеді. Синухет туралы қауесет әңгімелер Мысырға да жетеді.

Синухет осы уақытта өзінің туған жеріне қайта оралуды ойлайды. Сөйтіп, перғауыннан рұқсат сұрайды. Перғауын оған рұқсат беріп, сәлем хат жолдайды. Хатта былай деп жазылған: «Мысыр патшасы Күннің ұлы, өз шонжарларының елге қайтуын өтінеді. Сен жат жерде өлуге тиіс емессің. Саған тастан мазар салынып, оны таңдаулы сәулетшілер жасайды». Синухет осы сәлем хаттан кейін еліне оралады. Мысыр жеріне келгеннен кейін перғауынның сарайына келеді. Сарай табалдырығын аттағанда тақта отырған

Шікірің қажет!



Синухеттің іс-
әрекетін қалай
бағалайсыңдар?


Достым, ежелгі
Мысырдың салыс-
тырмалы карта-
ларынан қандай
айырмашылықты
байқадың?



перғауынды көреді. Синухет сонда перғауынның аяғына етпетінен құлады. Перғауын тағынан тұрып, оның басын сүйіп тұрғызған екен.

Перғауынның әмірі бойынша оған бау-бақшасы бар әсем де сәулетті үй берілді. Оған күтіп-баптайтын, ас әзірлейтін арнаулы қызметшілер бөлді. Ол Мысырға қайта келгеннен кейін мысырлықтарша киініп жүретін болған. Синухет қайтыс болғаннан кейін перғауынның әмірі бойынша тас қалаушылар мазар тұрғызды. Мазар ішіне алтынмен қапталған Синухеттің мүсінін қойды.

Авдиев В. И. Ертедегі Шығыс тарихы. А., 1953, 269–271-б.



IV ТАРАУ

ҚОС ДӨңГЕЛЕКТІ АРБАЛАР МЕН ИМПЕРИЯЛАР



Бұл
маңызды!

§11.

ЕЖЕЛГІ ЗАМАНДАҒЫ ӘСКЕРИ ӨНЕР

«Империя» түсінігі. Қосөзен, Мысыр мемлекеттерінің көрші елдерге жорықтар жасап отырғанын білдік. Олар сондай жорықтар барысында ол аймақтарды өздеріне қосып алып та отырды. Мұндай кезеңдерде аталған мемлекеттердің аумағы кеңейді. Олардың құрамында бірнеше елдер мен мемлекеттер болды. Міне, осындай дәрежедегі мемлекет *империя* деп аталады. Бұл латын тілінде *имперуум* – билік деген ұғымды білдіретін сөзден шыққан. Империя – қоғамның мемлекеттік ұйымының ежелгі түрлерінің бірі.

Тірек сөздер:

- ❖ Империя
- ❖ Соғыс арбалары
- ❖ Ассирия
- ❖ Кир
- ❖ Камбиз
- ❖ I Дарий

Империя деген бірнеше елдер мен халықтарды бір басқару жүйесіне біріктіретін ірі мемлекеттік құрылым. Империя негізінен басып алу, бағындыру арқылы қалыптасады. Сол себепті де ондағы басқару бір билеушінің қатаң билігіне негізделеді. Күшпен біріктіріліп, басқарылатын мұндай империялар ұзақ өмір сүрмеді.

Соғыс арбалары. Көрші елдермен қақтығыстар барысында соғыс тәсілдері, қару-жарақтар жетілдірілді. Соғыс кезінде пайдаланылатын *қос дөңгелекті арбалар* пайда болды. Шумерлік Лагаш қаласының билеушісі Эанату қос дөңгелекті арбаға мінген. Демек, сол б.з.б. III мыңжылдықта қос дөңгелекті әскери арбалар болды.


Дегенмен қос дөңгелекті арбаларды негізінен билеушілер пайдаланса керек. Ежелгі мысырлық ескерткіштер арасынан бірнеше атқа жегілген қос дөңгелекті арбадағы Тутанхамонның суреті ерекшеленеді. Онда Тутанхамонның аң аулап жүрген кезі бейнеленген.

Қоланы пайдалану барысында металл өңдеу мен одан әртүрлі заттарды жасау ісі дами түсті. Қос дөңгелекті арбаларды енді жауынгерлер соғыс кезінде пайдалана бастады. Бұл арбалар шайқаста тіке шабуылға арналды. Сондықтан олардың алдыңғы жағын қорғайтын қалқанша орнатылды. Арбадағы жауынгерлер алғаш найза, айбалтамен қаруланды. Кейінірек садақ пен жебені пайдаланды.

Қос дөңгелекті соғыс арбаларының көлеміне, жасалу ерекшелігіне қарай бір, екі немесе төрт ат жегілді. Арба ағаштан



Тутанхамонның қос дөңгелекті арбада аң аулап жүрген кезі



Бір ат жегілген қос дөңгелекті соғыс арбасы

шағындау етіп жасалды. Оның сырты терімен қапталды. Ішкі жағына жебе салынған қорамсақ бекітілді. Шайқас кезінде арбада негізінен найза шаншығыш пен садақшы орналасты. Кейде жеке садақшымен қатар, қалқан, найзамен қаруланған ат айдаушы да болды. Қызу шайқас кезінде оларды қорғайтын екі қалқаншы да арбаға орналасты. Қос дөңгелекті соғыс арбалары негізінен жазық жердегі шайқастарда қолданылды.

Қос дөңгелекті арбалар ежелгі замандағы көптеген елдердің маңызды соғыс құралына айналды. Оны Шумерлерден бастап, Мысыр, Ассирия, Урарту, Хетт, Үндістан, Қытай, Грек, Рим

мемлекеттері пайдаланды. Сол замандарда-ақ олардың бірнеше түрі жасалды. Олар кейінгі замандардағы соғыстарда да кеңінен қолданылды.

Атты әскердің пайда болуы. Жылқыны алғаш қолға үйреткен аймақ қазіргі қазақ жері. Оны Қазақстан тарихынан білесіңдер. Бұл жүйрік те жылдам жануар. Ол күш көлік ретінде өгіз бен есек, қашырды ығыстырды. Бірақ ол барлық елдерде кездесе бермейтін. Мәселен, Мысыр перғауындары жылқыны, қос дөңгелекті арбаны Ассирия мен Митания елдерінен алдырып отырған.

Қытай императорларының сақтардың сәйгүлігін жоғары бағалағанын да білесіңдер. Зерттеушілер алғаш атты әскерлерді шебер пайдаланғандар ретінде *сақтар мен кемерлерді* атайды. Оңтүстік-батыс Азия билеушілері де Еуразия көшпелілерінің негізінен атты әскерлер түрінде шайқасатынын байқады. Міне, соның барысында жылқысы бар ауқаттылардан атты әскер тобын ұйымдастыра бастады. Сол кездерден ұзақ уақыт бойы атты әскер қуатты да қауіпті күшке айналды.



Хеттің ат-арбалы жауынгерлері. Бедер сурет

Ежелгі атты әскерлер негізінен екі топқа бөлінді. Олар *ауыр және жеңіл қаруланғандар* деп аталды. Атты әскер алдына қойған мақсаты мен міндеттеріне қарай топтастырылды. Соған сай қаруланды. Мәселен, жеңіл қаруланған атты әскерлер жауға күтпеген жерден, тұтқиылдан шабуылдап, тез шегініп кететін. Олар шолғыншы, барлаушы міндетін де атқарды.

Ауыр қаруланған атты әскерде жауынгерлер де, олардың аты да сауыт киді. Оның айқын дәлелі Орта Азиядан табылған ежелгі сарайдағы бедерлі сурет. Онда сауыт киген жауынгер ат үстінде шауып бара жатып арт жағына қарай садақ атуда. Жалпы ат үстінде шайқас кезінде садақ ату өте шеберлікті, мықтылықты қажет еткен.


Ежелгі әскери өнердің дамуы. Оңтүстік-батыс Азиядағы әскери өнері дамыған елдің бірі Ассирия болды. Шапқыншылық жорықтары барысында соғыс тәжірибесі кеңейді. Әсіресе б.з.б. VIII ғасырдағы билеушілер бірнеше әскери реформалар жасады. Жақсы қаруланған күшті әскер құрылды. Мұнымен қатар патшаны қорғайтын *арнайы бөлім* де жасақталды. Әскер *жаяу, атты және қос дөңгелекті арбалы бөлімдерден* құралды.



Саят құрған
Ассирия патшасы

Қару-жарақ пен әскерлердің теңдігін сақтауға мән берілетін. Ол бойынша 200 жаяу әскерге 10 атты әскер мен бір соғыс арбасы болуы шарт етілді. Қос дөңгелекті арбалар мен атты әскерлер Ассирияда б.з.б. IX ғасырда қолданыла бастаған. Бұл әскерлердің тез жылжуына, олардың батыл шабуыл жасауына ықпал етті. Шегінген жауды өкшелеп қууына мүмкіндік берді. Дегенмен әскердің негізгі бөлігі жаяу жауынгерлерден тұрды. Оларда садақшылар, найзагерлер, сүңгі лақтырғыштар мен қалқан ұстайтын топтар болды. Жауынгерлер бастарына дулыға, үстеріне сауыт киді. Негізгі қарулары садақ, қылыш және найза еді.

Жиі жүргізілген соғыстар әскери өнердің одан әрі дамуына ықпал етті. Ассириялықтарда жорық кезінде арнайы жұмысшы әскери бөлімдер де болды. Олар жол жасайтын, көпір салатын, соғыс лагерін тұрғызатын. Ассириялық әскердің артықшылығы



Ассирия жауынгерлерінің өзеннен өтуі



Пікірің қажет!

Үрленген тері торсықтары ненің прототипі деуге болады? Сурет бойынша өңгіме құрастыр.

Шеберлік таныт!



Қос дөңгелекті арбаның үстіндегі жауынгердің суретін сал. Тақырып қоюды ұмытпа.

күтпеген жерден, тез соққы бере білуінде болды. Міне, осындай соғыс өнерінің арқасында Ассирия ежелгі дүниедегі ең қуатты әскери мемлекеттің біріне айналды.

Қаланы басып алу тәсілдері. Ассирия сарайларының қабырғаларында шайқастар суреттелген. Қамалдарды қоршауға алу, тіке шабуыл жасау сәттері бейнеленген. Дөңгелекті арбаның үстіне орнатылған қамал бұзатын қарулар да жасалды. Оның басты бөлігі ұшы темір металмен қапталған бөренеден тұрды. Арбаның қалқаншамен қапталған тасасында тұрып жауынгерлер бөренені теңселте қамалды ұрғылады. Қамалды бұзып, қалаға басып кірген.

Бетпе-бет тіке шабуылмен қатар, қос қапталдан соққы беру тәсілі де қолданылды. Кең көлемді шабуыл кезінде бұл екі тәсілді қатар пайдаланған. Мұнымен бірге жауға түнде шабуыл жасау әдісі де іске асырылды. Қала тұрғындарын аштыққа ұшыратып, жеңіп алу әдісі де пайдаланылды. Қалаға келетін жолдарды, өзендер мен құдықтарды басып алды. Тұрғындарын азық-түліксіз, сусыз қалдырды. Ашығып, азып-тозған қала қорғаушыларын мойынсынуға көндірді. Қару-жарақтың жетілдірілуі жаулаушылық соғыстарды күшейте түсті.

Жаулаушылық соғыстар мен империялар шегараларының өзгеруі. Хетт патшаларының билігі күшейген кезде елдің оңтүстігіндегі Сирияны басып алды.

Б.з.б. XIV ғасырдың соңына қарай Мысыр қайта өрледі. Сирия жері үшін хеттер мен мысырлықтардың күресін қайта жанданды. Бұл күрес ұзаққа созылды. Ақыры адамзат тарихындағы бірінші *бейбіт бітім шарты* дүниеге келді. Ол б.з.б. 1280 жылы *Мысыр* мен *Хетт* мемлекеттері арасында жасалды. Ол шарт бойынша Сирия жері екіге бөлінді. Солтүстігі Хетт, ал оңтүстігі Мысыр мемлекеттеріне қарады.



Қаланы қоршауға алу



Урартудың ат-арбалы жауынгерлері



Парсы жауынгерлері

Б.з.б. VIII ғасырда Ассирияның қуаты арта түсті. Ассирия билеушілері жаңа жерлерді басып алуға көшті. Олар ең алдымен Урартуға соққы берді. Одан соң батысқа қарай аттанды. Ондағы көптеген елдерді бағындырып, Жерорта теңізіне дейін жетті. Бұдан соң оңтүстікке жорықтар жасады. *Вавилонды* бағындырды, Мысырды басып алды.

Парсы патшасы Кураш (Кир) Мидияны басып алды. Одан соң әскерімен Вавилонға басып кірді. Бұдан кейін батысқа аттанды. Кешегі Мысырға тәуелді болған Финикия мен Палестина парсыларға қарсылық көрсете қоймады. Енді ол Орта Азиядағы жауынгер сақ тайпаларының жерін өзіне қаратуға ұмтылды. Бірақ оның жорығының сәтсіздікпен аяқталғанын Қазақстан тарихынан білесіңдер.

Оның орнына Камбиз патша болады. Ол Мысырға жорық жасап, оны бағындырады.

Ал *I Дарьяуш (Дарий)* б.з.б. 518 жылы сақтарға қарсы жорық бастады. Оның бұл жорығы сәтсіздікпен аяқталды. Мұрагері Ксеркс Грекияға жорықтар жасады.

Сонымен, оңтүстік-батыс Азияда бірнеше мемлекет әр кезеңінде өктемдік етіп отырды. Жаңадан құрылып отырған ірі мемлекеттердің тағдыры да тұрақты болмады. Ол аймақтағы мемлекеттердің шегараларының өзгеріп отыруына әкелді.

Б.з.б. II мыңжылдықтың орта кезеңінде Хетт патшасы бүкіл Кіші Азияны бағындырып, билеп төстеді.

Ал б.з.б. VIII–VII ғасырларда аймақтағы тарих сахнасынан Ассирия жарқырай көрінді. Оған солтүстігі Урартудан, оңтүстігі Мысыр жеріне, батысы Жерорта теңізі мен шығысы Мидияға дейінгі аумақ бағынышты болды.

Б.з.б. VI ғасырда Парсы империясының шегарасы шығысы Орта Азияға, батысы Жерорта теңізі мен Мысырға дейінгі аралықты алып жатты. Осылайша, жаулаушылық жорықтар мен жаңа аймақтарды бағындыру барысында мемлекеттік шегаралар өзгеріп отырды.



Арыстанды жеңген I Дарий

5-2475

Осы тақырыпшадағы негізгі оқиғаларды анықта.



Камбиз патшаның Мысыр перғауыны III Псамметихты тұтқынға алу сәті. Б.з.б. VI ғ.



III Псамметих перғауын Тутанхамоннан кейін неше ғасырдан соң билік еткен?

Салыстырып көр!



Жаулаушылық соғыс жүргізген елдерге талдау жаса.

65



1. Империя қалай пайда болды? Оның ұзақ өмір сүрмеуінің себебі неде деп ойлайсыңдар?
2. Қос дөңгелекті арбалардың соғыс кезінде қолданылу ерекшеліктерін сипаттаңдар.
3. Ежелгі әскери өнер қалай дамыды?
4. Жаулаушылық соғыс жүргізген елдерге талдау жасаңдар.
5. Басқыншылықтар барысында шегаралар неге өзгеріп отырды?

§12.

ОҢТҮСТІК-БАТЫС АЗИЯ ИМПЕРИЯЛАРЫ



Бұл маңызды!

Тірек сөздерді өзің анықта.

Хетт мемлекеті. Қазіргі Түркия жерінде ерте замандарда *Хетт* мемлекеті өмір сүрді. *Кіші Азия* деп аталатын бұл аймақ таулы үстірттер мен далалы өлке. Егістікке қолайлы кең алқапты жазықтар аз. Мұнда Ніл, Евфрат пен Тигр сияқты суы мол өзендер де жоқ. Ең үлкен өзені – ежелде *Галис*, қазір *Қызыл Ирмак* аталған. Оның суы өте көп емес еді. Мұның бәрі егін шаруашылығымен айналысуға кері әсер етті.

Бірақ жайылымдарының көптігі мал өсіруге қолайлы болды. Сол себепті ежелден-ақ мал шаруашылығы дамыды. Тауларда әртүрлі ағаштар мен өсімдіктер өсті. Ежелгі заманда аңдар да көп болатын. Тау қойнауларында күміс, мыс, темір мол еді. Сол себепті де елдің оңтүстігіндегі тау жоталары *Күміс таулар* деп аталды. Осындай аймақта алғашқы ірі мемлекет құрған Каспий теңізі бойынан келген халықтар.

Б.з.б. III мыңжылдықтың соңында хеттердегі ру-тайпалық құрылыс ыдырай бастады. Тайпа одақтарының арасындағы күрес күшейді. Соның барысында хеттердің бір орталыққа

Салыстырмалы талдау жаса!

Хетт, Ассирия, Парсы патшалықтарының географиялық картасына қарап, олардың алып жатқан аумағы туралы баяндаңдар.



Хетт патшалығының аумағы

бағынуу басталды. Басқаларға қарағанда *Нуса* қаласы мықтырақ еді. Оның билеушілері алғашқы Хетт мемлекетін құрды.

Табарна атты билеуші Кіші Азияның көптеген жерін бағындырды. Б.з.б. II мыңжылдықта Хетт мемлекеті күшейе түсті. Мемлекеттің астанасы *Хаттуса* қаласына көшірілді. Хеттер Қосөзен бойына қарай жорықтар жасады. Тіпті Вавилонға дейін жетті. Б.з.б. 1595 жылы Вавилонды тонады. Хеттер Сирияны басып алып, Мысырға қарсы шықты. Бұл оның Кіші Азиядағы мықты мемлекетке айналған кезі еді.

Ежелгі Ассирия. Вавилонның солтүстігінде пайда болған мемлекеттің бірі *Ассирия*. Б.з.б. XV ғасырда *Ашшур қала-мемлекеті* көтеріле бастады. Ашшурдың әскербасылары мен көпестерінің рөлі артты. Оларға сүйенген билеуші бар билікті өз қолына алып, патшаға айналды. Ал оның патшалығы Ассирия деп аталды.

Ассирия билеушілері соғыс өнерін дамытуға көп көңіл бөлді. Ассирия ежелгі дүниедегі ең қуатты әскери мемлекеттің біріне айналды. Ассирия билеушілері басып алған елдерді шағын аймақтарға бөлді. Оларды әскери күшпен бағындырды. Алтын, күміс, астық, мал есебіндегі алым-салықтар алып отырды. Жергілікті халықтар ассириялықтардың қатаң езгісіне қарсы жиі көтерілді.


Ассириялықтар отаршылдық саясатымен ерекшеленді. Олар бағындырылған халықтарды атақонысынан басқа жаққа көшірді. Онда бірнеше мақсат көзделді. Халықтарды бір-біріне қарсы қою. Олардың бірігуін болдырмау. Сөйтіп, көтеріліс жасауына мүмкіндік бермеу. Бірақ бұл бағындырылған халық-



Ассирия мемлекетінің аумағы



Қызықты дерек!



Гебри Остен Лейард Ассирияның негізгі қалалары Ашшур, Ниневия, Нимрудтың ашылуына ықпал еткен Британ археологы

Нимруд қаласындағы патша Ашшурнасирапал II (б.з.б. 883–859 жж.) сарайының ұзындығы 6 м. болатын адам басты, қос қанатты бұқалармен безендірілуі археологтерді таңғалдырған. Ниневия қаласынан 30 мың сына тақтайшалары сақталған ең ежелгі әрі ең үлкен кітап қоймасының табылуы үлкен жаңалық болды.





Қамалға шабуыл



Құлдар әкелу



Шікірің қажет!

Дарийдің империяны аймақтарға бөліп басқаруы қаншалықты дұрыс? Біздің еліміз аймақтарға бөліне ме?

Хетт, Ассирия, Парсы патшалығындағы негізгі оқиғалардың тізбегін жаса.

тардың ашу-ызасын күшейте түсті. Оның үстіне сақтар мен мидиялықтар да қауіп төндіріп отырды. Мұның барлығы ірі Ассирия мемлекетін әлсіретті. Ақыры б.з.б. 605 жылы Мидия мен Вавилон Ассирияны жеңді. Бұдан кейін Ассирия мемлекет ретінде тарих сахнасына қайта шыға алмады.

Парсы империясы. Ежелгі Парсы империясының өркендеуі I Дарьявұштың (Дарийдің) билік еткен кезіне сай келді. Ол империяны 20 аймаққа бөлді. Әрбір аймақты патша тағайындаған басшылар басқарды. Аймақтар белгілі бір көлемде салық төлеп отыратын болды. Әрбір аймақта әскери бөлімдер тұрды. Оларды тікелей патша тағайындайтын әскербасылар басқарды.



Ежелгі Парсы патшалығы

Олар аймақ басшыларына емес, тікелей патшаға бағынды. Бұл жергілікті билеушілерді патшаға тәуелді ете түсті. Барлық билік патшаның қолына жинала берді.



Дарик



Доллар

Екі валютаның ортақ идеясы не?

I Дарий енгізген үлкен жаңалықтың бірі әлемдегі ең таза алтын ақша шығартуы болды. Ол *дарик* деп аталды. Оны Парсы мемлекеті ғана емес, көптеген басқа елдер де құнды ақша ретінде пайдаланды. Сөйтіп, дарик, бүгінгі таңдағы америкалық доллар сияқты халықаралық саудада негізгі ақша қызметін атқарды. Бұл халықаралық саудадағы Парсы елінің беделін көтерді.

Сауданың, аймақтар арасындағы байланыстың дамуы үшін үлкен жол салынды. Ол жол сонау Сарды қаласынан басталды. Бүкіл Кіші Азияны басып өтіп, Сузы қаласына дейін созылды. Жол бойындағы әрбір 20 шақырым жерге бекеттер мен керуен сарайлар орнатылды. Оларда шабармандар мен хат тасушылар болды. Олар атымен хабарды келесі бекетке жеткізуге дайын тұрды. Патша жарлықтары елдің шеткері аймақтарына тез жеткізіліп отырды. Бұл жолды сол себепті кейде «*патша жолы*» деп те атады. Бұл жолмен сауда керуендері де ағылып, жүріп жатты.



«Авеста» қолжазбасының бір беті

Заратуштра ілімі. Парсы тілді халықтардың ең көрнекті әдеби шығармасы – «*Авеста*». Бұл шығармада *Заратуштра ілімі* уағыздалатын. Жақсылық, қайырымдылық құдайы *Ахурамазда*. Жамандық пен қатыгездік құдайы *Анхра Манью*. Олардың арасындағы күрес әлемдік дамудың негізі делінді.

Орасан зор Парсы империясының құрылуы бір құдайға табынуды жалпы мемлекеттік дінді қажет етті. I Дарьявуштың (Дарийдің) кезінен бастап Ахурамаздаға сиыну кең тарай бастады. Ол Ахурамазданы – жер мен аспанды, адамдарды жаратушы қасиетті құдай деп жариялады. Ахурамазда бас құдай, аспан патшасы, жер патшасы I Дарьявуштың қамқоршысы деп есептелінді. I Дарийдің мұрагерлері тұсында Ахурамазда парсылардың аспандағы иесі болып танылды.



Біздің ұлттық валютамыз кімнің тұсында шығарылды?

Сәйкестендір!



Заратуштра ілімінің негіздері мен мысырлық діни түсінік арасында қандай ұқсастықтар бар?



1. Хетт мемлекетінің табиғат жағдайларына сипаттама беріңдер.
2. Хетт мемлекетінің күш-қуатының артқандығын дәлелдейтін қандай фактілерді келтіре аласыңдар?
3. I Дарийдің патшалық қызметіне баға беріңдер.

4. Ассирия мемлекетінің құрылуындағы Ашшур қала-мемлекетінің ролін анықтаңдар.
5. Ассирияның әскери істі дамытуы оның күш-қуатының артуына қаншалықты әсер етті?
6. Ассирияның отаршылдық саясатының мәні неде? Ол қаншалықты нәтижелі болды?
7. Заратуштра ілімінің мәні неде?

Хетт заңдарынан:

Егер ауылдың тұрғыны басқа біреудің жерін иемденсе, ол жерді иеленумен байланысты міндеткерліктерді атқаруға тиісті. Егер ол бұл жерді бос қалдырса, басқа адамның ол жерді алуына болады, бірақ ол оны сата алмайды.

104. Егер кімде-кім жүзімдікті, алма ағашын кессе күміс ақша төлеуі керек.

106. Егер кімде-кім өз жерінде от жақса, ал от басқа біреудің жеріндегі пісіп тұрған егінін өртесе, ол өртенген жердің қожасына жақсы жер беруге, ал өртенген жердің қожасы ол жердің егінін жинап алуға тиісті.

168. Егер кімде-кім жердің шегарасын бұзып, бір боразда бөтен жер алса, ол жердің иесі бір гиппесар жерді кінәліден алуы керек. Шегараны бұзған адам 1 қой, 10 нан және 1 құмыра күшті сыра беруі керек.

Гиппесар – 176 м² тең.

Ежелгі Шығыс тарихы бойынша хрестоматия. I бөлім. М. А. Коростовцев т.б. редакциясымен. М., 1980, 283, 287-б. (орыс тілінде).

Ассирия заңдарынан:

18. Егер адам өз қауымдасы жерінің үлкен шегін бұзса және оны ант беріп кінәлап, әшкерелесе, ол басып алған жерін үш есе етіп қайтаруы керек. Оның бір саусағын кесіп, таяқпен 100 дүре соғылуы қажет және ол бір ай патшаның жұмысын орындауы керек.

9. Егер адам жеребе бойынша бөлінген жердің кіші шегін бұзса, оны ант беріп әшкерелесе, ол бір талант қорғасын беруі, басып алған жерді үш есе етіп қайтаруы қажет. Оған 50 дүре соғып, бір ай патшаның жұмысын істеуі керек.

12. Егер адам өз қауымдасының жеріне бақша отырғызып, құдық қазып, ағаш өсірсе, ол жер өңдеушіге шағым жасай алмайды. Бірақ жер өңдеуші жер иесіне дәл сондай жер беруі керек.

13. Егер адам бос жатқан біреудің жеріне бақша отырғызып, құдық қазып, көгеніс немесе ағаш өсірсе және оның бұл ісі әшкереленсе, онда ол жердің қожасы одан бақшаны жемістерімен тартып алуына болады.

Ежелгі Шығыс тарихы бойынша хрестоматия. I бөлім. М. А. Коростовцев т.б. редакциясымен. М., 1980. 204–205-б. (орыс тілінде).

I Дарий өзі туралы

Жартастағы жазу

Көзге көрінетін барлық тамаша дүниені жасаған адам үшін жақсылықтар орнатқан, Дарий патшаға ақыл мен ерлік сыйлаған Ұлы құдай – Ахурамазда. Дарий патша былай дейді: «Ахурамазданың еркі бойынша мен мынандай мінездемін, шыншылдың досымын, әділетсізге дос емеспін. Мен әлсіздің күшті үшін әділетсіздікке көнгенін қаламаймын. Бірақ күштінің әлсіз үшін де әділетсіздікке төзгенін қаламаймын. Менің тілегім шындық. Өтірікші адамның досы емеспін. Ашуымды мен өзімнің ішімде сақтаймын. Өзімді өзім қатаң басқарамын. Маған көмектескен адамға, оның көмегіне қарай жақсылық жасаймын. Жамандық жасаған

адамды оның жасаған жамандығына қарай жазалаймын. Адамның зиян келтіргенін қаламаймын және де ол зиян келтірсе, жазаланбай қалғанын да тілемеймін. Адам өзінің мүмкіндігіне қарай жұмыс атқарса, ол менің көңілімді риза етеді. Мен оған жақсылық жасаймын және өте риза боламын.

Ежелгі Шығыс тарихы бойынша хрестоматия. II бөлім. М. А. Коростовцев т.б. редакциясымен. М., 1980. 37-б. (орыс тілінде).

§13.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ЕЖЕЛГІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ

Орталық Азия халықтарының грек-македондық басқыншыларға қарсы күресі. Парсы мемлекетінің әскерін талқандаған Ескендір Зұлқарнайын (Александр Македонский) шығысқа қарай бет алды. Б.з.б. 330 жылы Өмудариядан өтіп, Соғды елінің астанасы Самарқан қаласын басып алды. Соғдылықтар көтеріліске шықты. Грек-македондықтар көтерілісті үлкен шығынмен әрең дегенде басты. Ескендірдің өзі ауыр жараланды.

Осы кезде бүкіл *Соғды* және *Бактрия* жерлерінде көтеріліс басталды. Оны *Спитамен* есімді ержүрек қолбасы басқарды. Спитамен б.з.б. 329 жылы халықты ұйымдастырып, Ескендір қалдырған әскери бөліміне соққы берді. Олардың көпшілігі қырылды. Қалғаны бекініске барып тығылды. Жағдайды естіген Ескендір оларға көмекке әскер жіберді. Спитамен сақтардың көмегімен Александрдың әскерінің бұл тобын толықтай талқандады.



Сақ сарбазы

Ескендір әскерлері бірінші рет үлкен жеңіліске ұшырады. Оның асқан қатыгездік жазалауларына қарамастан, мынандай бір оқиға болды. Ескендір жергілікті халықты мойынсындырмақ болды. Олардың беделді 30 ақсүйегін шақырды. «Мен сендерге биліктеріңді, байлықтарыңды қайтарып беремін.



Бұл маңызды!

Тірек сөздерді анықта.

Карта бойынша: Орта Азиядағы ежелгі мемлекеттерді анықта; олардың табиғи ерекшеліктеріне тоқтал (орналасуы, шегаралас елдері, ірі өзен-көлдері).

Салыстырмалы талдау жаса!



Қазіргі Орта Азиядағы мемлекеттердің картасымен салыстырып көр.



Орталық Азиядағы ежелгі мемлекеттер

Тек маған салық төлеп отырыңдар. Әйтпесе ана тұрған дар ағаштарына асып өлтіремін», – деді. Ақсүйектер қол ұстасып, дар ағашына қарай әндете шеру тартты. Бұларды көрген грек-македондықтар тітіркене, түршіге отырып, таңдана қарап қалды. Осыдан соң мынандай халықтарды жеңе алмайтынын түсінеді.

Ескендір жарты әлемді дірілдетіп, бүкіл әлемді жаулап алуды көксеген. Оған бірнеше рет тойтарыс берген сақтар, бактриялықтар мен согдылықтар болды. Олардың үш жылдан астам уақытқа созылған ерлік күресі Ескендір әскерін қалжыратты. Оның жауынгерлері мен қолбасыларының арасында қобалжу басталды. Нәтижесіз соғысты тезірек аяқтап, елге қайту туралы пікір көбейді. Ескендір Үндістанда жаңа жеңіске жетуді көздеп, әскерін оңтүстікке қарай алып кетті.

Ежелгі Бактрия. *Бактрия* – бүгінгі Тәжікстан мен Ауғанстан жерінде ірге көтерген ежелгі мемлекет. Бактриялықтардың басты кәсібі егіншілік болды. Өмудария, Сухандария, Кафирниган, Вахш жазықтарында егін егіліп, бау-бақша өсірілді. Ал таулы-үстіртті, далалы аймақтарда мал бақты.

Бактрия қымбат лазуриттің бірден-бір орталығы болды. Бұл Бактрия жерінің көптеген елдерге ерте танылуына да әсер етті. Б.з.б. II мыңжылдықтың өзінде-ақ лазурит сонау Мысырға да белгілі болған.

Б.з.б. IV–III ғасырларда Бактрия жерінде үлкен қоныстар мен қалалар көп болды. Сондықтан да ол кездегі Бактрия патшаларын «*мың қаланың билеушілері*» деп атаған. Бактрия мемлекеті *Евтидем* атты билеушінің тұсында күшейе түсті.

Бактрияда дамыған қалалық өмір болды. Сарайлар мен үйлер кірпіштен, тастан жасалды. Қолөнер кәсібі жетіле түсті. Сауда дамыды. Қала көшелерінде қолөнер шеберханалары қатарласа орналасты. Сырттан қараған адамға қолөнершілер көшелері әрі үлкен шеберхана, әрі базар сияқты болып көрінетін.

Бактр қаласы елдің астанасы ретінде әлемге әйгілі еді. Онда үлкен базар болды. Ол базарда елдің әр түкпірінен келген сауда керуендері тауарларын сататын. Саудагерлер сонау Грекиядан, Мысырдан, Үндістан мен Қытайдан, сақтар жерінен келіп жататын.

Кушан патшалығы. Кушан мемлекеті Орталық Азия аумағында (қазіргі Өзбекстан, Қырғызстан және Қашғария жерінде) қалыптасты. Біздің заманымыздың басында солтүстік-шығыстан келген көшпелілер Бактрия жерін басып алды. Олар басып алған жерлерін бес аймаққа бөлді. Сол аймақтардың бірі Кушан деп аталды. Жүз жыл өткен соң Кушан аймағының билеушісі басқа төрт аймақты өзіне бағындырып, ірі мемлекет құрды. Міне, осы мемлекет Кушан мемлекеті деп аталды. *II Қатпыз* атты билеушінің кезінде ұлғая түсті. Ол Үндістанға жорық жасап, оның солтүстігін бағындырды. *II Қатпыз* өз ақшасын шығартқан. Қатпыздың алтын теңгелері сауданың дамуына зор әсер етті.



Евтидем

Кушандық билеушілердің ішіндегі ең әйгілісі *Қанышке*. Ол елде 23 жылдан астам билік жүргізді. Сол кезде Кушан мемлекеті гүлдене түсті. Ол Үндістандағы билік құрған аймағын кеңейтті. Қазіргі Шығыс Түркістан жерін басып алды. Осы кезеңде алғашқы құрлықаралық ірі сауда жолы ашылды. Ол Қытайдан басталып, Римге баратын *Ұлы Жібек жолы* еді. Соның арқасында қытай, сақ және кушан саудагерлері Мысырға жетті. Ал римдік саудагерлер Қытайға керуен тартты. Олар сөз жоқ, кушандар жері арқылы өтетін еді.

Парфия патшалығы. Біздің заманымыздан бұрынғы III ғасырда қазіргі Иранның солтүстігінде Парфия мемлекеті пайда болды. Оны құрған көшпелі тайпалардың ұрпағы, ержүрек *Арсак* еді. Арсак шайқаста қаза тапты. Орнына інісі *Тиридат* отырды. Ол *Парфия патшалығының* жерін кеңейте түсті. Парфияның басқару жүйесі бұрынғы ахемендік парсылардікіне ұқсас болды.

Рим мемлекеті Азияның Жерорта теңізіне жақын бөлігін жаулап алған еді. Ол өзінің шығыстағы басқыншылық әрекетін күшейтті. Рим мен Парфия бетпе-бет келді.

Сәйкестендір!



Тарихи тұлғалар мен елдерін сәйкестендіру кестесіне түсір.

Римдік әскербасы Красс өзінің атақ-даңқын шығарып, беделге ие болғысы келді. Ол б.з.б. 53 жылы Парфияға қарсы жорыққа шықты. Красс өз қолын Қосөзен бойы Карры қаласы маңындағы жазыққа қарай бастады. Парфия әскерінің қолбасшысы *Сурен* кездесуге жақсылап дайындалды. Римдіктер жақындап келгенде парфиялықтардың әскери дабылы соғылды. Шайқас басталды да кетті.

Шашырай сапқа тұрған парфиялықтар алыстан көздемей-ақ садақтарын атып жатыр. Римдіктердің жиылып, тығыз тұрғандығы сондай, тіпті әдейі мүлт жіберудің өзі мүмкін емес еді. Шайқас нағыз қантөгісті сипат алды. Түнге қарай римдік әскерлер асығыс шегіне бастады. 40 мыңдық рим әскерінің 10 мыңдайы ғана әрең құтылып, өз елдеріне жетті. Қалғаны тұтастай дерлік қырылды. Атақты Красстың өзі де қаза тапты. Оның басы соғыс олжасы ретінде Парфия патшасына жіберілді.

Бұл жеңістің үлкен тарихи маңызы болды. Ол Парфия патшалығының қуатын көрсетті. Оның римдіктердің шығыстағы басқыншылық әрекетіне тосқауыл бола алатынын байқатты. Парфиялықтар бұдан кейін де Рим әскерлерін әлденеше рет талқандады.

Әлеуметтік ұйымдасу. Орта Азияның ежелгі мемлекеттеріндегі әлеуметтік жағдайды, балалар, көз алдарыңа былайша елестетіндер. Тақта патша мен оның әйелі отыр. Олардың екі жағында туыстары мен ақсүйектер бейнеленген. Көпшілігінің тұрғанына қарамастан ерекше салтанат байқалады. Патшаның басында төж, қолында асатаяғы.

Әйелдердің үстінде шапан тәрізді желбегей жамылғы мен қосетекті ұзын көйлек. Сымбатты да сұлу. Ерлердің басында тақия тәрізді баскиім. Үстерінде жеңді, қысқа шапан. Белдерінде кемер белдік. Патшаға жақын тұрғандар, оның жақын кеңесшілері. Олардан әрірек, сол жақта тұрғандар әскербасылар болса керек. Олардың қолдарында семсер. Біреуі темір сауыт ұстап тұр.

Қос дөңгелекті ат жеккен арбада басынан күн нұры тараған іспетті адам түрегеліп тұр. Бұл, сірә, соғыс тәңірісі болса керек.



Парфия мергені



Кушандықтың мүсіні

Ал мына оң жақтағы сурет кушандықтардың ержүрек, жауынгер халық болғанын еске салып тұрғандай. Өзі де, аты да темір сауытты жауынгердің қолында ұзын найза. Оған қарап отырып, Батыс Еуропадағы орта ғасырлардағы рыцарьлар дегендердің әскери сауыт киюді кушандықтардан, жалпы Шығыстан үйренгенін көреміз. Сонымен, патша мен оның айналасындағы әлеуметтік топтарды білдік. Бұлардан бөлек шаруалар, қолөнершілер, саудагерлер сияқты әлеуметтік топтар да болды.

Шаруашылығы. Орта Азиядағы ойпаттар мен жазық жерлерде, өзен аңғарларында арықтар мен каналдар қазылды. Бидай, арпа сияқты дәнді дақылдар егілді. Бау-бақшаларда қауын-қарбыз, көгөністер, жүзім мен жеміс ағаштары өсірілді. Кейбір қалалар мықты қолөнер және мәдениет ошағы болды. Кірпіштен жасалған бекіністі қорғандармен қоршалды. Көшпелілер дәстүрлі мал шаруашылығымен айналыса берді. Өсіресе кушандықтардың сұлу да төзімді жылқылары көптеген елдерде өтімді болды. Бірте-бірте мал бағу жартылай көшпелі сипат алды. Бұл елдегі егіншілік пен бау-бақша өсірудің дами түсуіне байланысты болды. *Хорезм* жерінде, *Вахш* жазығында ірі канал жүйелері салынды. Темір түренді соқалар пайдаланылды. Олардың көмегімен жерді тереңрек, әрі кеңірек етіп жыртты. Қол диірмендермен бидайдан ұн тартты.

Қолөнер өндірісі де жақсы дамыды. Археологтер ежелгі қыш құмыраларды көптеп тапты. Олар ежелгі ортаазиялықтардың қыш құмыра жасау тәсілдерін өте жақсы меңгергенін дәлелдейді. Мысалы, Гиссардан табылған құтылардың қабырғалары жұқа етіп жасалған. Шеберлікпен тегістеліп, жылтыратылған. Екі мың жыл өткеніне қарамастан, олар әлі күнге хрусталь тәрізді сыңғырлап тұр. Металдан әртүрлі тұрмыстық заттар мен сәндік бұйымдар жасалды.

Әскери қарулар жетілдірілді. Садақтың бес бөліктен тұратын ерекше түрі ойлап табылды. Көшпелілер ойлап тапқан қуатты қару Еуропаға, Иран мен Үндістанға, Қытайға таралды.

Кушандық саудагерлер металл бұйымдар мен қару, бағалы тастар және мал өнімдерін сатты. Оларды *Қытайға*, *Үндістанға*, *Мысырға*, *Рим* жеріне алып барып отырды. Сақтармен тығыз байланыс орнатты. Олардан мал өнімдерін көптеп алатын.

Діни көзқарастар. Ежелгі Орта Азия халықтарында әртүрлі діни көзқарастар орын алды. Халықтың көпшілігі *зартуштралық* ілімге сенді. *Ахурамазда*, *Митра*, *Нана* қасиетті құдайлар деп есептелді. Оларға арнап храмдар тұрғызылды.



Кушан жауынгерлері



Бактрия қола мөрі



Асыл тастан көз
салған алтын алқа



Бактрия медальоны

Елдің оңтүстік және шығыс бөлігінде будда діні де таралды. Бұл үнділіктер мекендеген және оларға жақын аймақ еді. Ол аймақтарда жергілікті халықтардың арасынан шыққан *будда дінін* уағыздаушылар мен таратушылар да болды. Тіптен, буддалық храмдар салынды. Мысалы, Термездегі Қаратөбеде буддалық храм болды.

Ежелгі дәуірде дүниеге келіп, кең таралған келесі бір дін – *манихей діні*. Бұл дінді негіздеген *Мани* деген адам. Ол б.з.б. 216 жылы Вавилон жерінде дүниеге келді. «Дүние екі нәрседен – жақсылық пен жамандықтан тұрады. Өмірде осы екеуі қатар әрекет етеді. Адам жақсылықтың көбейе түсуіне, жамандықтың жеңілуіне көмектесуі керек», – деп уағыздады Мани.

Мәдениеті. Орта Азияда ежелгі шеберлердің өнер саласындағы туындылары көптеп табылып зерттелуде. Ол ескерткіштер мәдениетінің жоғары дәрежеде болғандығын көрсетеді. Бұлар дүниежүзілік мәдениеттің тамаша туындылары еді. Өйткені олар төл мәдениетіне өздері бағындырған халықтардың мәдени жетістігін қоса отырып дамытты. Парсы, грек, үнді өнерінің үлгілерін пайдаланды. Жергілікті мүсіндеу, бейнелеу және құрылыс өнерлерінің тамаша ескерткіштерін дүниеге келтірді.

Олардың біразын археологтер мен тарихшылар зерттеуде. Мысалы, Сурх-Котал төбесіндегі «*Жеңімпаз Қанышке храмы*» деп аталған сарай қазылып зерттелді. Бұл храм төбенің үстіне салынған екен. Оған күншығыс жақтан үлкен баспалдақтар арқылы көтеріліп баратын. Храм төрт бұрышты етіп салынған. Оның айналасы биік дуалмен қоршалған. Дуалдардың бұрыштарында мұнаралар болды. Храм тастан, кірпіштен, ағаштан жасалған. Кушандық патшалардың мүсіндерімен, бедерлі суреттермен безендірілген.



1. Ескендірдің Орта Азияға басып кіруі туралы әңгімелеп беріңдер.
2. Қалай ойлайсыңдар, сақтардың көмегінсіз Спитамен грек-македон әскерінің бір тобын жеңе алар ма еді?
3. Суреннің римдіктерге қарсы қолданған әскери айласын қалай бағалайсыңдар? Ол қалай жүзеге асырылды?
4. Парфиялықтардың Римді жеңуінің тарихи маңызын түсіндіріңдер.
5. Ежелгі Орта Азияда қандай діни түсініктер болды? Олардың мәні неде?

V ТАРАУ

ЕЖЕЛГІ ҮНДІСТАН. БУДДИЗМНІҢ ГҮЛДЕНУІ МЕН ИНДУИЗМНІҢ САЛТАНАТ ҚҰРУЫ

§14.

ҮНДІСТАНДА МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Табиғат жағдайлары. Азияның оңтүстігіндегі үлкен түбек *Үндістан түбегі*. Ол теңізге үшбұрыштана сұғына еніп жатыр. Оның оңтүстігін Үнді мұхитының теңіздері мен шығанақтары қоршап жатыр. Орталық бөлігінде *Декан* таулы үстірті орналасқан. Мұнда бірнеше шағын өзен бар. Олардың көбі батыстан шығысқа қарай ағады.

Үндістанның солтүстігі ежелден-ақ адамдардың өмір сүруіне қолайлы болды. Мұнда *Гималай* тауларынан басталатын екі ұлы өзен бар. Біреуі оңтүстік-шығысқа қарай ағатын *Ганг* өзені. Оған көптеген шағын өзендер қосылып, үлкен өзенге айналады. Ал түбектің солтүстік-батыс бөлігін алып жатқан *Үнді* өзені. Өзеннің жоғары арнасына бес өзен ағып келіп қосылады. Сондықтан бұл аймақты *Пенджаб* – «Бес өзен елі» деп атайды. Үнді өзенінің төменгі ағысы бойы ежелден *Синд* деп аталған екен. Бұл атау кейіннен бүкіл түбек пен оның халқының атына ұласса керек.



Бұл маңызды!

Тірек сөздерді анықта.

Жұптық жұмыс

Ежелгі Үндістанның географиялық орналасу ерекшеліктеріне сипаттама беріңдер.



Ежелгі Үндістан

Қызықты дерек!



Мохенджо-Даро қалашығы

1922 ж. кездейсоқ жағдайда тапқан археологтер ондағы өркеніет жетістіктеріне таңдай қаққан. Кең көшелер, алаңдар, су жүйесі, Сонымен қатар 44 адамның сақталған қаңқа сүйектері. Олардың барлығы әдеттегі жерлеу кезіндегідей емес, бүріскен немесе бір нәрседен қорғанған сияқты қолдары бүгілген кейіптерінде табылған. Ондағы сазбалшық пен тастар қатып, шыныға айналған. Мұндай жағдай тек оларды 1500°C температурада қыздырғанда ғана мүмкін. Ал ол кезеңде адамдар ондай температураға дейін өздері қыздыра алмаған. Зерттеулер көрсеткендей, адамдар өте жоғарғы деңгейде болған радиация салдарынан қаза тапқан. Зерттеушілердің көбі, ежелгі үнді құжаттарындағы «бүкіл дүниенің қуатын жинаған ғаламат қару» туралы жазылған өңгімені негізге алып, қала ядролық жарылыс салдарынан жойылған деп есептейді. Бірақ ядролық қаруды ол кездегі адамдары жасауы мүмкін емес, ол XX ғ. пайда болды.

Жалпы алғанда, ауа райы жылы, жаңбырлы болды. Бұл кейбір өсімдіктердің жер бетінің басқа аймақтарынан бұрын осында пайда болуына әсер еткен. Еуропалықтар қантты «сахар» дейді. Ал ол ежелгі үнділіктердің қант құрағын «сахари» деп атауынан шыққан. Малдың көптеген түрін қолға үйрету де ерте дамыды. Пілдерді қолға үйретіп, шаруашылық және әскери мақсаттарға пайдалану алғаш осы Үндістанда пайда болған.

Үндістанда әртүрлі тастар, металл кендері, ағаш өнімдері көп болды. Бұл шаруашылықтың еркін дамуына мүмкіндік берді. Үнді және Ганг өзендерінің бойында егістік алқаптары жатты. Мұнда суармалы егіншілік дамыды.


Ең ежелгі қалалары. Тас ғасырының соңына қарай ірі өзендердің бойын мекендеген адамдардың шаруашылығы жетіле түсті. Дәл осы аймақта Үндістандағы алғашқы қалалар мен ірі елді мекендер салынды. Бұл б.з.б. II мыңжылдықтың басы еді. Хараппа және Мохенджа-Даро қалалары Үнді өзені бойынан табылды. Ол қалаларды археологтер қазып зерттеді. Бұлар кең көшелі, дұрыс жоспарланған қаланы көз алдыға елестетеді.

Үйлер әдетте екі қабатты болды. Ондай үйлер тас тұғырға тұрғызылды. Іргелері күйдірілген жалпақ кірпіштерден қаланды. Сумен қамтамасыз ету мен лас суды арнаулы тоспаға ағызып жіберу бір жүйеге келтірілген. Көшелерде құдықтар орналасқан. Суды көше жақтан да, ауладан да алуға болатын еді. Әрбір үйде хауыз (бассейн), қойма болған. Қоймалардан бидайдың, арпаның, құрманың, әртүрлі көгөністердің қалдығы табылды. Қойдың, түйенің, тауықтың, балықтың сүйектері көптеп кездесті. Кейбір мөрлерде мүйізтұмсықтың, пілдің бейнелері бар екен. Мұның бәрі мал шаруашылығының дамығанын дәлелдейді.


Алтын, күміс, мыс, қорғасын, қалайы табылды. Бұл, ең алдымен, кең көлемдегі айырбастың болғанын байқатады. Алтын негізінен Үндістанның оңтүстігінен келді. Күміс пен мыс солтүстіктегі көрші аймақтардан жеткізілді.

Қызықты дүниенің бірі – жазудың табылуы. Ол жазу 400-дей иероглифтік таңбадан құралған. Олардың толық сыры әлі ашыла қойған жоқ. Бірақ жазу мұнда мәдениеттің біршама биіктеу сатыға көтерілгенін дәлелдейді.

Жазудың, жүйеленген қала құрылысының болуы, дамыған қоғамның



Ежелгі үнді қаласының бір көшесі



Ежелгі үнді қаласынан табылған жазуы бар мөрлер

болғанын көрсетеді. Сондықтан да оны Үнді өркениеті деп те атайды. Бұл таптық қоғам мен мемлекеттің қалыптасу кезеңі болса керек.

Бірақ б.з.б. II мыңжылдықтың ортасында ол қоғам кері кетті. Б.з.б. II мыңжылдықтың соңында Үндістанға солтүстіктен *арий көшпелілері* келіп кірді. Оларды кейде таза қанды, асыл текті адамдар – *арийліктер* деп те атайды.

Үнді мемлекетінің құрылуы. Ганг өзенінің бойында шаруашылық дами түсті. Бұған б.з.б. I мыңжылдықтың басында темірді пайдалану үлкен әсер етті. Темір түренді ауыр соқалар жасалды. Ауыл шаруашылық дақылдары ерекше маңызға ие болды. Олар күріш, мақта және қант құрағы еді.

Мүліктік және әлеуметтік жіктелу тереңдей түсті. Ру-тайпалық құрылыс бірте-бірте мемлекеттік ұйымға айналды. Тайпалардың көсемдері өз билігін мұраға қалдырып отырды. Сөйтіп, *раджа* деп аталатын тайпа көсемдері дара билеушіге айналды.

Б.з.б. VI ғасырға дейін Үндістанның солтүстігінде бірнеше ұсақ мемлекет қалыптасты. Ганг өзенінің төменгі ағысы бойындағы *Магадха* тез күшейіп, кеңейіп түсті. Магадха билеушілері бүкіл Ганг өзені бойын өздеріне бағындырды. Сөйтіп, Магадха ірі мемлекетке айнала берді.

Магадха билеушісі сарайында бүлік болды. Онда *Чандрагупта* есімді сарай қызметкері билеушіні өлтіріп, таққа келмек болды. Бірақ оны патша біліп қойды. Патшаның жазасынан қорыққан Чандрагупта солтүстікке қашып кетті. Гималай тауларының бөктеріндегі тайпалардың кө-



Ашок патша



Біліп жүр!

Біздің еліміз дүниежүзі бойынша ядролық қарудан бас тартқан алғашқы мемлекет.



Жұптық жұмыс.

Тақырып бойынша алаңдатқан мәселеге қатысты сұрақ әзірле.

Сенің көзқарасың!



Чандрагупта билікке қандай жолмен келді?

Пікірталас.



Ашок патшаның билікке келуі қаншалықты заңды болды?

Бұл маңызды!



Тірек сөздер:

- ❖ Діни түсініктер
- ❖ Индуизм
- ❖ Тримурти
- ❖ Сиддхардһа
- ❖ Буддизм
- ❖ Нирвана

семдерін біріктіріп, одақ құрды. Ол одақтың әскерлерін басқарып, Магадха жеріне келді. Елдің астанасын басып алды. Магадханың патшасын өлтіріп, таққа отырды.

Чандрагупта жаңа билеушілер әулетін негіздеді. Ол *Маурия әулеті* деп аталады. Чандрагупта Үндістанның бүкіл солтүстігін Магадхаға қосты. Үнді өзенінің батысындағы кейбір аймақтарды өзіне бағындырды.

Бір орталыққа бағынған Үнді мемлекетін құру ісі *Ашок* есімді патшаның кезінде жүзеге асты. Ашок Чандрагуптаның немересі еді. Ол билік еткен б.з.б. III ғасырдың орта кезінде аса үлкен мемлекет құрылды. Үндістанның орталық және оңтүстік аудандары ғана болмаса, қалған барлық жерін біріктірді.



1. Үнді жерінің табиғи ерекшеліктері қандай?
2. Үнді өркениетінің негізгі белгілерін атаңдар.
3. Мохенджо-Даро қаласынан табылған археологиялық деректердің адамзат үшін ең құндысы қайсысы деп есептейсіңдер?
4. Магадханың ірі мемлекетке айналу үрдісін түсіндіріңдер.
5. Чандрагуптаның іс-әрекетіне баға беріңдер.

§15.

ЕЖЕЛГІ ҮНДИСТАНДАҒЫ ИНДУИЗМ МЕН БУДДИЗМ

Үнділердегі алғашқы діни түсініктер. Ежелгі үнділерде алғашқы қауымдық дін түрлері кең таралған. Оны бізге жеткен Веда кітаптарынан білеміз. Күнге сиынды. Күнді *Сурия құдай* деп атады. Аспанды – *Веруна*, отты – *Агни*, күннің күркіреуін – *Индра* атты құдайлар деп сенді. Әсіресе тотемдік түсініктер кеңірек таралды. Сиырды, маймылды қасиетті жануарлар деп есептеді. Оларды қастерлеп, құдай текті деп санады. Бұл түсінік Үндістанда бүгінге дейін сақталып келеді. Ежелгі үнділіктер тіпті кейбір өсімдіктер мен гүлдерді де қасиеттеп, құрметтеді.

Индуизм. Индуизмнің негізі б.з.б. II мыңжылдықтың басында Үнді өзені бойында қаланған. Б.з.б. II мыңжылдықтың ортасында жаңа діни түсініктер шықты. Бұл кезеңде әлеуметтік жіктеліс те тереңдей түсті. Әлеуметтік топтар айқындала бастады. Олар индуизмнің әлеуметтік негізіне айналды.

Соның барысында бір құдайға табыну басталды. Ол индуизм діни болып шықты. Индуизм – құдай әртүрлі бейнеде болады деп есептейтін діни түсінік. Адам өзіне қайсысы

жақын, сол бейнеге сиына беруіне болады. Бірақ құдайдың басқа бейнелеріне сиынуға құрметпен қарауы қажет деп санайды. Сондықтан да болар индуизмде Шива құдайға және Вишна құдайға табыну кең таралған. Бұлар индуизмнің екі бағыты деп те саналады. Бұлармен қатар Брахма құдайға да табыну сақталған. Сол себепті де Үндістанда индуизмдегі осы басты үш құдай бірге бейнеленген мүсіндер жиі кездеседі. Оны индуизмдік үштік – *Тримурти* деп те атайды.

IV–VI ғасырларда Гутталар әулеті билігі тұсында индуизм елдегі басым дінге айналды.

Брахманизм. Үндістанда алғаш өртүрлі құдайларға сену кең таралды. Солардың ішінде аса дәріптеліп, кең таралғаны *Брахма* атты құдайға сену болды. Бұл брахманизм діні деп аталды. Ол дінді уағыздаушылар мен таратушылар брахмандар еді. Олар қоғамды жабық топтарға бөлді. Өздерін басқалардан жоғары қойды. Бұл патшаларға да, төменгі топ өкілдеріне де ұнамады. Олар жаңа діндерді ойлап шығарды.

Буддизмнің қалыптасуы. Халық арасында кең қолдау тапқаны *Буддаға* табыну болды. Оны негіздеген *Сиддхардһа* атты патшазада деп есептеледі. Ол жас кезінен бастап-ақ адамдардың қайғы-қасіреті туралы көп ойланыпты. Ақыры патшалық биліктен бас тартып, ел кезіп кетеді. Адамдар жақсылық пен еркін өмірге қалай қол жеткізе алады деген мәселені көп ойлайды. Өзінің ой-пікірлерін ел арасында жүріп таратып, түсіндіреді. Аса білгірлігі үшін оны халық «*Будда*» – «жарық сәулелі» деп атап кеткен екен.

«Будда» ілімі мен оның өмірі туралы пікірлер мен көзқарастар жиналып, үлкен дінге айналды. Бұл жаңа дін – *буддизм* деп аталды.



Будда шәкірттерімен бірге



Үнді храмының ішкі көрінісі



Біліп жүр!

Мурудешвара ауылында орналасқан Шива құдайының ескерткіші – осы сынды ескерткіштердің ішінде әлемдегі ең үлкені ретінде танылған. 2002 ж. салынған, биіктігі 37 м., құрылыс 2 жылға созылған. Құрылыс өнердің қай түріне жатады?



Сиддхардһаның ілімі неліктен көпшіліктің қолдауына ие болып, әлемдік дін деңгейіне көтерілді?

Негізгі діни терминдерді сөйкестендіру кестесіне түсір.

Анықта!



Біздің елімізде будда ескерткіштері кездесе ме?

Топтық жұмыс.



Индуизм мен буддизмнің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын салыстыр.

Буддизм, ең алдымен, брахмандардың өктемдігіне қарсы болды. Жабық топтар – варналар туралы көзқарастарды дұрыс емес деп есептеді. Варналық жіктелуді мойындамады. Бұл брахмандардың өктемдігін жүргізетін іліміне соққы болып тиді.

Нирвана түсінігі. Адамдардың бақытсыздығы олардың тілегінен туады. Адамның жүрегі тілектерге, мақсаттарға толы. Оларға жету оңай емес. Сондықтан да адамдар қасірет шегеді, қиындыққа кездеседі. Құмарлық пен тілектерден бас тартқан адам «нағыз рақат» өмірге ие болады. Сондай адамдар өлгеннен кейін басқаша түрге еніп қайта тіріледі. Бұл адамдар жаңа өмірінде азап шекпейтін болады дейді. Буддалық монахтар тек діни ілімді уағыздаумен ғана өмір сүрді. Өмірдегі басқа барлық дүниеден бас тарта отырып, «нағыз рақат» өмірге – *нирванаға* жетеміз деп есептеді.

Буддизмнің таралуы. Буддизм байлыққа немқұрайлылықпен қарауды уағыздады. Бұл байлардың мүлкіне көз алартудан, ұрлықтан сақтады. Бұл байларға тиімді еді. Мұнымен бірге әлеуметтік күрес пен төңкерістерден бас тартуға үгіттеді. Ол патшалар мен шонжарларға да ұнады. Мысалы, *Ашок* буддизмді қабылдады. Тіпті буддизмнің басты ережелерін талқылап, бекіту үшін үлкен діни жиналыс өткізілді. Оның тұсында буддизм мемлекеттік дәрежеге ие болды. Көптеген буддалық діни сарайлар салынды.

Буддизм адамдарды байлығына, ұлтына, тіліне бөлмеді. Кез келген тайпаның, халықтың адамдары буддалықтар тобына мүше бола алды. Кейіннен оны уағыздаушылар көрші халықтар арасында да пайда болды. Әсіресе Қытай жеріне кең таралды. Азияның шығыс және оңтүстік-шығыс аралдарындағы халықтар да бұл дінді мойындады. Мысалы, Жапон аралдары т.б. Сөйтіп, буддизм кең таралған алғашқы дүниежүзілік дінге айналды. Оған бүгінгі таңда да аталған аймақтың халықтары сенеді және уағыздайды.

I мыңжылдықтың басында индуизм мен буддизм қатар дамыды. Бұл екі діннің арасындағы тартыс олардың дами түсуіне ықпал етті. Буддизмнің көптеген ілімін ала отырып индуизм оны ығыстыра бастады. Б.з.б. III ғасырда патша Ашоктың буддизмді қабылдағанына қарамастан ол басты дінге айнала алмады. Оған, ең алдымен, индуизмнің бірнеше құдайға сиынатын ауқымды діни түсініктері әсер етті. Сонымен қатар үнді қоғамындағы варналық құрылыстың сақталуы да өзіндік рөл атқарды. Ал индуизм бұл құрылысты қолдайтын еді.



Будда мүсіні



1. Ежелгі үнділіктердің алғашқы діни түсініктері қандай еді? Бүгінгі Үндістаннан олардың сарқыншақтарын байқауға бола ма?
2. Индуизмнің үнді қоғамындағы орнын айқындаңдар.
3. Будда дінінің негізгі түсініктері мен нанымдары қандай? Олардың ерекшелігі неде деп ойлайсыңдар?
4. Сиддхардһаға деген көзқарасыңыз қандай?
5. Буддизмнің ұстанымдарына қарапайым халық пен бай шонжарлардың көзқарасы қандай болды?

Будда туралы аңыз

Ақ басты Гималай тауларының етегінде Кошала елі жатты. Ғасырлар бойы оны өздерін Күннің немерелеріміз деп есептейтін тайпа мекендеді. Бұл тайпа патшасының тұңғышы дүниеге келіп, оған Готама деген ат қойылды. Ұл дүниеге келген соң жетінші күні оның шешесі қайтыс болды. Әкесі барлық өмірін ұлына арнауды ұйғарды. Ол үйін ұлының жас жанын еш нәрсе жараламайтындай етіп, биік қабырғалармен қоршауды бұйырды. Қақпадан тек әдемі әрі жақсы киінген адамдарды ғана кіргізді. Жиырма тоғыз жыл өмір сүріп, үйленіп, әке болса да Готама қақпаның сыртына шықпады. Ол өзі сияқты барлық адамдар уайымсыз-қайғысыз өмір сүреді деп ойлады.

Бірте-бірте ол сарай сыртындағы адамдардың өмірінің қиын да күрделі екенін біле бастады. Ол енді бұл қиындықтардың неге, неден, қалай болатынын түсінуге тырысты. Бірақ сарай ішінде жүріп қаншама ойланса да жауап таба алмады. Оның жауабын табу үшін өз көзімен көріп, құлағымен есту қажет деп шешті. Сөйтіп, ауылдан-ауылды, қаладан-қаланы аралап адамдар өмірін зерттеуге аттанды...

«Екі шеткі шек бар, – дейді ол – біріншісі – тілекке толған, өмір рақатына байланысты өмір. Ол төменгі, қараңғы, жай, игіліксіз, пайдасыз өмір. Екіншісі – өзін-өзі қинайтын, азапты өмір. Бұл да қайғы-қасіретке толы, игіліксіз, пайдасыз өмір. Осы екеуінен де бас тарта отырып, ортанғы жолды таптым. Ол жол түсінуге көмектеседі, тыныштануға, жоғары білімге, жарық сәулеге, нирванаға бастайды.

Бұл игілікті сегіз жол мынау: дұрыс көзқарас, игі ниет, өнегелі сөз, жағымды әрекет, са-лауатты өмір салты, алға ұмтылу, ақыл-ой, мінез-құлықты түзету.

Қайғы-қасірет өмір сүреді, бұл – бірінші шындық. Қайғы-қасіреттің себебі бар, ол да шындық. Қайғы-қасіретті жоюға болады. Бұл да шындық. Қайғы-қасіретті жоюдың жолы бар. Бұл – төртінші шындық. Міне, осы сегіз жол мен төрт шындықты білгенде мен барлық адам мен құдайлар арасындағы ең терең де ақиқат ілімге ие болдым».

Оның бұл сөздерін естіген бес жас монах қуанып кетті. Сөйтіп, Готаманың алғашқы шәкірттері болды.

Ежелгі Шығыс тарихы бойынша хрестоматия. II бөлім. М. А. Коростовцев т.б. редакциясы-мен. М., 1980. 131–139-б. (орыс тілінде).



Бұл маңызды!

Тірек сөздер:

- ❖ Брахман
- ❖ Кшатрий
- ❖ Вайши
- ❖ Шудра
- ❖ Брахма құдайы
- ❖ Ману заңдары
- ❖ Чандрагупта



Суретке ат қой. Өңгіме құрастыр.

Топтық жұмыс.

Біздің қоғамымызда бұл әлеуметтік топтар қалай аталады?



Қоғамды ежелгі үндідегі сияқты топтарға бөлу қиыншылықты әділетті деп есептейсің?

§16.

ЕЖЕЛГІ ҮНДИСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Әлеуметтік құрылымы. Үндістандағы адамдардың қоғамда алатын орны басқа көптеген елдерден ерекше болды. Үнді қоғамы *брахмандар*, *кшатрийлер*, *вайштер* және *шудралар* деп төртке жіктелді. Бұл касталық жүйе деп аталды.

Брахмандар деп дінді уағыздаушы абыздарды атады. Тек брахмандар ғана қасиетті діни кітаптарды халыққа оқытып, үй-рете алады. Ал қалғандары оларды тыңдап, қасиетті кітаптарды оқып-үйренуі керек. Олар Брахма атты құдайдың аузынан жаралған сүйікті ұлдары. Сондықтан оларға тіл тигізуге, айтқан сөздеріне күмәндануға болмайды. Брахманды өлтіру ең ауыр қылмыс саналды. Осылайша, брахмандар басқалардан ерекше, қасиетті топ болды. Олардың баласы да осындай қасиетті деп есептелінді.

Кшатрийлер – елді қорғаушы, күзетуші, тәртіпті реттеуші топ. Оларды Брахма өзінің қолдарынан жаратқан. Брахмандардан басқасы жауынгерлер тобының өкілдерін тыңдап, айтқандарын орындауы керек. Жауынгердің балалары дүниеге жауынгер, қолбасы болып келеді. Өскери іс басқалардың қолынан келмейді деп саналды. Сөйтіп, тек жауынгерлердің үрім-бұтағынан құрылған екінші топ қалыптасты. *Вайштер* – ерікті *егіншілер* тобы. Бұл үшінші жабық топ негізінен шаруалар болды. Бұл топқа қолөнершілер, малшылар мен саудагерлер де қосылды. Олар Брахманның жамбасынан жаратылғандар деп есептелді.

Үшінші топ адамдары брахмандар мен жауынгерлерді тыңдауға, сыйлауға тиіс болды. Олардың баласы егін егумен, мал бағумен, қолөнершілікпен және сауда жасаумен ғана айналысуы керек. Өз ата-бабаларының кәсібімен ғана шұғылданып, соны қанағат тұтуы қажет делінді. Сөйтіп, бұлар белгілі бір салада ғана еңбек ете алатын топқа айнала берді.

Шудралар – төртінші топ өкілдері. Олар Брахма құдайдың аяғынан жаратылды. Сондықтан шаң-тозаңда жүруге тиісті. Өзінен



Брахман

жоғары топтағыларға қызмет етуге міндетті. Оларға қарсы шықса ауыр жаза алады. Дүние-мүлік жиюға, меншіктенуге, құдайға құрбандық беріп, көмек сұрауға қақысы жоқ. Ауыр да қиын жұмыстар осы шудралардың мойнында. Шудраның балалары да тек ауыр жұмыстар істеуі қажет деп есептелді.

Варна немесе каста туралы. Осылайша, бүкіл үнді қоғамы төрт топқа бөлінді. Әр топтың өз орны мен міндеттері нақты көрсетілді. Олардың өз міндеттерін дұрыс атқаруын патша мен оның қызметшілері бақылап отырды. Төменгі топ адамдарының өзінен жоғары топтағылардың міндетін атқаруына тыйым салынды. Ол топқа өтуіне жол берілмеді. Қаншама талантты, қайратты, білгір болса да әркім өз тобының ғана міндетін атқаруға тиісті еді. Сөйтіп, әрбір топ өз дәрежесі бойынша ғана өмір сүруге тиісті жабық топқа айналды. Оны ғылыми әдебиетте *варна* немесе кейде *каста* деп те атайды.

Ману заңдары туралы. Бүкіл ежелгі дүниенің тамаша жетістіктерінің бірі – «*Ману заңдары*». Оны үнділіктер бүкіл адамзаттың арғы атасы деп есептеген *Ману* шығарды дейді. Ману заңдары тарихи деректерге толы. Одан үнділіктердің шаруашылығы, басқару жүйесі, әлеуметтік жағдайы, әдет-ғұрпы туралы мәліметтер аламыз.

Елді басқару туралы. Заңда елді басқару жүйесі төмендегіше болуы қажет делінеді. Патша адамдардың ішіндегі ең қасиетті билеуші. Адамдар оны тыңдап, заңдарын мойындап, сол негізде әрекет етуі керек. Заң негізінде патша өзіндерді, қалалар мен облыстардың басшыларын, салық жинайтын ерекше қызметкерлерді тағайындайды.

Қызметшілердің дәрежесіне қарай жалақы белгіленді. Төменгі дәрежелімен салыстырғанда орта дәрежелі қызметкер үш есе, ал жоғары дәрежелі қызметкер алты есе көп ақы алатын болсын делінді.

Әскери іс туралы. Заң бойынша *кшатрийлерден* тұрақты әскер құрылды. Олар алты топқа бөлінді: пілге мінген жауынгерлер, атты әскерлер, соғыс арбасы бар жауынгерлер, жаяу әскер, әскербасылар және қосалқы, көмекші жабдықтау бөлімдері.

Заңда соғысқа әрқашан дайын тұру керектігі айтылды. Жаудың жеріне басып кіргенде алтын-күмісін, дүние-мүлкін, малын, әйелдерін т.б. тартып алу керек. Қалғанын қиратып, жою қажет. Жауынгерлер тартып алған дүниелерінің ең жақсысын патшаға беруі қажет. Қалғандарын патша барлық жауынгерге бөліп береді делінген.



Анықта!



Неліктен кшатрийлер қызыл түсті киім киген?

Анықта!



Қазіргі үнді қоғамында қасталық жүйе сақталған ба?

Білім жүр!



Қастан бөлек үнді қоғамында «аластатылғандар» тобы да болған. Олар ауыл шетінде кедей аудандарда өмір сүрген. Басқа қаста өкілдері оларға жақындамаған. Аластатылғандар қатарына баскесерлер, тері илеушілер, тазалаушылар жатқан.

Топтық жұмыс.

Үнді шаруашылығына кластер жаса.

Алым-салық жөнінде. Патша өзінің қызметкерлері мен әскерді қамтамасыз етті. Ол үшін елден жыл сайын алым-салық алып отырды. Заңда алым-салық жүйесі де сипатталды. «Өз тамағын ақырындап соратын сүлік, бұзау мен ара сияқты патша да елден жыл сайын ақырындап салық алып отыруы керек» делінді. Тек оқымысты брахмандар ғана салықтан босатылды.

Заңда қылмыстардың түрі, олар бойынша берілетін жазалар белгіленген. Соттағы бас төреші патша болды. Сот куәгерлердің қатысуы негізінде жүргізілді. Өтірік куә болушылар қатаң жазаланды. Жаза әртүрлі болды: ескерту жасау, айып төлеу, дүре соғу, түрмеге қамау, әртүрлі тәсілдегі өлім жазасы т.б. Әсіресе біреудің жекеменшігіне қол сұғу, ұрлау әрекеттері заңда үлкен орын алған.

Заңда үнділіктердің төрт жабық тобы, олардың міндеттері мен құқығы сипатталған. Сөйтіп, варналық жіктелу заң жүзінде бекітілген.

Шаруашылығы. Бір орталыққа біріккен ірі мемлекеттің құрылуы шаруашылықтың дамуына жол ашты. Екіншілік кең дами бастады. Суландыру жүйелерін салу, су шығаратын шеңберлі шығырлар пайдаланылды. Ондай әрекеттерді үкімет қолдап отырды. Мысалы, жаңа суландыру жүйесін жасағандар, бұзылғандарды қалпына келтіргендер салықтан босатылды. Ал өз бетімен суландыру жүйелерін – арықтарды, каналдарды иемденіп алғандар айып төледі. Бидай, арпа, күріш сияқты дөңді дақылдармен бірге қант құрағын, мақта өсіру қанат жайды.

Қалалардың саны көбейді. Елдің астанасы *Паталипутрада*, басқа да қалаларда ірі-ірі қолөнер шеберханалары пайда болды. Кейбір қолөнер бұйымдары шет елдерге шығарылды. Орта Азия елдерімен, батыстағы гректермен, мысырлықтармен сауда байланыстары орнатылды. Сауда құрлық арқылы да, теңіздер арқылы да жасала бастады.

Чандрагупта мен оның мұрагерлері тұсында құрылған ірі мемлекетті басқару оңай емес еді. Сарай қызметшілерінің саны көбейді. Ал мұның бәрі қаржыны талап етті. Сол себепті елден әртүрлі алым-салықтар жинастырылды. Салық жинаушылар шаруалар астығының төрттен бірін алды. Қолөнершілер мен саудагерлер табысының оннан бір бөлігін алып отырды. Шаруалар мен қолөнершілер міндеткерліктер атқарды. Олар астық, мал, ағаш жеткізді, қоғамдық жұмыстарға қатысты. Патшаның шабармандары мен жаушыларын қажетті нәрселерімен қамтамасыз етіп отырды.



1. Каста деген не? Әр кастаның бір-бірінен айырмашылығын саралаңдар.
2. Ману заңдарында жауынгерлер мен брахмандардың міндеттері қалай сипатталады?
3. Үндістандағы егіншіліктің дамуы туралы не айтасыңдар?
4. Қолөнердің және сауданың өркендеуіне патша неліктен бақылау орнатты?

Касталық жүйе туралы

I. 31. Әлемнің гүлденуі үшін Брахма өзінің аузынан, қолынан, жамбасынан және табанынан брахманды, кшатрийді, вайшийді және шудраны жаратты.

I. 87. Бұл әлемді сақтау үшін ол, Брахма аузынан, қолынан, жамбасынан және табанынан жаратылғандар үшін ерекше кәсіптер белгіледі.

X. 96. Кімде-кім, төмен болып туғанына қарамастан, қомағайлықпен жоғарыдағылардың кәсібімен күн көретін болса, патша оны мүлкінен айырып, дереу елден қусын.

I. 96. Тіршілік ететіндердің ішінде – жаны барлар, жаны барлардың ішінде – ақылдылар, ақылдылардың ішінде – адамдар, адамдардың ішінде – брахмандар ең жақсылар деп есептелінді.

89. Қарамағындағыларды күзету, құрбандық шалу, садақ үлестіру, қасиетті кітапты оқу мен бейбіт өмірдің қызығын қуу жолына түспеуді Брахма кшатрий үшін көрсетті.

X. 77. Брахманның үш міндеті кшатрий үшін жүрмейді: оқыту, біреулер үшін құрбандық шалу және үшіншісі – сыйлық алу.

X. 79. Өмір сүру үшін кшатрийге – семсер мен садақ асынып жүру, вайшийлерге саудамен, мал бағумен, егіншілікпен айналыс жазылған. Олардың міндеті – сыйлық беру, оқу, құрбандық шалу.

X. 95. Кедейшілікке ұрынған кшатрий, осы көрсетілген тәсілдердің барлығымен күн көре алады, бірақ оның қашан да бұдан жоғарырақ, жақсырақ өмір туралы ойлауына болмайды.

Ежелгі Шығыс тарихы бойынша хрестоматия. В. В. Струве және Д. Г. Редер редакциясымен. М., 1963, 389–393-б. (орыс тілінде).

§17.

ЕЖЕЛГІ ҮНДІ МӘДЕНИЕТІ МЕН ҒЫЛЫМИ БІЛІМДЕРДІҢ ДАМУЫ

«Махабхарата». Бізге ежелгі үнділіктердің бірнеше жыр-дастаны келіп жетті. Солардың ішінде көлемдісі және ең көнесі екеу. Ол – «Махабхарата» мен «Рамаяна». Бұл екі жыр әлемдік әдебиеттегі ең үздік шығармаларға жатады. Оларда жақсылық пен жамандық арасындағы күрес негізгі мәселе ретінде көтеріледі. Соның барысында, әділеттілік жеңіп отырады.



Бұл маңызды!

Тірек сөздер:

- ❖ «Махабхарата»
- ❖ «Рамаяна»
- ❖ Кауравтар
- ❖ Пандавтар



Жұптық жұмыс.

«Махабхарата» дастанының негізгі ойы қандай?



«Рамайна» дастанындағы оқиғалар желісін құр.

«Махабхарата» дастанында он тайпа билік үшін күреседі. Олардан кейінірек екі тайпа қалыптасты. Біреуі *кауравтар*, ал екіншісі *пандавтар* деп аталды. Екеуінің арасында билік үшін күрес басталды. Кауравтарды Ганг өзенінің солтүстік жағындағы, ал пандавтарды Ганг өзенінің оңтүстік жағындағы тайпалар қолдады. Екі жақтың арасындағы соғыс он сегіз күнге созылды. Бірде бір жақ, келесіде екінші жақ жеңіске жетіп жатты. Тіпті құдайлар да соғысқа араласты. Олардың өзі қай жаққа жеңісті берерін білмеді. Біресе бір жаққа, біресе екінші жаққа көмектесті. Ақыры пандавтар жеңіске жетті. Олардың патшасы таққа отырып, ұзақ жылдар бейбіт билік етті.

Он сегіз кітаптан тұратын «Махабхарата» дастаны осылайша аяқталады. Онда Үндістанның Ганг өзені бойындағы алғашқы мемлекеттердің құрылу кезіндегі оқиғалар шындығы да көрініс тапқан.

«Рамайна». Елдің оңтүстік бөлігіндегі жағдайлар «*Рамайна*» дастанына арқау болса керек.

Үнділіктердің Айодхий атты жерінде Дашарата есімді патша өмір сүріпті. Ол үнділіктердің арғы атасы Манудың ұрпағы екен. Дашаратаның үш әйелінен үш ұлы болыпты.

Үлкен ұлы *Рама* өзінің ерлігімен де, қайырымдылығымен де ерекшеленді. Өзінің сенімді жары Ситаны ертіп шетелге аттанады. «Олар осылайша көп күн жүрді, көп өзендерден өтті, көптеген жат ауылдарды көрді, орманнан көптеген аңдар атты» делінеді жырда.

Ол Ракша деп аталған зұлым құбыжықтар еліне тап болады. Қасиетті Индира құдайдың семсерімен мыңдаған ракшалықтарды өлтіреді. Ракша патшасы Равана Ситаны ұрлап алып, қараңғы үйге қамап тастайды. Рама болса Ситаны іздеп, таба алмайды.

Хануман атты маймыл өте ақылды, әрі білгір еді. Ол Ситаның Ланка аралында, Раваның қамауында екенін біліп береді. Рама мен Хануман маймылдарға теңіз үстінен көпір салдырады.



Киелі жойлан және билеп тұрған құдай. Ежелгі үнді мүсіні



Үнді храмының кіреберіс бөлігіндегі бедер суреттер



Император Ашок орнатқан тас колонна

Маймылдардан үлкен әскер жасақтап, көпір арқылы Ланка аралына өтеді. Оларға қос дөңгелекті арбамен құйындата шапқан Равана от жаудыра қарсы шығады. Шайқас жеті күнге созылады. Ақыры Равана өліп, Сита құтқарылады. Рама өзінің еліне келеді. Ұзақ уақыт дана әрі әділ патша болады.

Ежелден келе жатқан ұлы дастандардың бірі «Рамааның» қысқаша мазмұны осындай. Бір қызығы, Раманың жеңген күні бүгінгі таңға дейін тойланады. Ол тамаша мереке болып саналады. Көрген адамға бұл мереке ерекше әсер етеді.

Құрылыс өнері. Ежелгі үнділіктер өнерінің тамаша туындылары – храмдар. Олардың екі түрі болған. Біріншісі – ашық жердегі тастан, кірпіштен тұрғызылған ғибадатханалар. Екіншісі – үңгір ішіндегі храмдар. Олардың екеуі де түрлі түсті бояулы суреттермен сәнделген. Әсем де құдіретті етіп салынған.

Ашық жердегі храмдар кәдімгі бидай түйетін келіге ұқсас етіп, төбесі күмбезделіп тұрғызылған. Оның айналасы қоршалып, төрт жағына сәнделіп, зерленген қақпалар орнатылды. Храмдар Буддаға арналды. Сондықтан ондағы сәнді суреттер Будда мен оның өмірін бейнеледі. Үнділік шеберлер тастан, күйдірілген қыштан әртүрлі мүсіндер жасады.

Ғылыми білімнің дамуы. Ауа райындағы өзгерістер, шаруашылық қажеттіктері жұлдызнамашылық пен есептеу бағытындағы білімді жетілдірді.

Үнділіктердің жыл санауы бойынша бір жыл 360 күнге, ол 12 айға, әрбір ай 30 күнге бөлінді. V–VI ғасырларда үнді оқымыстылары жердің шар тәрізді екенін білді.

—	1	1
6	6	6
8	8	8
0	0	0

Қазіргі сандардың қалыптасуы

Шығармашылықпен айналыс!

Үнді храмның суретін салып көр.

Шахмат ойынының пайда болу уақытына байланысты бірнеше дерек бар. Соның бірі бойынша ойын б.з.д.

1000 жылы пайда болған. Оны математик-брахман ойлап тапқан. Аңыз бойынша, патша бұл жаңалығы үшін брахманнан марапат ретінде не қалайтынын сұрайды. Сонда брахман: «Тақтаның бірінші торына 1 дән, екіншісіне 2, үшіншісіне 4 дән, төртіншісіне 8 дән, осылай барлық 64 торға толтыру керек. Сондағы шыққан дән мөлшерін берсеңіз болғаны», – дейді.


Патша ары кетсе 2–3 қап болар деген үмітпен қуанып кеткен екен.

Шын мәнінде, оның мөлшері ол ойлағаннан әлдеқайда көп.

Бұл деректің қай түріне жатады?



Қызық дерек!



Олар өте ерте кезде-ақ санаудың ондық жүйесін пайдаланды. Қазір біздер жазып жүрген сандарды арабтар осы үнділіктерден үйренген екен. Математика бойынша үнділіктер көптеген ежелгі халықтардан алда тұрды. Мысалы, нөл белгісі тек Үндістанда ғана қолданылды.

Ежелгі үнділерден қасиетті кітабында әртүрлі аурулардың атауы кездеседі. Мәселен, сары ауру, буын ауруы, бас ауруы, алапес т.б. Үнділердің емдеу ісі бақсылықпен қатар жүрді. Олар адамның дене құрылысы, ішкі ағзасы туралы мәліметтерді де жинақтады. Дәрі-дәрмек жасауды және оларды пайдалану ерекшеліктерін білді. Дәрілерді арнайы емдік қасиеті бар шөптерден жасады.

Ежелгі Үнді мәдениетінің басқаларға ұқсамайтын ерекшелігі ертеден-ақ халықтар аузында аңыз болып келді. Ол Азияның орталық және шығыс бөліктеріндегі халықтарға үлкен әсер етті.



1. «Рамайна» дастанының басты кейіпкерлерін ата.
2. Раманың елден кетудегі мақсаты не деп ойлайсыңдар?
3. «Рамайна» дастанындағы оқиғалар желісі бойынша қандай ой түйдіңдер?
4. Бүгінгі таңда осы дастандағы қандай оқиғаға байланысты мереке өткізіледі? Ол қалай тойланады?
5. Ежелгі үнді храмдары мен мүсіндерінің ерекшеліктерін сипаттаңдар.


VI ТАРАУ ЕЖЕЛГІ ҚЫТАЙ

§18.

ЕЖЕЛГІ ҚЫТАЙ МЕМЛЕКЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Алғашқы мемлекеттік құрылымдар. Бүгінгі Қытай жерінде *Хуанхэ* және *Янцзы* атты екі үлкен өзен бар. Өте ертедегі замандарда олардың төменгі ағысы бойында қытай тайпалары өмір сүрді. Б.з.б. II мыңжылдықтың бас кезінде ол тайпалар арасында күрес болып жатты. Хуанхэ өзенінің төменгі ағысы бойында *Шан-Инь мемлекеті* пайда болады. Бұл мемлекеттің негізін салушы *Чэн Тан* атты адам. Оның билігі тайпа одағы көсемінің басқару жүйесіне ұқсас болса керек.

Бұл кезеңде елге батыстағы және солтүстіктегі көшпелілер жиі шабуыл жасаған. Көшпелілермен ұзаққа созылған соғыстар Шан-Инь мемлекетін әлсіретті. Вэй өзені бойын мекендеген *Чжоу* тайпалары еді. Олар ежелгі Шан-Инь патшалығын талқандап, орнына жаңа мемлекет құрды. Хуанхэнің орта және төменгі ағысы бойында б.з.б. III ғасырға дейін *Чжоу мемлекеті* өмір сүрді. Оның алғашқы билеушілері мемлекеттік басқару жүйесін күшейтуге тырысты. Шонжарлардың ірі же-



Ежелгі Қытай



Бұл маңызды!

Тірек сөздерді анықта.

Анықта! Топтық жұмыс.



Алғашқы мемлекеттердің ыдырауына әсер еткен ортақ факторды анықтаңдар.



Картамен жұмыс!

Картадан ежелгі Қытай билеушілерінің жаулап алу жорықтары туралы әңгімелеп беріңдер.



Шан Янның бастамасымен болған өзгерістерді тізбекте.

Есіңе түсір!



Елді аймаққа бөліп басқарған қандай билеушіні білесің?

кеменшікті шаруашылықтар құрып алуына жағдай жасады. Жергілікті шонжарлар алым-салық төлеуден бас тарта бастады. Ел ішінде үкіметке наразылық күшейді. Солтүстік пен батыстан көшпелілердің шабуылы жиілеп кетті. Ел шағын мемлекеттерге бөліне бастады. Олардың арасында талас-тартыс күшейді.

Цинь патшалығы. Б.з.б. IV ғасырда шағын *Цинь мемлекетінде* бірнеше заң шығарылды. Оларды патшаның Шан Ян атты қызметкері жүзеге асырды. Заң бойынша жерді сатуға және сатып алуға рұқсат берілді. Сөйтіп, Цинь билеушілері жерді сату және одан салық жинау арқылы мол қаржы жинап алды.

Әскерде де үлкен өзгерістер жасалды. Цинь патшасының әскері басқа шағын патшалықтардан әлдеқайда мықты болып шықты. Хуанхэ мен Янцзы өзендерінің орта және төменгі ағысы бойындағы мемлекеттерді бағындырды. Елді біріктіру ісін жүзеге асырған *Ин Чжен* атты Цинь патшасы болды. Ин Чжен б.з.б. 221 жылы ұлы билеуші – *хуанди* атағын алды. Ендігі жерде *Цинь Ши Хуанди* – «*тұңғыш Цинь патшасы*» деп аталатын болды. Ел 36 әкімшілік бөлікке бөлінді. Барлық билік патшаның қолында еді. Ол ақша және әскери реформалар жүргізді.

Ол солтүстігіндегі көшпелілерден қорғану үшін мықты қорған салдырды. Қорған топырақтан, тастан, кірпіштен тұрғызылды. Оның биіктігі – 10 метр, ұзындығы – 4000 километр, үстінен алты атты адам қатар жүре алатындай қабырғасы қалың етіліп жасалды. Сондықтан оны *Ұлы Қытай қорғаны* деп атайды.

Бұл өзі әлемдегі ең алғашқы және әзірге соңғы ірі қорған. Оның үстіне әр жерден жауды алыстан бақылау үшін мұнаралар тұрғызылды.

Дегенмен Ұлы Қытай қорғаны мен сарайлар салу үшін көп қаржы қажет еді. Сондықтан алым-салықтар көбейді. Бұл еңбекші халықтың күйзелуіне әкелді. Цинь Ши Хуанди қайтыс болысымен елде жаппай көтеріліс басталды.

Хань әулетінің билігі. Б.з.б. III ғасырдың соңында билікке *Хань әулетінің* билеушілері келеді. Бұл кезде елдің сыртқы саудасы біршама өркендей түсті. Әсіресе *У Ди* атты билеуші басқыншылық саясат жүргізді. Оңтүстігіндегі Үндіқытай түбегіне жақындады. Бұдан соң ол батыстағы бай елдерге көз тікті. Оларға баратын жолды барлап қайту үшін арнайы елші керуенін жіберді. Керуенді *Чжан Цянь* басқарды. Ол ұзақ жүріп Ферғана, Хорезм және Бактрия



Ұлы Қытай қорғанының бір бөлігі

елдеріне жетті. Сөйтіп, Қытайдан Орталық Азияға баратын жаңа жолды ашты.

У Ди бұл жолды өзіне қарату үшін екі ірі жорық жасады. Бірінші жорығында Лобнор көліне дейін жетті. Ал екінші жорығында Ферғананы уақытша бағындырды.

Қытай билеушілерінің басқыншылық жорықтары б.з.-дың I ғасырының соңына қарай күшейе түсті. Қытай қолбасшысы *Бань Чао* Шығыс Түркістан жеріне бірнеше жорық жасады.

Бұл жорықтардың басты мақсаты жаңа жерлер басып алу және сауда жолына ие болу еді.

Ежелгі Қытай мемлекетінде Кун-фуцзы мен Лао ілімдері басқару жүйесінің дамуына ықпал етті.

Кун-фуцзы (Конфуций) – ежелгі Қытай данышпаны. Кун-фуцзы б.з.б. 551 жылы дүниеге келіпті. Оның шын аты Кун-Цю еді. Кун-Цю көп оқыды. Өз халқының салт-дәстүрін, өлең-жырларын жақсы білді. Қытай күнтізбесінің білгірі болды. Әсіресе жастар оны тындау үшін жиі келіп тұратын. Мұндай жастар өздерін Кун Цюдің шәкіртіміз деп есептеді. Ал ұстаздарын *Кун-фуцзы*, яғни *данышпан Кун* деп атады. Кун-фуцийшілдік бүгінгі Қытай қоғамындағы жетекші ілімнің бірі. Ол Жапония, Корея мен Вьетнамға да таралды.



Кун-фуцзы
(Конфуций)



Кун-фуцзы
шәкірттері арасында

Кун-фуцзы өсиеттері бізге «Нақылдар» деп атаған жинақ арқылы жетті. Соның бірінде былай делінген екен: «Данышпан Кун-фуцзының Гун, Лу және Чжан есімді үш тамаша шәкірті болыпты. Бірде ел кезіп жүрген тақуа дәруіш (монах) Кун-фуцзыға: «Сіз өзіңіздің шәкіртіңіз Гун туралы не айтасыз?» – деп сұрақ қойыпты. Кун-фуцзы: «Тіпті оқымыстылардың өзі Гунның ақылына таңғалады!» – депті.

- Ал Лудың қандай артықшылығы бар?
- Оның ержүректілігі атақты жауынгердің ерлігін басып озады!
- Ал сіздің үшінші шәкіртіңіз қандай?
- Чжанның еңбекқорлығы мақтануға тұрады.

Данышпанның айтқанын естіп тақуа дәруіш таңғалады:

- Егер Гун сондай ақылды, Лу сондай ержүрек, Чжан еңбекқор болса, олар сізден не үйреніп жүр? – деп сұрайды.

Сенің ой-пікірің!



Ең қуатты деп есептеген мемлекеттің ерекшеліктерін қой. Сыныптастарыңмен салыстырып көр.

Ойлаң!



Сен өзіңді данышпанның қай шәкіртіне теңейсің?



Лао Цзы іліміне қалай қарайсың?

– Менің жауабымды тыңда, – дейді Кун-фуцзы. – Гун ақылды, бірақ жалқау. Лу ержүрек, бірақ ақылды емес. Чжан еңбекқор, бірақ қызғаншақ. Гун ақылдың жалқауға бақыт әкелмейтінін білмейді. Лу ержүректіктің абайламаса өлімге апаратынын білмейді. Чжан қуаныштың қызғаншақтықпен бірге өмір сүре алмайтынын білмейді. Бұл шындықты түсінгенше мен оларға ұстаздық етемін, ал олар менің тілалғыш шәкірттерім болады».

Данышпан Кун б.з.б. 479 жылы 72 жасында қайтыс болады. Оның ілімін шәкірттері таратып, одан ары дамыта түседі.

Лао Цзы туралы. Ежелгі Қытай философиясындағы басты бағыттардың бірі *даосизм* болды. Оны негіздеуші ежелгі қытай ойшылы *Лао Цзы* еді. Оның өмірбаяны аңызға толы. Лао Цзы ежелгі Қытайдың ауылында дүниеге келіпті. Ол анасының құрсағында ұзақ уақыт болғандықтан, оған «Көрі бала» немесе «Мәңгілік ұстаз» деген есім беріледі.



Лао Цзы

Лао Цзы ержеткенде Чжоу билеушісінің сарайында мұрағатшы қызметін атқарады. Қартайған шағында қара өгізге мініп, Батыс таулар жағына қарай жол тартады. Шегараға жеткенде бір кеденші оның адамдарға өсиет қалдыруын өтінеді. Ол отыра қап бес мың иероглифтен тұратын өсиетнамасын жазып береді. Осылайша, «Дао дә цзин» («Дао мен Дә») туралы кітабы дүниеге келеді. Оны қалдырған Лао Цзы батысқа қарай жолын жалғастыра береді.

Лао Цзы ілімдері. Дүниеде неге соғыстар мен қақтығыстар көп? Қоғамда неге әділетсіздік пен қылмыс көп? Неге біз жиі қайғырамыз, сағынамыз, өз өмірімізге риза емеспіз? Бұл сұрақтарға Лао Цзының жауабы қарапайым. Ол: біз ойымыз бен көзқарасымызға тәуелдіміз. Біз өзіміздің армандарымыз бен мақсаттарымызға бағынамыз. Тіпті өз еркіміз бен көзқарастарымызды басқаларға міндеттейміз. Біз әлемді іс жүзінде Дао билеп тұрғанын ұмытамыз. Дао – бұл *Шындық* және сонымен қатар оған баратын *Жол*.

Дао – барлық заттың негізі, өмір заңы мен ережесі. Ол барлық тіршілік иесінде бар. Барлығын, солардың ішінде бізді де жандандырады және бағыттайды. Даосизмнің айтуынша, барлық заттар өз «жолы» – «дао» бойынша дүниеге келіп, өзгеріске ұшырайды. Байлық пен жақсы тұрмысқа, дүниеқорлық пен атаққұмарлыққа ұмтылмау керек. Тап-таза, бейкүне

сәби сияқты күйге ену қажет. Сонда ғана өмір мәнді әрі үй-лесімді болып шығады.

Енді Лао Цзының бірнеше нақыл сөздері мен өсиеттерін келтіре кетейік, оны өздерің оқып, ойланып көріңдер. Ол не демек болды екен?

Лао Цзы нақылдары мен өсиеттері


«Жер мен аспаннан бұрын *Шексіз* нәрсе болды. Ол өте сабырлы, тыныш. Ол жалғыздықта өмір сүреді, өзгермейді. Ол барлығын қозғалтады, бірақ қобалжымайды. Біз оны әлемдік Ана деп есептей аламыз. Мен оның атын білмеймін. Мен оны Дао деп атаймын».

«Аспан мен жер мәңгілік, өйткені олар өзі үшін өмір сүрмейді». «Данышпан адам өзін басқалардың соңына қояды, соның арқасында адамдардың алдынан орын алады».

«Білетіндер сөйлемейді, сөзуарлар білмейді».

«Данышпан адам ештеңе жинамайды. Ол барлығын адамдар үшін істеп, басқаларға береді. Дао барлық тіршілік иелеріне пайда әкеледі, оларға зиян шектіртпейді. Данышпан адам да осылай әрекет етеді. Мен өмірге әлі келмеген сәби сияқтымын. Барлық адам арманға толы, тек бір мен ғана барлығынан бас тартқан жан сияқтымын. Мен – ақымқ адамның жүрегімін».

Кестені толтыр!



1. Қытайдағы алғашқы мемлекеттерді атаңдар. Олардың ыдырауына әсер еткен ортақ факторды табыңдар.
2. Цинь мемлекетінде Шан Янның бастамасымен болған өзгерістерді атаңдар.
3. Ин Чженнің «Хуанди» атануының себебін түсіндіріңдер.
4. Хань әулеті билеушілерінің жүргізген саясаты неге бағытталды?
5. Кун-фуцзы деген кім? Оның шәкірттеріне берген бағасы туралы не ойлайсыңдар?
6. Лао Цзының тууы туралы аңызға қаншалықты сенесіңдер?
7. «Дао» ілімінің мәні неде? Ондағы ұстанымдармен келісесіңдер ме?

Бұл маңызды!



§19.

ЕЖЕЛГІ ҚЫТАЙДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚҰРЫЛЫСЫ



Қоладан жасалған ыдыс

Ауыл шаруашылығы. Ежелгі Қытайдағы далалы және таулы аймақтарда мал бағатын аудандар болды. Оларды ерекше қызметшілер бақылап отырды. Олар әсіресе жылқы бағуға ерекше мән берді. Өйткені атты әскер құру үшін жылқы қажет еді. Сондай-ақ қой, ешкі, сиыр, шошқа өсіру де кең таралды.

Ең маңызды шаруашылық саласы егіншілік болды. Ол негізінен өзен аңғарлары мен жазықтықтарда кең таралды. Бұл жерлерден көп өнім алуға болатын еді. Мұнымен қатар

Тірек сөздер:

- ❖ Шаруашылығы
- ❖ Саяси құрылысы
- ❖ «Үш ақсақал»
- ❖ Сог ісі
- ❖ Дін істері
- ❖ Қоғамдық құрылысы
- ❖ «Сарыорамалдылар» көтерілісі
- ❖ «Қызылқастылар» көтерілісі

күздік және жаздық егістік жүйелерін, тыңайтқышты пайдалануды да білді. Өртүрлі көгөністер мен жеміс-жидектер өсіретін бау-бақша шаруашылығы да жақсы дамыды.

Ауыл шаруашылығымен бірге қолөнер өндірістері де дамыды. Ірі-ірі мемлекеттік шеберханалар болды. Өте ерте кезден-ақ жібек маталар жасау кең дамыды. Сөнді де үлбіреген жібек маталар елдің ішінде ғана емес, шет елдерде де белгілі бола бастады. Бұл кейінірек *Ұлы Жібек жолының* қалыптасуына әсер етті.



Жұптық жұмыс.

Егін шаруашылығына ерекше мән берудің себептері қандай?



Біліп жүр!

Біздің «үш биіміз» бар: Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би.

Көмегің қажет!



Бас абыз сот ісіне төрелік жасады ма?

Б.з.б. VII–VI ғасырлардан бастап темір барған сайын көбірек қолданыла бастады.

Қолөнері. Бірте-бірте әртүрлі аудандарда қолөнердің белгілі бір саласына мамандану басталды. Бір аудандарда тоқымашылық кең тарайды. Екіншілерінде темірден еңбек құралдары мен қару-жарақтар, үшіншілерінде теріден әртүрлі бұйымдар жасау басым болды.

Мұнымен байланысты ішкі және сыртқы сауда дами түсті. Қолөнер бұйымдары, мал мен егін шаруашылығы өнімдері базарларға шығарылды. Қалалар Цинь дәуірінен бастап, сауда мен қолөнер орталықтарына айналды.

Саяси құрылысы. Ежелгі Қытайда мемлекетті басқарудың күрделі жүйесі қалыптасты. Жоғарғы билік патшада болды. Одан кейін оның ең жақын көмекшісі мен «үш ақсақалдан» құралған ерекше топ тұрды. Олардың бірі шаруашылық мәселелерін басқарды. Екіншілік жұмыстарын және егіншілерді бақылап, басқарумен айналысты. Ал екіншісі – әскерге алу, оларды соғыс ісіне үйрету, әскерді жабдықтау жұмыстарына жауапты болды. Іс жүзінде соғыс министрі қызметін атқарды. Үшіншісі – елдегі жер қорын және оны суландыру жүйесін бақылап, қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырып отырды.

Патшалық аумағы кеңейген кезеңде жаңа қызметтер де қалыптасты. Патшаның шаруашылығын, оның сарайын басқаратын жеке қызмет пайда болды. Діни істерді басқаратын бас абыз келіп шықты.

Сот ісі. Сот жұмысы біртіндеп қалыптаса берді. Заңдар жүйеленіп реттелді. Оны бүкіл ел бойынша бақылап, басқару бас қазыға жүктелді. Ол өлім жазасына қатысты істерді қарады. Қалған қылмыстық істерді жергілікті жерлердегі қазылар қарайтын. Қылмыстық заңдар бойынша әртүрлі жазалау жүйесі қалыптасты. Өлім жазасы, аяқ, мұрын кесу, бетіне қара



Ежелгі Қытай жауынгері

таңба басу, зынданға тастау сияқты қатаң түрлері де болды. Қасақана жасалған қылмыстарға ауыр, ал абайсызда жасалған қылмыстарға жеңіл жаза тағайындалды. Бұның өзі сол замандарда-ақ заң бойынша ой-пікірлердің біршама дамығанын көрсетеді. Патшалар басқару қызметтеріне адамдарды өздері тағайындап отырды. Осындай саяси құрылыс Қытай билеушілерінің елдегі өктемдігін күшейтті.

Қоғамдық құрылысы. Ежелгі Қытай қоғамының негізі ерлер өктемдік еткен отбасы болды. Отбасылар ауылдық қауымға бірікті. Әдетте жер 9 бөлікке бөлінді. Оның біреуі патша қызметшісіне арналды. Ол жерді қалған 8 бөліктің адамдары бірлесіп өңдеді. Жерді пайдаланудың бұл жүйесі сол қауымның мүшелерін біріктіреді, ынтымақтастығын арттырады деп есептелінді.

Цинь билеушілері жерді сатуға және сатып алуға рұқсат берді. Бұл ірі егін шаруашылығын дамытуға жол ашты. Ондай шаруашылықтарда кедей шаруалар мен құлдар жұмыс істеді. Патшалар кейде өзінің жақындары мен адал қызмет еткендерге жер берді. Ондағы адамдар мен құлдарын қоса сыйға таратты.

Б.з.б. III мыңжылдықта-ақ Қытайда жібек маталар жасалынды. Үлбіреген төзімді жібек маталарды өртүрлі бояулармен бояған. Олар көздің жауын алып құлпырып кететін. Байлар мен шонжарлар, басшылар өздерінің артықшылығы мен салтанатты өмірін ерекшелей көрсету үшін жібек маталардан киім киюге ұмтылды.

Халық көтерілістері. Сауда ерекше қарқынмен дамыды. Жердің көп бөлігін шағын топтың мүшелері ғана иеленді. Ол ірі-ірі шонжарлар мен байларды күшейте түсті. Олар еңбекші халықты қанауды бұрынғыдан да күшейтіп жіберді. Патша үкіметінің басқыншылық жорықтары үшін де қаржы қажет еді. Сондықтан олар да алым-салықты көбейтті. Бұл қара халықтың онсыз да ауыр халін нашарлатты. Халықтың үкіметке қарсы наразылығы күшейді.

Елде халық көтерілістері басталып кетті. Негұрлым ірі көтеріліс б.з.-дың 18 жылы басталды. Көтерілісті *Фан Чун* деген адам басқарды. Ол көтерілісшілерге басқалардан ажырату үшін қастарын қызыл бояумен бояуды бұйырды. Сондықтан бұл көтеріліс *«Қызылқастылар көтерілісі»* деп аталды. Б.з.-дың 23 жылы көтерілісшілер елдің астанасын басып алды.

Бірақ еңбекші халықтың жағдайы көп жақсара қоймады. Б.з.-дың II ғасырының соңында көтерілістің жаңа толқыны



Б.з.б. II мыңжылдықтағы Қытай баспанасы



Жұптық жұмыс.

Екі көтеріліске Венн диаграммасын жаса.

Ашықта!



Қытай мемлекеті қандай патшалықтарға ыдырап кетті?

басталды. Бұл көтерілісшілер бастарына сары орамал байлап жүрді. Тарихта «Сарыорамалдылар көтерілісі» деп аталған бұл көтерілісті Чжан Цзяо мен оның екі бауыры басқарды. Көтеріліс елдің көпшілік бөлігін қамтыды және 20 жылдай уақытқа созылды. Біресе «Сарыорамалдылар», біресе үкімет әскерлері жеңіске жетіп отырды. Солтүстіктен көшпелілер шабуылы күшейді. Ақыры ежелгі Қытай мемлекеті үш патшалыққа ыдырап кетті.



1. Ежелгі Қытайда ауыл шаруашылығы қалай дамыды? Егін шаруашылығына ерекше мән берудің себебі неде деп ойлайсыңдар?
2. Қолөнер мен сауданың дамуы туралы не білесіңдер?
3. Ежелгі Қытайда мемлекетті басқарудың күрделі жүйесі несімен ерекше болды?
4. Халық көтерілістері өз мақсаттарына жете алды ма?

Елшінің саяхаты


У Дидің билігі тұсында Чжан Цзянь императорлық күзетте қызмет етті. Чжан Цзянь күзет офицері ретінде юэчжи тайпасына Ганьфу есімді құлмен бірге баруға тілек білдірді.

Олар Шаньси провинциясынан шығып, түп-тура ғұндарға тап болды. Ғұндар оларды тұтқындап, өз көсемдеріне жеткізді. Көсем: «Юэчжи менің солтүстігімде өмір сүреді. Ханьдықтардың оларға елші жіберуге қалай батылы барды? Мен сенің Хань императорын тастауынды қалаймын. Сенің маған мойынсұнғың келе ме?» – деді.

Ол Чжан Цзяньды өзіне қалдырды. Чжан Цзянь ғұндарда он жылдан аса тұрды. Көсем оған әйел алып берді. Одан ұл туды... Ғұндардың батыстағы иеліктерінде тұрып жатқанда ол өзімен бірге жіберілгендермен қашты.

Чжан Цзянь саяхатқа аттанғанда онымен бірге жүзден астам адам кеткен еді. Ал он үш жылдан кейін тек екеуі ғана оралды. Чжан Цзянь Давань, үлкен юэчжи, Дася, канцзюй жерлерінде болды. Әңгімелерден олардың айналасында тағы да бес-алты үлкен мемлекеттің бар екенін білді. Ол императорға осы жерлер мен ондағы бар дүниелер және батыс өлкелер туралы естігендерінің барлығын баяндады.

Ежелгі Шығыс тарихы бойынша хрестоматия. В.В. Струве және Д.Г. Редер редакциясымен. М., 1963. 489-б. (орыс тілінде).



Ежелгі Қытайдың бамбук кітаптары

Жазуы. Қытайда өте ертеде иероглифтік жазу пайда болған еді. Қытай иероглифтері тігінен, жоғарыдан төмен қарай жазылады. Қытай жазуы әлемдегі ең қиын да күрделі жазу. Соған қарамастан Қытайда б.з.б. I мыңжылдықтың бірінші жартысында кітаптар жазылған. Олар ені 4 см, ал ұзындығы 20-дан 40 сантиметрге дейінгі ағаш тақтайшаға жазылыпты. Тақтайшалар тігінен, жазуы бар беті үстіне қарайтындай етіп, оңнан солға қарай реттеліп, жіппен тізілді. Б.з.б. I мыңжылдықтың ортасында жібек матаға жаза бастады. Б.з.б. II ғасырда Қытайда қағаз пайда болды. Сөйтіп, әлемде бірінші рет қағазға жазу қалыптасты.

Қытайдың сонау ежелгі замандардағы иероглифтік жазулары бүгінгі таңға дейін сақталған.

Әдебиеті. Бізге ежелгі Қытайдың көптеген әдеби шығармалары белгілі. Солардың ең көшелерінің бірінде дүниенің жаратылуы туралы мәселе былайша баяндалады.

...Ұзақ уақыт әлемді ретсіз тұңғиық басып тұрды. Еш нәрсені ажыратып білу мүмкін емес еді. Одан соң *Жарық* пен *Түнек* белгілі болды. *Аспан* мен *Жер* қалыптасты. Алғашқы адам пайда болды. Ол *Паньгу* деп аталды. Бұл өте алып адам ұзақ өмір сүрді. Ол өлгеннен кейін, оның денесінен табиғат пен адам пайда болды. Оның демі жел мен бұлтқа, даусы күн күркіреуіне, сол көзі күнге, оң көзі айға, қолдары мен аяқтары дүниенің төрт бұрышына, кеудесі бес үлкен тауға, денесінен шыққан тер жаңбырға айналды. Қаны өзен боп ақты. Бұлшық еттері топыраққа, шашы шөп пен ағашқа айналды. Тістері мен сүйектерінен тастар мен металдар, ал миынан меруерттер мен асыл тастар пайда болды.

Ежелгі Қытайдың ән-өлеңдері де, ақындары да көп болған. Солардың бірі б.з.б. II ғасырда өмір сүрген *Сыма Сянжу* атты ақын. Ол өлеңдерінде өз өмірін көбірек баяндаған.

Сыма Цянь туралы. *Сыма Цянь* б.з.б. 151 жылы дүниеге келді. Сарай жұлдызнамашысының отбасында туғанына қарамастан, ол жас кезінен-ақ өмірдің қатаң мектебінен өтті.

上	Жоғарыда
下	Төменде
人	Адам
口	Қоршау
人	Тұтқын

Қытай иероглифтері



Бұл маңызды!

Тірек сөздер:

- ❖ Жазу
- ❖ Қағаз
- ❖ Паньгу
- ❖ Сыма Сянжу
- ❖ Сыма Цянь
- ❖ Ғылыми білім
- ❖ Өнертабыстар

Шығармашылықпен айналыс!



«Паньгу мен оның дене мүшелерінен жаратылған дүние» тақырыбында сурет сал.



Жұптық жұмыс.

«Тарихи жазбалар» кластерін жаса.

Егіншілікпен айналысты. Сөйте жүріп, көне шығармаларды оқуға көп көңіл бөлді. Тіпті он жасқа келгенде олардың көпшілігін жатқа білді. Жиырма жасында ел аралау үшін саяхатқа аттанды. Өз елінің көптеген жерлерінде болып, өмір тәрбиесін жинады. Әкесі қайтыс болған соң, сарай тарихшысы болып тағайындалды. Әкесінің өсиеті бойынша, қытай елінің тарихын жазуға кірісті.

Сыма Цянь – Қытай тарихының атасы. Ол кітабын «Тарихи жазбалар» деп атады. Бұл кітапты жазарда ол «аспан мен жердің арасында өте көне уақыттарда және бертіңгі кездерде болып жатқан өзгерістердің мәнін түсінуді» мақсат етті. Сондықтан да оның кітабы ежелгі дүниедегі құнды тарихи шығарма болып шықты. Кітаптың кейбір тараулары көрші халықтар мен елдерге арналды. Ол мәліметтер бүгінгі таңға дейін жалғыз жазба дерек болып отыр. Мысалы, ежелгі қазақ тарихын жазуда Сыма Цяньның бұл еңбегі пайдаланылып келеді.

«Тарихи жазбаларда» қытай тарихының өте үлкен кезеңіндегі екі жарым мың жылдағы оқиғалар баяндалады. Өз еңбегінің көлемі туралы Сыма Цянь былай деп жазыпты: «Он кесте, он екі негізгі тарихи сипаттама, сегіз шолу, отыз мұралық ру мен фамилия, жетпіс жеке монография – барлығы жүз отыз жалпы тарау жаздым».

Ол бұл еңбегінде аңыз-әңгімелерден де тарихи шындық іздейді. Ескі жылнамалардың жазылу тәсілін пайдаланады. Ол шешендердің, көсемдердің, ақындардың көркемсөздері, әдеби тіл кең түрде пайдаланылған көлемді еңбек болды.

Жылнамаларды жазу тәсіліне Сыма Цянь енгізген тағы бір жаңалық көрнекті, атақты адамдардың өмірбаяндық тарихын қоса баяндауы еді. Жеке адамдардың өмірін сол кездегі елдің жалпы жағдайы, ерекшеліктері туралы мәселелермен байланыстыра сипаттайды. Әрбір адамның терең баяндалған өмір тарихын жазады.

Сыма Цяньның еңбегі кейінгі дәуірлердегі көптеген тарихшылар үшін үлгі болды.

Ғылыми білімі. Егіншілік пен құрылыс істері көптеген ғылым салаларының қалыптасуына әсер етті.

Жұлдызнамашылар аспан денелерінің қозғалысын, орын



Ежелгі Қытайдағы қағаз жасау өндірісі



Қытайда жасалған алғашқы құбыланама (компас)



Ежелгі сейсмограф

ауыстыруын жете зерттеді. Соның нәтижесінде қытай жұлдызнамашылары әлемде бірінші болып жылдың ұзақтығын дәл есептеп шықты. Бір жылда 365,25 тәулік, яғни 365 және ширек тәулік бар деп есептеді. Қытай жұлдызнамашылары жұлдызды *аспанның картасын* жасады. Онда Темірқазық жұлдызының айналасына топтасқан 28 шокжұлдыз көрсетілді.

Ежелгі қытайлықтар үш танапты жер өңдеу тәсілі мен суғару әдістері, жібек құртын өсіру, шай бұталарын күту туралы мәліметтер қалдырған.

«Шай» сөзі қытайлықтардан шықты. Алғаш шайды сырқат адамның күш-қуатын сақтайтын дәрі ретінде пайдаланған. Кейіннен сусын ретінде қолданды. Сөйтіп,

ол басқа елдерге де тарады.

Біздің заманымыздың алғашқы ғасырларында Қытайда ғылыми білім басқа көптеген елдерден анағұрлым алда тұрды. Соның нәтижесінде ғылыми білім адам игілігіне қызмет ете бастады. Көптеген өнертабыстар мен жаңалықтар дүниеге келді.

Өнер табыстары. Қытайда әлемдегі ең алғашқы *құбыланама* (компас) ойлап табылды. Ол өзі қазіргі құбыланамаға ұқсамағанымен, сол дәуірдің өзінде дүниенің төрт бұрышын дәл бағдарлауға мүмкіндік берді. Әсіресе қытай теңізшілері осы құбыланама арқылы ашық теңізге шығып, Үндістан жеріне дейін бара алатын еді.

Жердің сілкінісін алдын ала болжайтын аспап *сейсмографты* да ойлап тапқан қытайлар болды. Сейсмограф жердің қай жерде, қаншалықты дәрежеде сілкінетінін айқындауға мүмкіндік берді.

Қытайда ойлап табылған, адамзат әлеміне бүгінге дейін қызмет етіп келе жатқан заттың бірі – *қағаз*. Қытайлықтар ұсақ, жұмсартылған маталардың қалдықтарын арнайы пеште қайнатып, қоймалжың күйге келтіріп, одан соң қағазға айналдырған.

Мылтық атуға арналған *оқ дәрісін* алғаш ойлап тапқан да қытайлықтар. Бұлармен бірге жоғарыда айтылған *жібек матаны*, *жұлдыздар картасын* да алғаш қытайлықтар ойлап тапты.

Терракоттық әскерлер. 1974 жылы қазіргі Сиань қаласының маңынан 5 метр тереңдікте ежелгі жауынгерлердің ескерткіші табылды. Оны естіген археологтер қазу жұмыстарын жалғастыру барысында әлемде жоқ, таңғаларлық жаңалық



Сұрап көрі!

Әкең мен анаң, ата-әжең шайдың қайдан шыққанын және алғашқыда не үшін пайдаланылғанын біле ме екен?

Тәжірибе жаса!



Бір жерді белгілеп, құбыланаманы пайдаланып көр.

Есіңе түсір!

Жер сілкінгенде қорғану жолдарын білесің бе?



Терракоттық жауынгерлер

ашты. Жер астынан 8099 жауынгер мен әскери аттардың ескерткішін тапты. Ол ескерткіштерді Цинь Шихуанди жасатты деп есептеледі. Сазбалшықтан күйдіріліп жасалған бұл ескерткіш – «терракоттық жауынгерлер» деп аталады. «Терракот» деген бірнеше күн қатарынан 1000 градустық температурада күйдірілген сары немесе қызыл балшық.

Бұдан 2200 жыл бұрын жасалған бұл мүсіндер асқан шеберлікті паш етеді. Соншама көптігіне қарамастан олар бір-біріне еш ұқсамайды. Бұл сол замандарда-ақ Қытай мемлекетінің әртүрлі халықтардан құралғанын байқатса керек. Бет келбеті, киімдері мен қару-жарақтары өте дәлдікпен бейнеленген. Тек бір ерекшелігі – жауынгерлердің бойларының шынайы адамдардан биіктеу, 190–195 см болуында. Шеберлер дайын болған мүсіндерді 1000 градустық пеште күйдірген. Содан соң суретшілер табиғи бояулармен бояған екен.

Терракоттық жауынгерлер ежелгі Қытай мемлекетінің, әсіресе оның армиясының қуаттылығын паш етеді. Терракоттық әскерлер Ұлы Қытай қорғаны мен Шаолинь монастыры сияқты әлемдік тамаша ескерткіш деп есептеледі. Ол 1987 жылы ЮНЕСКО-ның әлемдік мұрасы тізіміне енді.

Анықта!



Қазіргі қағаздар неден жасалады? Қазақстанда қағаз шығаратын кәсіпорын бар ма?



1. Ежелгі Қытай жазуының ерекшеліктері мен құралдарын сипаттаңдар.
2. Дүниенің пайда болуы туралы қытай аңызына байланысты не ойлайсыңдар?
3. Сыма Цяннің «Тарихи жазбалары» не дейді? Оның жазу тәсіліндегі ерекшелік қандай?
4. Қытайдағы жұлдызнамашылық пен географиялық білімдердің дамуы туралы не айтасыңдар?
5. Қытайлықтардың өнертабыстарын тізбектеңдер.
6. Терракот деген не? Қытайдағы терракоттық жауынгерлер туралы не білесіңдер?



Төрт ат жегілген қос дөңгелекті арба

VII ТАРАУ

ЕЖЕЛГІ ГРЕКИЯ



Бұл маңызды!

§21.

ГРЕКИЯНЫҢ ЕЖЕЛГІ ӨРКЕНИЕТТЕРІ

Ежелгі Грекияның географиялық жағдайы. Еуропаның оңтүстік бөлігінде теңіздерге сұғына орналасқан Балқан түбегі бар. Балқан түбегін Эгей, Ионий және Жерорта теңіздері қоршап жатыр. Осы Балқан түбегінің оңтүстігінде Грекия орналасқан. Жері таулы, тастақтау келеді. Тік жарқабақты таулар Грекияның жазықтау алқаптарын бір-бірінен бөліп тұрды. Олар тек кейбір өткелдер мен мойнақтар арқылы байланыса алатын еді. Суы мол өзендері мен жазықтықтар өте аз болды. Тастақты тау беткейлерінде әртүрлі ағаштар, бұталар мен шөптесін өсімдіктер өсетін. Ал жазықтау жерлерінде жүзім мен зәйтүн ағаштары жақсы өсті. Тек кейбір кеңдеу жазықтықтар ғана егіншілікке, арпа өсіруге қолайлы болды. Грекияда темір, мыс, күміс, мәрмәр кен орындары көп болатын. Бұл гректердің ежелден-ақ қолөнермен айналысуына тиімді ықпал етті.

Тірек сөздер:

- ❖ Географиялық жағдайы
- ❖ Минойлық өркениет
- ❖ Кнос
- ❖ Ахейлік Грекия
- ❖ Эллада
- ❖ Фреска
- ❖ Микены өркениеті
- ❖ Гомерлік кезең



Ежелгі Грекия



Жұптық жұмыс.

Карта бойынша ежелгі Грекияның негізгі қалалары мен аралдарын ата.

Ойлан!



Патша сарайын
неліктен
лабиринт етіп
салды?



Ежелгі Кносс
қаласының орны



Ежелгі Фест
қалашығы

Көптеген жазықтық теңізге жақындау жатқан еді. Оларда, әсіресе шығыс жағалауларында, кеме тоқтауға қолайлы көптеген айлақтар болды. Олар арқылы теңізге шығу мүмкіндігі көп еді. Сондықтан да гректер ерте кезден-ақ теңіз жолдары арқылы көрші елдермен ғана емес, алыстағы елдермен де байланыстар орнатты. Теңіз гректер өмірінде және ежелгі грек мемлекетінің дамуында үлкен рөл атқарды.


Теңіздерде балық мол болды. Эгей теңізінде аралдар көп еді. Олардың көпшілігі бір-біріне өте жақын орналасты. Ол аралдардың ең үлкені – *Крит* аралы.

Табиғи-географиялық жағдайы бойынша Грекия үш бөлікке бөлінеді. Олар: *Оңтүстік*, *Орта* және *Солтүстік* деп аталады. Оңтүстік Грекияны *Пелопоннес* деп те атады.

Минойлық өркениет. Еуропадағы алғашқы өркениет – б.з.б. 2000 жылдары *Крит* аралында қалыптасты. Оны Крит патшасы Миностың атымен *Минойлық өркениет* деп атайды. Бұл үлкен арал *Жерорта* теңізінің африкалық және азиялық жағалауларына барар теңіз жолында жатты. Сол себепті де минойлықтар Мысыр мен Қосөзен сияқты өркениеттер ықпалын ерте сезінді.

Мұнымен қатар, б.з.б. 2000 жылдарда криттіктер қоланы пайдалана бастады.

Дамудың бұл сатысында бірнеше мемлекет пайда болды. Оның дәлелі қазба кезінде табылған *Кносс* пен *Фест* сарайлары. Археологтер Кносс қаласын қазу барысында 300-дей бөлмесі, көптеген дәліздері бар үлкен сарай тапты. Гректер бұл сарайды *лабиринт* деп атаған. Лабиринт деп көптеген бөлмелері мен дәліздерінен адасып кетердей үлкен ғимаратты айтады.



Кностағы патша сарайы



Талқыла!
Туыңды неге
«Троя» деп
аталған?



«Троя»
кинотуындысын
көріп, ондағы
негізгі кейіпкерлердің
іс-әрекетіне баға бер.



Еске түсір!

Гомерлік кезеңді
қазақ даласындағы
өркениет белгілері-
мен салыстыр.



Есепте!

Өр өркениеттің
қанша ғасырға
созылғандығын
айт.



Микены қаласы

сарайлары еді. Солардың ішінде Микены сарайы ерекше назар аудартады. Сондықтан да ахейліктер дамуының бұл кезеңі *микены өркениеті* деп аталады.

Микенылық сарайлар қалың қабырғалы бекіністерімен де ерекшеленді. Қалыңдығы 4,5 метрге, биіктігі 7,5 метрге, салмағы 12 тоннаға дейін жететін өте үлкен тастардан қамалдар тұрғызылған. Мұндай бекіністер сырттан келген жаудан қорғану үшін жасалды.

Б.з.б. 1200 жылдары Микены билеушісі Агамемнон ахейліктердің біріккен әскерін бастап Кіші Азияға келді.

Олар мұндағы Троя қаласын басып алды. Ахейліктердің бұл жорығы туралы кейінірек «Илиада» және «Одиссея» атты дастандар дүниеге келді. Оларда бұл жорықтың ұзақ уақытқа созылғандығы баяндалады.

Міне, осындай жағдайда солтүстіктен гректердің жаңа тайпасы – *дорийлер* басып кіре бастады.

Б.з.б. XI–IX ғасырлардағы Грекия. Б.з.б. XI–IX ғасырлар Грекия тарихында *гомерлік кезең* деп те аталады. Өйткені бұл кезең грек ақыны Гомердің «Илиада» және «Одиссея» атты дастандары бойынша баяндалады. Дорий шапқыншылығы барысында Грекия жүздеген жылға кері шегінді.

Гомер кезеңіндегі дастандарда сарайлар, орталық бекіністер, фрескалық суреттер туралы ештеңе айтылмайды. Олардың орнына қарапайым тіршілік сипатталады.

Дегенмен Грекияның гомерлік кезеңінде өзіндік үлкен жаңалық та болды. Ол темірді игерудің басталуы еді. Темірден жасалған балта, орақ табылды. Темірден еңбек құралдарын жасау сол замандар үшін техникалық жетістік еді. Бірақ бұл үрдіс баяу жүрді. Сондықтан да гомерлік кезең мәдениеті крит

және микены кезеңдерінен әлдеқайда төмен болды. Оны археологиялық деректер ғана емес, гомерлік дастандар да дәлелдейді.

Бұл кезеңдегі негізгі шаруашылық салалары мал бағу мен егін шаруашылығы болды. Дастандарда егістіктегі жұмыс кеңінен сипатталады.



1. Грекияның географиялық орналасу ерекшеліктерін сипаттаңдар.
2. Контурлық картаға Грекияның үш бөлігін үш түрлі бояумен бейнелеңдер.
3. Микены өркениетіне тән археологиялық деректердің қорын (тізбегін) жасаңдар.
4. Эллиндер деген кімдер? Эллада атауы нені білдіреді?
5. «Гомерлік кезеңнің» басты жаңалығы неде?
6. «Гомерлік кезеңде» шаруашылықтың қандай салалары дамыды? Ал қандай салалары дамымады? Себебін түсіндіріңдер.

Тарихи тұлғалар

Гомер және оның дастандары

Гомер – б.з.б. XI–VIII ғасырлар аралығы шамасында өмір сүрген, соқыр ақын. Оның «Илиада» және «Одиссея» атты дастандары бізге келіп жетті. Гректер осы дастандары үшін Гомерді қатты құрметтеген. Ол қолына кифара атты музыкалық аспапты алып, бір қаладан екінші қалаға қыдырып жүріп, өзінің дастандарын жырлаған. Гомердің «Илиада» және «Одиссея» атты дастандары б.з.б. VIII ғасырда жырланып, б.з.б. VI ғасырда хатқа түскен деген жорамал бар. «Иллиада» дастаны Илион (Троя) қаласы үшін болған шайқасты баяндайды. Ал «Одиссея» Троя жорығынан кейін елге қайтқан Одиссейдің басынан кешкендері суреттелетін шығарма.

Гомер дастандары ұзақ уақыт әдеби шығарма ретінде қарастырылып келді. Тек археологтер Троя қаласының болғанын дәлелдеген соң ғана оның дастандарының тарихи оқиғаларға арналғаны айқындалды. Сондықтан да сонау бағзы замандардағы гректер туралы жазылған мәліметтер тарихи дерек ретінде қарастырыла бастады.

Өйткені дастандарда ежелгі гректердің тұрмыс-тіршілігі, әдет-ғұрыптары және діни нанымдары айтылады. Дастандарды оқи отырып, біз ежелгі гректер кәсібінің, тұрғынжайының, еңбек құралдарының, қару-жарақтарының қандай болғанын білеміз. Сондықтан б.з.б. XI–IX ғасырлар Гомер дәуірі деп аталады. Гомер дастандары әдеби шығарма болғандықтан мифтік аңыздық мәліметтерге де толы. Көркем бейнелеулер мен суреттемелер де мол. Тек олардан тарихи мәліметтерді іріктеп ала білу керек.



Топтық!
жұмыс

Ежелгі Грекия өркениеттеріне кластер жаса.

Ежелгі Грекия өркениеттерінің дамуына қарай тізбекке дұрыс орналастыр.



1. Мипойлық кезең
2. Гомерлік кезең
3. Микены өркениеті



Бұл
маңызды!

Тірек сөздер:

- ❖ Полис
- ❖ Афины
- ❖ Архонт
- ❖ Драконт
- ❖ Солон
- ❖ Клисфен
- ❖ Демократия
- ❖ Илоттар
- ❖ Олигархия

§22.

ГРЕКИЯЛЫҚ ҚАЛА-МЕМЛЕКЕТТЕР

Б.з.б. VIII–VI ғасырлардағы өзгерістер. Б.з.б. VIII–VI ғасырларда Грекияда үлкен өзгерістер орын алды. Ру-тайпалық қатынастар ыдырады. Орнына жекеменшікке негізделген жүйе қалыптаса бастады. Ауыл шаруашылығында жүзім мен зәйтүн, жеміс ағаштары мен көгөніс өсіру дамыды. Ал оларды өсіру үшін күтім және қаржы керек. Бұл ұсақ және орташа шаруалар үшін тиімсіз еді. Олар жерін сатуға мәжбүр болды. Соның барысында шаруашылыққа қолайлы жерлер біртіндеп ақсүйектердің қолына жинала берді. Мұның барлығы мүліктік және әлеуметтік жіктелісті тереңдетті. Шағын топ ірі жер иелеріне, ал көпшілік шаруалар жерсіз кедейлерге айналды.

Қолөнер өндірісінде де маңызды өзгерістер орын алды. Олар енді қалаларда шоғырлана түсті. Темірден құрал-саймандар, қару-жарақтар жасау ісі жақсы жетілдірді. Шаруалар қажетті қолөнер бұйымдарын қалалардағы шеберлерден сатып алатын болды.

Гректер үшін әсіресе астық жетіспеді. Дамып келе жатқан қолөнер өндірісіне темір мен мыс, қола керек еді. Қалалардағы құрылыс үшін ағаш жетіспеді. Ал бұларды тек теңіз арқылы ғана жеткізу мүмкін болатын. Сондықтан да сауда мен кеме жасау ісі дамыды.

Грекияда ежелгі Шығыстағыдай кең ауқымды ірі егін шаруашылығы қалыптаспады. Гректерде бір орталыққа бағынған ірі мемлекет болмады.

Қала-мемлекеттердің қалыптасуы. Гректер өмірінде қалалар маңызды рөл атқара бастады. Олар негізінен теңіз жағалауында немесе соған жақын орналасты. Қалалар мен олардың айналасындағы елді мекендер ғана бірігіп жеке мемлекет ретінде өмір сүре берді. Мұндай қала-мемлекеттерді *полистер* деп атады.

Аристотель полис туралы былай дейді: «Қала барлық жаққа көмек жібере алатындай орталықта орналасуы қажет. Қалаға егін шаруашылығы өнімдері, ағаш материалдар және басқа қажетті жабдықтар оңай жеткізілетіндей болуы керек... Қала мен полистің бүкіл аумағының теңізбен байланысы мемлекеттің қауіпсіздігі тұрғысында да үлкен артықшылық болып табылады».

Бір-біріне көп ұқсай бермейтін жүздеген полистер қалыптасты. Дегенмен олардың арасынан екі түрін ерекшелеуге болады. Біріншісі – *аграрлық полистер*. Оларда қолөнер мен сауда нашарлау дамыды. Полисті шағын ғана байлар тобы басқарды. Оның айқын мысалы Спарта еді. Ал екінші түрі – *қолөнер мен сауда, ақша-тауар қатынасы басым полистер*. Бұларда құл еңбегі кең пайдаланылды. Қоғамдық өмірде азаматтар белсенділік танытты. Басқару жүйесі демократиялық еді. Мұның айқын мысалы Афины полисі.

Афины мемлекетінің қалыптасуы. Афины Аттикадағы басқа елді мекендерден ерекшеленді. Оған оның табиғи орналасуы ықпал етті. Ол егіншілікке қолайлы жазықтықтың ортасында тұрды. Теңізден сәл қашықтау болғандықтан қалаға теңіз қарақшыларынан қауіп туа қоймайтын. Ал жарқабақты орталық бөлігінің бекінісі де мықты болды. Мұның барлығы Аттикадағы елді мекендердің Афины төңірегіне бірігуіне алып келді. Көптеген ру көсемдері мен ақсүйектері Афиныға көшіп келе бастады. Аттика Афиныдағы ру көсемдері кеңесі арқылы басқарылды. Біртіндеп афинылық ақсүйектер билікті қолдарына алды. *Архонт* атты жаңа қызмет пайда болды. Оның билігі ру көсемдерінен жоғары болды. Ру ақсақалдары кеңесінің орнына *Ареопаг* атты жаңа кеңес қалыптасты. Оған қызмет мерзімі біткен архонттар мүше болды.

Ақсүйектер кедейленген шаруалардың да жерін сатып алып отырды. Сөйтіп, бай жер иесіне айналды. Олар енді өз өктемдіктерін заң жүзінде күшейтуге ұмтылды. Б.з.б. 621 жылы Драконт атты архонт заң шығарды. Заң бойынша жекеменшік қатаң қорғалды. Негізгі жаза өлім деп белгіленді. Тіпті біреудің бақшасынан көгөніс ұрлаған адам өлім жазасына кесілетін болды. Сондықтан да *Драконт* заңы қанқұйлы, өте қатал заң деген ұғымды қалыптастырды.

Солон реформасы. Бұл жағдайлар демос деп аталған шаруалар мен қолөнершілердің наразылығын өршітті. Б.з.б. 594 жылы архонт болып сайланған *Солон* ел өміріне үлкен өзгерістер енгізді. Ол арғы бабалары Аттикада тұрған ер адамдардың барлығын *Афины азаматтары* деп жариялады. Азамат деп есептелгендер әскерде қызмет атқара алды. Халық жиналысына қатысты. Барлық қызметке сайлана алды. Барлық қызметкер сайланған мерзімі біткен соң *Халық жиналысында* есеп беретін болды.

Біліп жүр!



Дауыс жинауға арналған
терракоталық ыдыс

Афиныда сот ісі немесе басқа да сайлауға байланысты дауыс беру кезінде сайлаушылардың құпиялылығын сақтау мақсатында ыдысқа қола доңғалақтарды салып отырған.

Анықта!



Біздің елімізде дауыс беру қалай жүзеге асырылады?

Ата-анаңмен ақылдас.




Афины азаматтары мен Қазақстан азаматтарының құқықтарын салыстырып көр.

Ойталқы!



Аттикадағы елді мекендердің Афины төңірегіне бірігуіне не әсер етті?



Афины акрополи

Солон 400 адамнан құралған жаңа Кеңесті енгізді. Онда Халық жиналысында қаралатын мәселелер алдын ала дайындалып, талқыланды. Мұның барлығы халықтың қалың көпшілігінің – демостың басқару жұмысына араласуына мүмкіндік берді. Басқарудың бұл түрі демократия – демократия деп аталды.



Солон

Ал сырттан келгендерге азаматтық берілмеді. Олар әскерге алынбады, қызметтерге сайланбады. Тіпті Афиныда тұрғаны үшін арнайы салық төледі. Мұның бәрі Афиныда азамат ұғымын қатты қастерлегенін көрсетеді.

Клисфен өзгерістері. Афины демократиясының дамуында Клисфен енгізген өзгерістердің де маңызы зор болды. Ол Аттиканы 10 облысқа бөлді. Олардың әрқайсысынан 50 адам Кеңеске сайланатын болды. Бұрынғы 400-дер Кеңесі енді 500-дер Кеңесі болып шықты. Бұл Кеңес тек Халық жиналысында қаралатын мәселелерді дайындап қана қоймады. Енді 500-дер Кеңесі ағымдағы жұмыстарды басқарумен де айналысатын болды.

Клисфен сенімді де адал адамдардан Халық сотын құрды. Ол ең жоғары сот саналды. Ол жергілікті соттардың үкімдерін қайта қарап, әділ шешім шығара алды.

Солон мен Клисфен заңдары негіздеген Афиныдағы демократиялық тәртіп б.з.б. V–IV ғасырларда гүлденді.

Ежелгі Спарта мемлекетінің қалыптасуы. Пелопоннестің оңтүстік-шығыс аймағы Лаконика деп аталады. Онда шағындау болса да құнарлы жазықтығы бар Еврот өзені ағып жа-

тыр. Б.з.б. XII ғасырда дорийліктер осы аймақты жаулап алып, Спарта мемлекетінің негізін қалады. Спарталықтар жергілікті халықты олар мекендеген жерлерімен қоса бөлісіп алды. Қарсылық көрсеткендерді *илоттар* деп атап, езгіге салды. *Илоттар* – егін шаруашылығынан алған өнімінің жартысын қожасына беруге тиісті басыбайлы бағыныштылар.

Спартада екі патша болды. Бірақ ежелгі Шығыс билеушілерімен салыстырғанда билігі шектелген еді. Спарта патшалары соғыс кезінде бас қолбасшы қызметін атқарды. Ал бейбіт уақытта сот және дін істерімен айналысты.

Елдің барлық басты мәселесі ақсақалдар кеңесінде қаралып, шешілді. Ақсақалдар кеңесі екі патшадан және 28 ақсүйек спарталықтан құралды. Барлық спарталықтар қатысатын Халық жиналысы да болды. Бірақ онда негізінен патшалар мен ақсақалдардың бірлескен мәжілістерінде қабылданған шешімдер бекітіліп отырды.


Сонымен, Спартаны шағын ғана ақсүйектер тобы басқарды. Биліктің бұл түрі олигархия деп аталады.

Спарталықтар өмірі. Спарталықтар саны көп илоттарға өктемдікті қарудың күшімен орнатты. Осылайша, спарталықтар әскери топқа айналды. Спарталықтар илоттардың еріксіз еңбегі нәтижесінде қажетті нәрселерінің бәріне ие болды. Соның барысында олардың қарапайым жұмыстан қолы босады. Олар бос уақыттарын мемлекеттік іске және әскери өнерді дамытуға арнады. Балаларын жастайынан жауынгер етіп тәрбиеледі. Олар 7 жастан бастап арнайы лагерьлерде өсті.


Анықта!



Қазақстанда биліктің қай түрі қалыптасқан? Демократия? Олигархия?



Илот



Ежелгі Спарта



Топтық таңдау!

Лаконикалық сөйлеуді шебер меңгерген сыныптасыңды анықта.

Мұнда олардың денесін шынықтыруына, төзімді және батыл болуына баса мән берілді. Үлкендерді тыңдауға, қысқа да дәл сөйлеуге үйренді. Сондықтан да нақты, қысқа, айқын сөйлеу – *лаконикалық сөйлеу түрі* деп аталып кетті.

Спартада жер сатуға тыйым салынды. Жалпы спарталықтардың саудамен және қолөнермен айналысуы масқара іс деп есептелді. Шыққан тегіне, қоғамдағы жағдайына қарамастан спарталықтар қарапайым киініп, бірдей жағдайда өмір сүретін. Спарталықтар байлығымен ерекшеленбеді. Достарының арасында салтанатты заттарымен, әсем бұйымдарымен мақтанбады.

Осындай Спарта Пелопоннестегі полистердің жетекшісіне айналды. Ол тіпті бүкіл Грекияға ықпал етуге ұмтылды.



1. Б.з.б.VIII–VI ғасырларда Грекияда қандай өзгерістер болды?
2. Қала-мемлекеттер қалай қалыптасты?
3. Аристотель полис қандай болуы керек дейді?
4. Драконт заңына баға бер.
5. Солон жүргізген саясат қоғамға қандай өзгерістер әкелді? Біздің қоғамымызбен салыстыруға келетін тұсын байқадыңдар ма?
6. Клисфеннің жаңалықтарының мәні неде?
7. Спарталық билік неге олигархиялық деп аталады?
8. Спарталық тәрбиенің ерекшеліктері қандай?
9. Лаконикалық сөйлеу деген не? Сендер лаконикалық тұрғыда сөйлеуді қаншалықты меңгергенсіңдер?

§23.

ЕЖЕЛГІ ГРЕКИЯНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ҚҰРЫЛЫСЫ МЕН ШАРУАШЫЛЫҒЫ

Грек-парсы соғыстары. Бұл соғыс б.з.б. 500–449 жылдар арасында болды. Жарты ғасырдай уақытқа созылды. Ежелгі дүниедегі ең ұзаққа созылған соғыстың бірі еді.


Оқиға былай болды. Кіші Азиядағы (қазіргі Түркия) грек қалаларын б.з.б. VI ғасырдың 40–30 жылдары Кир (Кураш) атты парсы патшасы басып алған еді. Олар б.з.б. 500 жылы парсы өктемдігіне қарсы көтерілді. I Дарий Кіші Азиялық грек қалаларындағы көтерілісті аяусыздықпен басты.

Бұдан кейін балқандық Грекияны бағындыруды көздеді. Парсылар Эвбей аралын басып алып, Аттиканың солтүстік-шығысындағы Марафон жазығына келіп тұсті. Шайқас б.з.б. 490 жылы өтті. Нәтижесінде гректер жеңді.



Бұл маңызды!

Тірек сөздерді анықта.



Б.з.б. V ғасырдағы грек-парсы соғысы



Картаға қарап, грек-парсы соғысындағы ірі шайқас болған жерлерді анықта.

Бұл жеңісті хабарлау желаяқ *Фединиксе* тапсырылды. Ол Марафон жазығынан Афинаға дейін 42 км 192 м жүгіріп келіп, «Жеңіс!» деген сөзді айтып құлап түсті. Оның құрметіне Олимпиадалық ойындарда арнайы марафондық қашықтыққа жүгіру белгіленген.

Біліп жүр!

Б.з.б. 480 жылы көктемде Ксеркстің жорығы басталды. Гректер оны *Фермопиле* өткелінде тосты. Гректер жан аямай шайқасты. Ақыры парсылар орталық Грекияға өтті. Аттика мен оның орталығы Афины талқандалып, тоналды. Бұл құрлықтағы әскердің жағдайы еді.

Ал Саламин аралы маңындағы теңіз шайқасында гректер жеңіске жетті. Ксеркс әскерінің бір бөлігін Беотияда қалдырып, кері қайтты.

Екі ел арасындағы шайқастар теңізде болып жатты. Шешуші шайқастар болмағандықтан, соғыс әрекеттері ұзаққа созылды.

Ақыры б.з.б. 449 жылы гректер мен парсылар бейбіт келісімге қол қойды. Ұзаққа созылған бұл соғыс гректердің пайдасына шешілді. Бұл жеңіс гректердің одан әрі дамуына, шаруашылығының көркеюіне жол ашты.

Гректердің шаруашылығы. Б.з.б. V ғасырда Грекияда өзіндік шаруашылық жүйесі қалыптасты. Ол құл еңбегіне бағытталды.



Піл сүйегінен жасалған бедерлі Спарталық әскери кеме суреті

Үшкір тұмсықты әскери кеме алдағы жаудың кемесін зақымдап, суға батыру үшін қолданылған. Спартаның құрлықтық әскері, ал Афинының флоты мықты болды.

Бірлесе
жасаймыз!



Грек-парсы соғысының негізгі оқиғалар тізбегін жаса.



Нан пісіру



Астық, май сақтайтын ыдыс



Саламин бұғазындағы ұрыс

Б.з.б. V ғасырда Грекияның шаруашылық дамуында қол-өнер-сауда полистері жетекші орталықтар болды. Олардағы ауыл шаруашылығының ерекшелігі бірнеше саласының қатар өмір сүруінде еді. Мәселен, егіншілік, бау-бақша өсіру және мал бағу қатар жүрді. Арпадан пісірілген нан мен ботқа ежелгі гректердің басты тағамы еді. Күнделікті дастарқанында жемістер мен көгөністер де мол болды. Гректерде ет пен сүт басты тағам бола алмады. Көлік күші ретінде өгіз, есек және қашыр өсірілді. Киім тігуге қажетті жүн, тері үшін қой бағылды.

Сонымен, б.з.б. V ғасырдағы Грекия ауыл шаруашылығының ерекшеліктері:

1. Көпсалалылық сипаты, онда жүзім мен зәйтүн өсіру басым болды.
2. Құл еңбегін пайдалану.
3. Сату үшін өсіретін тауарлық сипат алды.

Б.з.б. V ғасырда Грекиядағы қолөнер мен сауданың дамуына қалалардың өсуі, олардағы тұрғындар санының артуы, қалалық өмірдің сұраныстары ықпал етті.

Сауда ісімен барлық тұрғын айналысты. Мысалы, егінші жүзім, зәйтүн, көгөністер сатып, қолөнер бұйымдарын, еңбек құралдарын сатып алатын. Ал қолөнерші өз өнімдерін өткізіп, азық-түлік алды.

Грекияда жақсы ұйымдастырылған, біршама қаржыны талап ететін тауарлы шаруашылық қалыптасты. Ол грек қоғамы мен мәдениетінің дамуына қолайлы жағдай жасады.

Грекияның саяси құрылысы. Саяси құрылысы бойынша гректік полистер екі түрге бөлінеді. Біріншісі – демократиялық құрылыстағы полистер. Екіншісі – олигархиялық басқарудағы полистер. Полистердің бұл басқару жүйелері әлеуметтік-экономикалық қатынастарының ерекшелігі барысында қалыптасты.

Шаруашылығы әсіресе қолөнері мен саудасы жақсы дамыған полистерде демократиялық басқару орнады. Оның тамаша мысалы Афиныдан көрінеді.

Ал олигархиялық жүйе көбінесе ауыл шаруашылық пен ескі қоғамдық қатынастар басым полистерде қалыптасты. Олигархтық басқару Спартаның саяси құрылысынан айқын байқалады.

Афиныдағы демократия оның ең дамыған және жетілдірілген түрі. Оның гүлденген уақыты б.з.б. V ғасыр болып есептеледі. Оның дамуы Солон заңдары қабылданған уақыттан басталып ұзақ кезеңнен өтті.

«Біздің мемлекеттік құрылыс басқа мекемелерге еліктемейді; біз басқаларға еліктегеннен гөрі, керісінше, басқалардың еліктеуі үшін үлгі қызметін атқарамыз. Біздің құрылыс демократиялық деп аталады, өйткені ол азаматтардың шағын тобына емес, көпшілігіне арқа сүйеді», – деді афиндік демократияның әйгілі көсемі Перикл.

«Азамат» ұғымы гректің саяси ойы мен полистік дүниетанымының тамаша жетістіктерінің бірі болды. Бір адам басқарған, монархиялық билік үстемдік еткен елдерде азамат ұғымы болмады. Ал афинылық азамат өмір тіршілігінің негізін құратын құқыққа ие тұлға еді.

Қоғамдық құрылысы. Грек қоғамы үш әлеуметтік топқа жіктелді. Олар: ұсақ ерікті өндірушілер, құлдар және үстем тап өкілдері.

Ұсақ ерікті өндірушілер грек полистеріндегі саны ең көбі саналды.

Грекиядағы ұсақ ерікті өндірушілерді екі үлкен топқа бөлуге болады. Біріншісі – азаматтық құқы барлар, ал екіншісі – азаматтық құқы жоқтар.

Азаматтық құқы барлар Халық жиналыстарына қатысты, мемлекеттік қызмет орындарына сайлана алды. Олар жалпы ел өмірінде маңызды рөл атқарып отырды.

Ал азаматтық құқы жоқтардың жағдайы ауырлау болды. Бұлар әдетте полиске сырттан келіп қоныстанғандар еді. Олар



Ежелгі Грекия қыш құмыралары

Тірек-сызба жаса!



Ежелгі Грекияның қоғамдық құрылысы.



Ежелгі Грекия күміс ақшасы

Еске түсір!



Парсылардың алтын ақшасы қалай аталды?



Халық жиналысы.
Перикл

ешқандай саяси іс-шараларға қатыстырылмады. Ауыр алым-салық төледі. Жер иелене алмады. Сондықтан да негізінен қолөнермен, саудамен айналысты.

Б.з.б. V ғасырда сауда-қолөнер полистерінде құл еңбегі өмірдің барлық саласында пайдаланылды. Полистерде құлдар негізінен грек емес халықтардан болды. Құлдар санын арттырудың негізгі үш көзі болды. Біріншісі, соғыс тұтқындары. Екіншісі, құлдарды сатып алу. Үшіншісі, құлдардың балаларын құлға айналдыру.

Құл қожасының меншігіндегі зат сияқты есептелінді. Оған өзінің малы мен еңбек құралы сияқты қарады. Сөйтіп, оларды ауыр да лас жұмыстарға салды.

Спартадағы *илоттар* мемлекеттің де және өздері жермен бірге берілген спарталықтың да меншігі саналды. Құлдардан айырмашылығы өзінің шаруашылығы, үйі, отбасы болды. Жеке ауыл болып өмір сүрді.

Грекияның билеушілер тобы жер иелерінен, ірі қолөнер шеберханасы немесе кемелері барлардан, қалталы байлар мен құлиеленушілерден тұрды. Ежелгі Шығыс елдерімен салыстырғанда полистердің аумағы шағын болды. Сондықтан да оларда өте ірі байлар сирек еді.

Грек полистерінде ірі байларға арнайы міндеткерліктер жүктелді. Ол бойынша кейбір ірі байлар қоғамдық мерекелер өткізуге міндетті болды. Екінші біреулері спорт мектептерін қамтамасыз етіп, жарыстар өткізіп отыратын. Ал үшіншілері әскери кемелер жасап, жабдықтауға тиісті еді. Бұл шаралар елдің жалпы дамуын қамтамасыз етуге бағытталды. Сонымен қатар ішкі әлеуметтік топтар арасындағы тартыстарды да бөсеңдетуге септігін тигізетін еді.

Полистер арасындағы күрес. Афины мен Спарта Грекиядағы ірі мемлекеттер еді. Полистер өздерінің саяси құрылысы бойынша осы екеуінің біріне арқа сүйеді. Демократиялық полистер Афины жағына топтасты. Ал олигархиялық полистерді Спарта біріктірді. Сөйтіп, жалпы грек полистері екі топқа жіктеліп, одақ құрды. Осы екі топтың жалпы Грекияға үстемдік ету үшін тартысы ірі соғысқа әкелді.

Б.з.б. 431 жылы басталған бұл күрес – Пеллопоннес соғысы деп аталды. 30 жылға созылды және барлық полистерді қамтыды. Соғыс барысында егістіктер тарталып, жүзімдіктер мен бау-бақшалар өртелді. Қалалар мен елді мекендер қиратылды. Көптеген азаматтар қырылды, қолға түскендері құлға айналды. Грекия күйзеліске түсті. Осындай жағдайда солтүстікте жаңа қуатты мемлекет бой көтеріп келе жатты. Ол Македония еді.



1. Картаға қарап, соғыс қимылдары туралы шағын әңгіме құрастырыңдар.
2. Марафондық қашықтыққа жүгіру кімнің құрметіне арналған? Марафон жарыстарын көрдіңдер ме? Біздің елімізде өткізіледі ме?
3. Грек полистері басқару жүйесі бойынша қандай түрлерге бөлінді? Неліктен?
4. Үстем тап өкілдерінің мақсаттарына талдау жасаңдар.
5. Грекия мен ежелгі Мысыр қоғамындағы құлдардың рөлін салыстыр.
6. Афины демократиялық билігінің ерекшелігі неде деп ойлайсыңдар? Солон және Клисфен заңдарын еске түсіріңдер.
7. Афинылық азамат ұғымының маңызы қандай? Біздің елдегі «азамат» ұғымымен салыстырыңдар.
8. Спартада қандай басқару органы болды?
9. Пеллопоннес соғысының салдары Грекия тарихына қандай өзгерістер әкелді?

Афины егіншілерінің өмірі мен тұрмысы

Афины егіншілері тау бөктерінде өмір сүрді. Оларға құнарсыз және азғана жер берді. Егіншілер осы жерден өнім алу үшін көп еңбек етті. Олардың жерді өңдеу үшін құрал-жабдықтары да жетпеді. Сондықтан құрғақшылық жылдары мүлдем өнім де алмаған. Қиыншылық басына түскен егінші көрші шонжарлардан қарызға астық алуына тура келген. Қарыз алғаны үшін егіншінің жеріне «қарыз тасын» қойған. Қарызын уақытылы төлей алмаса, шонжар егістік жерін алып қойған. Жерін алып қойған шаруа күнін көру үшін шонжарларға жалданды. Олар шонжарлардың жерін жыртып, егінін егіп, жүзім мен зәйтүн ағаштарын суарып, олардың жемістерін жинады. Жалданушы осындай қыруар жұмысқа мардымсыз еңбекақы алды.

Жері жоқ, әбден кедейленген егінші бірте-бірте құлға айналды. Оның балалары да құл болды. Шонжарлар құлды кез келген ауыр жұмыстарға салған.

Утченко С. Л. Ертедегі Грекия. А., 1958, 44–45-б.

Периклдің өмірінен

(Ежелгі грек жазушысы Плутархтың әңгімесінен)

Бір күні алаңда бір есерсоқ, алаңғасар адам Периклді көре салып, оны балағаттай жөнелген. Бұл жағдайда Перикл сабырлылық танытып, үндемеген.

Кешке қарай үйіне қайтып келе жатқанда, әлгі адам Периклдің соңынан жүріп, ең тұрпайы балағат сөздерімен жәбірлеген.

Түн қараңғылана бастаған уақыт еді. Перикл үйіне кіреберісте өзінің күндерінің біріне былай деп тапсырма берген екен: «Қолыңа шамшырақ алып, ана кісіні үйіне дейін шығарып сал. Еш жерге құлап қалмасын, мұқият қадағала».

Трухина Н. Н. Ежелгі Грекия тарихы. М., 1996. 132–133-б. (орыс тілінде).



Периклдің бұл қызметінен нені көреміз? Өздерің қорытынды жасаңдар.

§24.

ЕСКЕНДІР ЗҮЛҚАРНАЙЫН (АЛЕКСАНДР МАКЕДОНСКИЙ) МЕМЛЕКЕТІ

Македонияда мемлекеттің қалыптасуы. Грекияның солтүстігінде Македония орналасты. Өзінің табиғи-географиялық жағдайы бойынша екі бөлікке бөлінді. Олар таулы аудандар және теңіз жағалауындағы жазықтықтар еді.

Македониядағы билікті күшейту бағытында белсенділік көрсеткен алғашқы патшаның бірі *Архелай* (б.з.б. 419–399 ж.) болды. Ол Пелланы жаңа астана ретінде қалыптастырды.

Македонияның дамуында маңызды рөл атқарған келесі патша II Филипп (б.з.б. 359–336 ж.) болды. Ол жас кезінде бірнеше жыл Грекияда тұрды. Билікке келген II Филипп өзіне дейінгі билеушілердің бір орталыққа бағынған мемлекетті құру ісін аяқтады. Биліктік бұл түрі *монархия* деп аталады. *Монархия* бір адамның билігі дегенді білдіреді.

II Филипп қалалар салуға көп көңіл бөлді.

Эгей теңізінің солтүстік-батыс аймағындағы алтынға бай Пангей кен орындарын басып алды. Ақша реформасын жасап, алтын теңгелер шығартты. Құрамындағы алтын таза болғандықтан ол теңгелер халықаралық саудада ерекше орын алды. *Филиппик* деп аталған бұлар I Дарийдің алтын теңгелерін ығыстырды.

Гректердің және македондықтар әскери ұйымының жақсы жақтарын алып әскери реформа жасады. Әскер фаланга түрінде 16 қатар сапқа тұрды. Олар қолдарында ұзын найза, қалқан ұстап, бастарына дулыға мен үстіне сауыт киді. Ақсүйектерден атты әскер жасақталды. Әскерлердің барлығы қатаң тәртіпке бағындырылды. Бұл сол замандағы мықты әскери құрылым еді.



Бұл маңызды!

Тірек сөздер:

- ❖ Архелай
- ❖ II Филипп
- ❖ Ескендір Зұлқарнайын
- ❖ Гавгамел түбіндегі шайқас
- ❖ «Гордий түйіні»
- ❖ Исса түбіндегі шайқас

Осы реформалардың нәтижесінде IV ғасырдың ортасында Македония Балқан түбегіндегі қуатты мемлекетке айналды. II Филипп біртіндеп Грекияны басып алды. Бұдан соң Парсы патшалығына қарсы жорыққа дайындалды. Бірақ оны біреу қастандық жасап, өлтіріп кетті. Таққа оның 20 жастағы ұлы Ескендір (Александр) отырды.

Ескендір Зұлқарнайын және оның Шығысқа жорығының басталуы. Ескендір Зұлқарнайын жігерлі, батыл, өте қабілетті, бірақ қатал әрі мақтан сүйгіш еді. II Филипп әйгілі ғұлама-ғалым Аристотельді 13 жастағы Ескендірді оқытып, тәрбиелеуге шақырды. Ол бірнеше жыл Ескендірді ғылым мен өнердің барлық салаларымен таныстырды. Ескендір әсіресе «Илиада» дастанын жақсы көрді, тіпті үзінділерін жатқа айта алды.

Б.з.б. 334 жылы грек-македон әскерлері Кіші Азияға басып кірді. Парсылар Граник өзенінің бойында күтіп тұрды. Шайқас барысында грек-македон әскерін жеңді. Ондағы кейбір қалалар соғыссыз берілді.

Гордион қаласына келгенде Ескендірге арбаға байланған түйінді көрсетеді. Аңыз бойынша, оны осы аймақтың ежелгі патшасы Гордий байлап кеткен екен. Шешкен адам бүкіл Азияны билейтін болады депті. Содан бері түйінді ешкім шеше алмапты. Ескендір де оны шеше алмайды. Ашуланған ол түйінді кескілеп тастайды. Содан бері ешбір шешілмейтін мәселе – «гордий түйіні» деп аталып келеді.

Парсылармен екінші шайқас б.з.б. 333 жылы күзде Исса қаласы түбінде болды. Парсылар тағы да жеңілді.

Одан ары оңтүстікке жылжи отырып, Сирия мен Финикия жерлеріне кірді. Мұнда да кейбір қалалар еркімен беріліп, кейбіреулері қарсылық көрсетті. Ең қатты қарсылық көрсеткен Тир қаласы болды. Ол 7 ай бойы берілмеді. Ақыры қоршауға ала отырып, басып кірген жаулаушылар қаланы тонап, талқандады.

Б.з.б. 332 жылы Мысырға келгенде Ескендірді парсы езгісінен құтқарушы ретінде қарсы алды. Мысыр абыздары оны перғауын деп жариялады. Ніл өзені атырауында Александрия атты жаңа қала салынды. Бұл оның бағындырған елдерінде салдырған осы аттас қалаларының алғашқысы еді.

Парсы патшалығын бағындыру. Б.з.б. 331 жылы көктемде Ескендір Мысырдан шығып, Қосөзен бойына беттеді. *Гавгамел*



Ескендір
Зұлқарнайын
(А. Македонский)



Біліп жүр!

Абай Құнанбаев
«Ескендір» поэмасын
жазған. Үзіндісін
оқып шық.



Ескендір
Зұлқарнайын
Исса шайқасында

деген жерде ірі шайқас болды. Екі жақ та аянбай соғысты. Жеңіс бірде ана жаққа, бірде мына жаққа ауысып отырды. Бірақ Ескендір шешуші соққы бере алды. Парсы патшасы III Дарий тағы алды-артына қарамастан қаша жөнелді. Парсылар тас-талқан болып жеңілді.

Ескендір еш кедергісіз Вавилон қаласына кірді.

Бірақ парсы патшасы III Дарий жаңадан әскери күш жинап жатқан болатын. Ескендір оған қарай аттанды. Оның келе



Картаға қарап,
шағын әңгіме
құрастыр.
Ескендірдің құрметіне
салынған қалаларды
анықта.



Ескендірдің Шығысқа жорығы

жатқанын естіген III Дарий тағы да қаша жөнелді. Бірақ ол кешікпей өз адамдарының қолынан қаза тапты. Бұл б.з.б. 330 жылдың жазы еді.

Сонымен, Ескендір парсы патшалығының орасан зор аумағын бағындырды. Іс жүзінде оның парсылардан кек алу туралы мақсаты орындалды. Бірақ ол мұнымен тоқтамады. Одан ары шығысқа қарай жорыққа шығуды ойластырды.

Әскердегі наразылықтар, соғыстың аяқталуы. Македондық ақсүйектерге Ескендірдің жергілікті ақсүйектерді өз жағына тартуы, олардың дінін құрметтеуі ұнамады. Олар бұрынғы македондық дәстүрлердің сақталуын қалады.

Орта Азиядағы үш жыл кезінде шешуші шайқас болмады. Осы кезде Ескендірге қарсы әрекеттер күшейе түсті. Кейбір өзінің сенімді деген қолбасшыларының өзі наразылықтарын ашық айта бастады.

Мәселен, б.з.б. 328 жылы Ескендір Марақандта (қазіргі Самарқан) өзінің сенімді қолбасшыларының бірі Клитті өлтірді. Ол Ескендірдің айналасына «варварлар мен құлдарды» топтағанын айтқан еді. Бұл айыптауға шыдамаған ашуланшақ патша, өзін Граник түбінде ажалдан алып қалған Клитті өлтіріп тастады.

Орта Азияда жеңіске жете алмаған, әскері арасында наразылықтар басталған соң оңтүстікке бет алды. Үндістанды басып алып, олжаға кенелеміз деп ойлады. Б.з.б. 327 жылы



Грек-македондық жауынгерлердің әскери қару-жарақтары

Пікірің қажет!



Егер Ескендірдің орнында болсаң, Клиттің айтқан сөздеріне қандай жауап қайтарар едің?

Сызбамен жұмыс!



Ескендірдің өмірінде болған негізгі оқиғаларды тарихи уақыт сызығына түсір.

басталған бұл жорық екі жылға созылды. Жолда жергілікті халықтардың қатты қарсылығына тап болды. Ақыры Үнді өзені бойына жетті. Жауынгерлер бұдан ары жүруден бас тартты. Ескендірдің қорқытуын да, уәдесін де тыңдамады. Ол кері қайту туралы шешім қабылдауға мәжбүр болды. Б.з.б. 324 жылы Қосөзенге қайтып келді. Он жылға созылған жорық аяқталды.

Ескендір Вавилонды жаңа, орасан зор империяның астанасы деп жариялады. Бірақ оның билігі көпке созылмады. Б.з.б. 323 жылы ол кенеттен науқастанып қайтыс болды. Бағындырған елдері бірнеше патшалыққа ыдырап кетті. Оларды сенімді қолбасшылары өзара бөлісіп алды.



1. II Филипп патшаның саясатына баға беріңдер.
2. Ескендір Кіші Азияны қалай жаулап алды? «Гордый түйіні» деген нені білдіреді?
3. Ескендірге қарсы наразылықтар мен қастандықтардың орын алуының себептері қандай?
4. III Дарийдің іс-әрекеттеріне көзқарастарың қандай?
5. Үндістанға жасалған жорықтың сәтсіз аяқталуына әсер еткен факторларды атаңдар.
6. Ескендір жорықтарының салдарлары мен маңызы туралы не ойлайсыңдар?

Ескендірдің жастық шағы

Македонияның патшасы Филиппке тамаша, бірақ үйретілмеген Буцефал деген атты сатып алуды ұсынады. Атты қаланың сыртындағы кең жазықта сынамақ болады. Атты сынауға патшаның өзі де қатысады. Буцефалды үйретеміз деп талаптанған шебер шабандоздардың бірде-бірін ат қасына жолатпайды.

Қатты ашуланған патша атты алып кетіңдер деп бұйырады. Сол кезде патшаның Ескендір деген ұлы: «Қорқақтық әрі үйрете білмегендіктің салдарынан осындай тамаша аттан айырыламыз-ау» – дейді. Филипп сонда баласына: «Өз қолыңнан келмейтін болған соң, үлкендерге күліп нең бар?», – дейді ашуланып. Сонда Ескендір: «Егер де әке, сіз рұқсат етсеңіз, мен үйретемін», – деп сеніммен жауап береді.

Сол арада-ақ Ескендір Буцефалдың жанына жасқанбай жетіп барып, шаужайынан шап беріп ұстай алады да, басын күнге қарсы қарата бұрып, ұстап тұрады, өйткені ол бұл аттың өз көлеңкесінен үркетінін байқап қалған еді. Содан кейін бала атты еркелетіп, сипап тұрып, кенеттен оған қарғып мініп алады. Ат аспанға шапшып, бір орында шыр айнала мөңкіп, Ескендірді ұшырып жібере жаздайды. Жас бала асау атты өз ырқына көндіріп, үстінде нық отырған болатын. Мұны көрген халық және Филипп патша кереметтей қайран қалып, шексіз қуанады. Ескендір сол кезде небәрі он екі жаста еді.

Утченко С. Л. Ертедегі Грекия. А., 1958. 215-б.

Абай
Ескендір
(үзінді)

Осы жұрт Ескендірді біле ме екен?
Македония шаһары – оған мекен.
Филипп патша баласы, ер көңілді,
Мақтан сүйгіш, қызғаншақ адам екен.

Филипп өлді, Ескендір патша болды,
Жасы әрең жиырма бірге толды.
Өз жұрты аз көрініп, көршілерге
Көз алартып қарады оңды-солды.

Сұмдықпен ғаскер жиып қаруланды,
Жақын жерге жау болды, тұра аттанды.
Көп елді күтінбеген қырды, жойды,
Ханды өлтіріп, қаласын тартып алды.

Жазасыз жақын жердің бәрін шапты,
Дарияның суындай қандар ақты.
Шапқан елдің бәрін де бодам¹ қылып,
Өкіметін қолына тартып апты.

Ескендір елде алмаған хан қоймады,
Алған сайын көңілі бір тоймады.
Араны барған сайын қатты ашылып,
Жердің жүзін алуға ой ойлады...

¹ Бодам, бодан – орыстың «подданный» деген сөзінен шыққан.

*Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының
екі томдық жинағы. Т.2, Алматы, 2005, 64-б.*



Бұл маңызды!

Тірек сөздер:

- ❖ Геродот
- ❖ Фукидид
- ❖ Ксенофонт
- ❖ Демокрит
- ❖ Сократ
- ❖ Платон
- ❖ Аристотель

Пікірің қажет!



Геродоттың «Тарих атасы» атауының мәнін түсіндір.

VIII ТАРАУ


ЕЖЕЛГІ ГРЕКИЯ МӘДЕНИЕТИ

§25.

ЕЖЕЛГІ ГРЕКИЯ ТАРИХШЫЛАРЫ МЕН ФИЛОСОФТАРЫ

Әйгілі грек тарихшылары. Геродот. Гректердегі алғашқы көлемді тарихи еңбек жазған адам Геродот (б.з.б. 485–425 ж.) болды. Оны сол ежелгі замандардан-ақ *«тарихтың атасы»* деп атаған.

Геродот Кіші Азиядағы Галикарнас қаласында, ауқатты отбасында дүниеге келген. Жақсы білім алған. Өз қаласындағы саяси күрестерге қатысқан. Сол үшін жеңген қарсы топ өкілдері Геродотты елден қуған. Ол көптеген елдерді аралаған. Жерорта теңізінің шығысындағы елдерде, Вавилонда, Мысырда болды. Қара теңіз жағалауы елдерінде, Грекияда да болды. Сол елдер мен олардың тарихы туралы мәліметтер жинады. Оны әсіресе шағын ғана Грекия алып Парсы патшалығын қалай жеңді деген мәселе қызықтырды.



Геродот

Есейген шағында Афины қаласында тұрды, Периклмен достық қатынас орнатты. Оның «Тарих» атты еңбегі тоғыз кітаптан тұрады. Ол негізінен грек-парсы соғысына арналған еді. Алғашқы 4 кітабында Кіші Азия, Вавилон, Мидия, Мысыр және скиф халықтарының тарихы баяндалады. Ал қалған 5 кітабында грек-парсы соғыстары сипатталған.

Кітабын жазу барысында жиналған мәліметтерді іріктеп, талдай отырып пайдаланған. Болған оқиғаларды жазуға ұмтылған. Бірақ кейде мифтік және күмәнді мәліметтер де кездеседі. Жалпы алғанда, сыни талдаулары, жүйелі тұжырымдары, әдеби көркем сипаттауы оның еңбегін құнды туындыға айналдырды. Бүгінгі күнге дейін көптеген елдердің зерттеушілері оны өз халықтарының ежелгі тарихын жазу үшін пайдаланып келеді.

Келесі бір грек тарихшысы **Фукидид** (б.з.б. 460–396 ж.). Ол тамаша білім алған. Афиныда жауапты қызметтер атқарған.

Тіпті жоғарғы әскери қызметте *стратег* болған. Бірақ б.з.б. 424 жылы Спартамен соғысты сәтсіз жүргізгені үшін Афиныдан қуылды. Македонияның солтүстігіндегі Фракияға қоныс тепті. Сөйтіп, ол да «Тарих» атты кітап жазды. Егер Геродот кейбір аңыздарды пайдаланса, Фукидид тарихи деректердің өзін қатаң түрде тексеріп іріктеді. Күмәнді мәліметтерді алып тастады. Пелопоннес соғысының б.з.б. 431–411 жылдар арасындағы оқиғаларды қамтитын тарихын жазды. Бірақ 8 кітаптан тұратын еңбек аяқталмай қалды.

Ол соғыс қимылдарын мұқият жазумен шектелмейді. Соғысушы елдердің ішкі өмірі туралы да баяндайды. Грек тарихшыларының арасында алғашқылардың бірі болып полистердің дамуындағы әлеуметтік күрестің маңызын ашып көрсетті. Әсіресе соғыстың орасан зор қиындықтарға, жоқшылыққа алып келетінін баса сипаттады. Гректерді бейбіт түрде бірігуге шақырды.

Ксенофонт (б.з.б. 430–355 ж.) Афиныда дүниеге келген. Бірақ Афиныдан қуылып ұзақ уақыт Пелопоннесе тұрған. Спарта әскерінің құрамында шайқастарға қатысқан. Тәжірибелі саясаткер және жауынгер болды. Ол бірнеше еңбек жазып қалдырды. Соның ішінде «Грек тарихы» атты шығармасында Фукидидтің еңбегін жалғастырады. Б.з.б. 411 жылдан 362 жылға дейінгі оқиғаларды баяндайды. Бірақ ол мұқият талдау жасамаған. Кейбір оқиғаларды жазбай кеткен. Сыни көзқарас жетіспейді. Спарта мен оның саясатын дәріптеуге тырысқан. Оның еңбегінің құндылығы өзі қатысқан, көрген және білген оқиғаларды баяндауында.

Әйгілі грек философтары. Демокрит (б.з.б. 460–370 ж.) жас кезінен-ақ көптеген ғылым салаларын жақсы оқып-үйренген. Әсіресе физика мен математиканы жетік білген. Сонымен қатар музыкамен және поэзиямен айналысқан. Терең ойшыл, еңбекқор болып өскен. Бізге оның сол заманның өзінде 300-дей еңбек жазғаны белгілі.

Ол дүниенің негізі атомдардан – ең ұсақ, одан әрі бөлінбейтін бөлшектерден тұрады дейді. Бұл ғылымда *атомдық теория* деп аталады. Ал Демокрит сол теорияны негіздеушілердің бірі деп есептеледі. *Атом* грекше *бөлінбейтін* деген ұғымды білдіреді. Демокриттің түсінігінше, атомдар үнемі қозғалыста болады. Олардың қосылуынан, соқтығысуынан әртүрлі зат-

Ойталқы!



Фукидидтің тарихты жазудағы өзіндік ерекшеліктерін сипатта.

Баға бер!



Ксенофонт жазбаларының кемшілігі мен артықшылықтарын сарала.


тар дүниеге келеді. Барлық зат атомдардан тұрады. Атомдардың үнемі қозғалыста болуы – заңдылық. Атомдар мен олардың қозғалысы мәңгілік.

Сократ (б.з.б. 469–399 ж.) Афиныдағы мүсіншінің отбасында дүниеге келді. Жас кезінде өнерден сабақ алды. Ойшыл-ғұламаларды тыңдап өсті. Бірнеше шайқаста ерлік көрсетіп көзге түскен батыл адам еді. Бірақ бейбіт уақытта кедейдің өмірін сүрді. Қымбат сыйлықтардан бас тартып отырды. Өрқашан жалаңаяқ, ескі киіммен жүрді. Ешқашан Аттікадан кетпеді. Өсіресе пікірталасушы ретінде аты көпке мәлім болды. Бірақ ешқандай еңбек жазбады. Оның көзқарастары мен тұжырымдары бізге шәкірттері арқылы жетті. Б.з.б. 339 жылы оған грек құдайларын құрметтемейді, жаңа құдайлар ойлап табады, жастарды азғырады деген айып тағылды. Осыдан соң ол у ішіп өлді.

Ол өзінің шәкірттерін шындыққа диалог арқылы қол жеткізуге үйретті. Алдымен жалпы сұрақ қойды. Оған жауап алған соң тағы анықтаушы сұрақ қойды. Осылайша, айқын жауап алғанға дейін сұрақ қоя берді. Осының барысында ол сана мен ойдың шындықты айқындаудағы маңызын ерекшелеуге ұмтылды.

Платон (б.з.б. 427–347 ж.) – Сократтың шәкірті, Аристотельдің ұстазы. Ол ақсүйектер отбасында дүниеге келген. Б.з.б. 408 жылы Сократпен танысады.

Оның шәкіртіне айналады. Сократ қайтыс болған соң, Мысырға, Сицилияға барып, білімін толықтырады. Оның айтуынша, затты мазмұны мен мәнін толық танығанда ғана біле аламыз. Ал заттың мазмұны мен мәні тек ой, идея арқылы ғана танылады. Демек, зат емес, идея, ой – басты болып табылады.



Платон

Платон адамның жаны мен тәні, денесі туралы өзіндік ой айтады. Жан мен тәнді бір-біріне қарсы қояды. Тән, дене өледі, ыдырайды. Ал жан өлмейді, мәңгілік өмір сүреді.

Платонның егде тартқан шағында полистерде дағдарыс басалды. Бұл оның жаңа еңбектер жазуына ықпал етті. Ол мемлекет және ондағы әлеуметтік жағдай қандай болуы керек деген мәселені айқындауға тырысты. Сөйтіп, өте жақсы полис, мінсіз қоғамның сипаттамасын жасады.

Барлық тұрғындар үш әлеуметтік топқа бөлінуі керек. Олар:

1. Басқарушы топты құрайтын билеуші-философтар мен әскери жасақтар.
2. Жұмысшылар тобы.
3. Құлдар.

Бірінші топтағылар өз тәртібі бойынша өмір сүреді. Жекеменшігі, отбасы болмайды. Толықтай мемлекеттің қамқорлығында болады. Ал жұмысшылардың жекеменшігі мен отбасы болады. Өздерінің тұратын аймақтарында мамандықтары бойынша жұмыс істейді.

Олардың арасынан ерекше бақылаушылар белгіленеді. Бұлар жұмысшыларды бақылайды. Нарықтық қатынастарды реттеп отырады. Ал құлдар ауыр еңбекті атқаруға міндетті. Осындай қатаң әлеуметтік жіктелу мен тәртіп полистерді дағдарыстан және ыдырап кетуден сақтайды.



Кім алғыр?

Демокрит
Аристотельден 32
жас үлкен, ал
Фукидид
Ксенофонттан 30
жас кіші.
Солай ма?



Аристотель

Аристотель (б.з.б. 384–322 ж.) дәрігердің отбасында дүниеге келді. Әкесі Македон патшасының сарайында дәрігер болды. Алғашқы тәлімгері әкесі еді.

Жас шағында грекше терең білім алды. Өсімдіктер мен жануарлар туралы кітаптарды көбірек оқыды. Афиныдағы Платонның Академиясында білімін жетілдірді. II Филипптің шақыруымен Ескендірге (Александр Македонский) тәрбиеші болды. Б.з.б. 335 жылы Афиныға қайта оралып, өзінің мектебін ашты.

Аристотель – кең ауқымды философиялық жүйе құрған алғашқы ойшыл. Жан-жақты білімі бар ірі ғалым. Оның философиясы көптеген ғылым салаларын қамтыды. Әлеуметтану, саясат, логика мен физика, астрономия, медицина, өсімдіктану салаларында да көптеген зерттеулер жүргізді.

«Саясат» атты еңбегінде мемлекеттің *дұрыс және дұрыс емес* түрлері болады дейді. Дұрыс түрлеріне *монархия, аристократия*, ал дұрыс емес түрлеріне *тирандық, олигархия* жатқызылады. Тарихи дамудың барысында олардың бірінен екіншісіне өтіп отыруы мүмкін дейді.

Аристотельдің еңбектерін көптеген ғалымдар оқып-үйренді. Сондықтан оны **адамзаттың бірінші ұстазы** деп мойындады. Аристотель еңбектеріне терең талдау жасап, түсініктемелер бере отырып жаңа философиялық тұжырымдар жасаған Әл-Фараби (870–950 ж.) болды. Әл-Фараби еңбектерін де дүниежүзі ойшылдары пайдаланып, оны **адамзаттың екінші ұстазы** деп таныды.



Ғалымдарды туған жылына қарай тарихи уақыт сызығына орналастыр.



Бұл маңызды!

Тірек сөздер:

- ❖ Грек мектептері
- ❖ Палестра
- ❖ Гимназия
- ❖ Лицей
- ❖ Академия
- ❖ Пифагор
- ❖ Фалес
- ❖ Гиппократ



Сен қандай жыр-дастанды білесің?

?!

1. Геродот скифтер туралы не дейді? Қазақстан тарихы мәліметтерімен салыстыр.
2. Фукидид еңбегінің Геродоттан айырмашылығы неде?
3. Ксенофонт еңбегі неге Фукидидтің жалғасы деп есептеледі?
4. Демокриттің «атомдық теориясы» деген не?
5. Платонның «мінсіз қоғамына» көзқарастарың қандай?
6. Аристотельді неге жан-жақты ғалым дейді? Грек полистері туралы ойы қандай?

§26.

ЕЖЕЛГІ ГРЕКИЯДАҒЫ БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ

Ежелгі Грекиядағы білім. Ежелгі гректерде білім мен тәрбие беру жүйесі үш сатыдан тұрды Бірінші сатысында – мектеп жасына дейінгі 3–7 жасар балаларға тәлім-тәрбие берілді. Екінші сатысында – 7–12 жастағы балалар оқытылды. Ал 12 жастан бастап палестраларды оқыды. Грекше *пале* – күрес деген сөз. Бұл білім жүйесінің үшінші сатысына өткендікті білдіреді.

Грек азаматтарының балаларын 3 жасынан бастап, арнайы тәрбиешілер үйде оқытып-үйретті.


Мұндай тәрбиешілер *педагог* деп аталды. Олар балаларға сурет салуды, сазбалшықтан ойыншықтар жасауды үйретті. Балалар әдепті болуға, ретсіз сөйлемеуге, үлкенді сыйлауға тәрбиеленді.

Жасы 7-ге толған бала жазу жазуды, кітап оқуды, сандарды санауды, сурет салуды үйренді. Грек әліпбиі өзінің негізін Криттегі жазудан алады. Ал криттіктер жазу жүйесін оңтүстік-батыс Азия елдерінен үйренген еді. Гректер көбінесе балауыз жағылған тақтайшаға жазды. Ол үшін ұшы үшкір, бізге ұқсас темірді пайдаланды. Бұл жазу құралын *стиль* деп атады.

Гректер «Илиада» және «Одиссея» жырларын жатқа айтатын. Онысын мақтан тұтқан. Бұл жырларды б.з.б. VIII ғасыр шамасында өмір сүрген ақын **Гомер** шығарған.

Би билеп, өн айтуды, лира атты музыкалық аспаптарында ойнауды үйренді.

Палестрада жас ерекшелігіне қарай денешынықтыру жаттығуларын жасады. Өсе келе жүгіру, күрес, секіру, найза және диск лақтыру сияқты спорт түрлерімен айна-



Гомер

лысты. Гректер жастардың өз полисін мақтан етуіне, оны қорғауға дайын болып өсуіне көп көңіл бөлетін. Сондықтан балаларды жасынан-ақ епті, батыл және қайратты етіп өсірді. Әсіресе Спартада бұған баса мән берілді.

Ежелгі Грекияда полис азаматтарының ғана балалары оқытылды. Құлдар мен илоттардың балалары мектептерде оқи алмады.

Гимназия, лицей, академия. Ежелгі Грекияда әртүрлі қоғамдық ойындар жиі өткізіліп тұратын. Ол ойындардың көркі спорттық жарыстар мен сайыстар болды. Спорттық жарыстардағы жеңімпаздарды бүкіл ел болып құрметтеді, мақтан тұтты.



Ежелгі грек мектептерінің сатылары мен қазақстандық білім алу жүйесін салыстыр.



Көне грек жазуының үлгісі

Сондықтан да ересек балалар мен жастардың спортпен арнайы айналысуы үшін гимназиялар ашылды. Гимназия және гимнастика сөздерінің түбірі бір. Гимназияға 18 жастан бастап қабылданатын. Олар денешынықтырумен, спорт түрлерімен айналысып қана қоймай, өзара жарысып та отырды. Оларды жаттықтырушылар ұйымдастырып, өткізді. Грек гимназияларында әдебиет, философия, музыка да оқытылды.

Оқушылардың жаттығуына және білім алуына көбірек мүмкіндік туғызу үшін гимназияларды әдетте қала сыртына салатын. Өйткені оқу ғимаратымен қоса, стадион, хауыз, саялы бақ болуы керек еді. Сабақтар әсіресе философия бойынша пікірталас түрінде өтетін.

Гимназия шәкірттері атақты философтардан, шешендерден дәріс алды. Ақиқатты, шындықты айқындауға ұмтылды. Гимназияны бітіргендер тамаша шешен, әділ сот болып шығатын. Олар мемлекетті басқару орындарында да қызмет істейтін.

Ғылыми ой дамыды, жекелеген ғұламалардың білімі терең әрі ауқымды болды. Олар өздерінің білім орталықтарын ашты. Бұлардың негізгі бағыты ғылыми білімді тереңдете, арнайы оқытып-үйрету еді.

Мәселен, Платон б.з.б. 387 ж. Афиныға оралады да, өзінің мектебін ашады. Осы академияда Аристотель білім берудің жолдарын жақсы меңгерді. Ол өзі ашқан мектебін *лицей* деп атайды. Онда тек философиядан ғана емес, физика, математика, өсімдіктану, медицина, саясат және этика ғылымдарынан да



Дәріс беру.
Ежелгі грек мектебі



Балауыз жарылған тақтайша мен стиль

білім берді. Бұл Аристотель мектебінің ерекшеліктерінің бірі еді. Оның шәкірттері ғылыми білімнің көптеген салалары бойынша жаңалықтар ашты.

Әйгілі грек ғалымдары. Ежелгі гректерде алғаш ғылыми білімдер философияның құрамында қарастырылды. Ғылыми білім бірте-бірте кеңейе түсті. Соның барысында олар философиядан бөліне бастады. Математика, өсімдіктану, медицина саласымен арнайы айналысатын ғалымдар пайда болды. Олар *Пифагор*, *Фалес*, *Гиппократ* сияқты әйгілі грек ғалымдары еді.

Пифагор (б.з.б. 540–500 ж.) Самос аралында дүниеге келген. Оның өмірбаяны туралы мәліметтер аңызға толы. Ол бірнеше жыл Мысыр мен Вавилонда болады. Ежелгі шығыстың ғұламаларын тыңдап, ғылым-білімін үйренген ол ғұлама ретінде танылды. Одан дәріс алу үшін тіпті Грекиядан біраз адам арнайы келеді.

Оның ғылыми көзқарастары философиямен байланысты болып қала берді. Ол тіпті математика білімін философиямен байланыстырды. Мәселен, «дүниенің негізі сандардан құралады, дүниеде барлығы өзгеріп отырады, тек сандар ғана өзгермейді», – деді. Оның бұл тұжырымдары Платонның жан туралы ойларына ұқсайды.

Пифагордың тік бұрышты үшбұрыштың қабырғалары туралы теоремасы бүгінгі күнге дейін қолданылып келеді. Теорема деп дәлелденген заңдық құқы бар қорытындыны айтады. Пифагор математикалық білімнің дамуына үлес қосқан ғалым болды.

Фалес (шамамен б.з.б. 624–546 ж.) аумақты отбасында дүниеге келген. Кіші Азиядағы Милет қаласында жақсы білім алған. Саудагер бола жүріп көп ел аралаған. Мысырдың Фивы, Мемфис сияқты ірі қалаларында тұрған. Олардағы абыздардан білім алған. Мысырдан геометриялық білімді алып келіп, гректерге таныстырған. Б.з.б. 585 жылы Милетте болған күн тұтылуын алдын ала болжап айтқан. Бұл оның атының кең тарауына әсер еткен.

Фалес ашты деп есептелетін бірнеше теорема бар. Оның біреуі: тең бүйірлі үшбұрыштардың бұрыштары бірдей дейтін теорема. Ал екіншісі шеңбердің тура ортасынан өтетін диаметрі, оны теңдей екі бөлікке бөледі деген теорема.

Көмек керек!




Фалес ашқан теоремаларды тексеріп көр.

Аңыз бойынша, Фалес өз білімімен Мысыр перғауынын таңғалдырған. Пирамиданың биіктігін есептеп берген. Фалес туралы Аристотель жиі айтатын бір әңгімеде былай делінеді. Бірде бір кісі Фалестің кедейлігін арқау етіп, философияның тиімсіздігі туралы сөз етеді. Сонда Фалес жұлдыздарға қарап отырып, келесі жазда зәйтүндердің жақсы шығатынын болжайды. Алдын ала қыс кезінде-ақ майтартқыштарды өте арзан бағаға жалға алып қояды. Ал жазда оған сұраныс артқан кезде бірнеше есе қымбатқа жалға береді. Көп ақшаға ие болады. Сөйтіп, қаласа философтың да бай бола алатынын дәлелдейді. Бірақ философтың мақсаты баю емес екенін көрсетеді.

Гиппократ (шамамен б.з.б. 460–377 ж.) – әйгілі грек емшісі, дәрігер. Оның есімімен дәрігердің жоғары моральдық бейнесі, мінез-құлық этикасы тікелей байланысты. Гиппократ анты бүгінге дейін қолданылып келеді. Ол барлық елдің дәрігерлері диплом алар кезде қабылдайтын ант. Онда жұмыс барысында дәрігер ұстануы керек қағидалар көрсетілген.

Одан қалды делінетін бірнеше нақыл сөздер бүгін де айтылып жүр. Солардың бірнешеуіне тоқтала кетейік. «Дәрігер емдейді, табиғат жазды», «Өмір қысқа, өнер мәңгілік», «Медицина – ғылымдардың ішіндегі ең қайырымдысы» және т.б.



Гиппократ

Ол аурудың себептерін табиғи жағдайдан іздеу керек екендігін көрсетті. Ауру дұрыс тамақтанбауға, адамның өмір-салтына, әдеттеріне байланысты деді.

Гиппократ дәрігер үшін көптеген өсиет айтып кетті. Мәселен, зиян келтірмеу туралы былай дейді: «Мен ауруға пайдалы тәртiптi белгiлеймiн. Өзiмнiң күш-қуатым мен түсiнiгiме сай қандай да бiр зиян келтiруден немесе әдiлетсiздiктен бас тартамын».



1. Грек мектептерін сатысымен әңгімелеп берiңдер.
2. Ғылыми бiлiмдердiң қандай түрлерi дамыды?
3. Грек мөдениетiнiң маңызы неде?
4. Фалес туралы Аристотель әңгiмесiнiң басты тұжырымы неде деп ойлайсың?
5. Гиппократ қалдырған нақыл сөздер нелiктен әлi күнге дейiн өмiршеңдiгiн жоғалтпады деп ойлайсың?



Дәрігер туысың болса, «Гиппократ аятын» сұрап көр.



Бұл
маңызды!

Тірек сөздер:

- ❖ Литургия
- ❖ Олимпиада ойындары
- ❖ Олимп
- ❖ Прометей туралы аңыз
- ❖ Геракл туралы аңыз
- ❖ Театр
- ❖ Комедия
- ❖ Трагедия

Анықта!



Олимпиада эмблемасының шығу тарихы қандай?

§27.

ЕЖЕЛГІ ГРЕКИЯНЫҢ ӨНЕРІ

Күнделікті өмірі. Грек полистерінің азаматтары жергілікті тұрғындар еді.

Гректер байлық жигандар мен салтанатты өмір сүруге ұмтылғандарды ұнатпады. Бай азаматтар байлығының бір бөлігін қоғамның қажеттілігіне жұмсауға міндетті болды. Оны *литургия* деп атады. Ол кеме жасау, қоғамдық ойындар өткізу және т.б. іске жұмсалды.

Әрбір азамат өз полисін мақтан тұтты және оны қорғауға дайын тұрды. Себебі ол полисін басқаруға, оны дамытуға тікелей атсалысатын еді.

Грек шаруалары қарапайым соқамен жер жыртты. Кетпенмен жер өңдеді. Орақпен бидай мен арпа дәндерін орып алды. Бастырмамен дәндерді қауызынан ажыратты. Күрекпен желге көтере шашып тазалады. Нан негізінен арпадан пісірілді. Ежелгі гректердің басты тағамы арпаның тоқашы мен ботқасы болды.

Таулы-тастақты жерлерде жүзім мен зәйтүн өсіру де оңай емес еді. Жүзімдіктер мен зәйтүннің сабақтарын жылына бірнеше рет кесті. Олардың дәмін жақсарту үшін жаңа түрлерін өсірді. Суық пен желден қорғап отырды. Сөйтіп, тынымсыз еңбектің арқасында жақсы өнім алды. Жүзімнен шарап, ал зәйтүннен май жасады.

Гректің дастарқанын жеміс пен көгөніссіз елестету мүмкін емес еді. Дастарқанға жүзім, пияз, қырыққабат, сарымсақ, т.б. көгөністер сән беретін.

Ежелгі гректердің мерекелері діни түсініктерімен тығыз байланысты болды. Олимпия қаласында аспан мен найзағай құдайы Зевстің құрметіне мереке өткізілді. Ал Афиныда мереке полистің қамқоршысы Афины құдайы анаға арналды. Сондай-ақ өсімдіктер мен жүзім құдайы Диониске, теңіз құдайы Посейдонға бағыштап мерекелер де өткізілді. Олардың көпшілігі жергілікті, полистік қана емес, жалпыгректік сипатта өтті.

Әсіресе б.з.б. V ғасырда мерекелер әрбір полистің күш-қуаты мен байлығын көрсетуге ұласты. Жетістіктерін, ерекшеліктерін мен береке-бірлігін паш етуге ұмтылды. Гимнастикалық жарыстар мен театрландырылған қойылымдарға баса назар аударылды. Мерекенің діни сипаты идеологиялық түрге көше бастады.

Олимпиада ойындары. Ежелгі грек мерекелерінің ішіндегі ең әйгілісі – Олимпиада ойыны болды. Олимпия – қаланың

аты. Ол Грекияның оңтүстігіндегі Пелопоннесе орналасқан. Қаланың аты Грекияның солтүстігіндегі ең биік Олимп тауының құрметіне аталды. Бұл қалада Зевс құдайға арналған үлкен храм орналасты.

Бірінші олимпиада ойыны б.з.б. 776 жылы өткізілген. Олимпиада ойындары алғаш Зевстің құрметіне арналған мерекенің бір бөлігі саналды. Бірақ б.з.б. VI ғасырдан бастап спорттық жарыстар негізгі рөл атқара бастады. Тіпті театрландырылған қойылымдардың өзі екінші қатарға ығыстырылды.



Ойын төрт жылда бір рет өткізіліп отырды. Ол жаз айларында бес күнге созылды. Бірінші күні құрбандық шалынды. Төрешілер мен барлық ойынға қатысушылар адалдық антын берді. Ойынға ең мықты грек атлеттері қатысты. Олар күресу, жүгіру, секіру, найза мен диск лақтыру бойынша жарысты. Ең қызық та қауіпті сайыс түрі ат жегілген қос дөңгелекті арбамен жарысу болды.

Ойынның соңында жеңімпаздар салтанатты түрде марапатталды.

Ежелгі грек олимпиада ойындары қазіргі күнде де жалғасын тапқан. Төрт жылда бір рет өтетін ол бүгінде дүниежүзілік спорт мерекесіне айналды.

Діни наным-сенімдер. Гректердің діни түсініктері ежелгі шығыстық көзқарастардан өзгешелеу болды. Гректер үшін құдай құдіретті тіршілік саналды. Бірақ құдай адамдарды өздеріне табындырып қана қоймайды, оларға көмектесіп те отырады. Табиғат құбылыстарын, ауа райын, теңізді, аспан мен жерді басқарып, өзгертуге қабілетті. Құдайлар да ренжиді, қатыгез, кешірімшіл, ақкөңіл де бола алады.



Суреттерге қарап, ойын туралы баяндап бер.



Диск лақтырушының мүсіні



Біліп жүр!

Олимпиада ойындарының жеңімпаздарын «Олимпионик» деп атаған. Ал жеңімпаздар тізімін арнайы құрмет тақтайшасына жазып қойған. Атлет жеңімпаздарға ақындар «эпиники» деп аталатын мадақтау жырларын арнаған.



Олимпиада ойындарында «Олимпионик» атаған қазақстандықтардан кімдерді білесің? Оларға қандай құрмет көрсетілген?



Сен айналысатын спорт түрі Олимпиада ойындарына жата ма?

134

Құдайлардың да отбасы бар. Олар Грекиядағы ең биік *Олимп* тауының басында тұрады. Құдайлардың әкесі *Зевс*. Ол аспанды билейді. Күн күркіретіп, жаңбыр жаудырып, найзағай ойнатады. Теңізде *Посейдон* билік етеді. Ол қаласа дауыл тұрғызып, кемелерді суға батырып жібереді. Жүзімдіктер мен шарап жасау ісін *Дионис* реттейді. Ал *Аполлон* – өнер құдайы. Оған музалар – музыка мен бидің, поэзияның қамқоршылары еріп жүреді. *Афродита* – сұлулық пен махаббат құдайы. *Афины* – даналық пен жеңіске жеткізуші деп түсінді.

Байқап отырғанымыздай, гректер құдайларды өздерінің тұрмыс-тіршілігіне байланысты сипаттады. Оларға арнап құрбандықтар шалды, храмдар тұрғызды. Сөйтіп, өздеріне жақын етуге ұмтылды. Олардан қайырым мен жақсылық күтті.

Аңыздар мен мифтер. Ежелгі гректердің мифі мен аңызы діни түсініктерімен байланысты еді. Құдайлар адамдармен некелік қатынаста бола алады. Олардан жартылай құдай тәрізді батырлар дүниеге келеді. Олар әртүрлі аждаһалар мен жыртқыштарды жойып, керемет ерліктер жасайды.

Сондай аңыздардың бірі алып *Прометей* туралы. Прометей Зевстің рұқсатынсыз адамдарға отты береді. Өнерге үйретеді. Санауды, оқуды және жазуды меңгертеді. Металмен таныстырып, оны жерден алуды, өңдеуді де үйретеді. Ол тіпті алғашқы кемеңі жасап, теңізде жүзуді көрсетеді. Дәрі жасауды, онымен емдеу жолдарын да айтады. Жердегі өмір жақсара бастайды. Прометейдің ісінен хабар алған Зевс қатты ашуланады. Прометейді биік шыңның басындағы жартасқа темір бұғаумен бұғаулап тастайды. Жартасты құлатып, жер астындағы түпсіз тұңғыққа да жібереді. Прометей ешбір қорқынышсыз барлық қиындықтарға шыдап жата береді. Ғасырлар өтеді. Ақыры оны Геракл атты батыр бұғаудан құтқарады.

Гректерде Геракл туралы аңыздар мен мифтер кең таралған. Оларда Гераклдың дүниеге келуі мен жастық шағы былайша баяндалады. Микены патшасының Алкмен атты керемет сұлу қызы болыпты. Оған бір батыр үйленеді. Ол батыр жорыққа кеткен кезде Алкменді Зевс құдай көріп қалады. Ол Алкменге оның күйеуінің бейнесінде келеді. Кешікпей Алкмен егіз бала туады. Оның біреуі – Зевстің, екіншісі – өзінің күйеуінің баласы болады.

Оны естіген Зевстің әйелі Гера екі нәрестені өлтіру үшін екі жыланды жібереді. Жыландар түн ішінде ақырын жылжып балалар жатқан бесікке шығады. Олар енді шағайын деген кезде Геракл оянып кетеді. Ол екі жыланды да мойындарынан қатты қысып ұстап алады. Алкмен оянып кетіп, бесіктегі жыландарды көріп айғай салады. Оның даусын естіп күйеуі келген кезде, керемет оқиғаны көреді. Гераклдың қолындағы екі жыланның жыбырлап барып, жандары шыққан еді.

Әкесі бұл баласының болашағынан үлкен үміт күтіп, батырларға тән тәрбие береді. Тек күш-қайратын дамытып қана қоймай, жақсы білім алуын қадағалайды. Кітап оқып, жазу жаза алуға, ән айтып, музыка аспабында ойнауға үйретеді. Ол бала күнінде-ақ күрестен, садақ атудан, басқа да қаруларды қолданудан тамаша жетістіктерге жетеді.

Осылайша, ержеткен Геракл көптеген ерліктер жасайды. Гректер ол жөніндегі мифтерді айтуды жақсы көретін. Тіпті жыр етіп айтатын. Театрларында керемет туындылар ретінде көрсететін. Олар бүгін де көптеген елдердің сахнасынан орын алуда.

Ежелгі грек театры. Театр – ойын көретін орын дегенді білдіретін грек сөзі.

Ол үшін қырқалар мен беткейлердің етегі таңдап алынды. Беткейде баспалдақ тәрізді етіп адамдар отыратын орындар жасалды. Ол доға тәрізді болды. Араларынан адамдар өтетін жол қалдырылып бөліктерге бөлінді.

Сахналық көрініс алғаш тапталған алаңшада көрсетілді. Бұл алаңша *орхестр* деп аталды. Орхестрде актерлер мен хор өнер көрсетті. Орхестрдің артында шатыр тұрды. Ол шатыр

Анықта!




Прометейдің іс-әрекетіне баға беріп, тұлғалық жеке қасиеттерін анықта.

Ойталқы!



Геракл туралы аңызды негізгі оқиғалар желісіне орналастыр.



Ежелгі грек театры



Қызықты дерек!



Бұл б.з.б. 2 ғ. жататын бетперде киіп отырған комикалық жанрдағы актер мүсіні. Ол жазадан құтылу үшін храмда тығылып отыр. Комедия трагедияға қарағанда аз бағаланғанымен, сұранысқа көбірек ие болған

сцена деп аталды. Оның орхестр жағындағы қабырғасында қойылым мазмұнына қарай сәндік суреттер ілінді. Мәселен, сарайдың, храмның алдыңғы жағы, бекіністер, қала көшелері және т.б. бейнеленді.

Грек театры қаланың барлық тұрғынына арналды. Афиндағы Дионис театрында 17 мың орын болды. Осылайша, театр гректер өмірінде маңызды орын алған өнер саласына айналды.


Бұл театрға арнап шығармалар жазылды. Ондай шығармалар мазмұны бойынша екі түрге бөлінді. Біріншісі – көңілді оқиғалар баяндалатын шығармалар. Бұлар *комедиялар* деп аталды. Екіншісі – қайғылы оқиғалар сипатталатын шығармалар. Оларды *трагедиялар* деді.

Аристофанның (б.з.б.445–385 ж.) комедиялық еңбектері грек театрларында жиі қойылды. Оның «Сона», «Бұлт», «Құстар» атты еңбектерін гректер құмарта тамашалайтын. Өйткені оларда күнделікті өмірдегі келеңсіз жағдайлар өткір сынға алынатын. Әскербасылардың дарынсыздығы, қызметкерлердің ұйымдасқан жемқорлығы ашық келемеженетін.


Грек трагедиясының атасы Эсхил (б.з.б. 525–456 жж.) еңбегінде отансүйгіштік, ерлік пен төзімділік, еркіндік пен тәуелсіздікті жырлады.

Сәулет және мүсін өнері. Б.з.б. V–IV ғасырларда грек сәулет және мүсін өнерінің дамыған кезі болды. Б.з.б. VII–VI ғасырларда сәулет өнерінің *дорийлік* және *ионийлік* деп аталған екі түрі қалыптасты. Дорийлік бағаналар қарапайым, үлкен етіп жасалды. Ал ионийлік бағаналар одан жіңішкелеу, әрі оюлармен сәнделген еді. Б.з.б. V ғасырда оларға қарағанда сәндірек, жіңішкелеу, әртүрлі оюлармен безендірілген бағана тұрғызылды. Бұл *коринфтік бағана* деп аталды.

Ежелгі гректік сәулет өнерінің тамаша ескерткіштерінің бірі – *Парфенон*. Ол Афинға арнап мәрмәр тастан салынған храм. Парфенон храмының қабырғаларына аңыздар мен миф-



Аристофан



Эсхил



Әйел құдай –
Афина



Зевс мүсіні.
«Әлемнің жеті
кереметінің» бірі

тік суреттер бейнеленген. Храмдағы басты бейне – найза ұстап тұрған салтанатты да сәнді *Афина мүсіні*.

Мүсіндер *діни, идеологиялық және эстетикалық* деп бөлінеді. Діни сипаттағы мүсіндерге құдайлар мен батырлардың мүсіні жатты. Эстетикалық мүсіндер алаңдарға, ғимараттарға сән беріп тұрды. Ал идеологиялық бағыттағы мүсіндерде мықты да бақытты азаматтар мен жауынгерлер бейнеленді.

Грек шеберлері мүсіндерді әртүрлі материалдардан жасай білді. Олар мәрмәр тастан, піл сүйегінен, ағаштан және сазбалшықтан жасады. Әсіресе қоладан мүсін күйе тәсілін жақсы меңгерді.

«Әлемнің жеті кереметінің» бірі – *Зевс мүсіні*. Оны б.з.б. 433 жылы мүсінші *Фидий* жасаған. Мүсін Олимпия қаласындағы Зевс храмының ең түкпіріне қарай орналастырылған. Биіктігі 14 метрлік бұл мүсін піл сүйектері мен алтыннан жасалған. Жалтыраған асыл тастар да көп қолданылған. Зевс биік тақта отыр. Оның бейнесі қорқыныш пен үрей тудыратын. Сондықтан да ол әрі құдіретті, әрі салтанатты көрінетін.



Грек театрындағы
рөлдік бетперделер

Кім алғыр?



Қайсысы
қандай рөлге
арналғанын
тауып көр.



1. Ежелгі грек мерекелерінің мәні неде? Гректердің күнделікті өмірін сипаттаңдар.
2. Олимпиялық ойындарды бүгінгі күні өткізілетін Олимпиада ойындарымен салыстырыңдар. Қазақстандық олимпиада ойындарының жеңімпаздарынан кімдерді білесіңдер?
3. Грек театры құрылысының бөліктерін атаңдар. Театрға барғанда осы бөліктерді байқадыңдар ма? Қойылым қай жанрда болды?
4. Гректердің діні мен мифтерінің ерекшелігі неде?
5. Грекиядағы сәулет өнері мен мүсін өнері туындыларының әлемдік мәдениеттегі орны қандай?

Көмек керек!



Гераклдің тағы қандай ерліктерін білесіңдер?



Суреттегілердің ненің құдайы екенін анықта.

Геракл туралы мифтен үзінді

(Ежелгі Грекияның мифтері мен аңыздары)

Гесперидалар алмалары (он екінші ерлік). Гераклдің Эврисфейге қызмет еткен кезіндегі ең қиын ерлігі әрі ең соңғы, он екінші ерлік болды. Геракл иықтарымен бүкіл көк аспанды көтеріп тұрған ұлы титан Атлантқа барып, оның бағынан қыздары гесперидалар өсіріп отырған үш алтын алманы әкелуге тиіс болды. Бұл ерлікті жасау үшін, ең алдымен, өмірі ұйықтамайтын айдаһар күзететін гесперидалар бағына апаратын жолды табуы керек еді.

Геракл алтын алмаларды әкелуге алыс сапарға аттанды. Алтын алмалар Грекиядан шалғайда, мұхит жағалауындағы бақта өседі екен. Ежелгі гректердің нанымы бойынша сол арада аспан жермен түйісіп, құдіретті Атлант аспан күмбезін иығымен көтеріп тұрады екен. Атлант Гераклге алма үзіп әпергенше, аспанды Гераклдің көтеріп тұруына тура келді. Ақыры алтын алмаларды орасан зор қиыншылықпен алып келеді.

Кун А. Ежелгі Грекияның мифтері мен аңыздары. А., 1958, 215-б.



АЙД



ДЕМЕТРА



ГЕРА



ЗЕВС



ПОСЕЙДОН



ГЕФЕСТ



АРЕС



АРТЕМИДА



ДИОНИС



ГЕРМЕС



АППОЛОН



АФИНА

IX ТАРАУ РИМ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ГҮЛДЕНУІ

§28.

ЕЖЕЛГІ РИМНІҢ САЯСИ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫ

Апеннин түбегінің табиғи географиялық ерекшеліктері.

Апеннин түбегі Балқан түбегінің батыс жағында орналасқан. Сырттай қарағанда ол етікке ұқсайды. Оның оңтүстігінде Сицилия аралы жатыр. Ал батысында Корсика және Сардиния аралдары бар. Оларды түбектен Тиррен теңізі бөліп тұр. Оның жағалауында кеме тоқтауға қолайлы айлақтар болды. Түбектің тік жарқабақты болып келетін шығысында Адриат теңізі жатыр.

Апенниннің солтүстігінде биік Альпі таулары орналасқан. Түбектің орталық бөлігінде аласалау Апеннин таулары созылып жатыр. Олар түбектегі әртүрлі облыстармен байланысқа көп кедергі келтірмейді.

Грекиямен салыстырғанда егіншілікке қолайлы ойпаттар мен жазықтықтар көп. Өзендер де баршылық. Солтүстікте По, орталық бөлігінде Тибр өзені ағып жатыр. Міне, осындай аймақ ертеден-ақ *Италия* деп аталды.



Ежелгі Рим

Бұл маңызды!



Тірек сөздерді анықта.

Картамен жұмыс!



Римнің географиялық орналасуы туралы әңгімелеңдер. Италияның картадағы сыртқы көрінісін неге ұқсаттыңдар?



Аңыздағы Римнің негізін салған Ромул мен Ремді асыраған қаншық қасқыр мүсіні. Б.з.б. VI ғ.

Ерте кездері Италияның ауа райы салқындау және ылғалды болды. Неше түрлі өсімдіктер мен жеміс ағаштары өсті. Аңдар мен жануарлар да көп еді. Қой, сиыр және шошқа ертерек қолға үйретілді. Табиғи қазба байлықтарынан темір, мыс, қалайы, мәрмәр, алтын мен күміс өндірілді.

Патшалық кезеңдегі саяси және қоғамдық құрылысы. Тибр өзенінің төменгі ағысы бойында Рим қаласы тұр. Аңыз бойынша, оның негізін қалаған және алғашқы патшасы болған Ромул еді. Римде ақсақалдар кеңесі – *сенат* деп аталды. Ол латынша *senex* – *ақсақал* деген сөзден шыққан. Онда Римнің маңызды мәселелері қаралды. Сенаттың ұсынысымен патша сайланды. Сондықтан да Рим тарихының бұл кезеңі *патшалық дәуірі* деп аталады. Ол б.з.б. 753–509 жылдар

аралығын қамтиды. Бірақ римдік патшалар ежелгі шығыстағыдай қызметін мұраға қалдыра алмады.

Уақыт өте келе Римнің аумағы кеңейе түсті. Көрші аймақтар бағындырылды. Өкелері Рим қаласы негізін қалаған адамдар *патрицийлер* деп аталды. Латынша патер – әке деген сөз. Патрицийлер байырғы тұрғындар ретінде ерекше құқыққа ие болды. Ал көшіп келгендер *плебей* деп аталды. Олардың сенатқа қатысуына құқы болмады. Әскерге алынбады.

Б.з.б. VI ғасырда елде үлкен мүліктік жіктеліс басталды. Олардың бір бөлігі байып, көпшілігі кедейленді. Бұл жағдай өсіресе плебейлерде айқын байқалды. Олар жер телімдерін кеңейтуге тырысты. Жиналысқа қатысуға және әскерде қызмет етуге ұмтылды. Патрицийлер мен плебейлер арасында күрес басталды.

Елде тыныштық орнатуды көздеген патша Сервий Туллий болды. Ол Рим тұрғындарын мүлкі мен байлығы бойынша 6 топқа жіктеді. Өрбір мүліктік топ белгілі көлемде әскер жабдықтап беруге тиісті делінді. Сөйтіп, плебейлер де әскерге алынатын болды. Осылайша, патрицийлер мен плебейлер біршама ұқсас жағдайға көше бастады. Оның бұл өзгерістері Афиныдағы Клисфен реформасына ұқсас еді.

Римнің соңғы патшасы төкаппар *Тарквиний* деп аталды. Ол ру ақсүйектері мен сенатты биліктен шеттетті. Қатал және озбыр патша болды. Сондықтан б.з.б. 510 жылы тақтан түсіріліп, елден қуылды. Осылайша, Рим тарихының патшалық кезеңі аяқталды.



Сенат мәжілісі

Республика кезеңіндегі саяси және қоғамдық құрылысы. Енді Римді арнайы қызметкерлер басқаратын болды. Жыл сайын сайланып отыратын бұл қызметкерлер – *магистраттар* деп аталды. Мемлекеттің жоғарғы органы *халық жиналысы* деп есептелді. Онда заңдар, соғыс және бейбітшілік туралы шешім қабылданды. Халық жиналысында барлық қызметкер сайланатын болды.

Сенаттың рөлі күшейді. Ол халық жиналысын да, барлық қызметкерді де бақылап, тексеріп отырды.

Римдегі мемлекеттік басқарудың бұл жүйесі республикалық еді. Рим республикасы б.з.б. 509–27 жылдар аралығында өмір сүрді. Оның алғашқы кезеңі патрицийлер мен плебейлердің күресіне толы болды.

Б.з.б. 494 жылы жаңа қызмет – *халық трибуны* тағайындалатын болды. Оған патрицийлік магистраттардың шешіміне *вето* қою құқы берілді. *Вето* – тыйым саламын деген сөз.

Плебейлердің талабы бойынша жазбаша заң қабылданды. Ол 12 мыс тақтаға жазылып, орталық алаңға ілініп қойылды. Оны «XII табица заңдары» деп атады. Енді барлық тәртіп бұзу әрекеттері осы заң бойынша жазаланатын болды. Ол рим қоғамының дамуында үлкен рөл атқарды.

Римнің жаулаушылық соғыстары. Плебейлердің жеңісі елдің жауынгерлік қуатын арттырды. Б.з.б. IV ғасырда Рим өзінің көршілерінен әскери-техникасы бойынша басым түсті.

Рим енді Апенин түбегін бағындыру саясатына көшті.



Рим жауынгері

Римнің Италияны бағындыру әрекеті ұзаққа созылды. Оған әсіресе қатты қарсылық көрсеткен *самнит* тайпалары болды. Олармен б.з.б. 343–290 жылдар арасында үш рет соғысты. Ақыры Рим Альпі тауларынан Сицилия аралына дейінгі аумақты бағындырды.

Енді ол бай Сицилия аралына көз тікті. Бұл кезде аралдың батыс бөлігіне Карфагендіктер орнығып алған еді. Карфаген Африканың солтүстік-батысындағы ірі мемлекет болатын. Ол Жерорта теңізінің батысында өктемдік етіп тұрды.

Екі жақтың арасындағы соғыс 264 жылы басталды. Бұл соғыс, арасындағы үзілістерімен, бір ғасырдан астам уақытқа созылды. Ол негізінен үш үлкен кезеңге бөлінді.

Карфагеннің қолбасшысы Ганнибал болды. Ол б.з.б. 218 жылы тарихта теңдесі



Ганнибал



Біздің Ата Заңымыз қалай аталады?

Топтық жұмыс!



Римнің патшалық және республикалық кезеңдеріне салыстырмалы талдау жаса.

Анықта!



Гладиаторлардың өмірі туралы шағын әңгіме құрастыр.



Ежелгі Рим гладиаторлары

жоқ жорықты іске асырды. Испаниядан орасан зор армияны бастап шықты. Альпі тауларынан асып, Италия жеріне келді. Мұнда ол бірнеше жеңістерге қол жеткізді. Бірақ римдіктер Африкаға келіп, Карфагенге қарай жорық бастады. Карфаген билеушілері Ганнибалды Италиядан шақырып алды. Ақыры б.з.б. 146 жылы римдіктер Карфагенді толық жеңді.

Б.з.б. I ғасырда римдік қолбасшы Гай Юлий Цезарь Галлияны бағындырды. Сөйтіп, Римнің солтүстігіндегі үлкен аймақ оған бағынды. Цезарь Мысырға Рим өктемдігін орнатты. Римге бүкіл Жерорта теңізі елдері бағынышты болды. Осылайша, Рим ең қуатты мемлекетке айналды.

Спартак бастаған құлдар көтерілісі. Римде құлдыққа түскен адамдардың саны өте көп болды. Құлдар шаруашылықтың барлық саласында жұмыс істеді. Тіпті ержүрек тұтқындарды бір-бірімен шайқастырып қызықтайтын еді. Мұндай құлдарды *гладиатор* деп атады. Латынша *гладиус* – қылыш деген сөз.

Римнің оңтүстігіндегі Капуя қаласында 200-дей гладиатор болды. Олар б.з.б. 74 жылы байлардың озбырлығына қарсы көтеріліске шықты. Басшылары қабілетті гладиатор Спартак еді.



Кельттік құдайлар бейнеленген ыдыс



Гай Юлий Цезарь



Көтерілісші құлдардың римдіктермен шайқасы

Б.з.б. 72 жылы көктемде көтерілісшілер саны 70 мыңға жетті. Спартак оларды соғыс ісіне үйретті. Әскери күшке айналдыруға тырысты. Атты әскер тобын да құрды. Қару-жарақ жасатты. Өзін қарапайым ұстады. Барлық мәселе әскербасылар кеңесінде шешілді. Көтерілісшілер үлкен күшке айналды.

Бірақ көтеріліс басшылары арасында келісім бола бермеді. Спартак көтерілісші құлдарды Италиядан алып кетіп, бостандық бермекші болды. Осы мақсат үшін Италияның солтүстігіне қарай аттанды. Спартак болса римдік әскерді жеңді. Солтүстіктегі Мутина қаласына дейін жетті.

Альпіге жол ашық еді. Бірақ белгісіз себептерден көтерілісшілер қайтадан оңтүстікке бет алды. Олар көп кедергісіз оңтүстікке келді. Сицилияға өтпекші болды. Спартак қарақшылардың кемелерімен Сицилияға өтуге келісті. Бірақ қарақшылар сөздерінде тұрмады. Осы кезде рим әскерлері көтерілісшілерді қайта кері жібермеуге тырысты. Ор қазып, жолдарын бөгеді. Спартак римдіктердің қоршауын бұзып шықты.

Б.з.б. 71 жылы Брундизий қаласы маңында Спартак пен римдік әскерлер арасында ақырғы шайқас өтті. Кескілескен шайқас барысында көтерілісшілер жеңілді. Талантты әскербасы, тамаша ұйымдастырушы, ержүрек жауынгер Спартак қаза тапты. Сөйтіп, Спартак бастаған құлдар көтерілісі жеңілді.



Спартак бастаған құлдар көтерілісінің жорықтары



1. Италияның географиялық жағдайын Грекиямен салыстыр.
2. Патшалық және республика кезеңдеріндегі Римге салыстырмалы талдау жасаңдар. Қандай өзгерістер байқадыңдар?
3. «Бөліп ал да, билей бер» саясатының мәні неде?
4. Рим ең қуатты державаға айналу үшін қандай елдерді бағындырды?
5. Спартактың іс-әрекетіне баға беріңдер. Көтерілісшілер мақсатына жете алды ма?

Ромул және Рем

Аңыз бойынша, Римнің негізін ағайынды егіз екі бала Ромул мен Рем қалаған.

Бірде Ромул түс көреді. Түсінде құдайлар әуелей ұшқан он екі қаршыға құс арқылы Римнің он екі ғасыр бойы даңққа бөленетінін білдіреді. Осы түстен кейін Ромул мен Рем қала салуды ұйғарып, Римнің іргетасын қалайды. Алайда олардың ордасында жанжал шығып, Ромул Ремді өлтіреді. Ромул Римді өзі билеп, оның тұңғыш патшасы болады. Б.з.б. VI ғасырында Рим жеті жотаның үстіне орналасты. Халық саны көп қалаға айналды.

Римдіктер қаланың іргесі қаланған аңыздағы б.з.б. 753 жылдан бастап жыл санауды жүргізеді.

Ежелгі өркениет. М., 1989. 388-б. (орыс тілінде).

Тарихшы Тит Ливийдің естелігінен:

«Ганнибал қауіпке қарсы ұмтылатын қаншалықты батыл болса, сол қауіп-қатерді сезе білетін соншалықты сақ адам еді. Оның еңсесі түсіп шаршаған немесе рухы түсіп, қалжыраған кезі болған емес. Күннің ыстығы мен суығына да бірдей шыдаммен төзді, жұмсақ төсекке жатпады, әскери плащына оранып алып, қарауылда тұрған жауынгерлердің арасында ұйықтайтын. Ол ұрысқа бірінші болып кіріп, шайқас алаңынан бәрінің соңынан бір-ақ шығатын. Жауынгерлер өзге басшылардан гөрі Ганнибалдың басшылығымен соғысқан кезде өздеріне әлдеқайда сенімді болып, батыл шайқасатын».

Кораблев И. Ш. Ганнибал. М., 1976. 6–7-б. (орыс тілінде).

§29.

РИМ ИМПЕРИЯСЫ

Бұл маңызды!



Тірек сөздерді анықта.

Рим империясындағы басқару жүйесі. Рим Жерорта теңізі бойындағы үлкен мемлекетке айналды. Құлиеленушілік дамыды. Барлық жұмысты құлдар істейтін болды. Соғыстар барысында армияның рөлі артты. Жекелеген қолбасшылардың беделі мен билігі күшейді.

Гай Юлий Цезарь қастандықпен өлтірілді. Билік үшін күресте *Октавиан* жеңіп шықты. Ол елді жеке басқаруға ұмтылды.



Октавиан Август



Цезарьдің қастандықпен өлтірілуі

Римде император алғаш бас қолбасшы ретінде танылды. Октавиан бұл атағын сақтап қалды. Бағындырылған аймақтарды басқаруға әскери адамдарды тағайындады. Императордың беделі өсе бастады. Енді император бүкіл мемлекетті басқаратын болды.

Ол билеген мемлекет *империя* деп аталды. Республикалық биліктің орнына *императорлық* басқару жүйесі келді. Бұл жеке адамның басқару тәртібі еді.

Принципат. Императорлық басқару Римде бірден орнамады. Ол бастапқы кезде республикалық кейбір басқару орындарын, атақ-дәрежелерді сақтады. Мысалы, сенат сақталды. Бірақ оны император тағайындады. Сондықтан сенаторлар императордың айтқанын орындап отырды. Сенат Октавианды *принцепс* деп жариялады. *Принцепс* деп сенаторлар тізімінде бірінші болып тұратын адамды айтатын. Бұрын онда басқа ешқандай артықшылық болмайтын. Енді принцепс атағын алған Октавиан сенатты басқара бастады. Сенат оған «август» (қасиетті) деген атақ берді. Міне, осындай, әлі де болса кейбір республикалық басқару жүйесінің белгілері сақталды. Бұл тарихта «*принципат*» кезеңі деп аталады. Римдегі императорлық биліктің алғашқы кезеңі II ғасырдың соңына дейін жалғасты.

Доминат. Рим империясы орасан зор мемлекетке айналды. Бүкіл Жерорта теңізі бойындағы елдер мен жерлерді бағындырды. Оған Галлия, Испания, Карфаген, Грекия, Кіші Азия, оңтүстік-батыс Азия, Мысыр бағынды. Осыншама үлкен аумақты басқару да оңай болмады. Билік үшін күрестер барысында армияның рөлі артты. Императорлар армияға сүйенді. Сенат жойылды. Оны *жоғарғы кеңес* алмастырды. Кеңестің мүшелерін императордың өзі тағайындады. Олар император қатысып отырған кезде тікесінен тік тұратын болды. Барлық маңызды қызметке императордың сенімді адамдары сайланды.

Енді республикалық кезеңдегі басқару жүйесінен ештеңе қалмады. Провинциялар бірнеше шағын аймаққа бөлінді. Бұл орасан зор басқару жүйесін қалыптастырды. Төмендегілер өзінен дәрежесі жоғарыларға тәуелді болды. Мәселен, аймақ басшылары тікелей императорға бағынды. Император тағын мұраға қалдыра алды. Сөйтіп, императордың шексіз билігі орнады. Бұл кезең *доминат* деп аталады. Басқарудың бұл жүйесі 306–337 жылдары билік еткен император *Константиннің* кезінде

Ойлан!



Мәтіндегі терминге сөзжұмбақ жаса.



Құлдың мойнына тағылатын қола диск. Онда латынша: «Мен қашсам, ұстап қал. Каллиста қамалындағы қожайыным Вивенцияға тапсыр». Кей жағдайда маңдайы немесе аяғына қожайынның таңбасын басатын болған.

Құлға қатысты азапты іс-әрекеттер әділетті ме?





Шамамен б.з.б.100-жылдары жасалған құлдың сурет-бейнесі. Ауқатты отбасылар 500-дей құл ұстаған.

Еске түсірі!



Грекия құлдары мен Рим құлдарының жағдайын салыстырып көр.

толық құрылып бітті. Сөйтіп, доминат Батыс Рим империясы құлағанға дейін өмір сүрді.

Әлеуметтік құрылымы. I–II ғасырларында Римде құлиеленушілік құрылыс өмір сүрді. Негізгі әлеуметтік топтары: *құлдар, ұсақ өндірушілер, құлиеленушілер мен жериеленушілер* болды. Олардың арасындағы қарым-қатынас әлеуметтік жағдайды айқындап отырды.

Құлдар негізгі өндірушілер, яғни негізгі жұмыс істеушілер еді. Ал II ғасырда жүргізілген жаулаушылық соғыстарға қарамастан құлдар жетіспеді. Өйткені Рим империясындағы барлық шаруашылық күл еңбегін пайдалануға негізделген болатын. Құлдар санын көбейтудің бір жолы күндерден туған балаларды құлға айналдыру болды. Сондықтан енді құлиеленушілер құлдарының отбасы құруына рұқсат бере бастады. Құлдық жағдайда дүниеге келген құлдар айтқанға көнетін. Қандай да жұмысты істеп кететін еді. Оның үстіне олардың басқа баратын жері де болмады. Отбасын құрған құлдарға қожалары еңбек құралдарын, баспана мен мал, шағын жер телімін берді. Бұл берілген мүліктер – *некулий* деп аталды. Оны қожасы құлынан кез келген уақытта қайтарып алатын.

Құлиеленушілер 10–15 адал еңбек еткен құлға бас бостандығын берді. Бостандық берудің бұл тәсілі құлиеленуші үшін тиімді еді. Біріншіден, ол құлды нағыз еңбекке қабілетті кезінде пайдаланды. Екіншіден, бостандық бергеннен кейін оның өмір сүруін қамтамасыз етпейтін еді. Ал бостандық алуға үміткер құлдар жақсы еңбек етті, тәртіпті болды. Көтеріліске шығып, қарсылық жасауға ұмтылмады. Бұл қоғамдағы тыныштықты да сақтауға мүмкіндік берді.

Шаруалар ірі жериеленушілерден жер бөліктерін жалға алды. Әдетте мерзімі 5 жыл еді. Бірақ осы мерзім арасында шаруалардың көпшілігі міндеттерін өтей алмады. Жер иесі сол үшін жалға беру мерзімін ұзартып отырды. Бұл шаруалар енді ұзақ жылдар жер иесіне тәуелді болып қалды. Оның жерін тастап кете алмады. Мұндай шаруаларды – *колондар* деп атады.

Елдің әлеуметтік құрылымында биліктегілер мен байлар өзіндік орын алды. Олар: ірі жер иелері, сарай қызметкерлері, аймақ басқарушылары, үлкен шеберханалардың және кемелердің қожайындары, бай саудагерлер еді. Олар құлдардың, колондардың, шаруалардың еңбегін пайдаланды.

Шаруашылығы мен тұрмысы. Рим империясындағы шаруашылықтың жетекші саласы – ауыл шаруашылығы еді. Оның даму дәрежесі орасан зор империяның әр аймағында

әртүрлі болды. Елдің батысындағы Испания мен Галлияда бұрын дәнді дақылдар көбірек егілетін. Енді бұл аймақта италиялықтар мен гректер жүзім, зәйтүн, жеміс ағаштарын да өсіре бастады. Ал егіншілік Мысырда жақсы дамыды.

Римде егін шаруашылығы күрделене түсті. Ірі жер иеліктері қалыптасты. Соның барысында орташа және ұсақ егін шаруашылықтары дағдарысқа түсті. Оларды ірі жер иелері сатып алды. Бірақ орасан зор жер аумағын игеру үшін өте көп құл қажет еді. Сондықтан жер иеліктерін ұсақ бөліктерге бөлді. Сөйтіп, колондарға жалға беру тиімдірек еді. Колондар жалға алу құнын ақшалай төлеуі керек болды. Бұл жағдай колондардың жер иесіне кіріптарлыққа түсуіне жеткізді. Жерді жалға алу құнын ақшалай төлетудің тиімсіздігін көрсетті. Сол себепті II ғасырдан бастап жерден алынған өнімнің бір бөлігін жалға алу ақысы ретінде төлейтін болды. Сонымен қатар императорлық жер иеліктер өте ауқымды еді. Оның басым көпшілігі шығыс және африкалық аймақтарда орналас-ты. Ол жерлерді арнайы шенеунік басқарды. Императорлық жер иеліктерінде негізінен құлдар жұмыс істеді.

Сонымен, империядағы егін шаруашылығының бірнеше түрі қатар өмір сүрді. Бұл елдегі егін шаруашылығының күрделі сипатын байқа-тады.

Орасан зор империяның құрылуы қолөнер мен сауданың да-муына ықпал етті. Қолөнершілер өздеріне қажетті шикізатты кез келген аймақтан жеткізе алды. Қолөнер шеберханалары өз өнімдерін сату үшін өндіретін. Бұл тауар өндірісі еді.

Тауар өндірісінің дамуы сауданың да дамуына әсер етті. Сау-да байланыстары провинциялардың өз ішінде де, сондай-ақ провинциялар арасында да дамыды. Соның барысында кейбір қалаларда белгілі бір тауар түрі сатылды. Ет немесе жүн са-туға арналған базарлар пайда болды. II ғасырында Римде ора-сан үлкен базар салынды. Оның биіктігі 5 қабат үйдей еді. Онда әртүрлі тауар сататын 150-дей сауда дүңгіршегі тұрды. Бұл сол кезеңде Римнің өте ірі сауда орталығы болғандығын көрсетеді.

Империя кезеңінде шет елдермен сауда да жақсы дамыды. Онда Ұлы Жібек жолының маңызы ерекше еді. Жерорта теңізін Шығыс Азия елдерімен байланыстырып жатты. Рим саудагерлері Иран, Орта Азия мен Үндістан елдерімен сауда байланысын орнатты. Сырттан келетін тауарлар ішінде өше-кей бұйымдар, жібек, мақта және т.б. маталар қымбат бағаланды.

Империя дағдарысы. III ғ. бастап Рим империясының шет



Шеберхана



Ежелгі Рим қыш құмырасы.
Б.з.б. IV ғ.

Топтық жұмыс!



Империядағы дағдарыстың себептерін талда.

аймағы өздерінің императорларын жариялап жатты. Олар Римдегі императорды тыңдамады. Кейбір аймақтарда тіпті шағын жеке мемлекеттер пайда болды.

Мәселен, елдің солтүстік-батысындағы Галлияда жеке мемлекет қалыптасты. Оның өз императоры, сенаты, қызмет орындары, армиясы және астанасы болды. Империяның шығысында да осындай мемлекет құрылды. Рим императоры оған тіпті «Шығыс көсемі» деген атақ берді.

Империяға сырттан шабуылдар да жиіледі. Солтүстіктен герман тайпалары басып кіріп отырды. Дунай бойына готтардың шабуылы күшейді. Осылайша, императорлық билік әлсіреп, сырттан басып кіру де жиіледі.

Елдің ішкі жағдайы да мәз емес еді. Армияның саны көбейтілді. Сондықтан шаруалардың біраз бөлігі армия қатарына алынды. Бұл жұмыс күшінің азаюына әсер етті. Құлдар мен колондардың еңбегі тиімсіз болды. Соның барысында, егістік алқаптары бос қалды. Өнім азайды. Қолөнер бұйымдарының сапасы нашарлады. Қолөнер шеберханалары күйзеліске ұшырады.

Қалалардың дағдарысы олардағы қолөнер мен сауданың құлдырауына жеткізді. Ал ірі егін шаруашылықтары шағын және орташа жер иеліктерін күйретті. Империядағы жалпы жағдай қиындап кетті. Осындай жапшай дағдарыс барысында дүниетанымдық көзқарастар да өзгерді. Адамдардың тең құқылы болуы талап етілді. Осындай көзқарастардың таралуына алғашқы христиандар да ықпал етті.



Басқыншылар жорығы



1. Рим империясындағы «принцепс» деген не? «Принципат» деген не?
2. Императорлық билік жүйесі қалай қалыптасты? Ол кімнің есімімен байланысты?
3. Доминаттың принципаттан қандай айырмашылығы бар?
4. Римдегі құлдардың жағдайы қандай болды? Оларға неге бостандық беріле бастады?
5. Шаруалардың жағдайы қандай болды? Колондардың қарапайым шаруалардан ерекшелігі неде?

Мәдени дамудың негіздері мен ерекшеліктері. I–II ғасырларында римдік қоғам өзінің жоғары даму деңгейіне жетті. Оның мәдени өмірдегі жетістіктері де осы кезеңге сай келеді. Рим мәдениеті енді Италия аумағынан шығып, жерорта-теңіздік ауқымға көтерілді. Ол империя құрамына кірген көптеген халықтардың мәдени құндылықтарын өзіне қосты. Рим империясы әлеуметтік құрылымы бойынша ежелгі дүниедегі ең күрделі елдің бірі болды. Өйткені оның құрамындағы елдер дамудың әртүрлі сатысында тұрды. Олардың алуан түрлі мәдениеті жерорта-теңіздік мәдениеттің дамуына ықпал етті.

Орасан зор мемлекеттің құрылуы елдің мәдени дамуына тиімді әсер етті. Бұл мықты мемлекет оның тұрғындарын мақтаным сезіміне бөледі. Сөйтіп, ерекше рухани және психологиялық ахуал қалыптастырды. Мәдени құндылықтарды жасауға және шығармашылықпен айналысуға қолайлы жағдай жасады.

Мұнымен қатар, жоғары билікке бағыныштылық көзқарас орнықты. Байлыққа ұмтылу, мүмкіндікті пайдаланып қалу, еңбекке жиіркенішпен қарау етек алды. Бұлар туралы сол кездегі ақын-жазушылар жазып кеткен. Жалпы ондай көзқарастар қала тұрғындарының көпшілігіне тән болды. Ал ауыл тұрғындары басқаша өмірлік көзқараста болды. Онда құлдар мен әртүрлі дәрежедегі тәуелді адамдар, кедей шаруалар басым еді. Олар отбасы жағдайын ойлап, қатаң тәрбиеге бағынды. Өз міндеттерін орындауға ұмтылды.

Римдік дін. Римдіктерде грек дінінің ықпалы күштірек болды. Оны біз құдайларын ұқсастыра сипаттауынан білеміз. Мәселен, Юпитер грек құдайы Зевспен, Венера – Афродитамен, Марс – Ареспен байланыстырыла түсіндірілді. Юпитер – аспан, найзағай құдайы. Марс – соғыс құдайы, Венера – махаббат пен құнарлылық құдайы. Вулкан – от пен темір ұсталығы құдайы. Нептун – теңіз құдайы. Диана – ай құдайы саналды.

Елге қамқор болсын деп адамдар құдайларға сиынды. Әртүрлі діни әдет-ғұрыптарды ойлап тапты. Құрбандықтар шалды. Абыздар бұл әдет-ғұрыптардың дұрыс жүргізілуін қадағалады. Храмдардағы тәртіпті реттеп отырды.



Бұл маңызды!

Тірек сөздер:

- ❖ Сауаттылық мектебі
- ❖ Заң, медицина мектептері
- ❖ Цицерон
- ❖ Вергилий
- ❖ Горацій
- ❖ Овидий
- ❖ «XII кесте заңдары»
- ❖ Азаматтық құқық

Білім жүр!



Денсаулық құдайы – Гигия

Гректер мен римдіктер денсаулық құдайы ретінде Эскулаптың қызы Гигияны есептеген. Бүгінде қолданыстағы «гигиена» сөзі осы есіммен тікелей байланысты.


Римдіктер діни дәстүрлердің орындалуына жете мән берді. Діни ұғымдарға терең, жан-тәнімен беріліп кете қоймады. Сол себепті де жат-жерлік, тіпті кейбір шығыстық діни түсініктер таралды.

Билік үшін тартыстар, жаулаушылықтар діни түсініктерге өзгерістер енгізді. Тіршіліктегі қиындықтар о дүние туралы түсініктің таралуына әсер етті. О дүниедегі тыныш та молшылық өмір насихатталды. Мұнымен қатар, тағдыр туралы да сенім дамыды. Тағдыры қиын халықтың төменгі тобы құтқарушы құдайды армандады. Мұндай құдай өздеріне жақсылық әкеледі, байлыққа кенелтеді деп сенді. Діни мерекелер Римнің қоғамдық өмірінде маңызды рөл атқарды. Оларда діни дәстүрлер, әдет-ғұрыптар атқарылды.

Білім жүйесі. Римдік білім жүйесі жергілікті, яғни римдік-италиялық негізде дамыды. Дегенмен көп дүниелер гректерден де алынды. I–II ғасырларда империядағы білім үш сатылы болды.

Бірінші немесе *бастауыш* сатысы 7 жастан басталды. Мұнда оқу 4–5 жылға созылды. Бұл көпшіліктің қолы жетімді мектеп еді. Онда ұлдар мен қыздар бірге оқыды. Бастауыш сатының негізгі мақсаты – сауатты болу. Арифметиканың күнделікті өмірде қолданылатын негіздерін үйрету болды.

Екінші, ортанғы сатысы *сауаттылық мектебі* деп аталды. Онда оқу ақысы біршама қымбаттау еді. Оқу бағдарламасы бес пәнді оқытуға бағытталды. Олар: латын әдебиеті, римдік құқық негіздері, философия бойынша бастапқы білім, грек



Римдік мектеп

тілі және математика. Оқушылар шағын топтарға бөлініп оқытылды. Онда әрбір оқушымен жеке жұмыс жасауға ерекше көңіл бөлінді. Бұл екінші сатыда білім беру 4 жылға созылды.

Үшінші, жоғарғы сатысы *шешендік* мектебі деп аталды. Әдетте бұл мектепте оқу 16 жастан басталды және 3–4 жылға созылды. Оқу ақысы өте қымбат болды. Сондықтан оқушылар саны да аз болатын. Мұнда бұрынғы бес пән кеңейтіліп оқытылды. Оларға қосымша шешендік өнері және музыка пәндері оқытылды. Бұл соңғы екі пән сол кездердегі білім беру жүйесінде өте маңызды деп есептелінетін. Белгілі мәселе бойынша пікірталас өткізу кең қолданылатын. Бұл мектепті бітіргендер жан-жақты гуманитарлық білім алып шығатын.

Ақсүйектердің балалары Афины, Родос сияқты мәдени орталықтарға барып оқыды. Афины философтарымен, Родос шешендерімен аты шыққан еді. I–II ғасырларда алғашқы *жоғары білім беретін* мектептер қалыптаса бастады. Олар заң және медицина мектептері болды. Мектепте сабақ жеке бағдарлама бойынша өткізілді.

Римнің әйгілі ақын-жазушылары. Ежелгі Римнің атақты шешені, жазушысы әрі саяси қайраткері *Марк Туллий Цицерон* еді. Ол бала кезінен шешендік өнерге машықтанды. Білімін Кіші Азия қалалары мен Афиныда жетілдірді. Цицеронның 800-ден астам трактаты мен хаттары бар. Саяси бағыттағы 58 туындысында оның ұлағатты сөздері баяндалған.



Марк Туллий Цицерон

Римдік әдебиеттің дамыған кезі – Октавиан Августтың билігі тұсына сай келеді. Бұл республиканың күйреу, империялық тәртіптің орнау кезі еді. Халық күрделі де қиын жағдайды басынан кешіріп жатты. Осы кезеңде римдік әдебиеттің үш алыбының еңбектері дүниеге келді. Олар: Вергилий, Гораций және Овидий еді.

Вергилий (б.з.б. 70–19 ж.) – Солтүстік Италияда, шаруаның отбасында дүниеге келген. Оның «Буколиктер» атты өлеңдер жинағы белгілі. Көркем әдеби тілмен бейбіт өмірдің құндылығын көрсетті. Достық пен сүйіспен-



Римдік ұстаз бен оқушылар бейнеленген тас мүсіні



Ұстаз бен шәкірт тақырыбында шағын өңгіме құрастыр.

Вергилий еңбектерінің құндылығы не деп ойлайсың?



шілікті жырлады. Билік үшін бірін-бірі өлтіріп жатқан кез еді. Күңіреткен соғыс кезінде жас ақынның үні халыққа жағымды естілді. Оның есімі тез таралды.

Вергилийдің екінші еңбегі – «Георгик» деп аталады. Онда жерді қалай өңдеу, тыңайту және өгізді қалай күту туралы айтылады. Ақын мұнда егінші еңбегін қызықтыра сипаттайды. Адам мен табиғаттың тығыз байланысты екендігін шеберлікпен бейнелейді. Соның нәтижесінде қарапайым мәселе терең мәні бар, тамаша поэмаға айналған.

Рим поэзиясының шыңы – Вергилийдің «Энеида» дастаны. Онда Троя құлағаннан кейін оның батырларының бірі Эней қаладан кетеді. Ол көп жүріп Италияға келеді. Мұнда істеген ерліктері үшін жергілікті патша өзінің қызын береді. Эней жаңа қала салып, оны өз патшалығының астанасы етеді. Оның ұрпақтары Ромул мен Рем еді.

Тарихи тақырыпта жазылғанына қарамастан дастан өз уақытының күрделі мәселелерін де қарастырды. Озбырлық пен байлыққа мән беріліп отырған қоғамда Энейдің бейнесі адалдығымен ерекшеленді.

Гораций (б.з.б. 65–8 ж.) – Рим ақыны. Рим мен Афинада білім алған. Оның шағын сатиралық өлеңдер жинағы бар. «Өлеңдер» атты лирикалық сипаттағы төрт кітабы болды. Ал «Хаттар» еңбегі әдебиет, этика мәселелеріне арналды. Оның римдік әнұран сияқты шығармасы «Ғасырлар әні» деп аталады. Ол ән ретінде б.з.б. 17 жылы үлкен мереке кезінде айтылды.

Гораций монархиялық тәртіпті дәріптеді. Октавиан Августан қолдау көре отырып, оның билік жүйесін жырлады. Ол әрбір азамат міндеттерін адал атқаруы тиіс. Саяси іске көп араласпауы керек дейді. Қайырымдылық, адалдық, жанашырлық сияқты қасиеттерге баса көңіл аударды. Гораций Рим қоғамының жағымды жақтарын мадақтады. Кемшіліктерін сынады.

Келесі бір тамаша ақын **Овидий** (б.з.б. 43 ж. – б.з.-дың 18 ж.) еді. Оның өмір жолы да, поэзиясы да басқашалау болды. Ол бай



Вергилий

Жұптық жұмыс!



Гораций мен Овидий еңбектерінің ерекшеліктері қандай?



Гораций



Овидий

отбасында дүниеге келді. Ақсүйектер арасында өсті. Сондықтан оның өлеңдері ақсүйектердің көңіл күйін білдірді. Бірақ ол тамаша талантты ақын еді. Өз ойын еркін айтты. Оның кейбір ойлары Августтың ішкі саясатына сай келмеді. Сол себепті оны империяның алыс шетіне жер аударды. Ол мұнда өмірінің соңғы он жылын өткізді.

Жастық шағында сүйіспеншілік пен махаббат мәселелерін жырлады. Есейе келе тарихи-мифологиялық тақырыпта екі поэма жазды. Біріншісі, «Метаморфозалар» атты грек-рим мифтері сипатталған поэмасы. Екіншісі, «Фасттар» атты римдік мифтік мерекелер баяндалған дастан. Құғында жүрген кезінде отанына деген сағынышы суреттелген бірнеше өлең жазды. Овидийдің еңбектері тамаша әдеби тілде жазылды және лирикалық сезімдерге толы болды.

Римдік құқық. Римдік құқық жүйесі ежелгі дүниедегі ең жетілдірілген жүйе деп есептеледі. Ол кейінгі дәуірлердегі еуропалық құқық жүйесінің дамуына үлкен ықпал етті. Көптеген римдік құқықтық атаулар, терминдер бүгін де қолданылып келеді.

Римдік құқық – Рим қоғамы мен мемлекетінде қолданылған заңдық нормалар жиынтығы. Ол Рим мемлекеті кеңейіп дамыған сайын өзгерістерге ұшырап, дамып отырды. Онда көптеген шетелдік құқықтық заңдар да орын алды.

Римдік құқық жүйесі төрт бөліктен тұрады. Алғашқысы, ата-баба дәстүріне, діни ұстанымдарға негізделген *ежелгі заңдар* тобы. Оның ішінде «XII таблица заңдары» ерекшеленеді. Екіншісі – *азаматтық құқық* деп аталды. Онда азаматтар, олардың құқы мен міндеттері баяндалды. Үшіншісі – халықтар құқы делінеді. Онда азаматтар мен бағыныштылардың және азаматтығы жоқ адамдардың қарым-қатынастары қарастырылады. Төртіншісі – *табиғи құқық*. Мұнда неке қатынастары, ұрпақ және оны тәрбиелеу мәселелері қамтылған.

Топтық жұмыс!



Римдік құқық жүйесіне кластер жаса.



«Өлемді тек римдіктер билеуге тиіс» деген көзқарасқа қалай қарайсың?



1. Рим мәдениетінің дамуына әсер еткен факторларды атаңдар.
2. Рим құдайларынан тұратын кесте құрастырыңдар.
3. Римдегі білім жүйесінің ерекшелігі неде? Өр сатысына талдау жасаңдар.
4. Цицерон туралы интернеттен мәліметтер іздестіріңдер.
5. Вергилий мен Гораций еңбектерін салыстыра сипатта.
6. Римдік құқық жүйесі туралы баяндаңдар. Ол қандай бөліктерге бөлінді?

Вергилийдің «Энеида» дастаны

Император Август өзін Римнің таңдаулы ақындарының мақтауын қалайды. Сол ақынның бірі Вергилий еді. Ол Гомерге еліктеп, «Энеида» атты дастан жазады. Дастанның бас кейіпкері – троялық Эней. Миф бойынша Энейдің шешесі Афродита құдай (римдіктер оны Венера деп атаған). Дастанда осы әйел-құдайдың көмегі арқасында Эней отқа оранған Троядан аман шығады. Содан кейін ұзақ жыл ел кезіп жүріп, Италияға келеді де, оны екінші отаны санайды. Бір ғасыр өткен соң, Энейдің ұрпағы Ромул Римнің іргетасын қалайды. Цезарь да, Август та Энейді өздерінің арғы аталары деп білген және өздерінің түпкі тегін тура әйел-құдай Венераның өзінен таратқан. «Энеида» дастанында Вергилий тек Энейді ғана мақтап қоймай, Рим мемлекетінде көптен күткен тыныштықты орнатқан Августі де қоса дәріптейді. Вергилий басқа халықтар мүсін жасауға шеберлеу, қызыл сөзге шешендеу, ғылымға жетіктеу болуы мүмкін, бірақ өлемді тек қана римдіктер билеуге тиіс дегенді баса айтады:

«Римдік! Сен халыққа үстемдік етудің жолын үйрен – бағыныштыға мейірімді бол, ал менменсігендердің айбынын бас!»

*Федоров Н. А., Мирошенкова В. И. Антикалық әдебиет.
Рим: хрестоматия. М., 1981. 253–290-б. (орыс тілінде).*

X ТАРАУ ДӘУІРЛЕР ТОҒЫСЫНДАҒЫ РИМ

§31.

ХРИСТИАНДЫҚТЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ

Рим империясындағы діни түсініктердегі өзгерістер. I–II ғасырларда Рим империясында көптеген халық өмір сүрді. Олардың әрқайсысының өзіндік діні болды. Осындай діни түсініктер империя көлемінде таралды. Өзара араласа бастады.

Елдің шығыс аймақтарындағы әскери бөлімдерді батысқа ауыстырып отырды. Соның барысында шығыстық дін де бірге келді. Шығыс елдерінен алынған жауынгерлер парсылардың күн құдайы Митраға сиынды. Иудейлік қоныс аударушылар Яхвеге табынуды таратты. Олардың құдай жіберген құтқарушы идеясы таралды. Ол әсіресе қарапайым халық арасында қолдау тапты. Құтқарушының езілушілерді қорғап, жақсылық пен әделеттілік орнататыны ұнады. Ал шығыс провинцияларына римдіктер өздерінің дінін ала барды. Осылайша, діни түсініктерде алмасу жүрді. Соның барысында ескі римдік дін бұрынғы беделінен айырылды. Ал Августан бастап императорды дәріптеу басталды. Тіпті құдай дәрежесіне көтеру саясаты жүргізілді. Бірақ империядағы діннің ешқайсысы жаппай қолданысқа ие болмады. Халықтың мұң-мұқтажына жауап бере алмады. Халық үшін алдағы күннен үміт күтіп, сенім артуға жетелейтін дін керек еді. Ондай дін христиандық болып шықты.



Жартастан жаратылған
Митра

Алғашқы христиандық еңбектер. Алғашқы христиандар туралы еңбектер жеткілікті. Олар – иудейлік шығармалар, діни кітаптар мен Иисус (Иса) және оның шәкірттері туралы еңбектер. Солардың ішінде «Жаңа өсиеттер» кітабы-



Бұл
маңызды!

Тірек сөздер:

- ❖ Митра құдайы
- ❖ Яхве
- ❖ Иисус Христос (Иса)
- ❖ «Жаңа өсиеттер»
- ❖ Иосиф Флавий
- ❖ Апостол



Ойтолау!

Христиан дінінің пайда болуына байланысты пікірлердің қайсысын қолдайсыңдар?

ның орны ерекше. Онда Иисустың өмірі, діни ілімдері жазылды. Жасаған кереметтері мен уағыздары баяндалған. Иисустың шәкірттерінің басынан өткендері, дінді таратуы сипатталған. Иисустың жерге оралуы, күнәһарларды жазалауы айтылды. Мыңжылдық Құдай патшалығын орнатуы туралы жазылған.

Алғашқы христиандықты оқып-үйренуде иудейлік шығармалардың да маңызы зор. Ең алдымен, «Ескі өсиеттер» шығармасын айтамыз. Иудейлер дінінің қасиетті жинағы болып есептелетін еді. Ол еңбекті христиандар қабылдады. Ондағы көптеген ойлар мен көзқарастарды алғашқы христиандар да уағыздады. Христиандықтың қалыптасуы мен дамуын «Ескі өсиеттерсіз» түсіндіру мүмкін емес.

Алғашқы христиандық қауымдар туралы мәселелерді айқындауда *кумрандық* құжаттар да өзіндік орын алады. Бұл Өлі теңіз бойындағы Кумран қонысы маңынан табылған қолжазбалар еді. Онда байлықтан бас тартып, толықтай теңдік орнатқан қауым туралы жазылған. Ол адамдар қарапайым өмір сүрді. Жұпыны киінді. Еңбек құралдарын, азық-түлікті бірлесіп пайдаланды. Үңгірлерді мекен етті. Алғашқы христиандар қауымы да осыған ұқсас өмір кешті.

I–II ғасырлардағы грек-рим жазушылары алғашқы христиандық туралы жазды. Солардың ішінде *Иосиф Флавийдің* еңбектерін атап өтуге болады. Оларда христиандықтың қалыптасуына ықпал еткен жағдайлар, Иисустың іс-әрекеттері баяндалған.

Байқап отырғанымыздай, алғашқы христиандық туралы жазылған еңбектер көп екен. Солардың негізінде христиандықтың пайда болуы, қалыптасуы, әдет-ғұрпы туралы мәліметтер аламыз.

Христиандықтың пайда болуы туралы мәселе. Христиандықтың пайда болуы дүниежүзі тарихындағы күрделі мәселенің бірі. Ғылымда Иисус, оның өмір сүрген жері, уағыздары туралы пікірталастар жалғасуда. Алғашқы христиандық қауым туралы да әртүрлі көзқарастар бар. Олар: құрамы, діни ғұрыптар мен негізгі ілімдер мәселелері.

Әсіресе «Христос болған ба, әлде ойдан шығарылған ба?» деген мәселе айқындалмады. Ол туралы екі түрлі пікір айтылады. Біріншісі, оны мифтік кейіпкер деп санайды. Ол өмір сүрді деп есептелетін уақыттан ондаған жылдар кейін ойлап табылған дейді.



Мәрмәр тастан жасалған бұқа өлтіруші Митра құдайдың бедерлі мүсіні



Исида абыздары

Митра – парсы құдайы. Аңыз бойынша, осы бұқаның қаны дүниеге өмір сыйлаған. Митра культі бүкіл империяға әсіресе рим әскерлері арасында кең таралды. Ер адамдарға ғана Митраға табынуға рұқсат берілген.

Рим империясында Мысыр құдайы Исидаға табынушылар көп болды. Суретте Исида абыздары мен табынушыларының сумен тазарту рәсімі көрсетілген.

Ал екіншілері тарихта болғандығын дәлелдеуге тырысады. Бұлар: Иисус I ғасырда өмір сүрді. Алғашқы христиандық қауымды негіздеді. Жаңа діннің басты ережелерін жасады. Оны қасиетті етіп дәріптеу қайтыс болғаннан кейін басталды. Сол кезден ол мифтік бейнеге айналды дейді.

Екі топтың да ғалымдары деректерді мұқият зерттеді. «Жаңа өсиеттерді» және басқа да еңбектерді жан-жақты талдады. Христиандықты иудейлік және басқа да шығыстық діндермен салыстырады. Грек-рим философиясымен байланыстарын айқындады. Сөйтіп, бұл дін пайда болуының тамыры тереңде жатқанын көрсетті.

I–II ғасырларда римдік қоғам күрделі жағдайды басынан кешіріп жатты. Аса байлар мен сіңірі шыққан кедейлер көбейді. Билеушілердің өктемдігі мен құлдардың құқықсыздығы қатар жүрді. Қоғамдағы материалдық байлық пен рухани кедейшілік айқын байқалды. Құлдар, шаруалар мен қолөнершілер езгіде жүрді. Олар байлардың шалқыған өміріне наразы болды. Тіпті білімді адамдардың арасында да іштей наразылық байқалды. Олар қоғамның жағдайына қанағаттанбады.

Талқыла!



Неліктен римдіктер өзге халықтардың діни сенімдерін қабылдаған?



Жұптық жұмыс!

Иисустың жүріп өткен жолдарып тіабекке орналастыр.

Ойтолғау!

Иисус Христосқа қарсы Рим басшыларының іс-әрекеті әділетті деп есептейсіңдер ме?



I ғасырда римдік провинция болған Палестина жерінде иудейлік діннің бір тармағы ретінде жаңа діни түсініктер пайда болды. Онда дүниенің ақыры, құдайдың соты, адамдарды жақсы көру мен жақсылық жасау уағыздалды. Бұл түсініктер кедейлер мен құлдар арасында кең таралды. Алғашқы христиандық қауымдар пайда болды.

Бірте-бірте бұл діни ұғымдар ирандық, грек-римдік діндермен толықты. Сөйтіп, жаңа діни жүйеге айналды. Енді ол Палестина аумағынан Рим империясы көлеміне тарала бастады. Оның басты идеялары мен дәстүрлері кітап ретінде жазылды. Соның барысында «Жаңа өсиеттер» атты кітап дүниеге келді. Осылайша, христиандық дін пайда болды.

Иисус Христос (Иса). Христиан дінін негіздеуші және ол діннің басты тұлғасы – Иисус. Діни түсініктер бойынша құдай жердегі жағдайды реттеп отырады. Қылмыс пен әділетсіздік көбейген кезде пайғамбарларын жібереді. Міне, сондай жерге жіберген ұлдарының бірі – Иисус еді. Ол құдайдың күдіретімен дүниеге келген. Есейе келе Палестина мен Иудея, Финикияда уағыздарын жүргізеді. Жердегі өмір қысқа, күнәһарлар үшін қорқынышты сот жақын қалды. О дүниедегі мәңгілік өмірге дайындалу қажет деді. Оның айналасындағы он екі шәкірті *апостолдар* деп аталды. Иисустың уағыздары римдік басшыларға ұнамады. Рим прокураторы Иисусты тұтқындап, өлім жазасына кесті. Оны крестке керіп өлтіру туралы жарлық шығарды.



Иисус Христос (Иса)

Иисус христиандық еңбектерде құдай-адам ретінде сипатталады. «Онда құдай мен адамға тән қасиеттер болды», – делінеді. Ал ислам дінінде ол пайғамбарлардың бірі – Иса деп аталады.



1. Империядағы діни түсініктер қалай алмасты?
2. Ескі римдік дін бұрынғы беделінен неге айырылды?
3. Христиан дінінің пайда болуына байланысты пікірлерді талдаңдар. Қай пікірді қолдайсыңдар?

Христиандық діни ілім мен ғұрыптар. Христиан дінінде Құдай біреу және өзгермейтін мәңгілік. Ол бүкіл әлемді жаратты. Өсімдіктер мен жануарларды, *Адам ата* мен *Хауа ана* ны жаратқан Құдай. Алғашқы кезде бүкіл әлем тамаша өмірді бастан кешірді. Бір кездері Адам ата мен Хауа ана таным ағашындағы жемісті жеп күнәға батты. Құдай оларды жұмақ бағынан қуып жіберді. Олар енді еңбек етіп, күн көре бастады.

Олардың күнәсін арқалаған ұрпақтары қайырымдылық пен жақсылықтан алшақтай берді. Адамдар қылмыс жасай бастады. Ұрлық, адам өлтіру, тонау, өтірік қуә болу басталды. Міне, осындай жағдайда жерге Иисус жіберілді.

Христиандық бойынша жердегі өмір қиын. Қылмысқа, жамандыққа толы. Оған қарсы тұру өте қиын. Бірақ адам өмірі жер бетіндегімен аяқталмайды. Адам о дүниедегі мәңгілік өмірге ұмтылуы керек. Оған дайындалуы қажет. Жердегі билік, байлық, атақ-даңқ түкке тұрғысыз. Барлық күнәдан тазар. Өзіңді өзің рухани түрде байыт. Сүйіспеншілік, қайырымдылық, жақсылыққа тәрбиеле.

Сондықтан христиандықты әртүрлі әлеуметтік топтың адамдары да қабылдай алды. Бай немесе кедей болғанына қарамастан діни сенімдерін уағыздады.

Жаңа діннің басты ережелерінің бірі – билікке бағыну, жамандыққа зорлықпен жауап бермеу. Бұл ереженің екі түрлі маңызы болды. Біріншіден, орасан зор қуатты әскері бар билікке қарсы тұру мүмкін емес еді. Екіншіден, сонда да адам ішкі рухани еркіндігін сақтай алды. Сондықтан да билікке сырттай бағынғанымен, іштей қарсы тұрды.

Алғашқы христиандықтың басты ережелері олардың діни рәсімдері мен жораларына ықпал етті. Сондай-ақ алғашқы діни қауымдарының қалыптасуына да жеткізді. Алғашқы христиандар салтанатты мерекелер өткізбеді. Үлкен құрбандықтардан, көлемді шерулерден бас тартты. Олар тыныш, қала сыртында, кешкісін жиналып отырды. Онда діни кітаптарды оқыды. Шеттен келген уағыздаушыны тыңдады. Діни өлеңдер айтты.



Бұл
маңызды!

Тірек сөздер:

- ❖ Иисус
- ❖ Матвей
- ❖ Пресвитер
- ❖ Диакон
- ❖ Епископ
- ❖ Поликарп
- ❖ Диоклетиан
- ❖ Константин

Жұптық жұмыс!



Христиан дінінің дамуына атсалысқан тұлғалардың іс-әрекетін айқында.

Есімі	Іс-әрекеті

II–III ғасырларда арнайы сиыну үйлері салына бастады. Оларда символ ретінде Иисус керілген крест бейнеленді.

Алғашқы христиандық қауымдар. Христиан дінін алғаш негізінен кедейлер ұстанды. Сонымен қатар ол ауқатты адамдар үшін де ашық еді. Бірақ олардан үлкен қайырымдылықтар талап етілді. Иисустың алғашқы шәкірттерінің бірі Магфей салық жинаушы болды. Иоанның жеке дәулетті шаруашылығы бар еді. Сонымен алғашқы христиандық қауымның әлеуметтік құрамы өртүрлі болды.

Христиан ілімі алғаш Палестина, Сирия, Мысыр кедейлері арасында қолдау тапты. Солардың ішінде әсіресе қала тұрғындары басым еді. Алғашқы христиандық қауымдарда құлдар, әйелдер мен балалар көп болды. I ғ. соңында мұндай қауымдар Рим империясының шығыс бөлігіндегі ірі қалаларда қалыптасты. Ол тіпті Римде де пайда болды. Италияның бірнеше қаласында әрекет етті.

II ғ. ортасында христиандық қауымдар көбейе бастады. Олардың қатарына тіпті ауқатты адамдар да енді. Қауымның мүлкі қайырымдылықтар, сыйлықтар арқылы да көбейе түсті.

Қауымның ішкі ұйымы күрделене бастады. Бұрынғы өзін-өзі реттеп отыратын қауымда белгілі бір тәртіп қажет болды. Қауымның жетекшілері – *пресвитерлер* мен олардың көмекшілері – *диакондар* сайланды. Қауымның ұлғайып келе жатқан мүлкін бақылайтын адам – *епископ* тағайындалды. Қауым мүшелерінің саны өсіп, мүлкі көбейген кезеңде епископтардың да рөлі артты. Олар II ғасырдың соңында қауымның басшысына айналды.

Қауымдар арасында жүйелі байланыс орнады. Хаттар жазып, адамдар жіберіп отырды. Діни ұғымдар, салттарды реттеді. Бірлескен шаралар жөнінде өзара келісті. Кейбір қауымдар арасында беделділері ерекше көзге түсті. Олар жетекші қауым ретінде танылды. Қауымдардың жетекшісі Иисустың өзі құрған иерусалимдік қауым болды. Апостол Павел негіздеген Антиохия қауымы да беделді еді. II ғ. соңында римдік қауым ерекше көзге түсті. Империяның астанасында орналасуы әсер етті. Мүшелерінің көптігі, байлығы да бұған кең жол ашты. Соның барысында Римдік епископтың да беделі артты. Ол империядағы діни басшылықта маңызды рөлге ие болды.




Римдік жас қыз.
Мәрмөр.
Б.з.б. I ғасырдың
соңы

Алғашқы христиандарды қудалау. Христиан дінінде Иисус қайта оралады. Күнәһарларды жазалайды. Қорқынышты сот болады. Жаңа мыңжылдық патшалықты құрады деді. Бұл идеялар билікке ұнай қоймады. Өйткені императордың арқасындағы алтын ғасыр, гүлдену идеяларына қайшы еді.

Христиандар құдай алдында құл да, император да тең деп жариялады. Бұл императорларды құдайға теңеу дәстүріне сай келмеді. Оның үстіне христиандар императорды дәріптейтін шараларға бармады. Оған империяның барлық тұрғындары міндетті түрде қатысуға тиісті еді.

Сондықтан бұл үкімет тарапынан ашық қарсылық ретінде қабылданды.

Алғашқы христиандардың оңаша жерде өтетін жиындары да күдік тудырды. Бұл христиандарды қудалау әрекетіне ықпал етті. Кейде оларды өлтіру де орын алды. Христиандар дін жолында өлгендерді *азапталушылар* деп жариялады. Оларды дәріптеп, үлгі тұтты.



Христиандарды
аңға талау

Сенің пісірің қажет!



Императорларға алғашқы христиандар несімен ұнамады?

Жұптық жұмыс!



Терминді анықтап жаз!

Құдайдың елшісі ... –


Қауымның жетекшілері ... –

Қауым жетекшілерінің көмекшісі ... –

Қауым мүлкін бақылаушы ... –

Дін жолында өлгендер ... –

Римдегі алғашқы ірі қудалау 64 жылы император Неронның кезінде болған еді. Ол христиандар Римді өртемек болды деп айыптады.



Ұлы Константин

Христиандықпен күрес жүргізген императордың бірі *Диоклетиан* болды. Христиандар билеушілерді дәріптемеді. Ежелгі римдік құдайларға сиынуға қарсы еді. Ал ежелгі римдік дәстүр негізінде елді біріктірмек болған Диоклетианға бұл ұнамады. 303 жылы көктемде христиандарға қарсы бірнеше жарлық шығарды. Оларда христиандықты уағыздауға тыйым салынды. Шіркеулерді қиратып, христиандық кітаптарды өртеуге бұйрық берілді. Христиандық қауымдардың мүлкі тартып алынды. Өрбір христиан дінінен бас тартып, император мен римдік құдайларға құрбандық шалсын деді. Бұл талаптарды орындамаған христиандар қуғындалды. Түрмеге қамалды. Тіпті өлім жазасына кесілді.

Константиннің діни реформасы. Диоклетианнан кейінгі император Константин шіркеуді өз билігіне тірек етуге ұмтылды. Ол христиан шіркеуімен келісімге келетінін және оны қолдайтынын мәлімдеді. Христиан діні басқа діндермен тең деген жарлық шығарды. Шіркеудің тәркіленген мүлкі қайтарылатын немесе өтемақысы төленетін болды.

315 жылы христиандық дінбасылар мемлекет пайдасы үшін өтейтін міндеткерліктен босатылды. Христиандардың жиындарын еркін өткізуіне кепілдік берілді. Шіркеудің өкілдері заңды тұлға құқына ие болды. Олардың құлдарды сатып алуына, сатуына, өз мүлкін еркін пайдалануына рұқсат етілді.



Анықта!

Христиандық күнтізбенің ерекшелігі.

Христиандық шіркеу паналау орны құқын алды. Христиандарды басқа діни мерекелерге қатыстыруға тыйым салынды. Бірақ бұл кезеңде христиандар арасында өзара келіспеушіліктер туындай бастады. Христиандық ілімнің өртүрлі нұсқасы бар екендігі байқалды.

Мысырдағы Александрия қаласының пресвитері *Арий еді*. Ол Христосты құдаймен тең дейтін тұжырымға қарсы шықты. Ол құдай сияқты мәңгілік өмір сүрген жоқ, тек адамдар мен құдайдың арасын жалғастырушы ғана деді. Оның бұл ойы империя көлеміне таралып кетті.

Император Константин діни келіспеушіліктерді жоюға тырысты. Сол үшін бүкіл империядағы епископтар жиынын өткізді. Ол жиын 325 жылы Кіші Азиядағы *Никея* қаласында өтті. Жиналысты Константиннің өзі жүргізді. Онда қатты пікірталас болды. Константин олардың бір ортақ шешімге келуін талап етті. Оның өзі Христосты құдаймен теңестіруді қалады. Оның қысымымен епископтардың көпшілігі арийшілдікті сынады. Арий мен оны қолдаған екі епископ қарғыс атқандар деп жарияланып, жер аударылды. Бұл жиында *христиандық күнтізбе* қабылданды. Ол бойынша христиандық мерекелер белгіленді.



1. Христиан дінінің өзіндік ерекшеліктерін сипаттаңдар.
2. Христиандық қауымдардың қалыптасуы мен дамуын талдаңдар.
3. Христиандардың қудалануының себебін анықтаңдар.
4. Константиннің діни реформасының мәні неде? Ол нені көздеді?

§33.

ЕЖЕЛГІ ДҮНИЕНІҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫ

Жазу. Ежелгі дүниенің бізге қалдырған баға жетпес мұрасының бірі – *жазулар*. Сурет арқылы жазудан бастаған шумерліктер ең ежелгі жазу жүйесінің бірін қалыптастырды. Урарту, Сирия және Финикия сияқты елдер сол жазуды өздеріне негіз етіп алды.

Жазудың реттелген жүйесі – әліпби еді. Ежелгі әліпби Вавилон, Мысыр, Сирия, Финикия елдерінде қалыптасты. Финикияда алфавит б.з.б. XIII ғасырда пайда болды. Мұнда әліпбиді жасау барысында Вавилон мен Мысырдың бай мәдени мұрасы пайдаланылды. Соның негізінде 22 таңбадан құралған, едәуір жетілдірілген әліпби жасалды.

Финикиялық әліпби көптеген жазу жүйесінің негізін қалады. Мәселен, соның негізінде кейінірек гректер өз әліпбиін жасады. Ал грек жазуы негізінде кириллица дүниеге келді. Мұның өзі адамзат дамуының өзара байланыста болатынын байқатады.

Ежелгі Қытай жазуының Азияның көптеген аймақтарына таралуынан да осындай заңдылықты көреміз. Ал көне латын жазуын көптеген елдер пайдаланып отыр. Ол Еуропа, Амери-



Бұл маңызды!

Тірек сөздер:

- ❖ Жазу
- ❖ Астрономия
- ❖ Математика
- ❖ Медицина
- ❖ Эвклид
- ❖ Архимед
- ❖ Птоломей
- ❖ Техника ісі
- ❖ Пантеон
- ❖ Колизей



Сен білесің бе?

Жазу үстіндегі грек адамы

Алғашқыда жазу тек арнайы хабарламаларды жіберу, мемлекеттік кіріс пен шығыс құжаттары және заң жазу үшін қолданылса, кейіннен, тарих, аңыздар мен оқиғаларды сақтау үшін пайдаланылды.



Қызықты дерек!



Математикалық папирус

Бұл папируста шаршы, шеңбер, үшбұрыштың аудандарын анықтаудың амалдары жазылған. Ол б.з.б. 850 ж. жатады. Оны пирамида салу барысында пайдаланған. Кейбір папирустарда қоймара қанша егістік көлемі сыятындығын есептейтін математикалық есептер жазылған.

ка және Азия мен Африканың көп елдеріндегі негізгі жазу жүйесі саналады.

Жазу адамдар арасындағы байланысты, қарым-қатынасты дамытты. Олардың хабар алуы мен нақты мәлімет жеткізуін жылдамдатты.

Сол ежелгі жазулардың арқасында бізге сонау көне замандардан көптеген қолжазбалар мен кітаптар келіп жетті. Олардың бір бөлігі сол кезеңдердегі халықтар туралы мәлімет береді. Ал әдеби шығармалар ежелгі дәуірлердегі адамдардың тұрмыс-тіршілігі мен дүниетанымын баяндайды.

Ежелгі жазулар жүйесі ғылыми білім негіздерінің қалыптасуында да маңызды рөл атқарды. Математиканың дамуы сандарды жазумен тығыз байланысты. Оның бір дәлелі Мысырдан табылған «Математикалық папирустағы» таңбалар. Ежелгі Мысырда тіпті аспандағы жұлдыздардың орналасу кестесі де жасалған. Олардан бізге геометриялық есептер жинағы да жетті. Осылайша, ежелгі дүниенің бай мұрасы бізге жазулар арқылы келіп жетті. Олар ежелгі замандардағы әдеби шығармаларды оқуымызға мүмкіндік береді. Жазбаша мәліметтер арқылы кейбір елдердің ғылыми білімінің дәрежесін де анықтай аламыз. Олардың адамзат дамуындағы орнын да айқындаймыз.

Әлемнің ғылыми бейнесі. Бүгінгі ғылыми дамудың негіздері сонау ежелгі замандарда жатыр. Ежелгі Вавилонда шумерлер кезінде-ақ математика едәуір жақсы жетілген. Олар ерекше формула бойынша есептеуді білді. Квадрат және куб түбірлерді тапты. Олардың 180 000-ға дейінгі сандарды көбейту, қосу және алу кестелері бізге жетті.

Вавилон абыздары бес ғаламшарды білді. Олардың орбитасын анықтады. Ресми құжаттарда ғаламшарлар мен жұлдыздар жазылған. Күн мен Айдың тұтылуын бақылап отыру барысы тіркелген. Олар күн мен түннің теңелу мерзімін білді. Күн мен Айдың тұтылу уақытын болжады. Ай фазаларын бақылай отырып, күнтізбе жүйесін жасады. Мысыр математиктері тік төртбұрыштың, тең бүйірлі үшбұрыштың, тіпті дөңгелектің де көлемін анықтай алды. Мұнда қан айналымы, жүректен тарайтын «22 тамыр» туралы ілім кең таралды.

Б.з.б. IV–III ғасырларда ғылым жедел дамыды. Бұл гректік және шығыстық ғылыми білімнің тоғысу кезеңі еді. Б.з.б. V

ғасырда әйгілі ойшылдар ерекшеленді. Олар негізінен философиямен және бірнеше нақты ғылым салаларымен айналысты. Ғылымның көптеген салалары айқындала бастады.

Ғалымдарға
кластер жаса!



Вавилон және Мысырдың бай тәжірибесінің негізінде гректер мен римдіктерде математикалық, астрономиялық білімдер де үлкен табыстарға жетті. Эвклид, Архимед, Птоломей т.б. ғалымдардың есімдері тарихта қалды.

Эвклидтің (б.з.б. IV ғасырдың соңы – III ғасырдың басы) «Бастама» атты еңбегі сол кездегі математикалық энциклопедия саналды. Оның математикалық жаңалықтары қазірге дейін мектептерде оқылып келеді.

Архимед (б.з.б. 287–212 ж.) математика мен физиканың дамуына үлкен үлес қосты. Өзінің ғылыми жаңалықтарын іс жүзінде қолданды. Мәселен, «Архимед шығыры» құдықтан су шығару үшін пайдаланылды.

Клавдий Птолемей (83–161 ж.) астрономия, математика, география салалары бойынша іргелі еңбектер жазды. Оның «Астрономияның ұлы математикалық құрылымы», «География бойынша жетекшілік» атты көлемді еңбектері болды.

Сонымен, байқап отырсақ, ежелгі дүниеде көптеген ғылым салалары қалыптаса бастады. Оларда жасалған жаңалықтар кейінгі кезеңдердегі ғылымға негіз болды. Сөйтіп, ежелгі замандардағы ғылыми мұра адамзатқа қызмет етіп келеді.

Ежелгі Римдегі техниканың дамуы. Ежелгі Римдегі техниканың дамуы, ең алдымен, құрылыс ісінен көрінеді. Оны I–II ғасырларда салынған өте үлкен ғимараттардан көреміз. Олар *кірпіш-бетонды техника* деп аталған әдіспен салын-



Колізей
амфитеатры

Анықта!



Өзіңнің елді мекенінде римдік үлгідегі құрылыс нысаны бар ма?

Жұптық жұмыс!



Ежелгі Римдегі құрылыс техникасының ерекшеліктерін тізбекте.

ды. Мұндай құрылыстар өте мықты болды. Ғасырлар бойы сақталып тұрды. Бұл құрылыс техникасының ерекшелігі жаңа жоғары сапалы құрылыс материалдарын пайдалануында еді. Ол рим *бетоны* мен *құйдірілген кірпіш* еді.

Римдік құрылысшылар гректердің құрылыс техникасын одан әрі жетілдірді. Шатыр, күмбез, арка және бағана сияқты құрылыстың жаңа тәсілдерін енгізді. Олар дорийлік, ионийлік, коринфтік деп аталған гректік әртүрлі ордер жүйесін бір құрылыста аралас пайдалана білді. Колонналар мен бағаналарға арка қою жүйесін ойлап тапты.

Жаңа құрылыс материалдары мен техникалары көптеген мәселені тиімді шешуге мүмкіндік берді. Оның айқын мысалы – *Пантеон* салу болды. Пантеон – құдайларға арналған храм. Мұнда құрылысшылар өте үлкен кеңістікті күмбезбен жапты. Күмбездің диаметрі – 43,5 метр. Ондай құрылысты XIX ғасырға дейін ешкім еш жерде жасай алмады.



Римдегі Пантеон храмы

Ежелгі Римдегі құрылыс пен сәулет өнерінің келесі ірі жетістігі *Колизей* амфитеатры болды. 50 мың адамға арналған амфитеатр өте берік және әсем етіп тұрғызылған.

Римдік құрылыс техникасының дамуына шығыстық бай тәжірибенің ықпалы үлкен болды. Сондықтан да болар мықты сәулеткерлер негізінен Италиядан тыс аймақтардан шықты. Мысалы, Дунай өзенінен өтетін үлкен көпірді, римдік Траян форумын, Пантеонды дамаскілік шебер Аполлодор жасады.

Римдік сәулеткерлер мүлде жаңа құрылыс техникасын – материалдар мен конструкцияларды пайдаланды. Сөйтіп, гимараттардың жаңа түрлерін тұрғызды. Олар әлемдік құрылыс өнерінің қазынасын толықтырды.



1. Жазу алғаш қай елдерде пайда болды? Олардың айырмашылығы қандай еді?
2. Ежелгі жазулардың бүгінгі күнге дейін жеткенін неден көреміз?
3. Қандай жаңалықтар ашылды? Ғылыми бағыттары (салалары) қандай?
4. Ежелгі Римдегі құрылыс техникасын бүгін пайдаланып жүрміз бе? Қазақстанда римдік үлгідегі құрылыс нысандарын байқадыңдар ма?

«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша қорытынды

Адамзат тарихындағы алғашқы жетілген әлеуметтік қоғамдар мен мемлекеттер Қосөзен мен Ніл бойында қалыптасты. Бұл Азияның оңтүстік-батысы мен Африканың солтүстік-шығысы еді. Олар жалпыадамзаттық өркениеттің тамаша ошақтарына айналды. Азия құрлығында көптеген мемлекеттер пайда болды.

Сендер бұл өркениет ошақтарының адамзат қоғамының дамуындағы рөлін түсіндіріңдер. Оның әлеуметтік қатынастарының, шаруашылығы мен мәдениетінің, мемлекеттік басқару жүйелерінің жаңа түрлерін қалыптастыру негізінде дамығанын білдіңдер. Олар адамзат дамуына алғашқы бастамалар жасап берді. Оның жаңа сатыға көтерілуінде ерекше рөл атқарды.

Көпшілігінде егін шаруашылығы жетекші орын алды. Бірақ соған қарамастан әлеуметтік қатынастары әртүрлі болды. Бүгінгі таңда біз олардың барлығында құлиеленушілік өктемдік етті деп есептей алмаймыз. Құлиеленушілік қатынастар белгілі бір кезеңде Мысыр мен Вавилонда және тағы басқа да мемлекеттерде үстемдік еткенімен, көптеген елде негізгі өндірушілер ерікті шаруалар мен қолөнершілер еді. Ал парсы патшалығында, Үндістан мен Қытайда әлеуметтік қатынастардың күрделі жүйелері өмір сүрді.

Мемлекеттік құрылыстың даму тарихында алдымен шағын мемлекеттер пайда болды. Содан соң олардың арасындағы өктемдік үшін күрес басталды. Соның барысында ірі орталықтанған мемлекет қалыптасады. Сендер бұларды көптеген елге тән құбылыс екенін байқадыңдар. Кең тараған басқару тәртібі патшалық, дара билік еді. Ол көп елдерде мұрагерлік сипат алды.

Ежелгі Азия жерінде бүкіладамзаттық мәдени дамуға жол ашқан көптеген жаңалықтар дүниеге келді. Ғылыми білім мен өнер негіздері бойынша ірі бастамалар жасалды. Мұның барлығы адамзат тарихының жаңа сатыда, жаңа қарқынмен дамуына соны жол салды. Ол үрдіс грек-рим тарихынан айқын көрінеді. Гректерде бір орталыққа біріккен ірі мемлекет болған жоқ. Бірақ олар бізге Ніл мен Қосөзен, тіпті Ганг пен Үнді өзендері бойындағы алғашқы шағын мемлекеттердің дамыған, жаңа сатыдағы түрі сияқты елестейді. Грек қала-мемлекеттерінде басқарудың демократиялық және олигархиялық республика деп аталған түрлері адамзат өркениетін дамыта түсті.

Мұндағы демократия патриотизмге арқа сүйеді және осылардың негізінде сәулет, мүсіндеу, театр, шешендік өнерлері, ғылыми білімдер жаңаша леппен, ерекше қарқынмен дамыды. Құлиеленушілік қатынастар ежелгі Римде өзінің гүлдену сатысына көтерілді. Оның Жерорта теңізі аумағындағы ірі мемлекетке айналуы барысында дара биліктің жаңа түрлері қалыптасты. Шығыс өркениетімен байланыс Рим мәдениетін байыта, толықтыра отырып, жалпыадамзаттық құндылықтардың өрісін кеңейте түсті.

Ежелгі дүние әлеміндегі құрылыс нысандары туралы әңгімелеп бер.

Римде	Вавилонда	Египетте	Қытайда
Пантеон храмы Коллизей амфитеатры	Аспалы бақ Вавилон мұнарасы	Пирамидалар	Ұлы Қытай қорғаны

ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫНЫҢ ТЕРМИНДЕРІ

АВЕСТА – ежелгі парсылардың діни кітабы.

АГОРА – (грек сөзі, базар, алаң) қаланың орталық бөлігінде орналасқан. Оның айналасына қоғамдық үйлер мен ғибадатханалар салынған.

АЛЕКСАНДРИЯ МАЯГІ – әлемнің жеті кереметінің бірі. Ніл өзенінің сағасында орналасқан. Ол кемелерге жол көрсетіп тұруға арналған. Маяк мұнарасының биіктігі 111 метрге жуық. Маяқтың құрылысы түгелімен мәрмәр мен қоладан жасалған.

АМФИТЕАТР – (грек сөзі, көрушілер залындағы орындар) көне Рим жұрты түрлі ойындар мен сайыстарды тамашалауға арнап салған алып құрылыс. Мұнда жабайы аңдарды қуу, талату, гладиаторлар сайыстары өткізіліп тұрған. Оның ортасында дөңгелек майдан алаңы орналасқан.

АМФОРА – қыш ыдыстан жасалған шар тәрізді, екі тұтқасы бар ыдыс, құмыра. Оны бидай, май және шарап сақтауға арнап жасаған. Мұндай ыдыстарды ежелгі гректер өте көп пайдаланған.

АРГОНАВТАР – грек мифтеріндегі 50 саяхатшы. Олар Колхида жеріне Қара теңіз арқылы «Арго» кемесімен саяхат жасаған.

АРИСТОКРАТИЯ – (грек сөзі, жоғары лауазымды). 1. Ежелгі Грекиядағы мемлекеттік өкіметті басқарудың бір түрі. 2. Құлдық, феодалдық қоғамдардағы рубасыларының, қанаушы топтың жоғары өкілдері.

АРКА – (латынша доға, иін) қабырға немесе тірек аралықтарын ұштастыратын иін. Арка алғаш рет ежелгі Шығыс архитектурасында пайда болған.

«АРЫСТАНДАР ҚАҚПАСЫ» – Микены қаласында «П» әрпі тәрізді етіп салынған. Тікесінен қатар қойылған екі тас үстіне қос арыстанның бейнесі қондырылған. Арыстандар алдыңғы аяқтарымен бағандарға сүйеніп, артқы аяқтарымен тікесінен тұр. Қаланың ішіне тек «Арыстандар қақпасы» арқылы кіруге болады.

АСПАЛЫ БАҚ – Вавилондағы алыстан жер мен көктің арасында тұрғандай болып, ерекше көз тартатын әсем бақ. Әлемнің жеті кереметінің бірі.

БУДДА ДІНІ – «жарық сөулелі» деген мағынаны білдіреді. Будда діни ежелгі үнділерде кең тараған. Оны негізін салған Сиддхардһа Гаутама атты патшаның баласы болды. Будда дінінің мақсаты – адамдарға жақсылық пен еркін өмірге қалай қол жеткізуге болатынын уағыздау. Бұл дін әлемдік дінге айналып, буддизм деп аталды. Ол кең таралған алғашқы дүниежүзілік діннің бірі еді. Қазір буддизмге Қытай, Жапония, Монғолия, Вьетнам халықтары сиынады. Бұл діни ілім б.з.б. V ғасырда пайда болған.

ВАВИЛОН – (аккад тіліндегі «бабилу» – Құдайға барар қақпа деген сөз) көне Месопотамиядағы ең үлкен қала. Ол б.з.б. XIX ғасырға дейін Вавилон мемлекетінің астанасы болған. Навуходоносор патшаның кезінде ең әсем, әйгілі қалаға айналды. Вавилон қаласы қалыңдығы 7 м және 3,3 м болып келген үш қабырғамен қоршалған. Сол қабырғаның бір бұрышында әлемнің жеті кереметінің бірі «Семирамида аспалы бағы» егілген.

ВАВИЛОН МҮНАРАСЫ – ежелгі тамаша сәулет ескерткіші. Биік мұнара құдіретті Мардук құдайдың ғибадатханасы. Оның биіктігі 90 метрге жеткен. Шатырын алтынмен жалатқан. Мұнараны түрлі түсті күйдірілген кірпіштен тұрғызған. Мардук Вавилон қаласының қамқоршы құдайы саналған.

ГЛАДИАТОР – (латын сөзі, семсер) ежелгі Римдегі өзара сайысу үшін арнайы үйретілген құлдар. Гладиаторлар сайысы алғашқыда құлдарды діни дәстүр бойынша өлтірудің түрі болды. Ал б.з.б. III ғасырдан бастап өлген атақты адамдардың құрметіне ұйымдастырылды. Б.з.б. I ғ. қарсаңында ойын-сауық түріне айналды.

ДЕМОКРАТИЯ – (грек сөзі, «халықтық өкімет билігі»). Афинадағы жоғары өкімет билігі –

халық жиналысы болды. Бүкіл Афины азаматтары халық жиналысына қатысуға құқылы еді. Халық жиналысында қызу талас-тартыстар жиі болып тұрды. Барлық шешім көпшілік дауысқа салынып қабылданатын. Афинадағы мемлекетті басқару ісін гректер демократия деп атады.

ДЕМОС – (грек сөзі, халық) ертедегі құлиеленушілік Грекиядағы төменгі еркін халық, яғни халықтың ақсүйектерге қарсы қойылатын бөлігі. Таптық қоғамдағы қарапайым адамдар.

ДОРИЙ – б.з.б. XII ғасырда Балқан түбегіне солтүстіктен басып кірген грек тайпасы. Олардың темір құралдарды пайдалануы Грекияның дамуын тездетті.

ЗАРАТУШТРА – дүниетанымдық діни ілім. Ол бойынша жақсылық пен жамандықтың күресі әлемдік дамудың негізі.

ИЕРОГЛИФ – (латын сөзі, таңба суреттер) ежелгі адамдардың үңгірлер мен тастарға жазған суреттері мен таңбалары негізінде пайда болған жазу жүйесі.

КАПИТОЛИЙ ЖОТАСЫ – Рим қаласы б.з.б. 753 жылы жеті жотаның үстінде орналасқан. Капитолий жотасы қаланың орталық бөлігі. Осы жерде Капитолий қасқырының мүсіні бар. Капитолий жотасы Римнің саяси және мәдени орталығы болған.

КАСТА – (португал сөзі, ру, ұрпақ). Ежелгі Үндістанда адамдардың шығу тегі мен құқықтары бойынша белгіленіп ерекшеленген және таптық артықшылығын қорғайтын қоғамдық топ. Адамның кастаға жатуы мұраға қалып отырған. Үндістан конституциясы 1950 жылы касталардың тең құқылығын жариялады.

КОЛИЗЕЙ – ежелгі Римдегі ең үлкен амфитеатр. Колизей ежелгі Римде I ғасырда салынған. Оның ортасында дөңгелек шайқас алаңы – арена орналасты. Театрда көрермендердің орындары тұйық шеңберленіп, оған сатылай көтерілетін. Амфитеатрда жыртықш аңдар және гладиаторлар шайқастары өткізіліп отырған. Колизей 50 мың адамға арналған.

КОЛОҢДАР – ежелгі Римде жерсіз, күйсіз, тақыр кедей, жерді ұсақ жалға алушылар осылай аталған. Колон жер иесіне аренда ақысын төлеген. Ол өз еңбегінің өнімдірек болуына мүдделі еді. Себебі өндірген өнімінің бір бөлігін иемдене алатын. Сондықтан ол құлға қарағанда жақсы еңбек етіп, көлік пен құрал-сайманды күтіп ұстады.

КОЛОННАЛАР – сәнді бағаналар. Колонналарды ежелгі гректер сәулет өнерінде, қоғамдық ғимараттар, храмдар және театрлар салғанда пайдаланған. Гректер сәулет өнерінде колонналардың үш түрін қолданған. Олар коринфтік, дорийлік және ионийлік. Дорийлік стиль қарапайым плиталармен көмкерілген сәнді бағаналар. Ал ионийлік және коринфтік стиль сымбатты, әдемі өрнекпен өшекейленген.

КОМЕДИЯ – (грек сөзі, көңілді шаруалар өні) қызықты, күлкілі пьесалардан комедиялар туған. Комедиялар көрерменді көңілдендіріп отырған. Ежелгі Грекияда Аристофанның комедиялары ерекшелігімен көзге түскен.

КОНСУЛДАР – (грек сөзі, кеңесші) ежелгі Римдегі жоғары лауазымды адамдар. Олардың билігі патшаның билігімен тең болды. Бірақ олар бір жыл бойы қызмет істеді. Консулдар заң шығаратын сенатты басқаруға, халық жиналысын шақыруға, әскерге қолбасшылық етуге құзырлы болды. Соғыс кезінде консулдардың әскерге жүргізетін билігі шексіз еді.

КОРИФЕЙ – (грек сөзі, көсем). 1. Ежелгі Грек трагедиясындағы хор жетекшісі. 2. Кемеңгер, қайраткер, көсем, ғылым мен өнердің белгілі бір жетекші саласының аса көрнекті кемеңгері.

МИФТЕР – (грек сөзі, аңыздар мен әңгімелер). Табиғаттан тыс тіршілік иелері мен таңғажайып құбылыстар, оқиғалар туралы аңыз-әңгімелерді мифтер деп атайды. Грек мифтері түрлі ғажайып құбылыстарды, батырлардың қаһармандық ерліктері мен бастан кешкен оқиғаларын баяндайды. Ежелгі мифтерді жыршы ақындар ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырған.

ОЛИМПИА – қасиетті қала. Қала храмының ортасында Зевстің зәулім статуясы орнатылған. Храм айналасында құдайлардың, батырлардың және ойын жеңімпаздарының статуялары орналасқан. Б.з.б. 776 жылы Олимпия жерінде тұңғыш олимпиадалық ойындар өткізілген. Олимпиадалық ойындарға гректердің ең мықты деген атлеттері жүгіруден, секіруден, күресуден, диск пен найза лақтырудан жарыстар өткізген.

ПАЛАТИН ЖОТАСЫ – ежелгі Римдегі 7 жотаның бірі. Қаланың орталық бөлігі. Палатин жотасы форумның жанында орналасқан. Осы жерде императордың алтын жалатқан мәрмәр сарайлары тұрғызылған. Сонымен қатар ондаған мың көрермен сыятын үлкен цирк-ипподром салынған. Ипподромда төрт ат жегілген жеңіл арбалар жарысы өткізілген.

ПАНТЕОН – (латын сөзі, бүкіл құдайларға арналған гибадатхана немесе қасиетті орын). 1. Ежелгі Римдегі «Бүкіл құдайлар гибадатханасы». 2. Ұлы адамдарға арналған сахна. Пантеон ғимарат ішіне жарық түсіріп тұратын алып күмбезбен жабылған.

ПАПИРУС – қияқ тұқымдасына жататын көпжылдық өсімдік. Үшкір, жуан, түп жағы қабыршық жапырақты келеді. Мысырлықтар олардың сабақтарын жұқа, жалпақ етіп тіліп, бір-біріне желімдеп, парақтар әзірлеген. Осындай әдіспен дайындалған папирусқа бір жағы ұшталған қамыспен жазған.

ПАРФЕНОН ХРАМЫ – Грекиядағы ең үлкен храм. Храмдарды басқа ғимараттардан ерекше көрсету үшін оны биік жерлерге салған.

Парфенон храмы әйел құдай Афинаның құрметіне тұрғызылған. Храм Афиныдағы акропольде орналасқан. Ол 46 дорийлік сәнді бағаналармен көмкерілген.

ПАТРИЦЕЙЛЕР – Римнің ежелгі тұрғындарының ұрпақтары. Олар алғашқы кезде Рим халқын құраған. Патрицейлер артықша сословие болды. Олар сенатқа сайланған, кейін барлық билікті қолына алған.

ПЕРГАМЕНТ – жарғақ, ертеде қағаз орнына жақсы өңделіп, пайдаланылған бұзау терісі.

ПЕРҒАУЫН – өте ертедегі Мысыр (Мысыр) патшаларының лауазымы, жоғары атақ. Мысырлықтарша «перо» (үлкен ұй) патша сарайы деген мағына береді. Перғауындардың билігі шексіз болды.

ПИРАМИДАЛАР – Мысыр патшаларының жерленген жерлеріне салынған ескерткіштер. Пирамидалар өңделген тастардан салынған. Олар Мысыр елінің елтабасы сияқты. Ең үлкен Пирамида б.з.б. 2600 жылдардың шамасында Хеопс перғауынға арнап салынған. Оның биіктігі – 146,6 метр. Пирамидалар Каир қаласының маңындағы Гизада орналасқан.

ПЛЕБЕЙЛЕР – (латын сөзі, қарапайым халық) Римге басқа жақтан келіп қоныстанған адамдар мен олардың ұрпақтары. Плебейлер әскерде қызмет атқаруға тиіс болған. Бірақ қауым егістігінен жер ала алмаған.

ПОЛИС – (грек сөзі). Ежелгі Грекиядағы қала-мемлекеттерді осылай атаған. Полис – қала-мемлекеттер Грекияда б.з.б. VIII–VII ғасырларда пайда болған. Әр полистің құрамына қала мен оның айналасындағы елді мекендер енген.

ПРОВИНЦИЯЛАР – (грек сөзі) шет аймақтар. Жаулаушылық соғыс нәтижесінде Рим бүкіл Жерорта теңізіне үстемдік етті. Жаулап алынған жерлер провинциялар деп аталынды.

РЕСПУБЛИКА – (латын сөзі, «халықты басқару ісі»). Рим республикасы б.з.б. 509 жылы орнады. Ежелгі римдіктер Тарквиний атты патшаны қаталдығы мен адамгершілігі төмен болғандықтан, отбасымен елден қуып жіберді. Римде республика орнағаннан кейін мемлекеттік құрылыс қалыптасып, оның билік орындарына халық жиналыстары, сенат басшылық етті.

РИТОРИКА – (латын сөзі, шешендік өнер) өнерінің дамуы б.з.б. II–I ғасырлардағы Римнің қоғамдық-саяси өмірімен тығыз байланысты болған. Халық жиналыстарында, сенат мәжілістерінде және сот комиссияларының жұмыстарында табысқа жетудің негізі шешендік сөз болды. Шешендік өнер сол заманда халықтық сипат алған. Римнің ең атақты шешендері болып Цицерон Марк Туллий және Гай Юлий Цезарь саналды.

СЕНАТ – (латын сөзі, қария). Ежелгі Римде құлнеленушілер республикасындағы ақсүйектер кеңесі, жоғары мемлекеттік орган.

СФИНКС – (Ежелгі Мысырдағы басы адам, денесі арыстан бейнесіндегі мүсін) жұмбақ адам. Мүсіннің биіктігі 20 метрден астам, ені 52 метр. Оны рухты сақтаушы, патша билігінің рухы деп есептеген.

СЫНА ЖАЗУ – шумерліктер ойлап тапқан, сазбалшыққа жазу жүйесі.

ТЕАТР – (грек сөзі, ойын көрсететін орын). Грекияда театр б.з.б. V–IV ғасырларда салына бастаған. Грек театрлары таудың етегінде, ашық далада орналасқан, төбесі жабылмаған, пердесіз болған. Театр жарты дөңгелек (амфитеатр) етіп салынған. Көрермендер отыратын орындықтар алғаш ағаштан, кейін тастан орнатылған. Театр ойындарында трагедиялар мен комедиялар көрсетілген.

ТЕРМДЕР – (латын сөзі, монша). Императорлардың бұйрығы бойынша барлық ерікті адамдар үшін термдер – моншалар салынды. Римдегі аса ірі сәулетті термдердің бірі – Каракаллы моншасы. Термдердің жанында демалыс залдары, әртүрлі шайханалар және шаштараз бөлмелері болған.

ТРАГЕДИЯ – (грек сөзі, текелердің ән айтуы өлеңі). Грек трагедияларына әдетте құдайлар мен қаһармандар жөніндегі мифтер, сонымен қатар кейбір тарихи фактілер де пайдаланылған. Трагедияда олардың өзара қиян-кескі күресі, ерліктері, қайғы-қасіреті бейнеленген. Трагедиялардың аса көрнекті авторы, афиньлық жазушы Эсхил болған.

ТРИБА – тайпа одақтары. Трибалар жиналысына адамдардың мүлктік орнына шек қойылмай, Римнің бүкіл азаматтары қатысты, сондықтан да оның демократиялық жағы басым болды. Азаматтардың дауыс беруі арқылы трибалар жиналысында заң-жоба талқылау т.б. мәселелері шешілді.

ТРИУМВИРАТ – (латын сөзі, үштік одақ). Ежелгі Римде сайланған немесе тағайындалған үш саяси қайраткердің бірлесіп жоғары өкіметті басқаруы.

ТРИУМФ – жеңімпаз қолбасшының Римге әскерін бастан, салтанатпен кіруі. Ежелгі Римде белгілі тарихи оқиға құрметіне арнап қақпа тұрғызылған. Қақпа есік пен еңселі маңдайшадан орнатылып, мүсіндік ескерткіштер, рельефтер және императордың жеңісін баяндайтын жазулармен нақышталған.

ТРИУМФАЛДЫҚ АРКА – қолбасшының жеңісті шерумен келуіне арналған салтанатты қақпа. Ежелгі Римдегі өте кең тараған ескерткіштердің бірі – аркалар. Бұл сәулетті құрылыс доға тәрізді 1–3 арнайы есіктерден тұрады. Римдегі ең сәулетті қақпалар қатарына Тит және Константин атындағы салтанатты қақпалар жатады. Бұл жерде жорықтан жеңіспен оралған қаһарман батырларды зор қошеметпен қарсы алып отырған.

ТРОЯН АТЫ – ағаштан жасалған ат бейнесі. Троя қаласын басып алу үшін әдейі құлықпен жасалған. Бұл туралы Гомердің «Илиада» және «Одиссея» поэмаларында жазылған.

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ – Қытайдан Римге дейін, Қазақстан мен Орта Азия арқылы өтіп баратын жол. Бұл жолмен жібек тасылды, елшіліктер жүрді, мәдени байланыстар жасалды.

ФОРУМ – (латын сөзі, алаң). 1. Ежелгі Римдегі алаң, базар. Форум экономикалық қана емес, сонымен қатар саяси өмір орталығы да болды. Оның іргесі б.з.б. VI ғасырда қаланған. Қала көшелері Римнің ежелгі орталығына – форумға келіп түйісті. Форумда ежелгі Римдегі салтанат қақпасы да орналасқан. 2. Мемлекеттік және халықаралық мәселелер талқыланатын жиналыс өткізілетін алаң.

ФРЕСКА – сылақ кеппей тұрып, қабырғаға салынған әшекейленген сурет. Фрескалы суреттер ежелгі Грекия жеріндегі Криттен табылған. Криттегі Кносс сарайындағы сән-салтанат өткізетін залдардың қабырғалары фрескамен өрнектелген. Сондай фрескалы суреттің бірі – «Бұқамен шайқас ойыны». Фреска өнері антикалық заманда кеңінен қолданған.

ХРИСТИАН ДІНІ – (грек сөзі, Иисус Христың есімімен аталған) әлемге кең тараған діндердің бірі.

ЦЕНТРУИАРТ – патрицейлер мен плебейлердің жиналысы. Онда жоғары лауазымды қызмет адамдарын сайлады, соғыс пен бітім жасау мәселелерін шешті.

ЮПИТЕР – ежелгі Римнің бас құдайы, аспан құдайы.

ЕЖЕЛГІ ДҮНИЕ ТАРИХЫНЫҢ БАСТЫ Оқиғалары

- Б.з.б. IV мыңжылдық – Қосөзенде қалалар пайда болды. Шумер жазуы қалыптаса бастады.
- Б.з.б. IV мыңжылдықтың соңы – Мысырдағы және Қосөзендегі алғашқы мемлекеттер қалыптасты.
- Б.з.б. III мыңжылдық – Мысырда бір орталыққа бағындырылған қуатты мемлекет құрылды.
- Б.з.б. III мыңжылдықтың ортасы – Лагаш шумерлік бірнеше қаланы өзіне бағындырып, ірі мемлекетке айналды.
- Б.з.б. XXIV ғасыр – Қосөзенде орталығы Аккад қаласы болған Шумер-Аккад патшалығы құрылды.
- Б.з.б. 2600 жыл – Мысырда Хеопс пирамидасының салынуы.
- Б.з.б. 2200 жыл – Шумер-Аккад мемлекетін гутеиліктер (тау халықтары) басып алады.
- Б.з.б. 2109 жыл – Қосөзенде Урдың III әулеті билікке келді.
- Б.з.б. 1792–1750 жылдар – Хаммурапи Вавилон мемлекетінде патшалық етті.
- Б.з.б. 1525–1491 жылдар – Мысырда перғауын III Тутмос билік етті.
- Б.з.б. II мыңжылдық – Финикия қала-мемлекеттері қалыптасты.
- Б.з.б. XV ғасыр – Ашшур қала-мемлекеті өрлей бастады.
- Б.з.б. 1280 жыл – Мысыр пен Хетт мемлекеттері арасында бірінші бейбіт бітім шарты жасалды.
- Б.з.б. IX ғасыр – Урарту мемлекеті қалыптасты.
- Б.з.б. VII ғасыр – Ассирия ежелгі дүниедегі қуатты әскери мемлекетке айналды.
- Б.з.б. 612 жыл – Ассирияның астанасы Ниневияның күйреуі.
- Б.з.б. XIII ғасыр – Финикиялық әліпби (алфавит) жасалды.
- Б.з.б. VII ғасыр – Вавилон тәуелсіздігін алып, қайта гүлденді.
- Б.з.б. 604–562 жылдар – Навуходоносор патшалық етті. Вавилонның Аспалы бағы салынды.
- Б.з.б. VIII–VI ғасырлар – Грекияда қала-мемлекеттер қалыптасты.
- Б.з.б. VI ғасыр – Парсы патшалығының құрылуы.
- Б.з.б. VI ғасыр – Үндістанда Магадха мемлекеті құрылды.
- Б.з.б. 594 жыл – Афинадағы Солон реформасы.
- Б.з.б. 551 жыл – Кун-фуцзы (Конфуций) дүниеге келді.
- Б.з.б. 538 жыл – Парсылардың Вавилонды басып алуы.
- Б.з.б. 525 жыл – Парсылар Мысырды жаулап алды.
- Б.з.б. 522 жыл – I Дарий (Дараявауш) парсы патшасы тағына отырды.
- Б.з.б. 519–518 жылдар – I Дарийдің сақтарға қарсы жорығы.
- Б.з.б. 509 жыл – Римде республика орнады.
- Б.з.б. V ғасыр – Афины ежелгі Грекиядағы қуатты демократиялық мемлекетке айналды.
- Б.з.б. V ғасыр – Буддизмнің пайда болуы.
- Б.з.б. 490 жыл – Марафон шайқасы.
- Б.з.б. IV–III ғасыр – Бактрияда дамыған қалалық өмір қалыптасты.
- Б.з.б. 443 жыл – халық жиналысы Периклді бірінші стратег, қолбасшы қызметіне сайлады.
- Б.з.б. 382–336 жылдар – Македонияда II Филипп патшалық етті.
- Б.з.б. 338 жыл – Хероней түбіндегі шайқас.
- Б.з.б. 334–325 жылдар – Македондықтар әскерінің Шығысқа жорығы.
- Б.з.б. III ғасыр – Ашок патша кезінде Үндістанда бір орталыққа бағынған мемлекет қалыптасты.
- Б.з.б. 264–241 жылдар – Рим мен Карфаген арасындағы Бірінші пунн соғысы.
- Б.з.б. 221 жыл – Қытай біртұтас мемлекетке бірікті.
- Б.з.б. 218–201 жылдар – Екінші пунн соғысы.

Б.з.б. 151 жыл – Сыма Цянь дүниеге келді.

Б.з.б. 149–146 жылдар – Үшінші пуни соғысы. Коринф пен Карфагенді римдіктердің талқандауы.

Б.з.б. 133 жыл – Римдегі Тиберий Гракхтың жер туралы заңы.

Б.з.б. 100 – 44 жылдар – Гай Юлий Цезарь өмір сүрді.

Б.з.б. 74 – 71 жылдар – Спартак бастаған құлдар көтерілісі.

Б.з.б. 49 жыл – Цезарьдің Римдегі үкімет билігін тартып алуы.

Б.з.б. 27 жыл – б.з.-дың 14 жылы – Октавиан Августің Римді билеуі.

Б.з.-дың I ғасыры – Христиандықтың пайда болуы.

Б.з.-дың 395 жылы – Рим империясы екіге бөлінді.

Б.з.-дың 410 жылы – Готтардың Римді басып алуы.

Б.з.-дың 452 жылы – Аттила өз әскерімен Солтүстік Италия жеріне басып кірді.

Б.з.-дың 476 жылы – Батыс Рим империясының құлауы.

«ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ» ПӘНІ БОЙЫНША ОҚУҒА ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР

Алдабек Н.Ә. Қытай тарихы. – Алматы, «Қазақ университеті», 2007.

Алдабек Н.Ә., Түргенбай А. Қытай мәдениетінің тарихы. – Алматы, «Қазақ университеті», 2010.

Балаларға арналған дүниежүзі тарихы. Ежелгі Рим. – М., Олма-пресс, 1999 (орыс тілінде).

Әлемнің ежелгі өркениеттері атласы. – М., Олма-пресс, 1999 (орыс тілінде).

Махаева А.Ш. Ұлы Жібек жолы. Жалпы білім беретін мектептің оқушыларына арналған қосымша оқу құралы. – Астана: «Арман-ПВ», 2011.

Редер Д.Г., Черкасова Е.А. Ежелгі дүние тарихы. I бөлім. – Алматы, «Мектеп», 1976; II бөлім. – Алматы, «Мектеп», 1978.

Еврипид. Медея. – Алматы, «Мектеп», 1986.

Кун Н.А. Ежелгі Грекия мифтері мен аңыздары. – Алматы, «Мектеп», 1979.

Троя сұрапылы және оның батырлары. – Алматы, «Мектеп», 1987.

Ежелгі Шығыс тарихы бойынша хрестоматия. I, II бөлім. М.А. Коростовцев т.б. редакциясымен. – М., Просвещение, 1980 (орыс тілінде).

Дүние жүзінің суретті тарихы. I том. – М., 1995 (орыс тілінде).

Ежелгі Шығыс тарихы бойынша хрестоматия. В.В. Струве және Д.Г. Редер редакциясымен. – М., Просвещение, 1963 (орыс тілінде).

Клочкова И.С. Ежелгі вавилондықтардың рухани мәдениеті. – М., Наука, 1982 (орыс тілінде).

Трухина Н.Н. Ежелгі Грекия тарихы. – М., Наука, 1996 (орыс тілінде).

Ежелгі өркениет. – М., Высшая школа, 1989 (орыс тілінде).

Кораблев И.Ш. Ганнибал. Просвещение, – М., 1989 (орыс тілінде).

Пьер Микель. Ежелгі Рим. – М., Высшая школа, 1999 (орыс тілінде).

Ежелгі Египеттің аңыздары мен хикаялары. – Л., Лениздат, 1979 (орыс тілінде).

Згурская М.П. Ежелгі Мысыр тарихының құпиялары. – Харьков, Глобус, 2009 (орыс тілінде).

Аткинсон О. Ежелгі ұлы тарих. – М., Дрофа, 2005.

Матюшин Г.Н. Өркениет құпиялары. Ежелгі дүние тарихы. – М., 2002 (орыс тілінде).

Майкл Грант. Римдіктер. Ежелгі Рим өркениеті. – М., Дрофа, 2005 (орыс тілінде).

Ежелгі Үндістанның тарихы мен мәдениеті. Мәтіндер. – М., Высшая школа, 1990 (орыс тілінде).

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	3
---------------	---

БІРІНШІ БӨЛІМ. АЛҒАШҚЫ ҚОҒАМ ТАРИХЫ

I тарау

Терімшілер – аңшылардан бастап егіншілер мен мал өсірушілерге дейін

§1. Адамдардың алғашқы қоғамдық бірлестігі.....	4
§2. Ежелгі адамдардың өмір салты	10
§3. Өндіруші шаруашылық түрлері	15
§4. Алғашқы қоғам мәдениеті.....	19

ЕКІНШІ БӨЛІМ. ЕЖЕЛГІ ӨРКЕНИЕТТЕР

II тарау. Қосөзен өркениеттері

§5. Месопотамия тарихының ежелгі кезеңі	29
§6. Ежелгі өркениеттердің шаруашылық жүйесі мен өнері	35

III тарау. Ежелгі Мысыр (Египет)

§7. Мысырдағы мемлекеттің пайда болуы	40
§8. Пирамидалар құрылысының дәуірі	44
§9. Ежелгі Мысырдың экономикасы мен әлеуметтік құрылымы	48
§10. Мысырдағы діни наным-сенімдер мен ғылыми білімдер	55

IV тарау. Қос дөңгелекті арбалар мен империялар

§11. Ежелгі замандағы әскери өнер	61
§12. Оңтүстік-батыс Азия империялары	66
§13. Орталық Азияның ежелгі мемлекеттері	71

V тарау. Ежелгі Үндістан. Буддизмнің гүлденуі мен индуизмнің салтанат құруы

§14. Үндістанда мемлекеттің қалыптасуы	77
§15. Ежелгі Үндістандағы индуизм мен буддизм	80
§16. Ежелгі Үндістанның әлеуметтік құрылымы мен шаруашылығы	84
§17. Ежелгі Үнді мәдениеті мен ғылыми білімдердің дамуы	87

VI тарау. Ежелгі Қытай

§18. Ежелгі Қытай мемлекетінің қалыптасуы	91
§19. Ежелгі Қытайдың шаруашылығы мен қоғамдық-саяси құрылысы	95
§20. Ежелгі Қытай мәдениеті.....	99

VII тарау. Ежелгі Грекия

§21. Грекияның ежелгі өркениеттері	103
--	-----

§22. Грекиялық қала-мемлекеттер	108
§23. Ежелгі Грекияның қоғамдық-саяси құрылысы мен шаруашылығы	112
§24. Ескендір Зұлқарнайын (Александр Македонский) мемлекеті.....	118

VIII тарау. Ежелгі Грекия мәдениеті

§25. Ежелгі Грекия тарихшылары мен философтары	124
§26. Ежелгі Грекиядағы білім мен ғылым	128
§27. Ежелгі Грекияның өнері.....	132

IX тарау. Рим империясының гүлденуі

§28. Ежелгі Римнің саяси және қоғамдық құрылысы	139
§29. Рим империясы	144
§30. Ежелгі Римнің мәдениеті	149

X тарау. Дәуірлер тоғысындағы Рим

§31. Христиандықтың пайда болуы	155
§32. Рим империясындағы алғашқы христиандар	159
§33. Ежелгі дүниенің мәдени мұрасы.....	163
«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша қорытынды	167
Дүниежүзі тарихының терминдері	168
Ежелгі дүние тарихының басты оқиғалары	172
«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша оқуға ұсынылатын әдебиеттер	173

О қ у б а с ы л ы м ы

Төлебаев Тұрғанжан Әбеуұлы
Момынтаева Ләззат Бақытбекқызы
Төлбаева Ләйла Абдулаққызы

ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ

Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқулық

Редакция меңгерушісі *Ә. Пірманов*
Редакторы *Ү. Зәуірбекова*
Техникалық редакторы *Ү. Рысалиева*
Корректоры *Ү. Бахова*
Компьютерде беттеген *А. Қуватова, Г. Сисаева*

ИБ №024

Теруге 15.01.2017 берілді. Басуға 30.05.2017 қол қойылды. Пішімі 84x100^{1/16}.
Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс. Өріп түрі «мектептік». Шартты баспа табағы 17,16.
Есептік баспа табағы 12,26. Таралымы 120 000 дана. Тапсырыс №2475.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.
Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинаты.
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.